



«Дала фольклорының антологиясы» жобасы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ
МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ» ЖОБАСЫНЫҢ
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Көшербаев Қ.Е., төраға

Әзібаева Б.У.
Әлбеков Т.К.
Жүсіпов Н.Қ.
Керім Ш.Т.
Қазтуғанова А.Ж.
Қасқабасов С.А.
Қирабаев С.С.
Қоңыратбай Т.Ә.
Қорабай С.С.
Матыжанов К.І.
Пангереев А.Ш.
Рахымов Б.С.
Ыбыраев Ш.Ы.

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫН
АНТОЛОГИЯСЫ



ОН ТОМДЫҚ

9

ТОМ

ХАЛЫҚ
ӨЛЕҢДЕРІ

Алматы, 2020

УДК 398
ББК 82.3
Д15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Матыжанов К.І.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (*төраға*), Қалиева А.Қ. (*жауапты хатшы*),
Қасқабасов С.А. (*ғылыми редактор*), Әлбеков Т.К. (*жауапты редактор*),
Әкімова Т.Т. (*жауапты шығарушы*),
Құрманғалиев Т.Қ. (*музыкалық редактор*).

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының докторы, профессор
Бахадырова С. (*Қарақалпақстан*),
филология ғылымдарының докторы, профессор Бұлдыбай А.,
филология ғылымдарының докторы, профессор Аймұхамбет Ж.А.

Д 15 Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 9: Халық өлеңдері
/ Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т. Әлбеков, Т. Әкімова, Е. Еркін,
О. Жолдыбай. – Алматы: Brand Book, 2020.

ISBN 978-601-08-0113-4

Т. 9: Халық өлеңдері. – 2020. 452 б.

«Дала фольклоры антологиясының» тоғызыншы томы халық өлеңдеріне арналған. Томға
қара өлең, толғау, терме, тарихи өлең, ән өлең, хат өлең, өтірік өлең, мысал өлең, мысал айтыс,
қыз бен жігіт айтыстарының таңдаулы үлгілері топтастырылды.

Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал
порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне,
фольклорлық мұраны қастер тұтатын қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 398
ББК 82.3



«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері — ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

...Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз.

**Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен**

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

«Дала фольклоры антологиясы» он томдық топтамасының тоғызыншы томына халық өлеңдерінің таңдамалы нұсқалары енгізілді. Оны баспаға дайындауда Институт мамандарынан құралған құрастырушылар тобы еліміздің көрнекті фольклортанушылары мен мәтінтанушы мамандардың, музыкатанушылардың, ғылыми сарапшылардың қатысуымен халық өлеңдерінің нұсқаларын текстологиялық тұрғыда саралап, мәтіндерді іріктеу мақсатында арнайы зерттеулер жүргізді.

Қазақтың халық өлеңдері — фольклордың басқа үлгілеріне қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар, көп салалы жанр. Олардың мазмұнында көшпелі елдің тарихи-қоғамдық дамуының әр кезеңдеріндегі көркемдік-эстетикалық талғамы, ұлттық болмыс-бітімі, философиялық дүниетанымы, мінез-құлқы, адамгершілік, тағылым-тәрбие қағидалары көрініс береді. Тарих соқпақтарында орын алған қиын-қыстау оқиғалар, ел тәуелсіздігі мен мемлекеттілікті сақтау жолындағы елдік пен ерлік мәселелері қозғалады. Табиғат сұлулығы, адамның көңіл күйі, ғашықтардың кіршіксіз сезімі, адал махаббаты, күйініш-сүйініші т.б. сөз болады.

Халық өлеңдерін ел арасынан жинау, жариялау, өзге тілдерге аудару жұмыстары ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Орынбор қаласында Т.А. Сейдалин мен С.А. Жантөрин жинап, құрастырған «Образцы киргизской поэзии» атты кітап алғаш 1872 жылы жарыққа шықты.

Ш. Уәлихановтың да ел арасына кең тараған өлеңдердің бірнеше дәптер үлгісін жинағаны белгілі. Фольклортанушы С.Г. Рыбаков 1902-1908 жылдар аралығында Торғай өңірінен 100-ге жуық халық өлеңдерінің мәтіндерін жинап, Орыс географиялық қоғамының мәжілісінде арнайы баяндама жасады. Белгілі түркітанушы В.В. Радлов та қазақ өлеңдерінің хатқа түсуіне ерекше мән беріп, «Түркі руларының халық әдебиеті нұсқаларының» үшінші томына қара өлең мен қайым өлеңдердің түрлі үлгілерін енгізген еді. Шығыстанушы



И.Н. Березиннің «Турецкая хрестоматия» жинағында да тарихи өлеңдердің бірнеше үлгілері жарияланды.


XX ғасырдың басында С. Сейфуллин, І. Жансүгірұлы, С. Мұқанов, М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, Қ. Қуанышбаев, Ә. Жангелдин, Е. Өмірзақов, Е. Ысмайылов, Қ. Жандарбеков, Ғ. Құрманғалиев, Ә. Қашаубаев, С. Бегалин, Ө. Тұрманжанов сияқты зиялы қауым өкілдері халық өлеңдерінің жиналуына, жариялануына белсенді түрде араласты. Жиырмасыншы-отызыншы жылдары Ә. Диваев, А. Затаевич, І. Жансүгірұлы ұйымдастырған арнайы экспедициялардың негізінде халық өлеңдерінің мол қоры жинақталып, ән әуендері нотаға түсірілді. «Өтірік», «Қырық өтірік», «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 500 әні мен күйі» сияқты жинақтар басылым көрді. Кеңестік жүйенің дәуірлеген тұсында бұл санаттағы туындылар фольклорлық жинақтарда да, жеке басылым ретінде де жарық көріп отырды. Солардың қатарынан «Қазақтың халық өлеңдері», «Мың бір маржан», «Қара өлең» т.б. еңбектерді атап өтуге болады.

Кеңестік кезеңде М.О. Әуезов, А. Байтұрсынұлы, Б. Уахатов, Н. Төреқұлов, А. Сейдімбек сынды ғалымдар арнайы зерттеулер жүргізді.

Томды баспаға әзірлеу барысында құрастырушылардың, еліміздегі жетекші фольклортанушылардың, ғылыми сарапшылардың, Институттың ғылыми кеңесінің ұсыныстары басты назарға алынды. Нәтижесінде томның құрылымы анықталып, қара өлең, тарихи өлең, толғау, терме, ән өлең, хат өлең, мысал өлең, өтірік өлең, мысал айтыс, қыз бен жігіт айтысының таңдаулы үлгілері ұсынылды. Мәтіндердің басым бөлігі араб, латын әрпіндегі қолжазбалардан көшіріліп, алғаш рет топтастырылды. Қолжазбалардағы түпнұсқалар мен бұрын жарияланым көрген мәтіндер өзара салыстырылып, қате оқылған, болмаса қалып кеткен сөздер мен сөз тіркестері, редакциялық өзгерістер қалпына келтірілді.

Томның құрылымдық жүйесіне фольклорлық жанрлардың қысқаша анықтамасы, иллюстрациялық суреттер, ноталар, этнографиялық суретті сөздік, пайдаланылған әдебиеттер, түйіндеме (орыс, ағылшын тілдерінде) сияқты қосымшалар енді. Оқырмандарға ыңғайлы болуы үшін мәтіндерде кездесетін көне түркі, жергілікті, кірме (араб, парсы, орыс т.б.) сөздерге түсінік сол беттің соңында берілді. Иллюстрациялық әрлеу жұмыстарына Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің қорындағы суреттер пайдаланылды.

Томның кітаби басылымымен қатар электронды және аудио нұсқалары қатар әзірленіп, аудио нұсқасы үшін кітапта берілген мәтіндердің ішінен таңдаулы үлгілер іріктеліп алынды. Олардың оқылуына елімізге белгілі дикторлар мен актерлер тартылып, толғау, термелердің, тарихи өлеңдердің, ән өлеңдердің орындалуына дәстүрлі өнер мектептерінің танымал өкілдері жұмылдырылып, арнайы студияда жазылды. Шығармалардың аудио жазбасы мен электронды нұсқасы танымал порталдар мен сайттарға жүктелді және олардың QR коды кітап мұқабасында көрсетілді.



Асы жайлауы.
Суретші Ә. Қастеев

ҚАРА ӨЛЕҢ

Қара өлең — халық лирикасының ежелгі жанрлық түрі. Ән-әуенге қосып айтуға ыңғайлы, орындалу барысында ырғаққа байланысты өлең тармақтарының бунақтары ауысып отырады. Оның басты ерекшелігі — ең алдымен, құрылысы он бір буынды, төрт тармақты болып келеді. Бастапқы екі және соңғы жолы ұйқасып, үшінші жолы бос қалады. Әрбір жеке шумағы белгілі бір ойды білдіріп, алдыңғы екі жолы соңғы тармақтарда айтылатын түйінді оймен бірлікте болмайды. Ол көбіне тыңдармандарға бұрыннан танымал, жадта сақталып қалған жолдардан, теңеулерден, салыстырмалардан құрастырылады. Негізінен ойын-сауықтарда айтылатындықтан, келелі мәселелер қозғалмайды, тек тыңдарманның көңілін көтеруді көздейді. Алғашқы қосалқы жолдары халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінен, жора-жосығынан туындаған түсініктерді арқау етіп, айналадағы табиғатты суреттейді.

Кез келген қара өлең жұртшылыққа белгілі ән-әуенмен айтыла береді.

Оның мазмұнында қарапайым әзіл-оспақтан бастап, адамдардың қарым-қатынасы, болмыс-бітімі, жастардың сезімі, өмір-тіршіліктің мән-маңызы, ел қамы мен тағдыры т.б. көрініс береді. Қара өлеңдер көбіне жастардың отырысында, жиын-тойларда туындаған. Қыз-келіншектердің бастаңғыларында да өлең айту дәстүрі ерекше бе-лең алған. Әсіресе қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана сияқты той-томалақтарда, қой күзету, бие байлау, киіз басу, ши тоқу секілді жұмыстарда да жастар өлең бәсекесіне түскен. Жастардың «Асық иіру», «Қолсоқпақ», «Хан жақсы» сынды ойындары да оларды өлең-жырға ын-таландырудың, қара өлең шығаруға әуестендірудің тағы бір жолы. Себебі ойында жеңіліс тапқан ойыншы бір ауыз қара өлеңмен айыбын өтеген.

Қара өлең өзіне тән болмыс-бітімімен, мағына-мазмұнымен ерекшеленеді. Оны өзіндік композициясы мен стилінен, образдар жүйесінен, көркемдік өрнек-нақышынан айқын аңғаруға болады. Қысқалығына қарамастан, адамның ішкі сезімін, жүрек тебіренісін, арман-аңсарын, сағыныш-мұңын терең ашып көрсетеді.

Қара өлеңдерді алғаш хатқа түсіріп, мән-мазмұны жөнінде пікір айтқан Шоқан Уәлиханов болды. ХХ ғасырдың әр кезеңдерінде М. Әуезов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Тәжібаев, З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев, Б. Уахатов, А. Сейдімбек т.б. арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған мәтіндер сараланып, текстологиялық зерттеулер жүргізіліп, таңдаулы қара өлең үлгілері іріктеліп алынды.



Дүние — бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ қайтса, басқа дәулет құралмаған.
Тартпай шап атың басын, бозбалалар,
Келер тағдыр, келер күн бір Алладан.

Дүние — бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, мал менен бас құралмаған.
Күніне мың бір пәле көрсең дағы,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан.

Дүние, опаң да көп, қапаң да көп,
Қисайсаң қыңыр қарап, қатаң да көп.
Басыңа бақыт құсы қонар болса,
Дұшпаның қызмет етер атаңдай боп.

Дүние, ойлап тұрсам, шолақ екен,
Жас күнде ақыл, қайрат мол-ақ екен.
Барында гүл жазыңның ойна да күл,
Қызығы бұл жалғанның сол-ақ екен.

Дүние, ойлап тұрсам, шолақ екен,
Қара жер хан-қараға болған мекен.
Дегенмен, әттеген-ай, қайран жасым,
Қор болып дүниеден өтер ме екен?

Дүние, құдым сені он жасымнан,
Тартады денем ауыр қорғасыннан.
Үстінен су төгілмес майда қоңыр,
Танады қартайған соң жорғасынан.

Сөйлей бер, қызыл тілім, шал боларсың,
Қу томар отқа жаққан дал боларсың.
Жамылып көр топырақ астаудай-ақ,
Бір күнгі тіршілікке зар боларсың.

Дүние, қызығың-ай тұрғаныңда,
Жиылып тақта кеңес құрғаныңда.
Хан демей, қара демей, телміресің,
Мойныңды бір теріске бұрғаныңда.

Дүние, құдым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.

Көрсетіп бірде алдыңды, бірде артыңды,
Қойдың ғой дидадыңды танытпай-ақ.

Дүние, қудым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Біреуге мал мен бақты қатар беріп,
Біреуді қойдың, Құдай, жарытпай-ақ.

Дүние, қудым сені бала жастан,
Өмірдің аз-көбіне қарамастан.
Күл де ойна, гүл-гүл жайна осындайда,
Бұл дүние әлі-ақ өтер ғазиз бастан.

Дүние, қарап тұрсам, бір кең сарай,
Сарайға көзім талды қарай-қарай.
Тағдыр мен Тәңіріге жала жаппа,
Өзінен ер жігіттің бақ пен талай.

Дүние, өтерінде сынаптайсың,
Таулардан жылжып аққан бұлақтайсың.
Басына талай ердің аттай теуіп,
Сұм жалған, қайда барып тұрақтайсың?

Дүние, ойлап тұрсаң, бір сергелдең,
Жалғыз атың жоқ болса, өлгенмен тең.
Досың келіп, үйіңнен құр аттанса,
Қара жерге тепкілеп көмгенмен тең.

Дүние тұманданған, мұнарланған,
Кім алдаған, білмеймін, кім алданған.
Дөңгеленіп, дөңгелеп, арбасынан
Лақтыра ма, қайтеді, мына жалған?

Дүние жеткізбейді қуғанменен,
Өтеді күндер шіркін думанменен.
Жатасың жалғыз өзің жапан түзде,
Атадан алтау болып туғанменен.

Дүние, ойлап тұрсаң, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Сыйласып, екі жұбай тату болса,
Дүниенің бар қызығы сол-ақ екен.

Дүние, ойлап тұрсам, шолақ екен,
Қарағай басын кессе, мол-ақ екен.
Он бес пен жиырма бес, қайран отыз,
Үшеуі үш күн қонған қонақ екен.

Дүние, ойлап тұрсам, қос уыстай,
Түрленген қайран күнім тотықұстай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалармыз әр төбеде қосылыспай.

Дүние, дүниеден дүние өтеді,
Қолынан оймақсыздың ине өтеді.
Барында оралыңның ойна да күл,
Түбіне дүниенің кім жетеді?

Дүние дүмбір дегенде, дүние дүмбір,
Дүмбірлеткен жігітті дәл жиырма бір.
Оралыңның барында ойна да күл,
Қайта айналып келмейді өткен ғұмыр.

Дүние-ай, ойлап тұрсаң, шекер дүние,
Байға қызық, жарлыға бекер дүние.
Барында оралыңның ойна да күл,
Опасыз бір күн тастап кетер дүние.

Дүние, келерінде бұлақтайсың,
Сырғыған кетерінде сынаптайсың.
Жанына жақсылардың аялдамай,
Па, шіркін, қайда барып тұрақтайсың?

Мен өзім кішкенедең қаршадаймын,
Бастаған керуенді наршадаймын.
Несіне айтар сөзден кідірейін,
Келгенде қара өлеңге шаршамаймын.

Жігіттер, жаман екен мынау сексен,
Бітер ме енді он бес қайта ексем.
Домалап өрге тасым жүрген күнде,
Кетпейді тентек ырыс басқа тепсем.

Жігіттер, түрлене бер тотықұстай,
Болмайды жігіт жарлы Тәңірім қыспай.

Басында әр төбенің өлген жатыр,
Тіріге жазы-қысы қосылыспай.

Жігіттер, той бастаңдар, той бастаңдар,
Той бастаған жігіттер, көп жасаңдар!
Сәрсенбі сәтті күні той болыпты,
«Қайырлы, құтты болсын!» — деп бастаңдар.

Жатыр ма жиырма бес, он бесім-ай,
Түседі өткен күнім енді есіме-ай.
Не жалған, не ақыретте пайдасы жоқ,
Шіркіннің әуре болдым мен несіне-ай.

Басында шұбар таудың қос қараған,
Сол таудан дария тасып, су тараған.
Көркем қыз, әсем жігіт бәрі сонда,
Иә, пірім-ау, неге келдім сол арадан?

Ат жақсы арғымақтан шабыс болса,
Жат жақсы жақыныңнан, таныс болса.
Достарың, дұшпан түгіл, табалайды,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.

Базарға базаршылар қой айдайды,
Далаға жаңбыр жауса, қона алмайды.
Басынан ер жігіттің бақыт тайса,
Кең балақ шоңқайма етік бола алмайды.

Біздің көш анау біреу шаң көрінген,
Боздаған ботасына ақбоз інген.
Тірлікте қайыр-зекет бермегеннің
Өлгенде мал мен мүлкі жау көрінген.

Отырсың ағаш үйдің бөлмесінде,
Жақсының иман тұрар кеудесінде.
Жастығың бұл өмірде бір-ақ келер,
Мен кепіл бір өткен соң келмесіне.

Сарысу Сарыарқада сал бар, қалқам,
Жайылған сахарада мал бар, қалқам.
Ойлаушы ем өз ойымда айрылмас деп,
Кеттің бе шыныңменен, бар, бар, қалқам.

Базарға пұл жібердім бұрма шайға,
Бір қамзол ал деп айттым ағатайға.
Жерінде бір қамзолды алған екен,
Сұрайды бір сал келіп, он бір тайға.
Бермеймін қамзолымды он бір тайға,
Беремін не деп жауап қалқатайға?

Аспанда Ай болмаса, адасады,
Көңілді көтермесе, кір басады.
Кеудесі жақсылардың алтын сандық,
Сандықты кілт болмаса кім ашады?

Ұшады қара бүркіт аспанменен,
Мезгілсіз таң атпайды сасқанменен.
Кісіге кісі жары жар болмайды,
Бауырға қанша тартып басқанменен.

Мен өзім кішкентайдан ән саламын,
Әнімді жаяулатып, жай саламын.
Біздерден үлкен де өтер, кіші де өтер,
Азырақ үлкендерден тайсаламын.

Қар жауса қарашада қатырлаған,
Қалмақтан батыр жігіт ат ұрлаған.
Айқасып ақ кербезбен жатқан түні,
Қабырғам сынбаса да сатырлаған.

Құдайым жұт қыларда мұз жауады,
Жарлының байды көрсе есі ауады.
Бар малым алдымдағы саған берсем,
Сұлу қыз жаз шыққан соң не сауады?

Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,
Қолыма солқылдақтан құрық алып.
Салдары сағынғанның осылай деп,
Мен жүрмін әдемінің әнін салып.

Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,
Аулыңа барушы едім даламенен.
Түскенде сен есіме, беу, қарағым,
Сағынып сарғаямын санаменен.

Көшкенде жылқы айдаймын торыменен,
Жігіттің жолдас болма қорыменен.
Сөз айтсаң кей жаманға, қорқытады,
Бопсалап қолыңдағы жоғыңменен.

Мінгенім той дегенде күрең дөнен,
Төскейден түсер түлкі сүйреңдеген.
Болса да жалғыз атың баса жайла,
Жігіттен кетсін нәлет шіренбеген.

Ақ көйлек жыртылмайды кең болғасын,
Ойнайды екі құрбы тең болғасын.
Сырымды саған айтпай, кімге айтайын,
Көзіме көрінгенім сен болғасын.

Берейін сақинамды, сақтаймысың?
Аулыңа мені барып мақтаймысың?
Сұрасаң біздің ауыл Талүйкеде,
Іздесең, шыныменен таппаймысың?

Жақсы айтса, жаман тыңдар қабыл алып,
Көрмесек, ақ жүзіңді сағыналық.
Қызықты, қызғалдақтай қызық дүние,
Бір күні өкіндірер бәрі қалып.

Қай беткей мына беткей, құба беткей,
Мал қайда ер жігітке талап етпей.
Жеңсігім менің сірә басылмайды,
Тұсынан кербездердің жанап өтпей.

Қыз бала қызыл шарқат жамылады,
Шашақтап жібектен бау тағынады.
Атаның анаменен дәулетінде,
Үлдеге бүлдеменен малынады.

Жамылып ала шапан, гүлдей болып,
Көрінер сыртың сұлу білдей болып.
Бір жаман малын беріп әкеткен соң,
Көз жасың көл болады селдей болып.

Қара көк, мінген сайын арындайсың,
Суырған шым жібектің талындайсың.

Қақпақтай жаурының бар, белің сымдай,
Болғансын өзің шаңдоз¹, не қылмайсың?

Мінгенім той дегенде қара көкше,
Көкшеге жарасады шана жексе.
Қыздары мына ауылдың қалай шаңдоз,
Ақ көйлек, ала бешпет, көкірекше.

Қаракөк, жалыңды ұрдым талды қылып,
Мінбедім жануарды жалды қылып.
Жоқшылық жомарт ердің қолын байлар,
Құдай-ау, сына тағы малды қылып!

Жылқының желдегені — шөлдегені,
Құрбының керілгені — кел дегені.
Таң атса жорға мініп, той іздесе,
Шығады қыз баланың көлденеңі.

Алдыңда есігіңнің жусан, қыздар,
Беліңді шым жібекпен бусаң, қыздар.
Үйірін көгаланың айдап салып,
Сүйеніп ақбоз үйге тұрсаң, қыздар.

Алдыңда есігімнің жусан ба екен,
Белімді шым жібекпен бусам ба екен?
Кешегі өтіп кеткен жиырма бес,
Қолыма қос ат алып қусам ба екен?

Ертістің ар жағынан көрдім сені,
Сырғаңды қайық қылып өткіз мені.
Сырғаңды қайық қылып өткізбесең,
Болсаң да хордың қызы көрмен сені.

Астыма мінген атым шұбар шолақ,
Киеді қыздар көйлек тұмаршалап.
Төрт бөліп түн ұйқымды келген кезде,
Қояды шешең құрғыр ши қоршалап.

Ұшады кеш ауғанда көк көбелек,
Дертінді сөндірейін су себелеп.
Түскенде сен есіме, айналайын,
Жортамын аш бөрідей тау көбелеп.

¹ Шаңдоз — сұлу, көркем.

Сүйгенім жылқы ішінде ақтабаным,
Сүт беріп, сұлы беріп, баптағаным.
Кешегі жиырманың салқамында,
Талайды табаныма таптағаным.

Өлең айтқым келмейді ерінгенге,
Бойым байсал тартады керілгенге.
Алтын тапқан кісідей қуанамын,
Құрбыжанның ауылы көрінгенге.

Астымда мінген атым бұқпа қара,
Шаң тисе ақ бетіңе, ыққа қара.
Ендігі туар айда мен келермін,
Танысаң дауысымнан, шық та қара.

Былтыр қандай, жігіттер, биыл қандай?
Былтырғы жыл Құдайға сыйынғандай.
Алла деп, ат беліне мінгеннен соң,
Ырызық жедік теріп бұйырғанды-ай.

Айғырдай қашағаншыл ұмтылайын,
Тазыдай жез қарғылы жұтынайын.
Үстіне науқаныңның тап келгенсін,
Сендерге неғып айтпай құтылайын?

Қара су ат жүрмейді сауырынан,
Дос болып кім айрылмас тамырынан.
Алманың бетің қызыл қабығынан,
Аққудың шашың майда мамығынан.

Күркірер қара бұлт меңдей болып,
Жайықты жанай көшкен елдей болып.
Ұзатып бір жат елге жіберген соң,
Көз жасың көл болады селдей болып.

Өзі аяңшыл түрінің, өзі желгіш,
Қыздың Жамал бетінде күміс кергіш.
Өз еліңде жүргенде сұлу Жамал,
Бір жат елге атандың «тезек тергіш».

Көшіп аулым барады ылай көлге,
Қамар белбеу жарасар қынай белге.

Екі жұбай айырылса, қосылмай ма,
Айналайын көзіңнен, жылай көрме.

Жаз болса, біз мінеміз жалдымызға,
Пәниде қуанамыз малдымызға.
Атадан алтау тусаң, арманың жоқ,
Құдайым, бір атадан жалғыз қылма!

Қатқан мұз шілде түспей жібімейді,
Суық су құйылғансын қарнымызға.
Құрбыға өзім теңді етсем зорлық,
Дүниеде келтірмегей алдымызға.

Ордаға жылқы айдаймын күн-түн қатып,
Ордадан мата аламын ділдә¹ сатып.
Көңілін құрбылардың аулаймын деп,
Шай іштім тәрелкеден секер² қатып.

Бетіне ақ қағаздың салдым сызық,
Сөз келді жазатұғын тағы қызық.
Кетемін қалай салса, солай ағып,
Жұртыңда отыра алмай денем қызып.

Баладай шеше өліп, жетім қалған,
Мен жүрмін көрінгенге көзім сүзіп.
Құстай-ақ торға түскен тұрып қалдым,
Қызықтан жалғандағы күдер үзіп.

Жаратқан Қадыр мәулан Бір уа Барым³,
Болып тұр кең дүние бізге тарын.
Кәсіпке үй ішінде араластық,
Белбеуге түйіп алып беттің арын.

Дүние — бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, мал менен бақ құралмаған.
Меңзеген асқар тауды есіл көңлім,
Дүниеде еш нәрседен тына алмаған.

Өлеңді айт дегенде, аял болмас,
Жаныңды аялаған алмай қоймас.

¹ Ділдә — алтын

² Секер — шекер, қант

³ Бір уа Бар — Алла тағаланың есімдерінің бірі, оның барлығын, бірлігін білдіреді.

Жаныңды аялаған алар кезде,
Бір шыбындай жаныңа қайла болмас.

Келгенде қара өлеңге қабандаймын,
Қапияда қара өлең таба алмаймын.
Дегенге таба алмаймын, тап бермеші,
Қызыл тіл еркін жүйрік, амалдаймын.

Мінсем — ат, артсам — түйе, сұркігім,
Тайменен қырға шықсам, жер — биігім.
Құдай-ау, қосар болсаң, жақсымен қос,
Жаманның тарттырмай ал тірі күйігін.

Өлеңді айт дегенде, іркілмеймін,
Кісіні қадір көрген шіркін деймін.
Ақындық аталардан арылған жоқ,
Жорғадай жолға түскен бүлкілдеймін.

Сарғаяр жапырағы шөл қайыңның,
Жігітке пайдасы жоқ уайымның.
Барында гүл жазыңның ойна да күл,
Бар шығар бір жазуы Құдайымның.

Бойында Бұхараның жалғыз қурай,
Оттайды мойнын созып бозша торғай.
«Бірім екеу, екеуім үш болсын», — деп,
Кетеді шыбын жаның бір күн тұрмай.

Ұшады қыран бүркіт аспанменен,
Көңілді кім көтерер басқанменен.
Жүйрікке шабан қайдан ілеседі,
Жаратып жұма сайын қосқанменен?

Бұл әнім өткір шоттың ұңғысындай,
Базардың сұлу соққан бұрғысындай.
Келмейді екі айналып жиырма бес,
Қалайық бір саңқ етіп жыл құсындай.

Өлеңді айт дегенде, тоқталар ма?
Басынан жүйрік аттың нөқта алар ма?
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Мереке күнде осындай топ болар ма?

Құтылмас көптен қоян қамалаған,
Тәңір атар ер дұшпанын табалаған.
Бастайын енді тойды, ағаларым,
Отырдың бекер қарап бағанадан.

Дегенге ән баяулы, ән баяулы,
Жігіттің жарлы болар жаны аяулы.
Қалайық ойнап-күліп осындайда,
Барады кетіп заман, күн санаулы.

Жапалақ жалпылдайды жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып қас қылғаннан сақта, Тәңірім,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.

Жел соқса, ағаш басы ырғалады,
Қаршығаң қыран болса, тырна алады.
Барады өтіп жалған бір күнгідей,
Күлмеген, ойнамаған құр қалады.

Домбырам екі ішекті, жұқа қақпақ,
Тар жерде қиын екен ақыл таппақ.
Рұқсат үлкендерден бола ма деп,
Отырдым бағанадан әдеп сақтап.

Берейін сөйлеп-сөйлеп, сөйле десең,
Болмай ма ішім қапа сөйлемесем.
Жел сөздің Құдай берген арқасында,
Серкедей қой бастаған болдым көсем.

Берейін сөйлеп-сөйлеп, сөз келгенде,
Кедейдің көзі тұнар бөз келгенде.
Жел сөзді Құдай берген неге аяйын,
Қыз-жігіт шаршы топта кез келгенде.

Өлең деген немене, білген құлға,
Ақ теңгесін кім берер қара пұлға.
Ата-анасын сыйлаған адал ұлға —
Дәулетің дами берсін жылдан-жылға.
Сыйламас ата-анасын арам ұлға —
Аяғың тайып кетсін терең суға.

Өлең қайдан шығады сөз болмаса,
Кім жетелеп жүреді көз болмаса.
Өлген адам кебінсіз қалад дейді,
Сарала сарт тоқыған бөз болмаса.

Көрінер төстен түлкі қашқандағы,
Жалғыздың жары Құдай сасқандағы.
Қарлығып қайран әнім қалған екен,
Аққумен ән қосушы ем аспандағы.

Құдайым, айналайын, несібе бер,
Күлген мен ойнағанды кешіре гөр.
Күнәміз таудан үлкен, тастан қатты,
Су сеуіп, тозағыңды өшіре гөр!

Той болса, тон киелік, жүр, баралық,
Тай көкті шана жеккен қолға алалық.
Сауықпен өткен екен ата-бабам,
Иә, пірім-ау, сонан неғып құр қалайық.

Алманың ағынан да көгі жақсы,
Жаманның барынан да жоғы жақсы.
Жаманға бір сөз айтсаң, кек алады,
Еріген сары майдай қайран жақсы!

Алқызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің пайда қылмас жиған мүлкі.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қызығы бұл жалғанның — ойын-күлкі.

Өлеңді айт дегенде айтпайтұғын,
Алаштың ақыны емен мақтайтұғын.
Әрқайдан қызыл-жасыл көрінгенде,
Өлеңім қай-қайдағы қаптайтұғын.

Он бес пен он алтының арасында
Шығардым осы өлеңді қызға арнап.
Қызыл жел ауызында бар дегенмен,
Дауысым шықпай отыр қорқыңқырап.

Астыма атым мінген күрең дөнен,
Қашады таудан түлкі сүмендеген.

Ойымда жатсам, тұрсам, бар ма менің,
Айрылып, қалқам, сенен жүрем деген.

Не мұңдық — дүниеде қыздар мұңдық,
Атадан болып мұңдық неге тудық.
Атадан болып мұңдық тумас едік,
Бұрынғы ата-баба жолын қудық.

Аулым көшіп барады Алмалыға,
Алланың кім көнбейді салғанына.
Сал болып тұла бойым, жүре алмаймын,
Айрылып бауырымнан қалғаныма.

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емес пе ем жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Жұмсай бер, жұмысыңа мені жарат.

Астыма атым мінген ал болар ма,
Мойнында жүйрік аттың жал болар ма.
Ағалар айт дегенде, айтпай кетсем,
Алдыма айдап салған мал болар ма?

Қашады құмнан қоян сайды бойлап,
Барасың өтіп дәурен, желдей зулап.
Барында еркіндіктің күл де ойна,
Көп дұшпан көре алмаған қалсын шулап.

Беліме буынғаным бұйда пышақ,
Көргенде бауырымды, жайдым құшақ.
Бауырым отыр ма екен, жатыр ма екен,
Қайырылған көл табанға аққу құсап.

Келемін мына жақтан күн-түн қатып,
Шәй іштім ақбоз үйден атқа сатып.
Бауырым отыр ма екен, жатыр ма екен,
Шәй ішіп, сусынына шекер қатып.

Ауылдың қонған жері Сырдариясы,
Кім ішпейді Сырдың суын Тәңір айдаса.
Құдайға мен ырза болар едім,
Қосақтап бауырыммен бірге айдаса.

Барады көшіп ауылым тасаменен,
Бояйын қол сандығым жосаменен.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Жанады ішім оттай құсаменен.

Алыстан азғана қой бұлдырайды,
Қос дауыс қоңыраудай сылдырайды.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Жібектей менің ішім ылбырайды.

Ар жақта жатыр едім шағыр шауып,
Су болды ақ көйлегім жаңбыр жауып.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Жығылдым ақбоз аттан есім ауып.

Ауылым Қызылқұмның кемерінде,
Қаракөк ес жимайды теберінде.
Оң көзім, оң қабағым тартушы еді,
Бауырым сапар кеткен келерінде.

Аузында Бұхараның керуен сарай,
Сарайда отырушы едім шашым тарай.
Бауырым сапар кеткен келе ме деп,
Ақ жүзім сарғаяды соған қарай.

Қара су есік алды балғын көл-ді,
Балығын балғын көлдің алғым келді.
Бірге өскен кішкентайдан, беу, бауырым,
Жеріңнен аттандырған халқым келді.

Көкжиде, тауың биік, аса алмадым,
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.
Есіме сен түскенде, бауырым-ай,
Өлеңге атыңды атап қоса алмадым.

Астыма атым мінген құла қасқа,
Құдыққа шеңбер салдым құламасқа.
Бірге өскен кішкентайдан, жан бауырым,
Беріп кет орамалың ұмытпасқа.

Үстіме бешпет кидім кіл қарадан,
Ілгегін інжу-маржан кім қадаған?

Алыстан арып-ашып келгенімде,
Көзіңнен айналайын бір қараған!

Басынан Қаратаудың ор қазамын,
Бірінен бірін қарап, зор қазамын.
Түскенде сен есіме, ей, бауырым,
Ақшыл бетім сарғайып, сонда азамын.

Шырағым, сұрша дөнен, сұрша дөнен,
Сексеуіл сайға шығар қылшаменен.
Артыңнан: «Шырақ» десем, қарамайсың,
Көңліңді кім қалдырған сонша менен?

Сары қасық дегенде, сары қасық,
Сындырдым сары қасық сабын басып.
Мен келсем Сарытаудан арып-ашып,
Кетіпсің сен біреуге бауыр басып.

Шырағым, ой балдырған, ой балдырған,
Аулыңды ойпаң жерге кім қондырған?
Артыңнан: «Қарақ» десем, қарамайсың,
Көңліңді сонша менен кім қалдырған?

Кигенім аяғыма былғары етік,
Барады былғарыдан ызғар өтіп.
Келерсің жақсы болсаң судан өтіп,
Кетерсің жаман болсаң суға кетіп.

Басынан Қаратаудың құлай жаздым,
Түскенде сен есіме жылай жаздым.
Кеткенде аулың алыс, ей, шырағым,
Жұртыңды көшіп кеткен бір ай қаздым.

Жайықтан ары өтейін, бері өтейін,
Шекеме салы орамал сала өтейін.
Күлмейін, ойнамайын десем дағы,
Барады өтіп дәурен, мен қайтейін.

Басынан Тарбағатай асып жүрмін,
Жайқалтып жапырағын басып жүрмін.
Түскенде сен есіме, бауырларым,
Сарғайып сағынғаннан, жасып жүрмін.

Өлеңді айт дегенде, тіл айтады,
Тілімнен қандай адам мін айтады.
Қаракөк жеті атамнан үзілген жоқ,
Өлеңді мен тұрғанда кім айтады?!

Басында керегенің оймақ тұрар,
Жігітке кедейшілік қой бақтырар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Бұралып талшыбықтай, ойнап тұрар.

Қараймын қарайғанға, қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын, шабан ба деп.
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,
«Ауылы сол қалқаның аман ба?» — деп.

Қонғаны ауылымның ой болса екен,
Қорадан өріп шығар қой болса екен.
Тілеуін біздей жастың берген Құдай,
Мереке күнде осындай той болса екен.

Өлеңді айт дегенде, аяу бар ма?
Пышақта ұста соққан қаяу бар ма?
Өлеңді айт дегенде, қоя бермей,
Аты арып, тоны тозған жаяу бар ма?

Мінгенім дәйім менің құла құнан,
Үркеді құла құнан құлағынан.
Бергенде өзің көңіл, беу, қарағым,
Үшқоңыр жолығайық бұлағынан.

Мінгенім дәйім менің торы құнан,
Үркеді торы құнан тобығынан.
Бергенде өзің көңіл, беу, қарағым,
Шаябай жолығайық қорығынан.

Мінгенім дәйім менің ала құнан,
Қалқаның жел соғады балағынан.
Дүниеден мен армансыз өтер едім,
Бал сорып, бір иіскесем тамағыңнан.

Мінгенім дәйім менің сұлу жирен,
Арқадан шөп жемейді жемге үйренген.

Орыстың сұлы жеген мәстегіндей,
Бозбала тұра алмайды қызға үйренген.

Аспанда бір жұлдыз бар Айдан қалған,
Ақ серке алшақ мүйіз қойдан қалған.
Бір қызын Пайғамбардың Ғали алып,
Той қылып, өлең айтпақ содан қалған.

Өлеңді бар да айтады, жоқ та айтады,
Өткен Ай туған Айды жартайтады.
Шабан ат, өтпес пышақ, шайпау қатын —
Үшеуі ер жігітті қартайтады.

Әуеде ұшып жүрген қарашығым,
Нәрсенің қолдан шыққан бәрі шығын.
Көп айдың көрмегелі болды жүзі,
Жүрмісің есен-аман, қарашығым?

Қолыма ұстағаным қағаз, қалам,
Жігітті адастырған қара тұман.
Айнымас, айрылмастай тату едік,
Айырған екеумізді қай антұрған?

Қақ жарып қара суды қоға тұрар,
Бекітіп құлақбауды доға тұрар.
Барында оралыңның ойна да күл,
Басыңа өлгеннен соң мола тұрар.

Өлең айтқым келмейді ерінгенге,
Бойым байсал тартады керілгенге.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Тақияңның төбесі көрінгенге.

Өлең деген немене, ой емес пе,
Ойдан төмен жайылған қой емес пе?
Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамын,
Екі жастың қызықты тойы емес пе?

Жолықсаң біздің жақтың тентегіне,
Өмірдің қарамайды келтеңіне.
Қонаққа жалғыз атын сойып беріп,
Жүген ұстап қалады ертеңіне.

Ауылым көшіп барады Көкқауланға,
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға.
Тілеуін біздейлердің берген Құдай,
Қосып-қосып қойсашы көңлі ауғанға.

Ақылың — алдындағы асқар тауың,
Жақының жаман болса, күнде жауың.
Тарыдай тал бойында болса мінің,
Денеңнің біле алмайсың есен-сауын.

Өлең деген немене білген құлға,
Ақ теңгесін кім берер қара пұлға.
Ата-анасын сыйлаған адал жанға,
Төңіректің төрт бұрышы болар тұлға.

Қой ішінде сүйгенім ісек-тұсақ,
Қойдың еті тураса, болады ұсақ.
Әкеміздің әкесі өлеңші екен,
Біз де өлеңші болайық соған ұқсап.

Қара өлеңге келгенде дүрдей-ақпын,
Құдай ажал бермесе, жүргей-ақпын.
Жалайырда бар дейді жалғыз ақын,
Содан басқа ақынмен бірдей-ақпын.

Көрмесем де, қарағым, жүрсің бе аман?
Алдап тастап барады мына заман.
«Озып жүрген еліңнен жүйрік» дейді,
Қандай-қандай әңгімең, айтшы маған.

Тал таяқ жігіт адам таянбайды,
Тастүлек құс түлкіден аянбайды.
Мынадайда ойнап күл тіршілікте,
Бұл заман әлдекімге баяндайды?

Үй салдым тобылғыдан сынбасын деп,
Құдайым тіл-жақ берген тынбасын деп.
Өлеңді әжем менің көп үйреткен,
Той барса, томырайып тұрмасын деп.

Ауылдан мен шыққанда бесін еді,
Астымда құла жорға көсіледі.

Сені ойлап, іш өртеніп, күрсінгеннен,
Белбеуім белімдегі шешіледі.

Астымда құла жорға, сары дөнен,
Қорғасын мылтық аттым дәріменен.
Сен үшін әр нәрсені сылтауратып,
Сан бардым ауылыңа салып өлең.

Ауылым Шынқожаның құдығында,
Алланың не жазса да сызығында.
Жел сөзді Құдай берген неге аяйын,
Бүгінгі екі жастың қызығында.

Біздің ауыл Нарынның тау бетінде,
Алтын сырға құлақтың қауметінде.
Айтпайын деп өлеңді қойып едім,
Балалардың айтайын құрметіне.

Өлеңді айт дегенде, ар болар ма,
Тұлпарда арықтаған жал болар ма?
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Адамға өлең шіркін мал болар ма?

Мен өзім өлең айтсам, көңілденем,
Түскендей үстен жүгім, жеңілденем.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Құйған шайдай болмайды өмір деген.

Домбырам екі ішекті қолға алайын,
Түрлентіп он екі алуан ән салайын.
Баласы жүйрік айғыр ат ұстайды,
Мен неғып бұл өнерден құр қалайын.

Құдажан, неге отырсың өлеңдетпей?
Қалайық өлеңдетіп заман өтпей.
Өмірді босқа өткізбей, қызықтайық,
Ақша бет, ақ тамақтың нұры кетпей.

Қалқам-ау, неге отырсың, аттай желмей,
Заман өтіп барады соққан желдей.
Аспандағы аққумен ән қосушы ем,
Қайран даусым қалыпты-ау сәнге келмей.



Суретші Ә. Қастеев

Құлақтың алтын сырға қауметінде,
Ауылым Аягөздің тау бетінде.
Өлеңді көптен бері айтпаушы едім,
Құдашаның айтамын құрметіне.

Қара нар жүк көтермес, бел кеткен соң,
Кең жайлау құлазиды ел кеткен соң.
Бірге өскен жас шағымнан сәулем едің,
Не болам мұнда қалып сен кеткен соң?

Өлеңді айт дегенде, айта алмаймын,
Аққудай көлде жүзген байпаңдаймын.
Өлеңді көптен бері қойып едім,
Көңілін құдажанның қайтармаймын.

Жүйріктің сәні болмас қамшылаған,
Жақсының тілі майда тамшылаған.
Күніне сексен үйрек ілсе дағы,
Тұйғынның бағасы артық қаршығадан.

Өкшесі етігіңнің айнала жез,
Көзіңнен айналайын, дөңгелек көз.
Екеуміз екі ауылдың баласы едік,
Қаңбақтай жел аударған болдық біз кез.

Алқызыл көрінеді қашқандағы,
Жалғыздың жары Құдай сасқандағы.
Басына ер жігіттің бақыт қонса,
Құс келіп қызмет қылар аспандағы.

Алланың салғанына пенде көнер,
Уақыт біткеннен соң жарық сөнер.
Өмірдің өткенін де ойламаймыз,
Алуға періштелер өзі келер.

Ұшады аққу көлден байпаңдаған,
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған.
Құнанның күрең қасқа төбеліндей,
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған.

Қалқатай, сіз бір алма тұрған пісіп,
Бұлақтың тәрбиелі суын ішіп.

Дариға-ай, сол жердегі бір сен үшін,
Өлгеннің арманы не тастан ұшып.

Қалқатай, етің аппақ қауырсындай,
Жүйріктің сырты сұлу сауырындай.
Көңлімді құрбылықпен айттым сізге,
Қабыл ал шын жүректен ауырсынбай.

Ғизатлы хат жазамын жанабыңа,
Бір Құдай жеткізе көр талабыңа.
Өзіңе көрген жерден болдым ғашық,
Жалт еткен жанарыңа қарадым да.

Домбырам екі ішекті, сегіз перне,
Құдай-ау, жас шағымда өлім берме.
Құдай-ау, жас шағымда өлім берсең,
Жазалап, жас жанымды қинай көрме.

Домбырам екі ішекті, талдан тиек,
Сөйлей бер өлмей тұрып жақ пен сүйек.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Қалады өлгеннен соң бір қу сүйек.

Мінгенім дәйім менің сарым болса,
Қолымда жетелеген нарым болса.
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,
Мінезі көркіне сай жарым болса.

Мінгенім дәйім менің сұлу қара,
Қараның кекілін сүзіп, жалын тара.
Өзіңше кердең қағып, бұлаңдайсың,
Ей, қалқа-ау, қырындамай, бермен қара.

Келмейді екі елу жас ер басына,
Жарасар күміс жүген кер басына.
Алыстан әдейі аңсап келдім жетіп,
Жан қалқа-ау, қашқақтамай, кел қасыма.

Сарғайып сары белден таң келеді,
Артынан жүйрік аттың шаң келеді.
Жал біткен жаман аттай осқырынып,
Өзімшіл надан адам паң келеді.

Атыңнан айналайын, орта бойлым,
Сары майдан айырып, торта қойдым.
Жылыұшырап жарқ еткен жанарыңнан,
Қалдырмас деп көңілімді жорта қойдым.

Салғаным сал қара атқа сары тоқым,
Алладан бұйрық келсе, болады өкім.
Қызықта тіршілікте, өлгеннен соң,
Ет кетіп, сүйек қалар — қара қоқым.

Салғаным сал қара атқа өмілдірік,
Көшкенде жылқы айдаймын төгілдіріп.
Кеткенде жерің шалғай, беу, қарағым,
Кеттің ғой қабырғамды сөгілдіріп.

Бұйырса, дәм татамыз шай қайнаса,
Жүйріктің бойы қызар айғайласа.
Өтпейді тамағымнан ішкен асым,
Перизат үйде жатып қайғы ойласа.

Домбырам екі ішекті, ішің қуыс,
Өлеңге өңкей шебер біздің туыс.
Жиылып бас қосқанда замандастар,
Өлеңді мен айтамын уыс-уыс.

Домбырам сегіз перне, екі құлақ,
Кей адам сөйлер сөзге болады олақ.
Қалмасаң осындайда ойнап-күліп,
Дүние өте шығар бір күні әлі-ақ.

Қаршығам қыран болса, қаз алады,
Жел соқса, биік ағаш ырғалады.
Артыңда өшпейтұғын ізің қалсын,
Ажалдан тірі жүріп кім қалады?

Тағы да домбыра ма, домбыра ма,
Домбыра тарта берсе болдыра ма.
Көңілді өлең айтып көтерелік,
Жігітті сары уайым оңдыра ма?

Ат жетім — өрен жүйрік шабылмаса,
Бойынан ащы тері алынбаса.

Кірер үйі таусылған кәрі жетім,
Өзі теңдес құрбысы табылмаса.

Жігіттің дәл жиырма жасы деймін,
Ақылға, ойға зерек басы деймін.
Мінез, білім, сабырлық, ұят, әдеп,
Табылса бір адамнан осы деймін.

Ақылың ойыңменен өссін бірдей,
Ажарың жылы, жұмсақ тисін желдей.
Жауабың үйден шығып таратқанда,
Жақыннан біреу білсін, басқа білмей.

Жүзіңді төмен үйрет, жоғары аспа,
Әрқашан жамандықтың жолын баспа.
Есіктен кіріп келсең, әдеппен тұр,
Төменде орын болса, жоғары аспа.

Басыңа бір іс түссе, асып-саспа,
Ойлап шеш, сүйгеніңмен ақылдас та.
Бойыңа мін тағылар, абзал құрбым,
Жаманмен құрбым ғой деп жақындаспа.

Қарағым, айналайын сықылыңнан,
Секілді қысыр жылан мықыныңнан.
Бағаңа бағаласам жан жетпейді,
Жаралдың қандай адам тұқымынан?

Басында Қаратаудың қары бар ма,
Үйінде қаралаған тары бар ма?
Алатаудай әкеңді «жеңем» дейсің,
Бетіңнің алақандай ары бар ма?

Арғы затым сұрасаң — Адам ата,
Сөзімді кешіре гөр болса қата.
Ойға алған мақсатыңды орындап қал,
Бұл жалған өте шығар апа-сапа.

Домбырам екі ішекті, перне сегіз,
Қайда қолың жетпейді сермесеңіз.
Құрбылық назымды айтып, сыр жазамын,
Қатамды артық айтты демесеңіз.

Білінбей өте шығар дүние ғой,
Жүргенім күліп-ойнап күнде бір той.
Барында тіршіліктің қарыштап бақ,
Отырмай, өрге жүзсең, жазылар бой.

Білсеңіз, Ай да аспанда, Күн де аспанда,
Қарайды жан-жағына ер сасқанда.
Жел сөзді мен қамшылап, желдірейін,
Жиылып өңшең жақсы бас қосқанда.

Ендеше, қара көмір, қара көмір,
Жарайды керегіңе асыл темір.
Көрікке темір қызып, балқығандай,
Еңбекпенен гүлденіп, жайнайды өмір.

Қаз, үйрек қатар ұшып, қаңқылдаған,
Самалды, сазды жерге салқындаған.
Бос белбеу, босаң болма, ей, жігіттер,
Киіздей шала пісіп, қарпылмаған.

Қайырымсыз неше түрлі адамдар бар,
Қайықтай дариядағы қалтылдаған.
Сөйлеген «мен мықты» деп, бөспелер бар,
Өнері өз басынан артылмаған.

Ақ пейіл, алаң-пұлаң адам артық,
Қарамай бар-жоғына, аңқылдаған.
Жақсыға текті туған кім жетеді,
Жаны адал, ашық мінез, жарқылдаған.

Өлеңді айт дегенде, жөнелейін,
Тосылып, мен несіне бөгелейін.
Алдыңда жақсы менен жайсаңдардың,
Тасындай диірменнің дөңгелейін.

Отырам әнге неге сала бермей?
Кең-байтақ көкірегім дала жердей.
Жер келсе кедір-бұдыр, құлаштаймын,
Бәйге алған жұма сайын Балагердей.

Өлеңді айт дегенде, іркілмеймін,
Жүніндей ақ түйенің үлпілдеймін.

Шырқатып, домбырамды қолға алам да,
Жорғадай жолға түскен бүлкілдеймін.

Жігітке киім қайда сұр шекпендей,
Мінезі кейбіреудің тай тепкендей.
Жаманға айтқан сөзің кетер зая,
Бір аяқ құм үстіне су сепкендей.

Ұшырдым үш көтеріп үзігіңді,
Бермедің сұрағанда жүзігіңді.
Көкейден сол бір арман кетер емес,
Құшаққа ап, көре алмаған қызығыңды.

Келеді жоғарыдан бес қос атты,
Кигені бесеуінің биқасап-ты¹.
Ішінде менің қалқам бар секілді,
Кигені кәмшат бөрік, керқасқа атты.

Болады шөбі шүйгін шоқ қамыстың,
Келеді қызы сұлу Тоқтамыстың.
Жарымай жар даусына отырғанда,
Шығады үні қайдан көзтаныстың?

Қонғаны ауылымның жусан ба екен,
Белімді жусанменен бусам ба екен?
Кеткенде жерің шалғай, қарағым-ай,
Артыңнан қос ат алып қусам ба екен?

Кигенім аяғыма құрым етік,
Сырлы аяқ сыны қапты, сыры кетіп.
Барында оралыңның ойна да күл,
Әр таяр ақ жүзіңнің нұры кетіп.

Дегенге торы торсаң, торы торсаң,
Көкпарға шаба алмайды белі босаң.
Қосылған кішкентайдан, қимасым-ай,
Жеріңде уағда айтқан қашан тосам?

Шынғожа Аягөзге үлкен тете,
Сен жаққа көп қараймын көзім тесе.
Қос қанат құсқа біткен, маған бітсе,
Барар ем сен қалқаға әлденеше.

¹ Биқасап — ала түсті жібек мата.

Көрінер кісем сұлу шығырықтан,
Көремін сені тәуір бір қылықтан.
Серт берген айнымасқа, қимасым-ай,
Жете ме сәлем айтсам бұлдырықтан?

Көрінер кісем сұлу үзбеліктен,
Көңілім алып ұшып, сізге еліккен.
Үздірмей үміт жібін, жалғап жүрмін,
Жете ме сәлем айтсам инеліктен?

Аспанда Үркер алты, Шолпан жеті,
Көрінген ақ мақтадай қыздың еті.
Жүргенім жүдеп-жадап менің бүйтіп,
Жүректен құлай сүйген сенің дертің.

Басында Қоңыршәулі бір түп арша,
Үстінде бір түп арша көк қаршыға.
Ақ жолы махаббаттың азап дейді,
Маңдайға не жазылса, соған шыда.

Қанаты көк қаршыға бедел-бедел,
Сүйгізсең ақ бетіңнен, әкең не дер?
Шын сүйсең, әке-шешен ұстай алмас,
Тәуекел, қос атпенен қаштық жедел.

Қолыма қамшы ұстаймын жез бауырлап,
Кимеймін жаздың күні тонды ауырлап.
Түскенде сен есіме, қалқатайым,
Дертіңнен жатып қалам жер бауырлап.

Әуеде ұшып жүрген сары ала қаз,
Көк майса, күн күркіреп, болады жаз.
Замандас, құрбы-құрдас, ойна да күл,
Келмейді қайта айналып жалынды жас.

Қолыма қалам алып, салдым өрнек,
Қойсын ба өлең шіркін алған кернеп.
Жиырма-жиырма бес — екі ортаңда,
Ұмтылдым ұшқан құсқа қолым сермеп.

Той десе, өлең десе, тартынбаймын,
Семсердей тот баспаған жарқылдаймын.

Саңқылдап, қыран даусым көкке өрлеп,
Жұлдыздай ағып түскен жалтылдаймын.

Домбырам, бетің тақтай, ішің қуыс,
Тағылған пернелерің бәрі дұрыс.
Шырқатып шыңға өрлетіп, самғай берсем,
Болады барлық әнің бір-ақ уыс.

Басталар биік таудан өзен Нарын,
Өтеді Шынғожаның басып жанын.
Жаз болса, қалың ауыл мекендейді,
Ұзамай жыға қонып мұның маңын.

Сауғанмен жалғыз сиыр, іркіт болмас,
Өнерді бойға біткен іркіп болмас.
Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
Сұңқылдап күшіген құс бүркіт болмас.

Жабыға кілем жауып, түйе болмас,
Ойнақтап сиыр үркіп, бие болмас.
Бір жақсы бір жаманға душар болса,
Екеуі бір-біріне ие болмас.

Болмайды жаман жақсы мақтағанмен,
Келмейді өлген қайтып жоқтағанмен.
Баласы ителгінің қу ілмейді,
Жаратып, тұғыр жасап, сақтағанмен.

Алтынды орағанмен жез болмайды,
Жібекті жуғанменен бөз болмайды.
Асыл мен масыл қайсы — айыратын,
Жаманның көкейінде көз болмайды.

Шірімес алтын жерде жатқанменен,
Оқ өтпес ажалсызға атқанменен.
Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
Дарияға тас жібімес батқанменен.

Басынан Шаябайдың ұшпа шықты,
Суынан ішер ме еді үш қасықты.
Көңілің шыныменен меңде болса,
Жамылып пұшпақ ішік, сыртқа шықшы.

Таққаным тақияма тал-тал моншақ,
Жарасар кер биеге кер құлыншақ,
Жасымнан зеректікке жеткізбеуші ем,
Сені ойлаумен болдым ғой мен ұмытшақ.

Дегенге тау құлайды, тау құлайды,
Етекке таудың тасы саудырайды.
Бірге өскен жас күнімнен, қарағым-ай,
Төрт болып екі көзің жаудырайды.

Өлеңді айт дегенде, аялым жоқ,
Келгенде қара өлеңге аяңым жоқ.
Жиырма бес қайта айналып келмес саған,
Өтеді шіркін заман баяны жоқ.

Қалбаның қалың дейді қарағаны,
Бестінің сұлу дейді жарағаны.
Алыстан ай болдыртып келгенімде,
Қалқаның не болады қалағаны?

Ақ көйлек тозбайды екен кең болған соң,
Екі жас ойнайды екен тең болған соң.
Басқаға кім де болса, көз салмаймын,
Ойымда, асыл жарым, сен болған соң.

Көзіме көрінесің құмғандай боп,
Көзіңмен кімді алдайсың жұмғандай боп.
Көп сөзге арадағы ілеспеші,
Жүрейік күліп-ойнап, туғандай боп.

Далада жылқым жатыр жиылмаған,
Бар еді бір бешпентім қиылмаған.
Отанын, елін сатқан опасызға,
Топырақ өз елінен бұйырмаған.

Базардан алып келген күміс қасық,
Аягөз өте алмадым суы тасып.
Қасымнан асыл бейнең кетер емес,
Жүдеймін, жолыға алмай, көңілім жасып.

Салғаным құлағыма сырға деймін,
Шығамын зеріккеннен қырға деймін.

«Әрқашан қол алысқан сертте тұрып,
Шыдайық басқа түскен сынға» деймін.

Бозіңген, боз-бозіңген, боздасайшы,
Бұйданды қатты тартып, созбасайшы.
Алдымда қарсы отырған, ал жақсылар,
Өлеңді бес-алты ауыз қозғасайшы.

Бір сайдан бір сай шығар үлкен болып,
Ішіне үй қонады үлкен болып.
Алдымда қарсы отырған, ал құрбылар,
Сен өзің қайдан тудың көркем болып?

Өлеңім соққан желдей, толқын көлдей,
Той-мереке бола ма ақын келмей?
Ақын келсе, дүбірі жер жарады,
Төсбастаудан аттанған саудагердей.

Айқайласам аққуға, тау асады,
Егіншінің қыздары бау басады.
Тал бойында талдай бір мінің жоқ,
Қандай адам өзіңе жарасады?

Ауылым отыр Қотырдың күнесінде,
Мал жеген күнгей шөбі түгесілді.
Әдемілеп айт өлең, қарағым-ай,
Адам күні адаммен, білесің бе?

Өлеңді жақсы айтады жайын білген,
Үлкен суды жағалап жайын жүрген.
Осындайда ойнап-күл, шырағым-ай,
Бір байдың құр атының майын мінген.

Жабыны жауға салма, жалды екен деп,
Жаманмен жолдас болма, малды екен деп.
Баласын қазанаттың бақпай қойма,
Қан түсіп аяғынан қалды екен деп.

Екінің бірі жомарт тасқан жерде,
Күніңе ер жарайды сасқан жерде.
Жаманға жазатайым күнің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге.

Өмір деген, ойласам, шолақ екен,
Бір-біріне адамдар қонақ екен.
Қызғалдақтай жайнаған қызық өмір,
Қазан ұрмай, қар жаумай солады екен.

Жастық шақ өте шығар ескен желдей,
Алыстан бұлдырайсың, асқар белдей.
Құлазып көңіл шіркін толғанады,
Қоныстан қопарылып көшкен елдей.

Өмірді аңсай туып, асық өскен,
Дүниеге адам қонақ, түней көшкен.
Ер туып, ел қорғаған ата-бабам,
Солардың ізі жатыр, тозаңы өшкен.

Қырғауыл, аңға шықсаң, атқан тәуір,
Бал болса, жанай өтпей, татқан тәуір.
Жаманмен құшақтасып бір жүргеннен,
Жақсының аяғында жатқан тәуір.

Көзің қара ағаштың көміріндей,
Бойың түзу мылтықтың теміріндей.
Жақсыменен отырған жарты сағат,-
Өтіп кеткен жаманның өміріндей.

Аспанда бір жұлдыз бар Айдан жақсы,
Арқада бір кедей бар байдан жақсы.
Жаманға бір сөз айтсаң, қорс етеді,
Балқыған қорғасындай қайран жақсы.

Мыс па екен, алтын ба екен, қола ма екен,
Алтынға қола тұтқа бола ма екен?
Тұйғын деп ұстағаным қарға шықты,
Қарғаға пенде ғашық бола ма екен?

Қамқаның бөрік кидім қиығынан,
Біреуге біреу күлер миығынан.
Біреуге біреу жақын болады екен,
Өзінің бойға біткен қылығынан.

Балықта су ішінде дем болмайды,
Етінде сұлу қыздың мең болмайды.

Жарыңыз қойыңдағы жаман болса,
Дұшпаннан қылыш тартқан кем болмайды.

Шыназ қала дегенде, Шыназ қала,
Айналатын Шыназды су азғана.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өлшеп берген өмірдің күні азғана.

Дегенде, дүние шіркін өтер-кетер,
Түбіне сұм дүниенің кімдер жетер?
Қадір тұт, бір-біріңе құрмет көрсет,
Тірлікте сыйластыққа бар ма жетер?

Ән деп айтпақ өлеңнің қиын жері,
Бәрі бірдей жүйрікке ылди, өрі.
Ұшып түскен алтынның сынығындай,
Сөз сөйлейді жігіттің кемеңгері.

Ағайын жат та болса, көзге тәуір,
Өкпем жоқ, кеудемдегі бәрі бауыр.
Жауымның дәлдеп салған найзасынан,
Досымның саусағымен шерткені ауыр.

Ұшып жүрген аспанда ұлар ма екен,
Атып алса баласын, жылар ма екен?
Атып алса баласын, жылар болса,
Көкіректен шыбын жан шығар ма екен?

Самаурын шай қайнайтын шүмегі алтын,
Досыңмен сыйласатын болма салқын.
Досыңмен сыйласатын болсаң тату,
Көңілің болып жүрер ашық-жарқын.

Базарға пұл жібердім көк кебіске,
Жігіттер, өкінбеңдер өткен іске.
Бірде олай дүние, бірде былай,
Қарашы өз қолыңа, теп-тегіс пе?

Есекті тұлпар деме, жалы бар деп,
Жабыдан айғыр салма, малым бар деп.
Болмайды қарға сұңқар, қайырғанмен,
Шошқаны сипамағын «жануар» деп.

Келеді күн жауғалы бұлт айналып,
Шешеннен озды сақау, тіл байланып.
Тұлпардан мәстек озып, бәйге алғаны —
Дүние, кеткенің бе шырқ айналып?

Аққудың азығы жоқ жайнағанмен,
Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.
Ақылды ақымақпен бірдей емес,
Жүрмейді шошқа жөнге айдағанмен.

Жүйріктің сәні болмас қамшылаған,
Ақпаса су бола ма тамшылаған.
Күніне сан мың үйрек ілсе дағы
Тұйғынның бағасы артық қаршығадан.

Дегенде, дүмбір дүние, дүмбір дүние,
Азырақ дүмбірлетіп жүрдік дүние.
Қалайын тіршілікте ойнап-күліп,
Кетеді әлі-ақ өтіп бір күн дүние.

Ат жақсы арғымақтан, шабыс болса,
Жат жақсы ағайыннан, таныс болса.
Дұшпан түгіл, досың да табылмайды,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.

Үнемі қолда тұрмас бақыт-байлық,
Жаманның пайдасы жоқ шөкім шайлық.
Бар болса ағайынның залалы жоқ,
Дегендей бірде сулық, бірде майлық.

Тізілтіп хат жазайын қаламменен,
Адам күні емес пе адамменен?
Болмайды жақсыменен сөйлескендей,
Сан күлсең де сан ойнап жаманменен.

Алқызыл көрінеді қашқан тұлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Биікке ойда тұрып қол созамын,
Болсын деп шіркін көңіл көтеріңкі.

Досым жайлы, ей, қалқа, досым жайлы,
Ынтымағы жаманның қосылмайды.

Алды-артын ойлайтын ер азамат,
Дүниеге мастанып отырмайды.

Ұшады бала бүркіт аспанменен,
Қашады қызыл түлкі тастарменен.
Бірі қашып, біреуі қуса дағы,
Болжаусыз жан шықпайды сасқанменен.

Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр,
Қай дегені пенденің болып жатыр?
Шыққанменен қырықтың қырқасына,
Арман деген кеудеде толып жатыр.

Қам сүт іштік анадан, піскен емес,
Таудай үлкен күнәміз, кішкене емес.
Сол күнәға соншама қоссақ тағы,
Кешем десе, Құдайға ештеңе емес.

Мына заман қай заман, соқта заман,
Мұнан басқа қызығың жоқ па, заман?
Мұнан басқа қызығың жоқ болса егер,
Ойнап-күліп қалайық, тоқта, заман!

Айналайын Құдай-ау, несібе бер,
Ойнаған мен күлгенді кешіре гөр.
Ойнаған мен күлгенді кешірмесең,
Тозақ отын су құйып өшіре гөр!

Сауғанмен жалғыз сиыр іркіт болмас,
Өнерді бойға біткен іркіп болмас.
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,
Қарқылдап қара қарға бүркіт болмас.

Ит қызыл болғанменен түлкі болмас,
Ойнақтап жаман сиыр жылқы болмас.
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас.

Кісі емес кісі артынан жамандаған,
Дос емес дос көңілін таба алмаған.
Қолына кей жаманның тұлпар түссе,
Айызын бір қандырып шаба алмаған.

Жаманнан жақсы шықпас, мақтағанмен,
Жабыдан тұлпар шықпас, баптағанмен.
Ителгі қайырсаң да түлкі алмайды,
Алтынмен томағасын қаптағанмен.

Би болмас белін жалпақ бұғанменен,
Ағармас қас наданды жуғанменен.
Білгенге ақыл басқа, ажар басқа,
Не пайда өте әдемі туғанменен?

Би болмас белін жалпақ бұғанменен,
Ағармас қара затты жуғанменен.
Кейбіреу көзін жұмып, құр шұлғиды,
Сопылық келмес көзді жұмғанменен.

Қайтейін, кедейшілік, көзіңді ашпа,
Қылдың ғой жеккөрініш қарындасқа!
Кетпейсің босағамнан бақырайып,
Жоқ па еді туысқаның менен басқа?

Көк қаршыға дегенде, көк қаршыға,
Көк қаршыға ұялар шоқпар шыңға.
Өмір бәйге болғанда, сен бір жамбы,
Қапылыста қор болма көкпаршыға.

Қай жалған мына жалған, дүние жалған,
Тұрымтай алдауменен бөдене алған.
Ойнап-күл дүниенің қызығында,
Күлмеген, ойнамаған қапы қалған.

Өлеңді айт дегенде айтпаған кім,
Жарық жоқ өлгендерге, қараңғы түн.
Біріңді бірің сыйла тіршілікте,
Біріңе бірің мейман азғана күн.

Бұлтты күн, ендеше, бұлтты күн,
Ақ қозыға жарасар түбітті жүн.
Оралыңа бір келсе, ойна да күл,
Өтіп кетіп қалады қызықты күн.

Аз ойлаған алысқа болмас жолдас,
Татқан тұзға қас қылған жігіт оңбас.

Қызығы бұл дүниенің сыйластықта,
Саясы жоқ ағашқа бұлбұл қонбас.

Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Апырмау, сол қамшыны кім істеген?
Кей жаман сылаңдайды, сырын бермей,
Мысықтай жұрт көзінше түк ішпеген.

Басында Тарбағатай тошала-ды,
Уысым тошаладан босамады.
Досым деп кей жаманға қол ұсынсаң,
Жаныңды кеудеңдегі қоса алады.

Қолымда бір қозым бар телінбеген.
Күйеуге төс тартылар келінменен.
Кісі деп кей жаманға ісің түссе,
Асаудай тыпырлайды жегілмеген.

Тәшкенде бар бір базар — алма базар,
Алма сатып отырған Алданазар.
Жақсыменен дос болсаң, күнде базар,
Жаманменен дос болсаң, көңілің азар.

Дариға, ағып жатқан суда мін жоқ,
Өлдім деп білдіруге малда тіл жоқ.
Басынан бақ пен дәулет тайғаннан соң,
Сенделген мекен таппай ерде күн жоқ.

Шын жақсы барған жанды қош алады,
Қаскөйлер болмашы үшін өш алады.
Дос көріп, кей залымды жақын тұтсаң,
Жаныңды кеудеңдегі қоса алады.

Жұлдыз жоқ түнде жарық Айдан жақсы,
Қара су — сусағанда, шайдан жақсы.
Надандар ойын сөзді кек көреді,
Көтерер ел көңілін қайран жақсы.

Өнерге білім білген жеткізеді,
Дариядан кеме, қайық өткізеді.
Жақсымен әуеде бір жолдас болсаң,
Бойыңа бір қасиет біткізеді.

Жігіттер, бар да аспанда, жоқ та аспанда,
Қарайды жан-жағына ер сасқанда.
Жел сөзді ел құмартқан аяйын ба,
Жиналып, өңшең жақсы бас қосқанда.

Байқаймын, өткен күннің белгісі жоқ,
Айналып, екі қайтып келгісі жоқ.
Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол,
Жаманға жақсы жанды бергісі жоқ.

Жігіттер, өткен күнде белгі бар ма?
Адамзат жақсылыққа мәңгі зар да!
Жаманға жазатайым жолдас болсаң,
Бір күні алып барып жығар жарға.

Өткен күн, ойлап тұрсаң, белгісіз ғой,
Қол бұлғап шақырғанмен келгісіз ғой.
Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол,
Бір сөзі мың ділдәға бергісіз ғой.

Өлең қайдан шығады, сөз болмаса,
Кім жетелеп жүреді, көз болмаса!
Бұл жалғанның қызығы болар ма еді,
Сегіз қырлы жігіт пен қыз болмаса?

Кеш болса, кең далада тарғақ ұшар,
Адасып ұясынан, зарлап ұшар.
Баулысаң кей жаманды кішкентайдан,
Ақтамай үмітіңді, жардан ұшар.

Ат туар, айғыр салсам аққұладан,
Не пайда үйінде жоқ аққұбадан?
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Барады дүние жалған шапқылаған!

Алқызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Жігіттер, осындайда ойна да күл,
О дүниеде жоқ дейді ойын-күлкі.

Ат көркем көрінеді тұрманменен,
Дүние жеткізбейді қуғанменен.

Ақ көйлек, адал ниет кір шалған соң,
Не керек, су кетіrmес жуғанменен.

Әуеде ұшқан бүркіт қалықтайды,
Сүймеген жар жолдасын жарытпайды.
Сүйген жармен өмірлік жолдас болсаң,
Өлгеніңше сол шіркін налытпайды.

Қаратаудың басында бұлт болмас,
Ақ қалайы сандықта кілт болмас.
Кішкентайдан бірге өскен, қимас қалқам,
Төбем көкке жеткенмен ұмыт болмас.

Арыстаннан өлген соң, тышқан артық,
Есер достан зиялы дұшпан артық.
Кей жаманның қолына гауһар түссе,
Қоя алмайды бағасын мыстан артық.

Қусам да жеткізбейді арман дүние,
Бұрынғы ата-анадан қалған дүние!
Барында оралыңның ойна да күл,
Бір күні артта қалар жалған дүние!

Керегенің басында оймақ тұрар,
Кедейшілік жігітке қой бақтырар.
Алған жары жігіттің жақсы болса,
Атын байлап, алдынан ойнап шығар.

Жаз жайлауға көшеді ел арбаменен,
Ішім толып жүреді арманменен.
Жеңілдер ме тағдырдың артқан жүгі,
Өмірді өлең етіп салғанменен.

Арғымақ алыс жүрмес талған сайын,
Жуан ағаш кемиді жарған сайын.
Асырауын кем қылсаң қас жүйріктің,
Шабысы бәсең тартар барған сайын.

Біздің ауыл жоғары Сыр болады,
Көп тағылса, қалампыр кір болады.
Тіршілікте жүрейік сіз-біз десіп,
Дәурен екі болмайды, бір болады.

Әуеде ұзақ ұшар тобыменен,
Астында тұйғын ұшар қолыменен.
Болғанда ұзақ көкте, тұйғын төмен,
Бірдей ме дәрежесі соныменен?

Жылқы деген мал жақсы, жүйрік болса,
Жігіт қайда жүрмейді, бұйрық болса.
Көңілі өсіп жігіттің отырмай ма,
Алдында жал, артында құйрық болса.

Дәйім менің мінгенім алқара кер,
Ал, кәне, екі-екіден ән сала бер.
Осындайда, балалар, ойна да күл,
Бәрімізді жалмайды сұм қара жер.

Ендеше, мыс қала-ды, мыс қала-ды,
Қайырылып мыс қалаға құс қонады.
Барында жастық шақтың ойна да күл,
Саудырап өлгеннен соң тіс қалады.

Біреу жүр өзін-өзі билей алмай,
Біреу жүр келген бақты игере алмай.
Он саусақ, қарап тұрсаң, бірдей емес,
Біреу жүр жалғыз басын сүйрей алмай.

Самарқанда өрт болса, Ошта түтін,
Бұл дүниеде адам жоқ бауыры бүтін.
Бұл дүниеде жан болса бауыры бүтін,
Қағаздан қазан жасалар, гүлден отын.

Қасқыр алар Қараойдың қасқалдағы,
Солқылдайды көпірдің басқан жағы.
Жайды білмес жаманға ісің түссе,
"Әпер, - дейді, - жұлдызды аспандағы".

Ар жағы Алматының шым келеді,
Жаныңнан жақсы болсаң, кім кетеді?
Болғанда тағдыр — түлкі, ажал — бүркіт,
Бір күні қуып жетіп, індетеді.

Жел соқса, ұзын ағаш ырғалады,
Біреуден біреу көріп, үлгі алады.

Барында оралыңның күліп-ойна,
Опасыз сұм жалғаннан кім қалады?

Ақылы ер жігітті байыпты етер,
Аяғың нық баспасаң, тайып кетер.
Жаманға жақын тартып, сырыңды айтсаң,
Сол жаман шыға бере жайып кетер.

Ботасы өлген бозіңген боздайды екен,
Ақын жігіт тойда өлең қозғайды екен.
Сары аяққа бал құйып қойсаң дағы,
Өз еліндей әркімнің болмайды екен.

Сауғанмен жалғыз сиыр іркіт болмас,
Қарақұс қайырғанмен бүркіт болмас.
Тыңдаушы сөз иесі кез келгенде,
Жел сөзді ауыздағы іркіп болмас.

Мінгенім дәйім менің арда күрең,
Жоқ болса жалғыз тайың, өлең үйрен.
Өлеңнің бір пайдасы тойда тиер,
Басыңды есіктегі төрге сүйрер.

Мінген атым астымда ақтанау кер,
Ақтанаудан оза алсаң, мақтана бер.
Ақтанауға құлпыртып мінгенімде,
Көрінеді бірдей боп ылди мен өр.

Өтіп дәурен барады соққан желдей,
Бір кеткен соң зар қылар қайтып келмей.
Оралыңның барында ойна да күл,
Дүниеде жүрмейсің ақыр өлмей.

Өлеңшілер өлеңнің қыр гүліндей,
Жүрмін жарап Әлінің дүлділіндей.
Сан күлгенім, сан ойнап жаманменен,
Болмайды екен жақсының бір күніндей.

Ат жетім — өрен жүйрік шабылмаса,
Топ көріп, ащы тері арылмаса.
Болады теңдесі жоқ кәрі жетім,
Бас тартар кірерге үй табылмаса.

Арғымақтан ат жақсы, шабыс болса,
Ағайыннан жат жақсы, таныс болса.
Досың күліп, дұшпаның табалайды,
Бір нәрседен аяғың шалыс болса.

Бір бешпентім үстімде қара мақпал,
Оны қиған қайшыны ана мақтар.
Дүниенің қызығы ойнап-күлген,
Төрт бұрышын әлемнің аралап қал.

Өткен заман қай заман, жылан заман,
Жылан шағып, халық жоқ жыламаған.
Бозіңгеннің бәрі жеп боташығын,
Ер жігітке мал мен бас құралмаған.

Жігіті біздің елдің сылқым сері,
Күнде той, ойын-күлкі жүрген жері.
Асыр сап құлын-тайдай ойнақтаған,
Әркімнің өзіне ыстық туған жері.

Үйір болдық жел сөзге жасымыздан,
Жақсы болсақ, кім кетер қасымыздан?
Құмға айдаған жылқының мұнарындай,
Өмір өтіп барады басымыздан.

Аспанда Ай нұрланар толған сайын,
Тәубасын пенде ұмытар, болған сайын.
Ашу — пышақ болғанда, ақыл — таяқ,
Таяғың кемімей ме жонған сайын?

Түбінде тобылғының торғай да бар,
Жан сақтар ажал жетсе, жер қайда бар?
Бір жақсы, бір жаманмен әрқайда бар,
Қосылар екі жақсы күн қайда бар?

Ай да батпан жігітке, Күн де батпан,
Шаба алмаймын толықсып жайдақ аттан.
Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол,
Сексеуілдің шоғындай жайнап жатқан.

Тоқым салма жауырға, жалды екен деп,
Жолдас болма жаманға, малды екен деп.

Сынса дағы сырлы аяқ, сыны кетпес,
Күдер үзбе жақсыдан жарлы екен деп.

Сән болмайды жүйрікке қамшылаған,
Зәм-зәм артық дариядан тамшылаған.
Отыз үйрек, қырық қаз алса дағы,
Нәсілі артық сұңқардың қаршығадан.

Жігіт бол жігіт болсаң, тал жібектей,
Жарамас қатты болу тікенектей.
Білімнің болса дағы ұшан-теңіз,
Не керек өз жұртыңа қызмет етпей.

Басында биік таудың жалғыз терек,
Жігітке сыр шашпайтын жолдас керек.
Дүние, ойлап тұрсаң, түпсіз дария,
Батпайтын дарияға кеме керек.

Қудым сені, қара өлең, бала жастан,
Дүниенің аз-көбіне қарамастан.
Оралыңның барында күліп-ойна,
Не келіп, не кетпейді ғазиз бастан.

Жақсы қандай, құрбылас, жаман қандай?
Жүйрік қандай, ойлашы, шабан қандай?
Жай білмейтін жаманмен болсаң жолдас,
Қараңғы үйдің ішінде қамалғандай.

Сұлуды сұлу деме, сүймеген соң,
Асылды асыл деме, кимеген соң.
Жақсыларға не керек қошамет қып,
Шарапаты ешкімге тимеген соң.

Қаракөк жылқы ішінде сетер¹ екен,
Күлмеген, ойнамаған бекер екен.
Жастық шақ көк семсердің жүзіндей боп,
Аз күнде жалт-жұлт етіп өтеді екен.

Қаракөк жылқы ішінде сылаң қаққан,
Өмілдірік, кежімін сәндеп жапқан.
Оралыңның барында күл де ойна,
Қызыл түлкі дүние бұлаң қаққан.

¹ Сетер (моңғ.) — айрықша қастерлейтін, қадірлі мал.

Дауысым ән дегенде бір саңқылдар,
Жел соқса, жаман түйе үйге аңқылдар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Алдыңан үйрек ұшып, қаз қаңқылдар.

Ән дегенде дауысым шырқап кетер,
Мұратына шын ғашық әлі-ақ жетер.
Тіршілікте ойнап-күл, бозбалалар,
Әне-міне дегенше дәурен өтер.

Кісіге өнер де өрнек, өлең де өрнек,
Шын жүйрік өрге шапса, өршеленбек.
Барында оралыңның ойна да күл,
Шырағың мың күн жанған бір күн сөнбек.

Өлең деген немене білген құлға,
Ақ теңгесін кім қимас алар пұлға.
Оралыңның барында ойна да күл,
Өлгеннен соң адыра қалар тұлға.

Тақияма таққаным тал-тал моншақ,
Кер биеге жарасар кер құлыншақ.
Өлгеннен соң қаларсың қу сүйек боп,
Дауысыңның барында қалшы-ау шырқап.

Жаманның жемтік түссе жөргеміне,
Жолдасының қарамас өлгеніне.
Жазатайым жақсыға ісің түссе,
Биік таудың шығарсың көрнегіне.

Бір тісім, екі тісім, маржан тісім,
Сыртыңнан не демейді дұшпан кісің?
Сыртымнан десе десін дұшпан кісім,
Аллаға аян шығар қылған ісім.

Жиырма бес өте шықты ескен желдей,
Қоныстан қопарылып көшкен елдей.
Жастықта думандатып жүре бердік,
Қайрылмай кететіні еске келмей.

Ойлап тұрсам, бұл жалған бәрі елес,
Өткен өмір айналып қайтып келмес.

Арманыма жетем деп талпынасың,
Өлгеніңше кеудеңнің оты сөнбес.

Қаршығам қазға салсам, қаз іледі,
Жиылып қыз-бозбала бір жүреді.
Құдай-ау, жас күнімде өлім берме,
Көл жайғап, жем жейтұғын мезгіл еді.

Баркөрнеуді барған жұрт биік дейді,
Бұлтқа басы тұрады тиіп дейді.
Шықпаса аты жігіттің батырлықпен,
Туған жерін шығарар сүйіп дейді.

Елімнің бір жайлауы — Құрымбай саз,
Жайлаған алты ай жазда сары ала қаз.
Шолпандай таң алдында туып, батқан,
Дарига-ай, мен қайтейін, ғұмырым аз.

Аузыңды ашсаң көрінер маржан тісің,
Не демейді сыртыңнан дұшпан кісің?
Десе десін сыртыңнан дұшпан кісің,
Білінбей ме досыңа еткен ісің?

Жүгірген құмнан құмға құмай тазы,
Жігітті малдың азы мұңайтады.
Жігіттер, малым аз деп мұңаймаңыз,
Бір күні өлім келіп шұнайтады.

Жігіт болсаң, жігіт бол көңіл ашар,
Өнер құған жігіттен бөле қашар.
Өміріңді өткізбе түңдей қылып,
Жігіттің де жігіті бір-ақ жасар.

Қиын екен жігітке жұртқа жақпақ,
Жақсы, жаман көңілін бірдей таппақ.
Қара қылды қақ жарып жүрсең дағы,
Біреу даттап кетеді, біреу мақтап.

Сал кеуде сандуғаштай сайрап тұрған,
Меруерт тас Самарқанда жайнап тұрған.
Ағалар, топтан таңдап бір сұлу ал,
Тасындай диірменнің ойнап тұрған.

Ақ үйдің Ай көрінер маңдайынан,
Шешеннің бал тамады таңдайынан.
Дүниеде сенен артық жан көргем жоқ,
Адамның жаратылдың қандайынан?

Басқұрдың бас айналар термесінен,
Қасыңның хат жазамын кермесінен.
Сұңқылдап жатсам-тұрсам сізді тілеп,
Алланың сұрап алам бермесінен.

Қар жауар қарашада қатқақ болып,
Қалады жаңбыр жауса батпақ болып.
Қалқатай отыр ма екен, жатыр ма екен,
Сұңқардай үш түлеген аппақ болып.

Қызыл жібек, ақ жібек білегіме,
Құдай-ау, жеткізе гөр тілегіме.
Қай бұрышында дүниенің жүрсем дағы,
Атыңды сақтап жүрем жүрегімде.

Қызыл жібек, ақ жібек иірейін,
Алтын тақтың үстінен жүгірейін.
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,
Хат жазып қарлығаштан жіберейін.

Тау құлаған дегенде, тау құлаған,
Таудың тасы етекке саудыраған.
Мойныңды бұра тастап қарағанда,
Көзіңнен айналайын жаудыраған.

Жимаймын салдықпенен балағымды,
Ораймын ақ торғынмен тамағымды.
Кетпейді көз алдымнан жымиғаны,
Жүр екен кім күлдіріп қарағымды?

Асты тақтай ағаш үй, үсті тақтай,
Мен қалқаны шақырдым дамыл таппай.
Шақырғанның белгісі сол емес пе,
Ұзақ таңға отырдым кірпік қақпай.

Екі бөртеқ беліңе жіп жетеді,
Нұр жүзіңді көргенде, ес кетеді.

Құрбылықпен бір сөзді айтып едім,
Бір тілекті құп алсаң нең кетеді?

Зергер бұйым соғады қалайыдан,
Аққан тері сорғалап самайынан.
Сәулешімнің көңіліне қараймын деп,
Сұлулардың айырылдым талайынан.

Бұраң бел, қоян жонды, бөкен санды,
Ақ тамақ, сүйір иек, беті қанды.
Қара қас, бадам қабақ, жазық маңдай,
Таба алмай, іздеп жүрмін сондай жанды.

Салғаным көкбестіге өмілдірік,
Көшкенде жылқы айдадым, желіп жүріп.
Болғанда жақсы таныс, кеттің алыс,
Бір жағын қабырғамның сөгілдіріп.

Бір күйі домбырамның пернесінде,
Жел сөзден іркілейін мен несіне.
Жігіттер, тіршілікте ойна да күл,
Мен кепіл өткен жастық келмесіне.

Сөйлеп қал, сөйле, тілім, шал боларсың,
Қу томар басын кескен тал боларсың.
Қартайып, жасың жетіп келген шақта,
Артыңа бір қарауға зар боларсың.

Сөйлеп қал, сөйле, тілім, екпінденіп,
Жүйріктей топқа түскен екіленіп.
Қартайсаң, шабан аттай жүрісің жоқ,
Алсайшы осындайда желіп-желіп.

Сөйлеп қал, сөйле, тілім, осындайда,
Аққан су бір мезгілде таусылмай ма?
Қартайып, жасың жетіп, өлгеннен соң,
Топырақ өз бетімен шашылмай ма?

Келемін жоғарыдан төмен қайтып,
Көңілді көтерелік өлең айтып.
Көңілді көтермесек өлең айтып,
Әлі-ақ бір күн қалармыз жер томпайтып.

Шіркін-ай, жаман қандай, жақсы қандай,
Барады өтіп өмір асыққандай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қара жер бауыры суық басып қалмай.

Қамыстың ат байладым сабағына,
Жігіттің жолдас болма жаманына.
Жігіттің жолдас болсаң жаманына,
Дұшпанның тастап кетер табанына.

Жігіттер, дәурен өтер, дәурен өтер,
Бәрі де бұл дүниенің әуре бекер.
Қаумалаған достарың сырт айналар,
Қадіріңе сүйген жар, сәулең жетер.

Жиырмаға жиырма бес жуық екен,
Ақбоз үйді көтерген уық екен.
Оралыңның барында ойна да күл,
Қара жердің бауыры суық екен.

Жазың салқын, ей, Алтай, қысың қырау,
Аққан өзен сылдырап бейне жырау.
Алтыбақан тербеген қыз-бозбала,
Жайлауымыз Алтынкөл анда тұр-ау.

Алтайдың салдым сайран күн бетіне,
Ақ қағаз жазу жаздым бір бетіне.
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,
Айтамыз көпшіліктің құрметіне.

Ой, Алтай, басың биік, шөбің сұйық,
Ойнайды бауырыңда арқар, киік.
Кір жуып, кіндік кескен қайран Алтай,
Кетеді сені ойласам ішім күйіп.

Қара Ертіс, қайран өзен Нарын-Күршім,
Түскенде Күршім еске, жат та күрсін.
Дүниеде туған жерге жетер қайда,
Шет жерде аңсап жүрген күнің құрсын.

Қолыма қалам алып, салдым нұсқа,
Жайылар жария сөз бөтен тысқа.

«Тірі еткенді құр етпен» деген Алла,
Ұзын нәсіп жеткізер ұшқан құсқа.

Қолыма қалам алып, салдым нақыл,
Досына қастық ойлар кейбір бақыл.
Пенденің ойлағаны бола бермес,
Құдайдың өз дегені болады ақыр.

Қолыма қалам алдым еріккенде,
Ашулы ар сөз айтар зеріккенде.
Құданың құдіретін ойламайды,
Тәкаппарлық қылады кейбір пенде.

Қолыма қалам алдым, ақыл ойлап,
Опасыз дүниені жақын ойлап.
Бұрынғы хұкамалар¹ өткен екен,
Халқы үшін неше мәрте нақыл ойлап.

Қалам алып, хат жазар ілімділер,
Өртүрлі нақыл айтар білімділер.
Кісі берген кісіге ризық болмас,
Құданың бергенімен күніңді көр.

Қолыма қалам алып, қылдым ермек,
Көп жақсы ғаріптерге қайыр бермек.
Дүниеге келмек, кетпек опасы жоқ,
Баршасы бұрынғыдан қалған өрнек.

Қолыма қалам алып, жаздым хабар,
Иманды адам шын айтқан сөзге нанар.
Бұл дүние еш адамға жолдас болмас,
Құдай өзі Құранда берген хабар.

Қолыма қалам алып, салдым кеңес,
Әділ патша біреудің хақын жемес.
Құдай сөзі Құранда хабар берген,
Момынға жәбір қылмақ мақұл емес.

Екі шешен қосылса, аттай желер,
Қас жаңғалақ жақсының сөзін білер.
«Тірі еткенді құр етпен» деген мақал,
Емшекті ана ризығын Тәңір берер.

¹ Хұкамалар /а/ — билеушілер.

Суда балық жүзеді демін алмай,
Іште бала жатады жан қиналмай.
Құдай сүйіп пендеге берсе дәулет,
Топта сөзің қадірлі, шекер балдай.

Пендеге Тәңірі сүйсе, дәулет берер,
Дұшпаның қызмет қылып, соңыңа ерер.
Басыңа бақыт, дәулет қонған күні,
Кеткен дұшпан дос болып, соңыңа ерер.

Сыр берместей кісі жоқ мақтанса да,
Қасқыр түсер қақпанға сақтанса да.
Алтын көрсе, періште жолдан шығар,
Күнә қылмас кісі жоқ, ақталса да.

Тыныш жүргенде адамның бәрі момын,
Есер, ақылсыздар ойламас барды-жоғын.
Ақылы дана болған парасаттылар
Болжамай іс қылмайды бұрын-соңын.

Іштен туған ақымақта ақыл болмас,
Ақылсыздың еш сөзі мақұл болмас.
Атымтайдай жомартпын десе дағы,
Өз нәпсіңнен еш пенде жақын болмас.

Үлкенге кіші кісі қызметке ерер,
Әртүрлі сүйген құлға бітер өнер.
Бір Тәңіріден басқаға еркіндік жоқ,
Барша жанның рыздығын Тәңірім берер.

Жақсыға әркім ерер үмітпенен,
Қызмет етсе кем болмас жігіт деген.
Әлемнің он сегіз мың падишасы,
Әркімнің нәпақасын Тәңірім берген.

Жақсыға әркім ерер талаппенен,
Жігітке бер мәртебе талап деген.
Әркімнің рыздығын Тәңірім берер,
Пендеге ырыс болмас санап берген.

Жақсыға әркім ерер ерлікпенен,
Бар мен жоғын парық қылмас шерлікпенен.

Жақсыға жақынмын деп сыр айтпаңыз,
Кезінде қаһар қылар бектікпенен.

Жақсыға әркім ерер жол білмекке,
Ат мініп, қызмет етіп, тон кимекке.
«Жақсының шарапаты» деген нақыл,
Дүние сазы болмас жатсаң текке.

Келмейді өлең айтқым жылдағыдай,
Асылдың көңілім толмас жұрнағына-ай.
Өлеңді осы арада айтпас едім,
Қолқалап көпшіліктің тұрғанын-ай.

Ертеден ауылым жайлар теріскейді,
Күнің де түс ауған соң еңістейді.
Халқымның өлең ортақ қазынасы,
Кім оны ортаға сап бөліспейді?

Мылтыққа киік көрмей оқ салмаймын,
Болмай ма жай тұрса да шоқпар да айбын.
Алдыма айтар кісі кез келгенде
Өрбітпей өлеңімді тоқталмаймын.

Әдейі мені мұнда шақырғызды,
Өлеңнің сары қымызын сапырғызды.
Қайда отыр әріптесім, әпкел бері,
Көре алмай отырмын ғой ақын қызды.

Болмайды түнде ұшса да үкі батыр,
Қайда әлгі ақын жігіт, бері шақыр.
Қыз жаққа шақыртпай-ақ келмей ме өзі,
Шөп алмас қой аузынан шығар пақыр?

Кигенім аяғыма саптама етік,
Өзіңді өлең айтам мақтан етіп.
Аулыңа сен шақырсаң, мен барар ем,
Арада тау тұрса да аттап өтіп.

Өлеңім көлдей ме екен, селдей ме екен,
Ол қостап, мен бастасам, ермей ме екен?
Алыстан ат арылтып келгенімде,
Жанынан құдаша орын бермей ме екен?

Отырдың жаңа келіп тұсымызға,
Алдырдың неше қоян құсыңызға?
Өлеңге еш жарымай жүргенімде,
Кез келді айтысуға осы мырза.

Қара екен қарағайдың қаршығасы,
Аузымнан балдай сөзім тамшылашы.
Сыртыңнан даңқыңды естіп, келдім іздеп,
Жел сөзді бір-екі ауыз қамшылашы.

Тыпыршып жер тарпыған қаракердей,
Ән десе, аяймын ба сала бермей?
Келеді жастар жиын, тойға неге,
Өлеңнің дәу перісін ала келмей?

Татымас алтыныма жезің деймін,
Айта алар қара өлеңді өзімдей кім?
Өлеңді айтар болсаң, бүгін айтқын,
Күнде өстіп келе бермес кезің деймін.

Той десе, тастап келем бар ісімді,
Іздеймін тойдан ескі танысымды.
Көңілім өзің жаққа ала қашар,
Естісем күндік жерден дауысыңды.

Болады өлең басы бірден сабақ,
Алдында үлкендердің жезден табақ.
Аузын ала қаптың ашқандай ғып,
Өлеңді жіберемін жүндей сабап.

Бастайын баста десең, өлеңімді,
Арман не қыздан көрсем көрерімді.
Дауылын қара өлеңнің соқтырайын,
Қайтейін сізден аяп өнерімді.

Ат жақсы қамшылатпай, жорғалаған,
Ақын ба өлең айтпай, қорғалаған?
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,
Көз жасым нөсер болды сорғалаған.

Тойына екі жастың кеп отырмыз,
Жоқ болса бізге әріптес, неге отырмыз?

Иғайға ақындықпен баспасақ та,
«Ұят қой өлең айтпау», — деп отырмыз.

Тұлпарда арықтаған жал болар ма?
Шын ақын өлең таппай дал болар ма?
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Көңілің — қора, өлеңің — мал болар ма?

Арқаның көз тартады жасыл белі,
Жүйріктің қызса шығар ащы тері.
Қарсы ұшпай қаршығадай қанат қағып,
Қайда жүр ақын жігіт, шақыр бері!

Бастай бер өлеңінді, мен десеңіз,
Екеуміз талай тойда кездесеміз.
Кимей-ақ ішігімді, жетіп барам,
Шынымен қасыңызға кел десеңіз.

Ұнайды қалқатайдың әні маған,
Бермейді тұрып орын танымаған.
Сыйлы елдің сыйласқандай баласы едік,
Айтайын не деп өлең, жаным, саған?

Кеш болса, Күн ұялап, шам келеді,
Соңынан жүйрік аттың шаң келеді.
Өлеңді айт дегенде, бәлсінетін,
Кей жаман менменсіген паң келеді.

Қыратқа суаты жоқ ел қонбайды,
Асқынған ауруға ем қонбайды.
Жиналып құрбы-құрдас қолқаласа,
Өлеңді өрбітпесек, жөн болмайды.

Өлеңді айтып едім он жасымнан,
Жақсының көңілі жұмсақ қорғасыннан.
Байлықтан айырсаң да, ешқашан да
Тағдырым, айырма дос-жолдасымнан.

Адамды біл сенімді ақтауынан,
Үзілер жаман жүген жақтауынан.
Қалам деп өлең таппай, қорықпаймын,
Жаныңа қорқам сөздің батпауынан.

Өлеңді айт дегенде, ағындаймын,
Жүйріктің топтан озар шағындаймын.
Айтамын көпшіліктің құрметіне,
Ешкімге өлең айтып жағынбаймын.

Өлеңді айт дегенде, қозғайтұғын,
Жүйріктен шабан шауып озбайтұғын.
Өлеңді айт дегенде, қоя берер
Шын шешен тіл мен жағы тозбайтұғын.

Атадан өлең мұра демей ме екен,
Ақындар бірін-бірі жебейді екен.
Өлеңді бір-екі ауыз біз бастадық,
Қос қалқа енді бізге не дейді екен?

Көзіңнен айналайын, ерке назым,
Өмірдің кім біледі көбін, азын?
Үлкендер өлең айт деп бұйырғанда,
Барынша шарықтап қал, аққу, қазым.

Сөйлеймін өлеңдетіп, сөйле десең,
Көрген жоқ қызға кетіп тойда есем.
Жел сөздің бір-екі ауыз арқасында
Серкедей қой бастаған болдық көсем.

Жарасар қара тайға қара терлік,
Жігітке пайда бермес төтен ерлік.
Томсарып топ алдында отырғанша,
Көңілді өлең айтып көтерелік.

Жиналдық ойдағымыз, қырдағымыз,
Асылдың теріп алған жұрнағымыз.
Бұл жерге тамашалап келгеннен соң,
Жарамас өлең айтпай тұрғанымыз.

Өлеңді үлкен бастар «бісмілләлап»,
Сыймайды бір кеудеге екі талап.
Торқалы тойға әдейі келгеннен соң,
Айтысып отырайық, тамашалап.

Келемін жоғарыдан төмендетіп,
Жел кеулер көйлегімді көлеңдетіп.

Жас дәурен қайсымызға тұрақтамақ,
Жүрейік азғана күн өлеңдетіп.

Өлеңде шабыс та бар, желіс те бар,
Жеңіліс, топ алдында жеңіс те бар.
Қиыннан қиыстырып тауып айтар
Аузында қос қалқаның періште бар.

Өлеңде жорға да бар, жарыс та бар,
Өзара беріс те бар, алыс та бар.
Мереке күнде мұндай бола бермес,
Бозбала, барың болса, қарыштап қал.

Бәйгеден талай келген сұр құнаным,
Шықпай жүр осы күні құрғыр әнім.
Сендерді көзкөрген деп құрметтеймін,
Бірінен-бірі сұлу құрбыларым.

Көрінбес киім сұлу қынамаса,
Көрінбес шашың сұлу сыламаса.
Құры айқай түк шықпайды бос ұйқастан,
Өлеңің көпшілікке ұнамаса.

Өлеңнің әрияйдай — ән кемесі,
Адамның қолқа жүрек — жан-денесі,
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Жетпейтін жандай болам әлденесі.

Өлеңді айт дегенде, тұрыс болмас,
Сөзінде үлкендердің бұрыс болмас.
Ағытып ә дегенде қоя бермей,
Іріккенмен өлең шіркін ырыс болмас.

Өрістеп мал асады аласаны,
Жасайды ел жастар үшін тамашаны.
Осындай үлкен-кіші бас қосқанда,
Отыру өлеңдетіп жарасады.

Берейік өлең айтып заулап-заулап,
Тұрған жоқ жоқты бізден ешкім даулап.
Айтайық біраз өлең кезектесіп,
Отырған көпшіліктің көңілін аулап.

Өлеңді айт дегенде, айта алайын,
Жорғадай жолға түскен тайпалайын.
Әріптес, іздегенің өлең болса,
Көтертіп қап-қап өлең қайтарайын.

Басы еді өлеңімнің түре-сүре,
Айтайын түре өлеңді үйге кіре.
Өлеңім дауылдатып келе жатыр,
Кетпесін үйді жығып, бақан тіре.

Өлеңді айт дегенде, тоқталар ма,
Басынан шын жүйріктің нөқта алар ма.
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Шын ақын сылтау іздеп, ақталар ма.

Қаз қонып айдын көлге қаңқылдаған,
Суалып қысы-жазы тартылмаған.
Бұлақтай таудан аққан тұнықсың сен,
Өлеңді қанша айтса да сарқылмаған.

Үлкендер өлең басы не дейді екен,
Жез таңдай айтқан күміс көмей ме екен.
Атаның жақсы салтын жалғастырсаң,
Қолдан ап, қолтығыңнан демейді екен.

Мал жүрсе, үн қатады қалың қаудыр,
Қасында қарағайдың бие саудыр.
Бітіріп жұмысыңды, тойға келсең,
Кәнеки, өлеңіңді қардай жаудыр.

Ауылым Алатаудың ой жағында,
Болады бота сұлу тайлағында.
Өзіңмен тағы да бір айтысуға
Жүремін қалмай барып тойлы ауылға.

«Қалауы өлең көптің» деп айтамыз,
Уайым артын ойлап жеп айтамыз.
Әріптес көңілімізден шықпай жатса,
Өлеңді құры босқа неге айтамыз?

Өлеңді айт дегенде, тоқталмаймын,
Басынан сыпыра қайың шоқ талдаймын.

Тілегі көпшіліктің өлең болса,
Мен неге өлең кенін ақтармаймын.

Елімнен өнерімді аянбадым,
Өлеңмен көргенімді баяндадым.
«Сыйға сый, сыраға бал» дегендейін,
О, халқым, көлеңкелі саяндамын.

Жаяудың қамшы болар екі етегі,
Ақылсыз атты оны кекетеді.
Жаманға тәуір сайлап өлең айтсаң,
Ертеңгі күнді үнсіз кеш етеді.

Жарысса екі жүйрік, озар бірі,
Көңілдің өлең айтса кетер кірі.
Тыңдаушы төреші жұрт өзі айтады
Кімдердің ұшқыр ойы, өткір тілі.

Аққудай айдын көлде қаңқылдаған,
Әдемі даусың сұлу саңқылдаған.
Дауылын қара өлеңнің соқтырғанда,
Жел есер көмейіңнен аңқылдаған.

Өлеңді айта алмаймын былтырғыдай,
Ақ көйлек ары тартсаң жыртылғандай.
Өлең айт тәуір сайлап, бері отырып,
Бүркіттей томағасыз ұмтылдырмай.

Өлең көп, өлең жастан сүйгеніміз,
Жоқ болса, сіздер бізден үйреніңіз.
Жеңіліп осы тойда, қос келіншек,
Жүрмесін жер тепкілеп үйдегіңіз!

Ән десе, не бар баптап сала бермей,
Кең-байтақ көкірегім дала жердей.
Ән десе, өлең десе, елегізем,
Бәйгеден күнде келер қарагердей.

Елеусіз ермек етпей әлденені,
Ілдірдім қырғи салып, бөденені.
Отырған бекер қарап жараспайды,
Өлеңді ойнақтатып жөнеледі.

Өлеңді айт дегенде, айтамыз біз,
Өлеңім бар болғаны екі-үш-ақ жүз.
Өлеңді аз болса да аяймыз ба,
Өтінсе өздеріңдей өнерпаз қыз.

Айтайын не деп өлең, жаным, саған,
Ежелден артық еді сенің бағаң.
Бағаңа бағаласам жан жетпейді,
Ту ұстап, тұлпар мінген ата-бабаң.

Өлеңді жақсы айтады жайды білген,
Дөненге қайдан жетсін тайды мінген.
Алдымен жұлдызға қол созбай тұрып,
Аспанда алам деме Айды бірден.

Береді тойға жас сән, жасқа той сән,
Өлеңді айта алмайсың асқа тойсаң.
Өлеңді он екі алуан қаптатайық,
Осындай бас қосқанда қасқа-жайсаң.

Өлеңді айт демей ел не дейді екен,
Тамағын айтарда ақын кенейді екен.
Өлеңді бір-екі ауыз біз бастасақ,
Қостаушы өзі-ақ жақын келмей ме екен.

Өлеңді айт десе айтпай біз не дейміз,
Көз сүзіп көктен өлең іздемейміз.
Алдыға айтар кісі кез келгенде,
Тасындай диірменнің дөңгелейміз.
Тауға шықсам сайрайды тау кекілік,
Қар жауғанда қалады жол бекіліп.
Тісің науат болғанда, тілің шекер,
Қабағыңнан тұрады нұр төгіліп.

Әуеде бір жұлдыз бар Айдан қалған,
Қайқы мүйіз ақ серке қойдан қалған.
Осы ауылдан бір жаман таба алмадым,
Көн етігін кие алмай тойдан қалған.

Болмайды шапқан бірдей желгенменен,
Шеніме ешбір нәрсе тең келмеген.
Жүйрікті көрмей сырттан кім мақтайды,
Өнерін айдалада ел көрмеген.

Қазақтың қазынасы қойдың жүні,
Жылқының ең қызығы жаздың күні.
Арналған түйе малы артуыңа,
Озады ешкі, сиыр күздің күні.

Қаратау қойнауында бір топ бұғы,
Қашып кетіп барады ығы-жығы.
Амандық тілеп ұзақ тұрдым қарап,
Мергеннің тимесін деп атқан оғы.


Көкшетау кейде қарлы, кейде қарсыз,
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.
Дарияның жарға соққан толқынындай
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз.

Білмеске өлең тұрғай сөз де қиын,
Шығады қиыстырған сөзден түйін.
Қара сөз қанағатсыз сылдыраса,
Есепке алынбаса ол да қиын.

Асып туған өзгеден асыл ханша,
Күт жылқымды ақ таудан асырғанша,
Құзырыңның барында құдай жайқа,
Ақ жүзінді қара жер жасырғанша.

Түбінде Құдай деген құр қалмайды,
Қасқыр жеп, адалдықты ұры алмайды.
Күніне мыңды матап, жүзді алсаң да,
Арамнан тапқан пайда құралмайды.

Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ қайтса, басқа дәулет құралмаған.
Аспаннан алпыс түрлі жауса пәле,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан.



Қара өлең.

Орталық ғылыми кітапхананың
сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (570-бума)

2

5: 2444, 2

5: 2444, 2

آلا میب بر آن میرق چا ز میب قلات تلات
تبرق قلات میب میب چا وی قلات تلات
لیتید و لیله دبیر آ قلات قلات میب
پدلاق تلات چو خا رید قلات تلات قلات

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
қолжазба қоры (267-бұма)**



Абылай хан.
Суретші А. Дүзелханов

ТАРИХИ ӨЛЕН

Тарихи өлең — халықтың бастан кешкен сан-қилы оқиғаларын, қайғы-қасіретін, мұң мен шерін, арман-аңсарын тарихи тұлғалармен астастыра бейнелейтін өміршең жанр. Бұл санаттағы өлеңдердің мазмұнында Жоңғар, Орта Азия хандықтарының, Ресей патшасының отаршылдық әрекеттері мен оларға қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері, тарихи-әлеуметтік оқиғалар көрініс береді. Әсіресе алдыңғы қатарда ел тағдыры, жер тұтастығы, ынтымақ-бірлік мәселелері көтеріледі. Сондықтан тарихи өлеңдерде болған оқиғалар барынша шынайы қалыпта суреттеледі. Алайда қазақ халқының ежелгі тарихынан сыр шертетін туындылар аса мол сақталмаған. Еліміздің сирек қорларында тек орта ғасырларды қамтитын Еділ мен Жайық, Қорқыт ата, Шыңғыс хан, Жошы, Ақсақ құлан туралы шығармаларды кездестіруге болады. Ал Қазақ хандығы тұсындағы, XIX ғасырдан бергі кезеңдерді бейнелейтін тарихи өлеңдер көп сақталмағанымен, өздерінің тарихи негіздерімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, қазақ-жоңғар соғыстарында айырықша танымал болған хан-сұлтандар, батыр-қолбасшылар, би-шешендер мен елбасылар, өзге тұлғалар туралы өлеңдерде тарихи деректілік басым. Ұлт-азаттық көтерілістерге байланысты шыққан туындыларда тарихи сипат қоюлана түседі. Бұл өлеңдер тарихи дәлдігімен, шынайы болмысымен ерекше құнды болып саналады. Мәселен, «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңінің бір нұсқасында 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығының алдындағы Қаратау атырабында қатарынан жеті жыл болған жұттың салдары жау шабуылына ұласқаны, тар заман шынайы суреттеледі. Сонда да жауға қарсы күресті дәріптеу, елдікті, ерлікті насихаттау жырдың негізгі идеясы болып қалған.

Тарихи өлеңдерде кездесетін басты ерекшелік — нақты болған тарихи оқиғалардың мерзімі, себеп-салдары, ел жағдайы, көзқарасы, белсенділігі, жер-су атаулары, кісі есімдері тарихи шынайылық тұрғысынан баяндалады. Сондықтан бұл санаттағы өлеңдердің композициялық, образдық, психологиялық құрылысы тұтастай тарихи тақырыптардың негіздерінен туындайды.

Тарихи өлеңдер туралы М. Әуезов, С. Сейфуллин, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, Б. Уахатов, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Б. Әбілқасымов, З. Сейітжанов, Б. Рахымов, С. Сәкенов, Ж. Ахметжанова т.б. арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында тарихи өлеңдердің қолжазба нұсқалары салыстырылып, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақталған өлеңдер іріктеліп, текстологиялық тұрғыда сараланып, таңдаулы үлгілері таңдап алынды.



Елім-ай

(Қаратаудың басынан көш келеді)

Қаратаудың басынан көш келеді,
Бір тайлақ көшкен сайын бос келеді.
Айрылған ағайыннан қиын екен,
Мөлдіреп қара көзге жас келеді.

Жас келмей ойлағанда бұл не қылсын,
Көңілім заманадан сескенеді.
Дәулет пенен перзентке асығыс жоқ,
Біреуге ерте, біреуге кеш береді.

Жоқшылық жомарттықтың қолын байлап,
Ерлерге кедейшілік дес береді.
Тілеймін ертелі-кеш Жаратқаннан,
Пендесін енді қашан ескереді?!

Қай заман, мына заман — бағы заман,
Болар ма баяғыдай тағы заман?
Атадан — ұл, анадан — қыз айрылды,
Көз жасын көл-дария қып ағызамын.

Қай заман, мына заман — қысқан заман,
Алаштан бақтың құсы ұшқан заман.
Ізіңнен шұбырғанда шаң борайды,
Қаңтарда қалтыраған қыстан жаман.
Алапат неше жылдан не жан қойсын,
Айрылдың ауыр дәулет мың менен сан.

Қаратау, адыра қалды, ата мүлкі,
Малменен, елмен екен жердің көркі.
Байлықпен даңқы шыққан Алаш ұлы,
Қай жұртқа боп кетеміз мазақ, күлкі?

Руы — қазақ еді, ұраны — Алаш,
Патшамен бастан болған ханға жолдас.
Дегенге Алаш ұлы кім нанады,
Қаңғырып тозып жүрсек аш-жалаңаш.
Бір сөз бар «жаман күнің жақсы болар»,
Көргенің, сірә дағы, естен қалмас.

Желектің жібек еді жиектері,
Қалтырар қалжаураса иектері.
Хандардың қазынасындай болған қазақ,
Төрт түлік малға толған үйектері.
Жанына зор жайсаң күн туғаннан соң,
Шұбырды-ау бет-бетімен күнелткелі.

Ақ орда артта қалды сарайлары,
Ағарар артын ойлап самайлары.
Қаңғырып жүргенінде көп қазақтың,
Көмусіз қала ма, Алла, талайлары?!

Қасаба меруерт пен маржан еді,
Ел бұрын қонысынан ауған ба еді.
Өлімсіз жан, өткелсіз кешу болмас,
Өлген де өз жұртыңда арман ба еді?

Күн бар ма кеткен ерлер жиылатын,
Атаның татқан суы бұйыратын?
Талай ел паналаған халық-ақ едік,
Қаңғырып тағдыр ма, Алла, қырылатын?
Түбінде тапқайсыңдар үйіріңді,
Артыңа дәрмен болса бұрылатын.

Ұғып ал мына сөзді миы барың,
Жаратқан Алла болсын сиынарың!
Қатшілік¹ неше күндік қонақ шығар,
Көре жүр күйсізінді күйі барың.

Қоныстан ауған құлан оңалмайды,
Қозғалма қонысыңнан диі² барың.
«Қаратау — қазақ елдің қазығы» деп,
Атаңның мүлкі болсын жиыларың.

Айрылған арманда боп бауырларым,
Күн бар ма қайтып келер дәуірлерің?
Жаскілең, жаңа өспірім боздақтарым,
Айрылдың басылмастан әуірлерің³.

¹ Қатшілік — жұт, күйзеліс.

² Диі — жағдайы.

³ Әуір — желік, қызу.

Тәңірдің тағдырына көнбейміз бе,
Дем бітсе, үйде отырып та өлмейміз бе.
Беймезгіл, қарақтарым, қоныс ауды-ау,
Апырай, көреміз бе, көрмейміз бе?!

Алаштың азып-тозды ардақтысы,
Келмеуші ед көп мырзаның мал баққысы.
Төресі тұрған жерден тойып алып,
Ұмытпас туған жерін саңлақтысы.

Боларсың бірің артық, бірің кем де,
Біріңді бірің сүйе сүрінгенде.
Ынтымақ, ауызбірлік қып жүрсендер,
Арзисың аз да болсаң рулы елге.

Не түсіп, не кетпейді бастарыңа,
Тоқтарың қайрыла жүр аштарыңа.
Құнан қой еш уақытта бұралқы емес,
Етекте жапқайсыңдар ес барында.

Атаңа нәлет деген сөз келтіріп,
Еш уақта кісі ақына көзің салма.
Ойда бол да, қырда бол, пендесің хақ,
Ғәммесін¹ асырайтын жалғыз Алла.

Сенбеңдер, сірә, зінһар² бөтен елге,
Сөлтек³ жүріп, сұлтандық өнер деме.
Алаштың адал жүрмек ата жолы,
Тіліне нәпсі, шайтан ере көрме!

Өзіңді сақта өлімнен ертелі-кеш,
Еш уақта діндеріңді қолдан берме!
Үй табу, үйір табу қиын болар,
Жат жұрттан сүйектамыр бола көрме!

Ұмытпа Алаш, қазақ ұраныңды,
Ойыңнан үзбе, халқым, Құраныңды.
Артыңа өлеріңде өсиет қыл,
Халық боп Қаратауда құралуды.

¹ Ғәмме /п/ — барлық, бүкіл.

² Зінһар — қалайда, әйтеуір.

³ Сөлтек — іріткі салушы.

Шықпасын көңіліңнен пенделігің,
Болмасын бөтен ұлтқа ермелігің.
Жеп қалма саяқ жүріп сырттан таяқ,
Ескіріп естен шықпай елдегі күн.
Тіріңді тез заманда табыстырып,
Иманын нәсіп етсін өлгеніңнің!

Ноғай-қазақтың айырылуы

Жылау, жылау, жылау күй,
Жылаған зарлы мынау күй,
Қазақ пен ноғай айырылды,
Қазақ сартқа қайырылды.
Ноғайлының ну елі
Күңіренді, қайғырды.
Қарақыпшақ Қобыланды,
Қара орнынан айрылды.
Ел қанаты қайрылды,
Зор күн туды, зор күндер,
Кетті күлкі мол күндер,
Жылау менен қоштасу,
Келер ме қайтып ол күндер?

Ақтабан шұбырынды

(анасы баласына айтқан)

Бұрынғыдай жайың бар ма?
Мінетұғын тайың бар ма?
Жылағанда даяр тұрған,
Қарындағы майың бар ма?
Бұрынғыдай елің бар ма?
Үй артында желің бар ма?
Шұрқырасып маңыраған,
Шулап жатқан төлің бар ма?
Өрелеген құртың бар ма,
Көнектеген сүтің бар ма?
Ертелі-кеш сауып ішер,
Аруанадай құтың бар ма?

Арнау

Қазақ елде ескілік бір нақлият¹,
«Ақтабан шұбырыншылық» қойылған ат.
«Алқакөл сұлама» деп айтылған жыл,
Қазаққа болған екен сондай фұрсат²...

...Қиын күн туып қазақ баласына,
Жан-жақтың тарай бастап қаласына.
Қазаққа сондай қиын заман бопты,
Ғасырдың он жеті бас шамасында.

Айталық ақиқатын хабар беріп,
Темірқазық тараптан башқұрт келіп.
Батыстан Еділ-Жайық қалмақтары
Қол салды қазақтарға ыза керіп.

Жау болып шығыс жақтан Қонтайшы хан,
Маңғұл мен қол астында Қалмақстан.
Малы көп көшпелі халық, елі бай деп,
Қол салды қазақтарға әрбір тұстан...
Алапат жеті жылдай не жай қойсын,
Айрылдық байлық, дәулет, сан мың жаннан.

Ақтабан шұбырынды білесің бе,
Жылап-сықтап Қаратау төбесінде.
Қазаққа қысымшылық бір күн туды,
Ғасырдың он сегізінші әуелінде.

Дүние опасы жоқ, жалған екен,
Жаратқан не жақсыларды алған екен.
Қазақтың ортасында шежіре боп,
Топыштан мына өлең қалған екен.

Қаратаудан ауғандағы қоштасу

Қайран, қайран, қайран тау,
Маған пайдаң тиген тау.
Әкем күйеу болған тау,

¹ Нақлият — нақыл сөз.

² Фұрсат — мүрсат.

Шешем келін болған тау.
Кетейін деген ойым жоқ,
Айналасы толған жау.

* * *

Қаратаудың басынан қар бораған,
Сол таудан дария тасып, су тараған.
Сұлу қыз, көркем жігіт бәрі сонда,
Дариға, неге келдім сол арадан.

Аштықтан халық қамалды *(1891-1892 жылғы жұт)*

Аштықтан халық қамалды,
Таба алмады амалды.
Үш ұйықтаса, ойда жоқ,
Көрдік сондай заманды...
Аштық есті тандырған,
Мойынға дорба салдырған.
Қабандай жерді қаздырған,
Шөп пен жедік балдырған.
Дүниенің жоқ баяны,
Байға тықыр таянды.
Тағдыр жетіп, о да өлді,
Жесе де жал мен жаяны.

Атақты қырғын қырық сайда

Атақты қырғын қырық сайда,
Қазақтың сүйегі қалмаған сай бар ма?!
Жерге біткен қырық қайың да,
Қазақтың айбалтасы жанасып,
Жараламаған тал бар ма?!

Ақмешітті алуға байланысты халық өлеңі

Айтайын қоқандықтан бір шикаят¹,
Сөйлесем бәрін айтып көп хикаят.

¹ Шикаят /а/ — шағым.

Қазақты Қоқан билеп тұрған шақта,
Көп шапты қазақ халқын аямай-ақ.

Қоқанның хакімдері залым болды,
Бар жұртқа залымдығы мәлім болды...
Қоқанның қазақ көрді жамандығын,
Көп уақыт қазаққа қылды шығын.

Дау болды біздің жақта кішкенерек,
Әмме кіші болса да, бізге керек.
Орыстың күш-қуатты әскерлері
Ұрысып, қоқандықты қылды әлек.

Қоқандық Сыр бойына таласады,
Әскерге ұрыс-майдан жарасады.
Губернатор хүзіреті барған шақта,
Қазақтар көріп тұрды тамашаны.
Ақмешіт сарттарын харап¹ етіп,
Порт Перовский есімді қала салды.

Есітіп бұл хабарды ел қуанды,
Көңілінде қайраты бар ер қуанды...
Қазақты амандықта сақтамаққа,
Ішіне Ақмешіттің орыс толды.

Есен бол

Есен бол, енді менің биелерім,
Жоқ еді артатұғын түйелерім.
Торы айғыр мойын салып қайырғанда,
Босаушы ед сонда менің жүйелерім.

Есен бол, енді менің аттарым-ай,
Базарға пұл күнінде сатпадым-ай.
Базарға пұл күнінде сатып-сатып,
Ақшалы бай көпес боп жатпадым-ай.

Есен бол, енді менің бестілерім,
Бестінде еркелетіп, кестірмедім.
Жылқымды қоян жылы жұт алғанда,
Ренжіп, еш адамға естірмедім.

¹ Харап /а/ — талқандау.

Есен бол, енді менің дөнендерім,
Жаз мініп, күз жіберген көбеңдерім.
Жылқымды қоян жылы жұт алғанда,
Теріңді жаяу сүйреп, сүмендедім.

Есен бол, енді менің байталдарым,
Басыңды бір боранда қайтармадым.
Найманның қалың тобын көргенімде,
Ұстайды сонда менің сайтандарым.

Есен бол, енді менің тайларым-ай,
Желіге шытырлатып байлады-ай.
Жылқымды қоян жылы жұт алғанда,
Қазыңды қия кесіп шайнадым-ай.

Есен бол, енді менің жабағым-ай,
Жеуші едім қыс болғанда тамағым-ай.
Жылқымды қоян жылы жұт алғанда,
Ренжіп еш шытпадым қабағымды-ай.

Есен бол, енді менің құлындарым,
Қораға бір кіріп те жылынбадың.
Алып кел қоян жылғы екі қызды,
Жұлайын бір-бір талдап тұлымдарын.

1910 жылдың жұтына

Атамыз Адам пайғамбар —
Топырақ, судан жаралған.
Сонан бергі күндерде
Заманнан заман оралған,
Мұхаммед, мұрсал¹, нәбилер²
Хақтан өмір жол алған.

Солардан өткен дүниенің
Есебін олар таба алмай,
Біздің қазақ болғалы.
Үш жүздің мынау баласы
Сарыарқа шығып қонғалы.
Талай заман тарлығын
Кешкен екен шайқасып.

¹ Мұрсал /а/ — елші.

² Нәби /а/ — пайғамбар.

Алатау мен Түркістан —
Атамыз қоныс еткен жер.
Ақмешіт пен Қазалы —
Қалмақпенен жау болып,
Қорқынышпенен өткен жер.
Сәдір, Нәдір, Қыдырбай —
Үш арыс болып айрылып,
Он екі таңба алған жер.
Қайнар менен Жемдердің
Шалғынын шаппай, тегін жер,
Кемелге келіп толған жер.
Бүгіндері болғанда,
Адыра болып қалған жер.
Қарақұм мен Алашың,
Сан шымырау даласын,
Қасиетті Маңғыстау
Болыс еттік арасын.
Байқап тұрсам шамасын,
Бүгіндерге келгенде
Келісімсіз болып барасың.
Талайлар кеткен жер едің,
Бізден де бір күн қаласың.
Бұл қоныстан бұрында
Жеті жұрт кеткен жер едің.
Қашаннан-ақ қайғылы,
Күтімде жүрген жер едің.
Асанқайғы, Қазтуған
Қазынадан айрылып,
Қайғылы болған жер едің.
Едіге мен Қазтуған,
Қалмаққа халқын бостырып,
Қорқытып алған жер едің.
Он екі баулы ноғайлы
Қоныс еткен жер едің.
Асанқайғы қауіп етіп,
Ақыры кәпір алар деп,
Тастап кеткен жер едің.
Абылай дүрдің баласы,
Біразырақ жерлерді
Екі жүз жылдың шамасы,
Одан да қалған жер едің.
Бүгіндері болғанда

Біз де кеттік нобайлап,
Кетуге жүрміз қолайлап.
Айдап малды Тәшкенге
Елдің алды барып жүр,
Бәріне құлақ қанып жүр.
Патшамыз басқа байтақ жұрт
Байқауға қалып, налып жүр.
Кеткен адам жылайды,
Ақылы жоқ жамандар
Сол адамды сынайды.
Қинасаң да амал жоқ,
Әрбір жерге дәм шашқан
Жазмышта жазған Құдай-ды.
Бұл уақыттар болғанда
Біздің халық тарады.
Байырғының айтқан сөзі бар:
Қазақ халқының қандасы
Сол «әпенде» деп қалады.
Бұрынғының айтқан сөзінің
Аумай-төкпей келгені-ай!
Кереметті пірлердің
Ойлап алдын білгені-ай!
Құдіреті күшті Жасаған,
Құдіретіңе көнгенбіз.
Бір шыбындай жалғыз жан
Өз еркіңе бергенбіз.
Не қылсаң да еркің бар,
Басы жұмыр пендеңбіз.
Тілмен орақ ордырып,
Көңілді көкке сермейміз.
Бұл күндерге келгенде
Халықтың тынысы тарылды.
Маңғыстаудың Қаройы,
Әулие Шайхы бар үйі.
Қонағың кетті қобайлап,
Бұл қоныста тұра алмай.
Қара тасты Шақпақты,
Шопан ата Қараман —
Сан жеткісіз әулие,
Жақсылар, жәрдем ете гөр!
Өлі аруақ жебемей,
Тірі аруақ демемей,

Деген бұйрық берген-ді.
Сол секілді мысалы,
Жақсылар жәрдем етпесе,
Бүгінде заман тарылып.
Алланың өзі жарылқар,
Кетпесе тұман арылып.
Қаратаудың қатпарлы,
Қасиетті жерлерім.
Қазынасын Алланың
Талай ашып бергенің.
Көлденең жатқан Қызылқұм,
Суың тұнық, көк шалғың,
Қызығыңды талай көргенім.
Өзен, талай ойларым,
Қызыладыр, Қауынды,
Қия жерде аң қағып,
Жазық жерде мал жайып,
Серуен, сейіл көргенім.
Қарақия деген қалыңдық
Қар жатпайтын жер еді.
Кешегі өткен кең күнде,
Қаптай қонар ел еді.
Қой мен жылқы, түйемен
Сан жеткісіз көп еді.
Жақсыларым қауіп етіп,
Осылай болар дер еді.
Қанағатсыз байларым
Қарындай малды жинаған.
Өзі берген Құдайға
Зекеттеуге қимаған.
Дәулетінің көптігі
Сайлы жерге сыймаған.
Аладан әмір болған соң,
Тұқымсыз қалған ел болды.
Қазыналы байларым
Талай жерде қаңғырып,
Саудагерден кем болды.
Маңғыстаудың үш түбек,
Бозащы мен Қараған —
Малға толған алабың.
Қысты күні болғанда,
Сыймай жүрер күн қайда

Алпыс екі саланың,
Пайғамбардың бұйрығы:
Әрбір іске сабыр ет,
Сабырдың түбі сары алтын.
Сабыр еткен жетер мұратқа,
Жәннатта мінер пыраққа.
Хордың қызын алармыз,
Шараби суға қанармыз.
Бұл дүниенің қызығы
Әркімдерді алдайды.
Жұтадым деп жылама,
Арманда өліп қалармыз.

Құрдым заман қуарған

Құрдым заман қуарған
Талайды сазға аунатты.
Жау оғынан атылды
Нелер жақсы ардақты.
Қаңбақтан жеңіл ұшырды
Боздақты неше салмақты.
Жауыз патша солдаты,
Мылтығынан оқ жауып,
Қотанда атын ойнатты.
Бас тартқан болса бұйрықтан,
Артына қолын байлатты,
Тұтқындап, жаяу айдатты.
Осылайша халыққа
Көрсетіп азап, зарлатты.
Боздақтан ел айрылып,
Күні-түні зар қақты.
Ұлыққа пара өткізген,
Момын халық ақырда
Бүк түсіп қалды, сан қақты.

Қайғылы ахуал

Аттан! Айқай, у да шу,
Керісіп жатқан бір пішін.
Мырза-шора, төрелер,
Салысып жатқан бар күшін.

Қасқырдай қойға айқасқан,
Қашырып алып өң-түсін.
Жан-тәнімен айқасқан,
Осының бәрі кім үшін?
Билер менен болыс жүр
Мансап үшін, нән үшін.
Байлар мансап, бақыт пен
Салтанатты сән үшін.
Шабармандар шауып жүр
Тамақ үшін, нан үшін.
Атқамінер пысықтар,
Бас пайдасы қамы үшін.
Өңкей нашар шулап жүр,
Бір шыбындай жаны үшін.
Жоғарғылар бұларды
Есептеп жүр сан үшін.
Сөз айтатын жандар аз,
Қайтсе де істің ағы үшін.

Ұлу жыл болды жарлық солдат алған

Ұлу жыл болды жарлық солдат алған,
Естіген азаматтар естен танған.
Ілдік барлық нашар спискеге,
Орнына бай ұлының бармай қалған.

Сұрасаң руымды менің — қозған,
Солдатқа ұстап берді мені қолдан.
Не күйде, қандай халде жүріп жатыр,
Айырылып кете бардым сүйген жардан.

Дәметкеннің зары

Дәметкен — Далабайдың шешесі. Далабай жалғыз, өзі жарлы. Дәметкеннің екі көзі жоқ, су қараңғы соқыр. Приемға кетіп бара жатқан Далабайын қапсыра құшақтап шырқырағанда, жұрт жер басып тұра алмапты. Сондағы Дәметкеннің зары:

Далажаным, жалғызым,
Су бойында жалбызым.
Маңдайға берген құндызым,
Аспандағы жұлдызым.

Жүзін көріп қалайын,
Ашылсаңшы сұм көзім...

деп тыржиған қабағын жоғары-төмен көтергенде, сәулесі жоқ тұңғиық
қара көзінен тамшылап жас ағыпты.

Жалғызым менің, Далажан,
Тым болмаса екеу боп,
Артыңнан біреу ерсеші.
Жаратқан жалғыз қу Құдай,
Зорлығын болыс көрсеші.
Тым болмаса жар болып,
Жарқ етіп көзім ашылып,
Далаштың жүзін көрсемші,
Жүзін бір көріп, өлсемші.
Тірі күйік тартқызбай,
Қолыңнан өзің көмсеңші.
Мейірім қанып сүйейін,
Келсеңші, сәулем, келсеңші! —

деп Далабайдың бетін арық қолымен сипалап тауып алып, сүйіпті.

1916 жылы

Ортамнан өрт жанды, қайғы түсіп,
Көрейін бар ма қызық өмір сүріп?
Шулаған қатын-бала күңіреніп,
Жүрегім тітіреді, зәрем ұшып.

1916 жыл

Елден ақтар жігіт алғанда, жігіттер кезермеге¹ барып жатады. Одан
тағы басқа жаққа айдамақшы болады. Сонда жігіттердің ауылдарымен
қоштасқандағы өлеңдері.

Дүние, айналып тұр оң мен солға,
Жасымда он алтыда түстім торға.
Санаққа солдат болып өтіп кеттік,
Мәлім боп оязнай комиссарға.

Қырғыздың Алатауы қасымызда,
Бұл күнде қасірет, қайғы басымызда.

¹ Кезерме — казарма.

Апырмау, қайран халқым, мүшел болды-ау
Он бес пен он алтыға жасымызда.

Опасыз болса керек алтын терек,
Ақылға бар кемеңгер болса зерек.
Нәпсіден мұнапас¹ қып жібермесе,
Жол жүріп Ресейге кетсек керек.

Қария қасиетті елдің құты,
Түнерді бір жауарға жастың бұлты.
Заманы кейінгінің болып мұндай,
Жығылды, ақ дариға, жастың мүлкі.

Қолдағы алтын тізгін үзілдің бе,
Жал-құйрық жалбыраған тізілдің бе.
Сақара сайран жүріс салқам мінер,
Бұл күнде қылға тіпті тізілдің бе.

Болмады-ау бұл большевик атасындай,
Лақтың терісі ұшты сақасындай.
Қамалдық жөнді білмей, қайран халық,
Тар заман мүбтәланың² қапасындай.

Екі елдің болдың сендер таласқаны,
Кәнеки, бұл жұмыстың жарасқаны.
Халыққа қатты қайғы осы болды-ау,
Өзіне большевиктің жарасқаны.

Кезерме біз жатырмыз іргесінде,
Жем болды-ау қайран етім бүргесіне.
Ит болыс ит ақтарға бөліп беріп,
Қоймады-ау қақол, орыс көнбесіме.

Басшымыз Қымбат деген кетік болды-ау,
Кигенім аяғыма етік болды-ау.
Апырмау, қайран жасым болды-ау кейін,
Жас асып күннен-күнге кетіп болды-ау.

Қайтейін, қош аман бол, Сейтжан ағам,
Кезеріп кезермеде күнде жатам.

¹ Мұнапас /а/ — бәсекешіл.

² Мүбтәла /а/ — бәлеге ұшыраған.

Қаражат жанымдағы ада болса,
Көйлегін қазынаның нанға сатам.

Қайтейін, қош аман бол, Аян шешем,
Талықсып түскі әбедке әрең жетем.
Қорқып, ақ сүтіңнен кешпей ме деп,
Айрылып жолдасымнан енді келем.

Сәлем де шолақ ит жон Ақбас тауға,
Бенде боп біз барамыз кәпір жауға.
Біздерге сіз ғаріптер дұғадар боп,
Қып тұрмыз осы күнде жанды сауға.

Ел қайда, Есіл қайда, төре қайда,
Еш адам жол болсын деп сұрамайт та.
Қаза кеп бұл солдатта өле кетсек,
Еш адам бауырымдап жыламайд та.

Қайран ел Сарышығанда отыр ма екен,
Қайран жұрт бұрынғыдай топыр ма екен.
Қаза кеп бұл солдатта өле кетсек,
Еш адам бата, Құран оқыр ма екен?

Алакөл біз тұрмыз жағасында,
Қайғы көп дін мұсылман баласында.
Халықтан жаңа солдат алад дейді,
Он бес пен он сегіздің арасында.

Шыққаным арғын болыс он төрт жігіт,
Қалыппын он төртінен жалғызшілік.
Жалғыздың жары Құдай деген бар,
Қып тұрмыз бір Құдайға шүкіршілік.

Тау шеті Тайатқан мен Алашұнақ,
Тұрады босағаның тасы құлап.
Келгенше жыл айналып кім бар, кім жоқ,
Қайтейін, қош аман бол, қасқа бұлақ.

1916 жыл

Асқар-асқар белдерім,
Мұнар шалған жерлерім.
Жауыздардың зарпынан
Сынаусыз кетіп барады
Жаңа өспірім ерлерім.
Еділ, Жайық — екі су
Құнан, бие болған қу.
Сауып саба толтырған,
Жағалай өзен отырған.
Айтушы еді үлкендер
Орынбор деген қаланы.
Жеріңді жауыз алған соң,
Үй басына сүйреттің
Арба менен шананы.
Ақырында бердің бе
Белден туған баланы?
Қазақтан тартып алыпты
Еділ менен Жайықты,
Суға салған қайықты.
Еңіреп жүрген ерлерім,
Қайда барса күн көрер?
Біздің қазақ айналды,
Қазақтың қолы байланды.
Үлгілі биден еш қалмай,
Кімнің малы көп болса,
Қалтасына қол қойып,
Болыстыққа сайланды.

Жазғытұры болғанда,
Қайырусыз өтер ел,
Сарыарқаға жетер ел.
Ел, жерден жауыз аумаса,
Қонысың болар орташа.
Жазғытұры болғанда,
Ел шақырып, ас беріп,
Адам жинап, ат шауып,
Артық еді қызығың
Жалғаншыда біреуі.
Шаңқан боздан ат мініп,
Қырмызыдан тон киіп,

Мырза, шора жиналып,
Мәжіліс қылған бір заман.
Өңшең шаруа жиналып,
Қия алмадың жеріңді.
Жеріңді салды бөлімге,
Еліңді салды телімге.
Ойлап тұрсам, сұм заман
Жолдас болған секілді
Қанқұмар жауыз көрімге.

Сөз жазайын, тыңдасаң,
Бұл қазақтың баласы.
Күннен күнге үстеді
Мына жауыз қанасы.
Әділдік кетіп патшадан,
Састы ғой қазақ баласы.
Рас, қазы, үкім жоқ,
Бұл да ауыздың аласы.
Басы мынау сұмдықтың
Патша тәртіп еткен жер
Петербордың қаласы.
Үкім етіп халыққа,
Тегіс айтқан ұқсайды
Крайдың үлкен әкімі
Губернатор оязы.

Жаз жайлауы сары дала,
Қыс қыстауым баратын.
Тоқты қоздап, тай сауған,
Кіндік кесіп, кір жуған,
Атаның мекен қонысы.
Қоныстан тайып мал кетсе,
Мекеннен тайып ел кетсе,
Нешік қылып күн көрер
Қазақтың мырза, шорасы?
Бағландарға іс болды,
Қайғымен толып санасы.
Он екі баулы ноғайдың
Табаны ауып тайғанда,
Осы жұмыс болғанда,
Көкше теңіз Жайықтың
Қырық күншілік арасы.

Тағалаған тай қалмай,
Ызылдаған сонасы.
Тоғыз жылдай соғысып,
Ғауыс, Ғияс¹ жар бермей,
Тартуға кетті баласы.
Көз жасым міндет өзіңе,
Он сегіз мың әлемнің
Үлгеріп тұрған патшасы.
Жан қалмасқа ұқсайды
Осы жиған салықтан.
Іздеушіден хабар жоқ,
Жұрттың бәрі тарыққан.
Жауызға қазақ оңай-ды,
Көзінен тізген балықтан.
Исламға қуат бермесе,
Көздің жасын көрмесе,
Қорқатұғын күн болды
Патша айтқан жарлықтан.
Пәрмені күшті құдірет,
Құтылатын күн бар ма,
Бұл секілді қорлықтан?!

Қоштасу

Қош болып тұр, көргенімше, ағайын,
Көкіректе бар мұңымды шағайын.
Күйіп-жанып өлемін мен өртеніп,
Тілек қабыл болмай кетсе, құр қалып.

Құрдас, құрбым, аға-іні, қарындас,
Сендерді ойлап құрыды ғой ғазиз бас.
Еңірегенмен, зарлағанмен ата-апа,
Енді саған ғаріп балаң табылмас.

Қу заманда жауыз қаулап толғасын,
Су суалар күннің беті солғансын.
Зарлағанмен кім тыңдасын зарымды,
Бекер текке құр жасуға болмасын.

¹ Ғауыс, Ғияс — әулиелер.

Ыза шегіп, қорлық көріп болыстан,
Ел айрылды атамекен қоныстан.
Қайтіп сені көрермін бе, мекенім,
Тағдыр, шіркін, тартты ма, әлде, алыстан.

Патша, поптың көгеніне тізілдік,
Сал көңілім жас өмірден үзілдің.
Елдің бағлан еркесі едің, дариға-ай,
Келешектен, бұл жалғаннан түңілдің.

Жаяу айдап табанымыз тесілді,
Қайғы, қасірет көтертпейді бойымды.
Еркіміз жоқ басымызда, бізде мал,
Тіпті ұмыттық, елде сауық, ойынды.

Дұшпан күлді көңілі тынып, қуанып,
Күні бітті ата-анамның суалып.
Жапырағы ұшып, шіріп сынған ағаштай,
Өтер ме екен, сып-сипа боп қуарып.

Елеуреді ел айрылып еркінен,
Арылмастай ішке түскен дертінен.
Патша мен бек, болыс, билер құрымай,
Жазылмассың басқа түскен дертіңнен.

Қарсы шықты сұм патшаға көне алмай,
Хан жарлығын қабыл етіп ала алмай.
Амангелді шығып бас боп қыпшақтан,
Олар жатыр жастар жағын бере алмай.

Амангелді артық туды жасынан,
Жауы батып жүре алмаушы ед маңынан.
Атасы Иман, ол да қарсы патшаға,
Солар еді шыққан әуел табынан.

Азғындатты, іріткі салды еліме,
Көтерместей артты жүкті беліме.
Ауыз жаласқан патшаменен өңшең қу,
Сатылды ғой алған шекпен-шеніне.

О, дариға, Тәңірім тілек берсейші,
Көздің жасын көл боп аққан көрсейші.

Қара түнді қайыра түрген алтын таң,
Бір минуттей болмай маған келсейші.

Қош болып тұр, қайран менің өз елім,
Орман, тоғай, өзенде үйрек, бал көлім.
Ұмытпаймын өлсем де сен есімде,
Сәлем айтам барлық саған елдерім.

Ақтың әскері

Сұр жылан рақымсыз елге тиді,
Талай жан жатқан момын нақақ күйді.
Ел үшін басты байлап, жанды қиып,
Халқымды соры қайнаған жаным сүйді.

Бұл қайғы, бұл қасірет күйді жаным,
Мазамды кетірді кеп жауыз залым.
Қолымда қарсы шапсам — найза-қылыш,
Халық үшін арманым жоқ шықса жаным.

Келемін көзім жетсе, қолым жетпей,
Тұрмайды бұл ауырлық естен кетпей.
Ақыры бір жақсылық болар тыным,
Жойылып кедей түбі кетсе бітпей.

Жарыққа бір күн шығар сәулеттеніп,
Дүниеден өлмей жүрсем ажал жетіп.
Өскен жер өмірлігім қайта қонсам,
Күн болса теңелетін кем мен кетік.

Амангелді өліміне

Қайратты ерім қаһармандай,
Таудан тасты қопарғандай.
Көк толқып, жер қозғалғандай,
Шынымен-ақ өлдің бе?

Еңбекшіні қорғап жаудан,
Құтқарам деп шынжырлаудан.
Қарсы атыстың, қарсы шаптың,
Бермеймін деп жасты қолдан.
Шыныңмен қаза таптың ба?

Жабы айғырдан тудың тұлпар,
Бөрі алатын болдың сұңқар.
Арғын, қыпшақ болған іңкәр,
Енді кім бар орнында?
Қош, қош, ерім, өлгенің жоқ,
Сен өмірде тірісің.

* * *

Ақжарға қарай айдаған,
Ақжардың түбін қандаған.
Тұқымың құрғыр қырық салдат,
Қылышыменен қинаған.
Айдап кетті дегенде,
Артынан кісі бармаған.
Хабарға барған Салықты¹,
Найзамен шаншып айдаған.
Ата-екемнің артына
Екі қолын байлаған.
Екі шақырым барған соң,
Соғым қойдай жайлаған.
Қасқыр шапқан қорадай,
Шошып қалды Сырымбет²
Қалғаны қылыш, найзадан.

Қайран ел


Ат, айғыр менен атан түйе
Арық қылды қайран ел.
Өлгенінің терісін
Тулақ қылды қайран ел.
Қытай жұртын дүниеге,
Қарық қылды қайран ел.
Айдар атқа екі сәр,
Нарық қылды қайран ел.
Жырғап жатқан жандарын,
Ғаріп қылды қайран ел.
Бір жүз сомдық ақ нарын,
Сәрге сатты қайран ел.

¹ Салық — айдап кеткен адамның артынан барған жігіт, мұны жолда өлтіріп кетеді.

² Сырымбет — жалайырдың бір арысы.

Алған жерін бір қонған,
Текке сатты қайран ел.
Өгізі өліп, есекке
Жүгін артты қайран ел.
Жүктеп алып, есекті
Жетеледі қайран ел.
Арзан шаһар қайда деп,
Төтеледі қайран ел.
Қариялар баса алмай,
Жетеледі қайран ел.
Артқан жүгін мойнына
Көтереді қайран ел.
Қойын сойып зорларға,
Жорғалады қайран ел.
Жазғы жаңбыр мойнына
Сорғалады қайран ел.
Шыныменен дағдарып,
Қорғалады қайран ел.
Жаяу басып табаны,
Сор болады қайран ел.
Төрт елідей маңдайы
Қол болады қайран ел.
Қапыда астық таба алмай,
Дорбалады қайран ел.
Уақытымен кір жуа алмай,
Мұң болады қайран ел.
Ат жабуға тегеріш
Таба алмады қайран ел.
Қошемет қып ұлыққа,
Шашылады қайран ел.
Қайсы кезде қабағың
Ашылады, қайран ел.
Топалаңдай тоз болып,
Тозып кетті қайран ел.
Өз елінен адасып,
Безіп кетті қайран ел.
Елдің алды ілгері,
Озып кетті қайран ел.
Қымбат қала, шаһарды
Бұзып кетті қайран ел.
Ертелі-кеш жүздерін
Көріспеді қайран ел.

Жаназа оқып, өлгенін
Көміспеді қайран ел.
Үкіміне патшаның
Көніспеді қайран ел.
Көнбесе де жерінде
Өліспеді қайран ел.
Сөйтсе дағы қорлыққа
Шыдасады қайран ел.
Астық, сабан, шөп үшін
Арзан сатты қайран ел.
Өз нарқына жеткізбей,
Арзаңдатты қайран ел.
«Бегім жақсы, бегім» деп,
Жарбаңдатты қайран ел.
Шақырып алып төріне,
Тайраңдатты қайран ел.
Табақ қойып алдына,
Тарбаңдатты қайран ел.
Үйге жиған төсегін,
Жұлып сатты қайран ел.
Қазан, аяқ-табақтар,
Жүгін сатты қайран ел.
Неше түрлі термелі,
Түрін сатты қайран ел.
Киіздерін баса алмай,
Жүнін сатты қайран ел.
Ауқат үшін бөгдеге,
Күнін сатты қайран ел.
Күміс таққан үзеңгі,
Жүген сатты қайран ел.
Еш нәрсесін қалдырмай,
Тегіс сатты қайран ел.
Түрлі-түрлі әдемі
Сырмақ сатты қайран ел.
Ескілерін жаңартып,
Сырлап сатты қайран ел.
Неше түрлі ораған,
Жүгін сатты қайран ел.
Астық сатып алды да-ай,
Қабын сатты қайран ел.
Алып келіп қалаға,
Барын сатты қайран ел.




1916 жыл.

Орталық ғылыми кітапхананың
сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (1017-бума)



Орталық ғылыми кітапхананың
сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (1017-бұма)



Қобыз дала.
Суретші Әубәкір Анар

ТОЛҒАУ

Толғау — ел өмірінде маңызы бар қоғамдық-саяси, әлеуметтік тақырыптарды қозғайтын өлең түрі. Оны қырғыздар «санат-насыят ырлар», құмықтар «ойлы ырлар», башқұрттар «қобайыр» деп атайды. Жанрдың өзгеріссіз атауы тек қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарында сақталған. Толғаудың жанр ретінде қалыптасуы аталған халықтар әлі бөлінбеген XIII-XIV ғасырларға сәйкес келеді. XV-XIX ғасырларда қазақ поэзиясында толғау жанры ерекше өркендеп, өзінің даму сатысына жетті. Бұл үрдісте жыраулар аса маңызды рөл атқарды. Олардың шығармашылығы мен қызметі Қазақ хандығының мемлекеттік идеологиясының негізгі тірегі ретінде қолданылды. Толғау әр кезеңде мазмұны мен бейнелеу тәсілі жағынан өзгеріп отырды. Доспамбет, Шалғез, Ақтамберді, Махамбет, Шернияз, Базар, Сүйінбай т.б. ақын-жыраулардың толғауларында ұлттық рухтың ұлылығы, туған жер мен елге деген сүйіспеншілік, сыртқы жауларға қатысты өшпенділік айқын көрініс тапты. Ақындар шығармашылығында өмір-тіршілік туралы, қоғам, адами көзқарастар, дүниетаным жөніндегі ой-түйіндер, ақыл-кеңестер, насихаттық, өсиет-өнеге т.б. тақырыптар қозғалады.

Толғау жанрының идеясы мен тақырыбы қоғамдық, саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени, әскери және дидактикалық т.б. күрделі мәселелерді көтереді. Кейде күрделі лирикалық немесе көлемді сюжетсіз туындағыдай сипат алады. Ол өзінің қалыптасуы мен дамуы жолында тақырыптың жан-жақтылығы, лирикалық және эпикалық сарындармен үйлесім табуы, өмірдің шынайылығын көрсету сияқты қасиеттерінің арқасында өміршең жанрға айналды. Толғау белгілі бір мақаммен, аспаптың сүйемелдеуімен айтылады.

Әдебиеттану және фольклортану салаларында толғау жанрына қатысты А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Х. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Е. Ысмайылов, З. Ахметов, Ә. Қоңыратбаев, Н. Смирнова, Б. Әбілқасымов т.б. ғалымдар зерттеу еңбектер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында толғаудың қолжазба нұсқалары сараланып, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорындағы таңдаулы үлгілері алынды.



Жаратылысқа

Жаратушы құдірет,
Дүниежүзін жараттың,
Қисапсыз үлкен кең етіп.
Ай менен Күнді жараттың,
Жарық сәуле түр етіп.
Адамзатты жараттың,
Дүниеге пір етіп.
Түрліше мақұлық жараттың,
Біріне бірін жем етіп.
Біреуге бердің шешендік,
Сөйлесе аққан жыр етіп.
Біреуге бердің көсемдік,
Ел меңгерген төре етіп.
Біреуге бердің дәреже,
Төрт түлігін тең етіп.
Біреуге бердің ақыл-ой,
Біреуді одан кем етіп.

Жаратушы құдірет,
Жаратпадың неге тең етіп?
Алмайтын ауру келеді,
Ұйықтаса терлетіп.
Алатын ауру келеді,
Күннен-күнге меңдетіп.

Қызыл тілім, сөйлеп қал,
Ажал келер бір күні,
Теректей кескен көлбетіп.
Дүниенің көрдім жалғанын,
Көтердім Алла салғанын.
Аз болды деп жалғанда,
Өмірге жоқ-ты арманым.
Аман болғай деп тілеймін,
Кейінгі ұрпақ балаларым.

Кетемін қалам алсам қызыңқырап

Кетемін қалам алсам қызыңқырап,
Тастайын қол тигенде жазыңқырап.
Төрлетіп күн-күн сайын бара жатыр,
Жақсылықтан жамандық ұзаңқырап.

Сауаты фитналықтың жаңарып тұр,
Ізгіліктің қақпасы тозыңқырап.

Қапшықтың жарар еді тозбағаны,
Иллаһи тілек ислам азбағаны.
Ұстасақ «Бақырған» мен «Бадауамды»,
Қалған жоқ мұсаныптың¹ жазбағаны.
Наху², мантиқ³, ғақайыдқа⁴ күш жетпейді,
Білсек те жарар еді азғананы.

Құрметті Құран қари⁵, хафиз⁶ болса,
Елдік пен тәжірибенің жаны болса.
Қосылса ғажап емес уәлилікке,
Нәпсіге аумай тұрар халы болса.

Көкке ұшқан кереметің бәрі бірге,
Әгар да ығтиқады⁷ жары болса.
Тағдырда жазған істен бас бұрылмас,
Оқыған ғалым нұжум⁸ жады болса.
Бітіріп он екі пән, дәріс айтса,
Кітап жазып, дәлелмен хадис айтса.

Қуанышы осыменен таралады,
Насихат уағыз табыс етсе.
Наданға сөзім шығын болады деп,
Молдаларға жарамайды намыс етсе.
Түсіндіру қауымға мықты парыз,
Шарғидан⁹ әгар көңлін алыс етсе.

«Әлғұлама уа расайыл әнбия¹⁰» деп,
Пайғамбар ғалымдарға хадис айтқан.
Шарғыны жүргізбесе молдаға обал,
Надандар айыра алмас харам, адал.
Құмға сигенменен бір секілді,
Шарттары дұрысталмай еткен амал.

¹ Мұсанып /а/ — жазушы.

² Наху /а/ — грамматика.

³ Мантиқ /а/ — логика.

⁴ Ғақайыд /а/ — Ислам дініндегі негізгі қағидалар жиынтығы.

⁵ Қари /а/ — Құранды жаттап, оны жеті түрлі әуенге салып оқитын адам.

⁶ Хафиз /а/ — Құранды толық жаттаған және оны жүрегінде сақтаған адам.

⁷ Ығтиқад /а/ — наным, сенім.

⁸ Нұжум /а/ — астрология.

⁹ Шарғи /а/ — шарият заңы.

¹⁰ Әлғұлама уа расайыл әнбия /а/ — ғұламалар мен пайғамбарлар.

Камалат ешкім таппай ертесінен,
Аллаға пенде болса шығарма естен.
Жақсылық не жамандық айтқан сөзің,
Дәптерге жазылады шықса тістен.
Аһ ұрып, санын соғар сонда ерлер,
Ғапыл боп жүремін деп ескерместен.
Дүниенің фитнасына шарман¹ болып,
Азғырса фитнасы² кірер іштен.
Ерік берме, Хақ жолына ұр құлашты,
Осындай тұрғанында келіп күштен.

Алдыңда тамұқ оты тұр ғой дайын,
Қорқытып мен сіздерді неғылайын.
Жарандар, тіршілікте азық қамда,
Ғұмырың өтіп кетсе, қайғы дайын.
Бес намаз уақытымен оқып жүрсең,
Ұжмақта хор қыздары болар дайын.
Қызықты сіз көресіз ғаширатпен³,
Қызығы бұл дүниенің ойдан кеткен.

Біріншіден не жаман

Біріншіден не жаман —
Зекетсіз жиған мал жаман.
Екіншіден не жаман —
Екінті менен ақшамды
Қаза оқыса, сол жаман.
Үшіншіден не жаман —
Ұядағы ұшар құс
Үш талпынып ұша алмаса, сол жаман.
Төртіншіден не жаман —
Төркіні алыс қыз жаман.
Бесіншіден не жаман —
Бесіктегі жас баланың анасы өліп,
Жетім қалса, сол жаман.
Алтыншыдан не жаман —
Байлардың арғымағы өліп,
Жаяу қалса, сол жаман.
Жетіншіден не жаман —

¹ Шарман — әуес.

² Фитна /а/ — жаман ниет, арам ой.

³ Ғашират /а/ — сауық-сайран.

Жаңа өспірім жастардың
Жеткіншегі жетпей кетсе, сол жаман.
Сегіз дегенде не жаман —
Байлардың қызы оң жағында
Көп отырса, сол жаман.
Тоғыз дегенде не жаман —
Толғана мойның бұралып,
Ер толғанып тұрғанда,
Ат жығылса, сол жаман.
Он дегенде не жаман —
Атадан он, бесеу тудым деп,
Ана отырған жалғыздың
Жағасынан ала отырса, сол жаман.
Он бір дегенде не жаман —
Өлерінде иманыңды
Білмей кетсең, сол жаман.
Он екі дегенде не жаман —
Жеті қабат жер астына түскен соң,
Қырық қадам шыққан соң,
Екі сұраушы келсе, сол жаман.

Тоғыз жаман

Біріншіде не жаман —
Білімсіз өскен ұл жаман.
Екіншіде не жаман —
Екілік еткен ер жаман.
Төресін түзу бермеген,
Әммені бірдей көрмеген,
Парақор болса, би жаман.
Үшіншіде не жаман —
Үшкілсіз пішкен тон жаман,
Айтып айтпай немеңе,
Үлгісіз өскен ел жаман.
Бесіншіде не жаман —
Бақты бастан айналып,
Не қыларын білмесе,
Білгеннің тілін алмаса,
Жалғаншының жүзінде,
Бәрінен де бұл жаман.
Алтыншыда не жаман —
Алғанша алған аруың

Көп ішінде шар байлап,
Бетіңнен алса, бұл жаман.
Жетіншіде не жаман —
Жаңа жеттім дегенде,
Жеткіншектен оқ өтіп,
Жетпей кетсе, сол жаман.
Сегізіншіде не жаман —
Серке санды ат мініп,
Серуен салып, той іздеп,
Сергелдең өскен ер жаман.
Тоғызыншыда не жаман —
Тоғыз қабат торқаны,
Тоздырмаса жағаны,
Жүйрік пенен жорғаны
Міне алмай өтсе, тым жаман.
Осы тоғыз жамандық
Ерегестің басынан
Қалмай өтсе қатардан,
Болғаны онда мың жаман.
Қой бастаған серкедей,
Жарық жұлдыз, Үркердей,
Кілең жақсы кеткен соң,
Не болады кіл жаман?

Күншығыстан шыққан Күн

Күншығыстан шыққан Күн,
Батыс барып, батар ол.
Аузы түкті арыстан,
Жол түбіне жатар ол.
Бәрі түріктің баласы,
Моңғол менен татар ол.
Тауда арлан ақырар,
Даусынан тау-тас қалтырар.
Қасмұрынның үстінде,
Қаса сұңқар шақырар.
Шақырған даусын есітіп,
Қарға, құзғын бақырар.
Екі көзі солардың
Айнадай болып жарқырар.
Әлін білмей кей жаман,
Кісісініп артылар.

Әр нәрсенің нарқы бар,
Бұл дүниенің қалпы бар.
Ашаршылық жыл болса,
Бұлақтың көзі тартылар.
Қаз етін жемес сұңқарлар,
Қолға түссе бәнда¹ боп,
Зығыры қайнап, талпынар.
Шалқұйрықтың баласы,
Палуансынған сары нар,
Арқыраса жануар,
Ауыр жүктің астында,
Сөзбұйда боп тартынар.
Көк көгершін, көгершін,
Көгершін ұшар жем үшін.
Көгала үйрек көл үшін,
Баданасын бөктеріп,
Ерлер жортар мал үшін.
Ер-азамат ол туса,
Намысқа шабар ел үшін.
Тауда бар-ды тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Тар қолтықтан уақтысы
Іздеп табар қарындас,
Һәм қарындас, һәм жолдас.

Ерің, сірә, аумайды

Ерің, сірә, аумайды,
Тартпасы болса қайыстан.
Жуық арада жығылмас,
Аласаменен алысқан.
Бармағын тістеп, өкінер,
Шолақ атпен жарысқан.
Қанды қалпақ кісі еді,
Қимайды екен туысқан.
Құдай бір-екі қылмаса,
Малың кетер уыстан.

Саяма түлек берсе деп,
Саятшы құрар кермесін.

¹ Бәнда /п/ — тұтқын.

Бес-он жігіт жиылып,
Сарттардың жер шірнесін.
Бестен-бестен жүгіріп,
Қыздар тоқыр термесін.
Базардағы жалдаптар
Жалаңдатар теңгесін.
Кейбір жаман жігіттер,
Үйде жатып көтерер кеудесін.
«Ананы бұдан алсам», — деп,
«Мен де болыс болсам», — деп,
Көтергенмен ала ма,
Бір Құдайдың бермесін.

Жер ағаштың тазасы —
Тауға біткен долана.
Қаңтар ауды болғанда
Мал ықтайды қораға.
Жау көрмеген жігіттер
Бәрі батыр далаға.
Кейбір жаман жігіттер
Қожаңдайды ауылдағы
Қатын менен балаға.
Еңбек етпей мал сұрар,
Құрамаса бола ма.

Домбыраны қолға алып

Домбыраны қолға алып,
Шама келсе, толғалық.
Айт дегенде жел сөзді,
Не қылайын бұлданып?
Сұрасаң жауап қиылып,
Қалғаның ұят тыйылып.
Біразырақ сөйлейін,
Сөзде болса игілік.
Бұл пәниден пайда жоқ,
Қалған соң бір күн көміліп.
Тура құрық басылса,
Жан қала ма жырылып?
Керуен пәни басыңнан
Өте шығар созылып.
Базарлап өткен бес-он күн

Бір күні өліп қалғаның
Қалалық жұртты иіріп.
Күнде болмас мереке,
Отырмайсың жиылып.
Тіріліктің күнінде
Ал, жігіттер, ойнап-күл,
Уақыт жетсе қалармыз
Қара жерге бұйырып.

Аурудың көңілін не ашар?
Хал сұраған тең ашар.
Ер қайғысын кім ашар?
Әдділеп сүйген бала ашар,
Әдемі қол, аршын төс,
Алма мойын, жарқын жүз,
Жарқылдап күлген жар ашар.
Ел қайғысын кім ашар?
Артындағы панасы,
Алдындағы данасы,
Ата менен ана ашар.
Ат қайғысын кім ашар?
Күніне жетік қараған,
Сұлы менен сүт беріп,
Жал-құйрығын тараған,
Қадір білген ел ашар.
Жақсылық пен жамандық
Әлі талай бел асар.
Сондықтан да, халайық,
Сабыр түбі — сары алтын,
Сабырлық еткен жарасар.

Азамат жетім болмайды,
Халықтан болса панасы.
Бала жетім болмайды,
Қасында болса анасы.
Халық жетім болмайды,
Басшысы болса данасы.
Сәті түссе ісіңнің,
Қас пен көздің арасы.
Жеткізіп болмас асқар тау,
Көрініп тұрып қаласы.
Жоғалғанда білінер,

Қолда бардың бағасы.
Басыңа түспей білінбес,
Тіріңде іс әлі көп,
Келмейтін адам шамасы.
Жалғыздық жоқ жігітке,
Барында іні-ағасы,
Жақсылар түссе қорлыққа —
Жаманның қара танасы.

Көлдің сәні келеді
Қиқулап ұшқан құсымен.
Азамат сәні келеді
Елдің дерек күшімен.
Адаспайды заманның
Ағымына түсінген.
Табады орын өмірден,
Жан жемісін пісірген.
Адамда жазық болмайды,
Кеткенін еске түсірген.
Тез суалып, қуарар,
Мезгілсіз пісіп, ісінген.
Өмірдің жолы — қысқа жол,
Үлгермейсің бәріне,
Түсіну керек алдымен,
Өмірдің мақсат мәнінен.
Бұлбұлдың үнін тыңдай біл,
Түсініп, салған әніне.
Көп жасауда мақсат жоқ,
Уланып өмір зәріне.
Салтанатты сәні болмаса,
Көп жасаудың мәні не?
Шамаң келсе, сайрап өт,
Бұлбұлдай таң сәріде,
Табиғаттың заңына
Бағынады бәрі де.

Асыл бұйым көрінер
Алтынменен аптаған.
Жазира сұлу көрінер
Төрт түлігі қаптаған.
Тәттінің дәмін білмейді,
Әуелі ащы татпаған.

Ақынның аты өшпейді,
Халқы түтел жаттаған.
Тұлпар шаппай қалмайды,
Атбегісі баптаған,
Ердің бәсі келмейді,
Ел халқына жақпаған,
Алдымен халқы біледі
Ұлдары мен қыздарын
Ана сүтін ақтаған.
Көрінер қайғы салмағы
Көңілге түскен жарадан.
Баланың қандай болмағы
Ата менен анадан.
Еңбексіз ырыс болмайды,
Келмейді өзі даладан.
Кеңітер өзен саласын
Сайлар менен сағадан.
Адаспайды аңғарып,
Алды-артына қараған.
Бас болуға жарайды,
Қосшылыққа жараған.
Елге тұлға бола алмас
Өзін биік санаған.

Ойлаған мақсат көп деген,
Бітеді бәрі көппенен,
Көпке қолын арта алмас,
Бір жақсылық етпеген.
Халқына болар қадірлі,
Абыройын төкпеген.
Сөз де өткір болмайды
Сүйегіңнен өтпеген.
Жеңе алмайсың жауыңды
Жалғыз ғана кеппенен.
Шегі жоқ арман — теңіздей,
Кімдерден озып өтпеген?
Қапыда кетіп арманда,
Көз жасын кімдер төкпеген?
Дүниені қуып жетем деп,
Күнелткен көп еппенен.
Бәрінен де сол жаман —
Қапыда кетсең, жігіттер,
Жазылмас ауыр дертпенен.

Қарасаң жіті көзбенен,
Замана түрі өзгерген.
Құтылмайсың тағдырдан
Қанша қашып, безгенмен.
Бүлінбеген дүние,
Өлшеніп тең безбенен.
Жеткізбейді ой түбі,
Пенденің жоқ амалы,
Басқа түссе, төзгеннен.
Өмірдің жолы — қиын жол,
Жаралған адам кездерден.

Түспесе салмақ мыңдаған,
Мықтылар көп тыңдаған.
Ақылға арқау болады,
Бейнеттің де шегі бар
Өзекті өртеп тырнаған.
Ерлік керек дұрысы,
Ездікке мойын бұрмаған.
Күн менен түн ауыспай,
Бір орында тұрмаған.
Ақындарда үкім жоқ,
Өмір жырын жырлаған.
Сыры кеткен сөздерді
Өлең қылып қорлаған.

Ертелі-кеш уақыт —
Бір Алланың өзінен.
Талай жандар көп өткен
Жалғаншы пәни жүзінен.
Қуанып қанша жүрсек те,
Жолдастығың жоқ екен,
Дүние шіркін, бізбенен.
Қабаты қалың қара жер,
Қашаннан сенің мирасың —
Адамзаттың баласын
Астына тығып, сіңірген.

Өмір толғаулары

Жақсы болса жолдасың,
Ортаға ұстар олжасын.
Қиындық көрмей, бақыт жоқ,
Бейнетке айдар өз басын.
Таршылық түссе басыңа,
Тигізеді пайдасын.

Ертсең жолдас жаманнан,
Жиренеді адамнан.
Өміріңді ескіртіп
Жібереді жаңарған.
Серік емес, сор болар,
Басқан ізің саналған.
Таңдағаның табылмас,
Болады бәрі таланнан.
Жамандықтың белгісі —
Үйіне келсе бір кісі,
«Дым жоқ еді», — деп қарғанған.
Жақсылықтың белгісі —
Қонаққа дәйім жаралған.
Батырлықтың белгісі —
Қашпаған пайда, заладдан.
Қорқақтықтың белгісі —
Үріккен қойдай қамалған.
Тазалықтың белгісі —
Арғымақтай жаланған.
Салақтықтың белгісі —
Қара басы жоғалған.
Бақыттының белгісі —
Не тілесе, соны алған.
Сұлулықтың белгісі —
Шашын талдап таранған.
Ерте тұрып, кеш жатып,
Еңбекті сүйіп оянған.
Ақындықтың белгісі —
Алқалы дуда сөз алған.
Палуандықтың белгісі —
Мыңды жығып, бірді алған.
Көсемдіктің белгісі —
Айтқан сөзі тыңдалған.

Жалқаулықтың белгісі —
Тіл қайырып, бұлданған.
Аңқаулықтың белгісі —
Аңырайып құр қалған.

Қанша бейнет көрсең де,
Жұмысың жақсы құлданған.
Жал мен жая жесең де,
Мезгілсіз ұят шырмаған.
Көкіректе көтеріп,
Тәкаппар болма бұлданған.
«Көңілдің тоғы бір күн жел» —
Ақылдан олар құр қалған.
Жалғыздық жаман жалғанда,
Басыңды қайғы алғанда,
Табылмай дос қасыңда,
Өтерсің болып арманда.
Оралыңда сыйлай біл,
Құрбыңа кез болғанда.
Ұйымдасқан ісі артық,
Бірігіп еткен күш артық,
Жинала бер бір маңға.
Өкпелетіп досыңды,
Сұрағын бермей, бұлданба.

Атадан туған жаман ұл
Әкесіне «сен» деген.
Сөзіне айтқан ермеген,
Әкеге жол бермеген.
Ондай ұлдың қайырын
Ата-анасы көрмеген.
Кесірінен баланың
Наразы болар елменен.
Қаза жетіп өлгенде,
Әкесін дұрыс көмбеген.
Атадан туған жақсы бар,
Күн санап алға өрлеген.
Ұятты, арлы, намысты,
Жамандыққа ермеген.
Араласса елге жау —
Арпалысып, салып дау,
Дұшпанға елін бермеген.

Халқына мұрат көрсетіп,
Төрт түлігін теңдеген.
Қартайған әке-шешесін
Мәпелеп бағып, тербеген.
Жақсы, жаман, жарлы, бай —
Жұртын жікке бөлмеген.
Инабатты ер болып,
Араласады елменен.

Сырыңды шашпа досыңа,
Достығын білмей, ашыла.
Сырыңды айтып әркімге,
Дұшпанға етер ашына.
«Ашу — дұшпан, ақыл — дос»,
Ашуланса бір күні
Қиындық түсер басыңа.
Тойған асқа шалқыма,
Алдаған сөзге балқыма.
Ұмытылмас атың мәңгілік,
Рақымды болсаң халқыңа.
Ескерткіш болып еліңде,
Атағың қалар артыңа.
Даурығудан пайда жоқ,
Құр мақтанып даңқыңа.
Оралыңның барында
Өзен болып, су алып,
Дариядай жарқыра.

Жастық шақтың жалыны —
Алыпұшпа ағыны.
От пен суға түсірер
Байқамасаң ағыны.
Жастықтың — өмір шырағы,
Денсаулық — тұнық бұлағы.
Жиырма бестен асқанша
Ақылдың кірмес тұрағы.
Шығады ақыл білімнен,
Білімді алу өзіңнен,
Оралыңда оқып қал,
Туады бәрі ғылымнан.
Он сегіз, жиырма шағыңда
Көпті аз деп, тарылма,

Келсе шамаң, еңбек ет,
Қайратыңның барында.
Мал — байлық емес адамға,
Ол тек нәсіп тағамға.

Бірінші байлық — денсаулық
Он сегіз мың ғаламда.
«Бақ тайса, мал кетер, — дейді, —
Кіріндей қолдың ағарда».
Денсаулығың болмаса —
Артыңда малың қалар да.
Жеті мүшең кем болса,
Ойың түгел болар ма?
Көзі жанып, қор болып,
Дүние малы ор болып,
Мүгедек болған оңар ма?
Денсаулықтың орыны
Жиған малмен толар ма?

Екінші байлық — инабат,
Инабаттан айырар
Халыққа еткен қиянат.
Инабатты боларсың,
Ісінде болса тиянақ.
Жоқ нәрсеге ой созба,
Қол жетпеске бой созба,
Көңіліңді саялап.
Достың сөзін кек етпе,
Дұшпан сөзін жем етпе,
Ойыңда қалар ұялап.
Инабатты адамның
Танысы көп шығанақ.
Атағы шығып жарыққа,
Даңқы тарап халқына,
Байлықты алар сол орып.
Инабатсыздың белгісі —
Ішу мен жеу жұлмалап.
Жақсы жолға бастасаң,
Тіл қайырып, бұлданад.
Ақылы жоқтың белгісі —
Ашуланса, сұрланад.
Дүниені өзі меңгеріп,

Астанаға дем беріп,
Болғандай-ақ қолғанат.
Қадірі кетіп халыққа,
Қара басы қор болад.
Сөз үгітті елемей,
Бағына өзі сор болад.
Ақылды туған азамат
Обалға артық шықпайды,
Кім-кімді де жазалап.
Алдын ашып, жол салып,
Соңын кетер тазалап.
«Кейінде ісің қалды» деп,
Қалмасын ешкім азалап.
Қадірлесе өз елің,
Халқыңа болса беделің,
Екінші байлық — инабат.

Үшінші байлық білімде,
Білімді озар түбінде.
Дүниені ғылым таниды,
Азық болып өмірге.
Білімге ақыл сай келсе,
Боларсың ғалым еліңде.
Бұл байлықтан құр қалып,
Уақытша баққа алданып,
Бәйгеге түспей, сүрінбе.

Бірінші тарлық — жалғыздық,
Екінші тарлық — халсіздік,
Үшінші тарлық — жаяулық,
Еңсеңді басса әлсіздік.
Үш байлықтан айырар —
Инабатсыз арсыздық.
Талабыңды қайырар
Жалқаулық пен қырсыздық.
Зор басыңды қор етер —
Өтірік, өсек, бұлсыздық.
Өміріңді жояды —
Қиянат, ұрлық, жолсыздық.

«Не ексең — соны орарсың»,
«Қайда ұшсаң — сонда қонарсың»

Деген халық сөзінің
Айыратын арасын,
Халық сөзі осы деп,
Орындамақ та боласың.
Табандылық бұл үшін,
Талап керек ер үшін,
Ойыңды сонда аларсың.
Ақылсыз болсаң жастықта,
Өзіңді өзің қағасың.
Ақымақ адам «ақ» іздер,
Ендігі менің таласым.
Айыру бекер пенденің
Ағы менен қарасын.
Ақылды болса бәрі ақ
Жақсы атағы жарқырап,
Кемітпейді бағасын.
Көркіне бола қыз алма,
Сырын білмей, құп алма,
Саныңды бір күн соғасың.
Киім жолдас болмайды,
Жыртылады, тозады.
Мал да жолдас болмайды,
Жоғалады, сояды.
Дүниенің жолдас болмайды,
Өлсең — артта қалады.
Көрік жолдас болмайды,
Қартайғанда солады.

Табылмайтын сары алтын —
Ақыл жолдас болады.
Ақылды туған азамат
Не ексе, соны орады.
Жабырқаған көңілің
Ақылменен толады.
Толысады ұзарып,
Дүниенің шолағы.
Ренжімей кетеді
Үйіне келген қонағы.
Жақсылық, байлық, инабат
Ақылдан бәрі туады.

«Өсер елдің жігіті —
Көркейту елді құмары.

Өшер елдің жігіті —
Өнбейтін дауды қуады».
«Мыңнан жүйрік шығады,
Жабыдан тұлпар шығады».
«Ұят күшті өлімнен,
Уәде қымбат сенімнен».
Мақалында қазақтың
Осылайша делінген.
Тіршілікте оқып қал,
Таныс болып әр жермен.
Айрылысу ерте, кеш емес,
Болашақ тәтті күндерден.
Ғылымның түбі кеңістік —
Білім ал әрбір түрлерден.
Дүние тегіс болғанда,
Жігітке бір іс гүлденген.
Өмірдің сыры осылай,
Сұрасаң ақыл біздерден.

Киім кесең жақсыдан,
Сипаланып, мақтанба.
Орынға тұрсаң жақсыдан,
Тәкаппарсып, шаттанба.
Жолаушы шықсаң далаға,
Жолдас ерткін қасыңа.
Қасыңда жолдас жоқ болса,
Жалғыздық түсер басыңа.
Халқыңа жомарт бол,
Қарама кәрі-жасына.
Тату болғын, қас болма,
Ашуланып досыңа,
Ауырлық түсер басыңа.
Уайым шегіп, қартайсаң,
Ақ түседі шашыңа.

* * *

Жиналып келген көпшілік,
Айт дегенсін сендердің
Қайт болмасын назарың.
Кешегі жастық күнімде
Домбырамды қолға алып,
Құрып едім сөздің базарын.

Жиналып тұрған көпшілік,
Даусым құрғыр не болған,
Бұрынғымдай аңқымай?
Көңіл, саған не болған,
Қорғасындай балқымай?
Домбыра, саған не болған,
Қаққан сайын шалқымай?
Кешегі жастық күнімде,
Ақын жігіт атандым,
Сахарада жатқан халқыма-ай.
Ойлап келіп отырсам,
Бұрынғыдай күй бар ма?
Тұрмыс деген — толқын-ай,
Толқын деген — тасқын су,
Алыстан соғад шалқып-ай.
Сендер сөйле дегенде,
Бір сөйледім тартынбай.
Кешегі жастық дәуірде,
Жиналып алып тыңдаған,
Заманы қатар жастар мен
Жасың үлкен қартым-ай.
Жас қырықтан асқан соң,
Елуге қадам басқан соң,
Даусым жақсы шықпайды,
Салып келеді білем, япырмау,
Үлкендіктің салқыны-ай.

Жақсылар, құлақ салыңыз,
Жасың мен кіші, кәріңіз.
Ықыласпен сөз тыңда,
Жиналып тұрған бәріңіз.
Сасып тәнің, қор болар,
Кеудеден кетсе жаныңыз.
Әзірейіл құрық салған күн
Сөйлеуге келмес халіңіз.
Ақырда майын тауысар
Ғұмырда жанған шамымыз.
Осылай қылып сөйлейін,
Мағлұмат сөзден алыңыз.
Қиналыссыз өтуге,
Осындай сөзге наныңыз.

Домбыраны әкеліп,
Қолыма менің бергенің.
Тек осы емес ұлы ду,
Жиналыс талай көргемін.
Сендер сөйле дегенде,
Сөйлемейтұғын мен бе едім?
Кешегі жастық дәуірде
Астананы аралап,
Бірқатар жерді паналап,
Көп қызық болды көргенім.
Шеберлеп сөйлеп көрейін
Қызыл тілдің өнерін.
Әркімдер де сөйлейді
Кеудедегі білгенін.
Сендерді көптен көре алмай,
Үлкен аңсап, шөлдедім.
Олай деп айта тұрғанмен,
Көрмегені ілгері
Басы жұмыр пенденің.
Денсаулықтың күнінде,
Жігіттіктің түрінде
Сайрандап енді өтелік.
Не көреміз жалғанда,
Ажал жетіп өлген күн.
Көретұғын қызық жоқ,
Маңдайдағы шамшырақ
Екі көзің сөнген күн.
Бір күнгідей болмайды
Қаумалаған көпшілік
Ортаңнан алып көмген күн.
Мен сөйлейін айтқандай,
Кеудемде пазыл бақ бардай.
Талай-талай сөйлетіп,
Қатар жүрген жақсының
Қызметін атқарды-ай.
Сөйлемей неге кетейін,
Қызыл тіл мен жақ барда-ай.
Сайрандап қанша жүрсең де,
Алдымызда құрулы
Ажалдың үлкен қақпаны-ай.
Қапыл болып, ойланбай,
Ерте бастан сақтанбай.

Сыртымыздан бағып ажал жүр,
Қойшы қойды баққандай.
Өлгеннен соң, көпшілік,
Жамбасымыздың астына
Қара жер тиер мақпалдай.
Бұл дүниенің қызығы —
Ойлап келіп отырсаң,
Есігіңді ашып жапқандай.
Адам ата, Хауа ана
Бұл дүниеден жаралған.
Лаухұл менен махфұзда¹
Сегіз жұмақ, жеті тамұқ бар.
Адам пенде өлгенде
Зираттан әрмен асқан соң
Соған да басып таралған.
Молдалар оқып айтады
Шарғыны біліп Құраннан,
Жалғанға мойын бұра алман.
Тар қабірге кіргенде
Алдымызда тағы да
Қиын үлкен жолдар бар.
Сауалшы үлкен періште
Алдыңнан шығып, сұраған.
Көргенім жоқ көзіммен
Өтірік пе, рас па —
Естіп айтып келемін
Бұрынғы өткен ақсақал,
Ата-баба солардан.
Біздер де бір күн кетерміз,
Артықпыз ба олардан.
Шалқақтап қанша жүрсек те,
Басымыздан өтеді
Баяны жоқ сұм жалған.
Қабаты қалың қара жер
Әркімдерді жалмаған.
Төрт мың төрт жүз нәбиден²,
Үш мың үш жүз мүрсәлден³,
Әулие, шайхы, әнбие —
Солардан бар ма қалған жан?


¹ Лаухұл махфұз /а/ — адамның тағдыры жазылған тақта.

² Нәби /а/ — пайғамбар.

³ Мүрсәл /а/ — елші.

Қорқыт ата — сұрасаң,
Құтылам деп ажалдан,
Дүниенің төрт бұрышын
Желмаямен қашып, шарлаған.
Ажалдың оғы тиген күн
Олар да өлмей қалмаған.
Айтуға көңіл асқаннан,
Дариядай шалқар тасқаннан,
Қорқыт ата — сұрасаң,
Құтылмады ажалдан.
Желмаямен айналып,
Қырық жылдай қашқаннан.
Өлімге амал таба алмай,
Сол күнде де, айталық,
Көп болған екен сасқан жан.
Алланың қаһары жеткен күн,
Әлегі туған аспаннан.
Жаратылдың адам зар
Бір тамшы судан хан болып.
Төрт айдың жүзі болғанда
Қыбырладың жан болып.
Тоғыз айға толғанда,
Адам сафи баласы
Дүниеге шыққан дәу болып.
Өлмеген тірі мақұлық
Бәріне соның көнулі.
Басқа келген халдерін
Әркімдер өзі білулі.
Үйде, түзде болса да
Ажалды пенде өлулі.
Өлмесе қайда кетіпті
Бұрынғы өткен ата-ана?
Кезекпенен бәрінің
Басына сондай келулі.
Аспандағы Ай мен Күн
Құдіретпен жүрулі.
Жеті қаттай жер мен көк,
Жер мен көктің арасы
Тауда бір тақта құрулы.
Әуелі мен ақырда
Айнымай дәйім тұрулы.
Адам пенде мақұлық

Бәріне де көнулі.
Бұл дүние деген алданыш —
Бес күншілік ерулі.
Бұрынғы өткен заманнан,
Он сегіз мың ғаламнан
Хан баласы ұлығы
Хан болып өткен әзалдан.
Адам ата, Хауа ана
Топырақтан жаралған.
Бұл дүниеге келіп, жоғалған,
Бұл дүниеге сене алман,
Қайтадан дәурен сүре алман.
Басы жұмыр пендеңде
Өлімнен бар ма құр қалған?
Ажалдың оғы тигенде
Бозжорға аттай ырғалған.
Сендер сөйле дегенде,
Бір сөйлеуге бұлданбан.
Айт дегенде, тоқталып
Неге керек, япырмау,
Көп ішінде кідіріп?
Мұндай әдет құлданған,
Мен кешегі жыршы едім,
Көпке сөзі тыңдалған.
Тыңдайтын қарттан айрылып,
Адыра сөзім тұл қалған.
Осы күнгі ағымда
Кәрі менен жастарың,
Бәрі де тегіс мұңданған.
Жыршы емеспін кешегі
Мұраттай өткен қарттардан
Аяқтай барып үлгі алған.
Олай деп айта тұрғанмен
Сөз шығардым ділмәрдан.





Суретші М.Сыздықов

ТЕРМЕ

Терме — ғибраттық сарынға құрылған, адамгершілік, адалдық, ынтымақ-бірлік мәселелеріне бағытталған лирикалық өлең түрі. Құрылысы мен формасы жағынан өлеңге жатқанымен, тақырыбы мен мазмұны жағынан өзінше ерекшеленеді. Оның қалыптасуы, халық арасына кеңінен таралуы мен дамуы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында айқын аңғарылады. Терме өнегелік мәні бар сөз үлгісінде құрылып, тарихтың өнегелік тағлымы мен озық тәжірибесі арқылы халықты рухани тұрғыда жетілдіреді. Термелердің басты мақсаты — ғибрат беру, келешек ұрпақтың санасын ұлттық құндылықтарды сақтауға, қастерлеуге, бойына сіңіруге үйрету. Термеге бір ғана тақырып емес, бірнеше мәселе қатар көтеріліп, өлеңнің мазмұны өрістей түседі. Ғибраттылық мәні бар әр нәрсені теріп айтып, бір нәрседен екінші нәрсеге еркін ауысып отыру термеге айрықша тән қасиет. Терменің пішіні мен мазмұны толғауға біршама жақын. Толғауда қоғамдық-әлеуметтік сарындар басым болса, термеге көбіне күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты жайттар сөз болады. Мұнда терең философиялық талдау болмайды, қорытынды мен түпкі ой байламы да кездеспейді мүмкін. Термешінің терме айтуудағы мақсаттарының бірі — тыңдаушысына ой салу, өмір сүрудің оң-солын үйрету.

Терме — синкретті өнер, өйткені онда сөз бен әуен сабақтасып келеді. Сөзді анық жеткізу мақсатында мәтін жеңіл әуенмен орындалады. Термелі әуен бас-аяғы жинақы, ықшамды келіп, сөздің табиғи айтылу қалпындағы дауыс толқынын сақтап, біркелі сарынмен айтуға мүмкіндік береді. Қазақстанның батыс аймағы мен Сыр бойында терме айту дәстүрі ерекше дамыған. Оның қазақ әдебиетінен сырт қарақалпақ, ноғай, қырғыз, өзбек халықтарының мәдениетінде де маңызды орны бар.

Терменің өзіндік табиғаты мен жанрлық ерекшелігі туралы А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, С. Медеубеков т.б ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында термелердің қолжазба нұсқалары, әр жылдарда жарияланған үлгілері салыстырылып, текстологиялық тұрғыдан сараланды. Нәтижесінде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған қолжазба нұсқаларының таңдаулы үлгілері ұсынылды.



Терме

Ауылдың малы бұралқы
Ақылы жоқ жаманға.
Жан екен деп тыңдамас
Насихат айтқан наданға.
Қас болар пысық сұмырай
Жақсылық қылған адамға.
Өлгенде де мейірі жоқ,
Абыройы жоқ жігіттен
Айуан жақсы жапанда.
Жаманменен жолықсаң,
Бәле ертерсің соңыңа,
Дұшпандар қарар оңыңа.
Жаманға түссе жұмысың,
Жағаңнан алар сорыңа.

Баһар көктем болғанда
Жарқырап дала көрінер.
Көлден ұшқан көк үйрек
Лашын тисе, бөлінер.
Арғымақтан жол кетсе,
Аяңдауға ерінер.
Ер жігіттен мал кетсе,
Ажарлы беті көрінер.
Ел ішінде ер жүрер,
Тау басында жел тұрар.
Қатын-балаң жоқ болса,
Қатын-бала деп жүріп,
Бір күні басың келтірер.

Ойдым, ойдым, ойдым жер,
Ойдым жерге шөп бітер,
Түйе тойса, көп кетер.
Кетеген болса, түйе жау,
Тебеген болса, бие жау.
Қатын да жау, ит те жау,
Көз көрмесе, бит те жау.

Ағаш көркі жапырақ,
Адам көркі шүберек.
Өлмей тұрып, жігіттер,

Біріңді бірің сыйлап бақ.
Өлгеннен кейін, жігіттер,
Ұзындығы он табан,
Көлденеңі қос табан,
Көтеріп жерге салған соң,
Сұраушы келер жақындап.

Құдіреті күшті Құдай-ай

Құдіреті күшті Құдай-ай,
Ұстынсыз аспан шыдайды-ай.
Адам басқан қара жер
Мың жыл бассаң, шыдайды-ай.
Адам соққан мұнара
Аз күннен соң құлайды-ай.
Жолдас болсаң жақсымен,
Бір басың мыңға балайды-ай.
Құда болсаң жаманмен,
Бергені мен алғанын
Сыртыңнан жүріп санайды-ай.
Байды Құдай атқаны —
Жабағы жүнді сатқаны.
Жарлы қайтіп байысын —
Жаз жатақта жатқаны.
Жалғыз сиыр сауғаны,
Аңыратып бұзауын
Тоғайына қояды.
Қылымсыған қатыны —
Қызыл шыт көйлек кигені.
Өзінің байын менсінбей,
Қарайғанды сүйеді.
Бұл сықылды қатынның
Қылығы артық болса егер,
Шет жағасын көрсе егер,
Әбдіразақ сияқты
Жолын аңдып жүреді.
Ашайын сөздің арнасын,
Қызыл тілім, сөйлеп бақ,
Лақатқа тимей жамбасым.
Жантақ жеген түйедей
Жағалап жүрмін жар басын.
«Өлеңіңді айтшы», — деп,

«Домбыранды тартшы», — деп,
Кім келеді, Құдай-ау,
Бір томпақ болып қалған соң.

Жарандар, кеңес жазайын...

Жарандар, кеңес жазайын
Үш будақты қағазға.
«Ақымақты таны» деген бар,
Ақылға нұсқас сабақты.
Ағайын болсаң, тату бол,
Әуес болма арызға.
Ғаны¹ болсаң, мақтанба,
Көзіңді салма аязға.
Жарлы болып, бай болсаң,
Дәулетің болар тұтанып.
Жалғыз болып, көп болсаң,
Көп те болса сыйғаны.
Ерлік істі істеме,
Ысырап болар қылғаның.
Жасыңда өнер білмесең,
Өскеніңде білмейсің.
Өскеніңде білмесең,
Бәйтеректей майыспай,
Кәкірейіп тұрғаның.
Досыңа жаман сөйлеме,
Досыңа жаман сөйлесең,
Өзіңді өзің ұрғаның.
Қатының жаман болғанда,
Үйіңнен кетер мейманың.
Табиғатқа бел бусаң,
Нәпсіңді тыйғаның.

Шақырып мейман қылмаса,
Қыдырып жүрме есікке.
Қыдырған ризығы болмайды
Тәңірі жазған нәсіпке.
Қонақ келсе, тез шыққын,
Кідіріп қалма есікте.
Қырықтың бірі Қызыр-ды.

¹ Ғаны /а/ — бай.

Дуасы тиер мешітке.
Дұшпаның жеңсең, достық қыл,
Жеңген сайын өшікпе.
Қашқан жауға қатын ер,
Өне бойы қорқытып,
Тығамын деме тесікке.
Біреудің айтқан өсегін,
Өз көзіңмен көрмесең,
Шын екен деп есітпе.
Бұл заманда бір білік —
Көрмегенге нанбағын.
Ақиқат көзбен көрмесең,
Сөзге ермейді ол адам.
Оңды адамның белгісі —
Балта ұрмайды қашауға.
Білімсізді үйрету —
Құрық салғанмен бірдей асауға.
Асылдың ізде нәсілін,
Басыңды әуел қосарда.

Ғибрат алғын, жақсылар

Ғибрат алғын, жақсылар,
Ақының айтсын термеден.
Ісінді салма жаманға,
Қолынан жұмыс келмеген.
Қасыңнан шайтан қашады,
Айтып жүрсең келмеден.
Жыршыңыз айтар насихат,
Нұсқалап сөздің нақылын.
Ілгері баспас қадамың,
Жаман болса алғаның.
Жыртылған жерің тігілмей,
Жылтырап жүрер тақымың.
Алба-далба болған соң,
Дал болады ақылың.
Босалаң істеп әр істі,
Саспайды жаман батырың.
Қатынның жаман салағы,
Айтқанмен көнбес ақылға,
Ойламайды сананы.
Беліне арқан байлап ап,

Отынға барған болады.
Жиналмай жүрер далбаңдап,
Қонышынан шығып балағы.
Бұта мен шөпке ілініп,
Жыртылып балақ қалады.
«Шіріп кеткен, шірік», — деп,
Матаға қояр жаланы.
Ерте кетсе, кеш келіп,
Қылады мекен даланы.
Жиналмай жерде жатады
Аяғы мен табағы.
Үйіне мейман келгенде,
Ашылмайды қабағы.
Жұбатқансып, қамқорсып,
Бесіктегі баланы.
«Жолдаяқ», — деп шақырып,
Күшкалап итті алады.
Белгісіз болар асының
Адалы мен арамь.
Қасына келген ит болса,
Шөмішпен салып қалады.
Жамбасына бір сүртіп,
Қазанға қайтып салады.
Көрген соң ері кейісе,
Баж етіп, беттен алады.
«Иттің жүні құрғақ», — деп,
Бұған да жауап табады.
Бұл қатыннан пайда жоқ,
Бір басының залалы.
Жаманның көп-дүр дәлелі,
Сөйлеген сөзі көп болар.
Мейманға қылған тамағын
Отбасында жеп болар.
Есігі мен төрінде
Қоқым-соқым шөп болар.
Әбиірсіз масқара,
Байын жұмсап, бек болар.
Әйелдің жаман белгісі —
Ауылдан аулақ, шет қонар.

Бисмилла сөзім термеден,
Кетпейді жүйрік кермеден.

Діннің жолы ашылар,
Лә-иләһа¹ келмеден².
Кербаланың шөлінде
Асан, Үсен шөлдеген.
Жазит деген бір кәпір,
Шөлдесе, сусын бермеген.
Бұл дүние бейопа,
Бәнде бар ма өлмеген.
Өлім — жолдас, ажал — қас,
Келеді басқа дембеден.
Жыршыға да сын болар,
Сөйлер сөзін білмеген.
Мырзаға да мін болар,
Алдына жыршы келмеген.
Аман ба, халық, ағайын,
Көптен бері көрмеген.
Үлкен-кіші, ел жұртқа
Иіліп сәлем бермеген.

Байдың көңілі жабдықта,
Жетік молда оқиды
Жиырма тоғыз әріпті.
Сегіз пейіш жаратып,
Ортасынан ағызды
Хауыз кәусар арықты.
Жеті тоғыз жаратып,
Тілазар кәпір жағыпты.
Бәрімізді сұраған
Бір періште Мәлік-ті.
Бесікті көрген арқаңыз
Бір күні көрер табытты.
Өзге өтірік болса да,
Осы сөзім анық-ты.
Құдіреті күшті Құдайым,
Құдіретімен жаратты
Есепсіз қанша халықты.

Бисмилла сөзім Құран-ды,
Әр сабақтың басында
Бисмилла айтып тұрады.

¹ Лә-иләһа — Алладан басқа Құдай жоқ.

² Келме — кәлима, сөз.

Жақсылар, тыңда мынаны,
Үшінші топан боп еді,
Төртіншіге орайды.
Құдіретімен Құданың
Шүмектеп жауын жауады.
Зырқырап ағып таулардан
Топан су жерді қаптады.
Құмыра қылып, қу көпір
Сонда да суға батпады.
Әмірі күшті Алланың,
Сұрапыл желдің соққаны,
Біріне бірін шаққаны,
Кәнеки амал тапқаны?
Сонан қалған нұсқа екен,
Әр жерде құмыра жатқаны.
Құдіреті күшті Алланың,
Қалғанды өзі сақтады.

Бисмилла, қалам ұстадым,
Дүниесіз істерін.
Алланың атын атамай,
Еш бәнде таппас іс мәнін.
Пана қылды бір Алла,
Он тоғыз әріп ұлықпен
Дүниенің ішкі сырларын.
Он тоғыз әріп бисмилла —
Көңілге мекем ұстадым.
Бұл сөзден үлгі алғаның
Шайтанның көрмес қыспағын...

Қапалықпен ойланып

Қапалықпен ойланып,
У ішкендей толғанып.
Қалам алам қолыма,
Сақтықпенен қорғанып.
Ақ тұйғын да оралар,
Саятшының қолына.
Шүйгінін шөптің оттаған,
Сақтанып үйір топ бұған.
Ақбөкен де жығылар
Аңшының қазған орына.

Ақылдыны шаршатар,
Шөлдегендей аңсатар,
Айналса жұмыс зорына.
Қалыңға түссе құсыңыз,
Қонбайды қайтып қолыңа.
Жаманға түссе ісіңіз,
Жағаңнан алар сорыңа.
Жатшылыққа елігіп,
Ел-жұртыңнан бөлініп,
Саяқ боп жүрсең бір елде,
Әр нәрсе түсер ойыңа.
Жоқшылық деген кездесе,
Асы жоқ үйден ел безсе,
Мін тағылар бойыңа.
Бір тамшы судан бина¹ боп,
Келіп ем жарық дүниеге.
Кез келдім мұндай заманға,
Бір-бірімен жауласып,
Бекер босқа дауласып,
Өтірік, өсек көбейді
Осы кездегі адамда.
Қырық жеті жасқа келгенде,
Жұмысым алға баспастан,
Еткенім есік ашпастан,
Қамалдым тұйық аралға.
Айтқаныма көнбеді,
Көңілін маған бермеді.
Өзімнен шыққан бала жоқ,
Көнбеске де амал жоқ
Құдіреттің ісіне.
Кездескен қайғы бермей ме
Он сегіз мың ғаламда.
Орнаса қайғы көңілге,
Себепші екен өлімге.
Қапалық пен ар-намыс
Қабаттап зиян жеткізді
Көретін алда өмірге.
Саяққа таяқ кездесер,
Былайша қаңғып жүргенше,
Жүрмедім неге елімде?
Жастықпен, балдар, семірме.

¹ Бина /а/ — пайда болу, құрылу.

Түсінбей әзір күлерсің,
Мазақ етіп жүрерсің.
Сақтанбасаң жасыңнан,
Қиындық өтіп басыңнан,
Қайғырар күнің болады,
Ақыры бір күн сенің де.
Не ерлерді құлатты,
Оқ тигендей ыңырантты.
Көздерің көріп жобалар,
Дүнияға болмас сенуте,
Басыңа түсті ауырлық...

Жақсы болса алғаның

Жақсы болса алғаның,
Көңілде болмас арманың.
Көрінбей ме көзіңе
Енді қызыл туыңдай.
Аузынан шыққан сөздері
Сары алтынның буыңдай.
Еш жерінде кіршік жоқ,
Қызыл ерін, ақ маңдай,
Құбылып тұрған мақпалдай.
Жалғыз атты жолаушы
Атын түсіп, сатқандай.
Көзі қара құндыздай,
Иісі жұпар жұлдыздай.
Сондай-ақ болып туады
Адамзаттың баласы.

Қолына ерте тұрып, алар құман,
Жан болмас онан бұрын ерте тұрған.
Қолына құман алып, үйден шықса,
Аспай ма дәрет үшін үш-төрт қырдан.
Үйіне жазатайым қонақ келсе,
Шақ етіп даусы шықпас баланы ұрған.

Қонақ келсе үйіне,
Шайы болса қайнаған.
Еркегінің бар-жоғын,
Еш адамға білдірмей,

Қонағын оңды жайлаған.
Жақсы болса алғаның,
Шырын сөзді қызбен тең.
Жаман болса алғаның,
Қаңтарда қатқан мұзбен тең.
Салды балақ, салаң сұр,
Омырау толған қалампыр.
Кешкіқұрым болғанда,
Үй қыдырар бұйымсыз.
Бар дүниенің далада,
Жатады еш жиюсыз.
Бұрымы оның сетінер,
Қабағы оның кіртиер,
Төбе шашы үрпиер.
Қонақты көрсе, жыны бар,
Түрлі де түрлі міні бар.
Сол сияқты жамандар
Сормандай ерге жолығар.
Сұлудың жайын біле ме
Түрліше сұлу сүймеген?
Сөздің жайын біле ме
Алқалы топқа кірмеген?
Аттың жайын біле ме
Жабыдан таңдап мінбеген?
Арғымақ болып не керек,
Артынан жабы жеткен соң.
Ағайын болып не керек,
Андысып көңіл өткесін.
Қонақтың жайын білмейді,
Қарға адым үйден шықпаған.
Қатының жаман болса бажылдаған,
Кіресің күнде көрге қазылмаған.

Әлеумет, келдің құрала

Әлеумет, келдің құрала,
Сұлулар, келдің бұрала.
Айт дегенде оянып,
Бұл жастық көлде тұра ма?
Мен ежелгі жүйрікпін,
Алдына жан салмаған.

Шықтаған қара бұлтпын,
Қайнарлы көзді бұлақпын,
Ортаймайтын қауадан.
Жас кезде жырлап қалатын
Мұндай қызық аз болар
Кәрілік келсе қаусаған.
Дүние деген — керуен,
Неше бір байлар өтпеді
Дүние малын айдаған.
Не батырлар өтіпті,
Шарыққа болат қайраған.
Не жақсылар өтіпті,
Қара басын бір өзі
Жүз кісіге тайлаған.
Не сұлулар өтіпті,
Ажары артық айнадан.
Не қаріп-қасер өтіпті,
Рақат көрмей өмірден,
Қаса соры қайнаған.
Не тәкаппар өтпеді,
Тілі өткір найзадан.
Не құрбылар өтіпті,
Өзілі алтын жарасып,
Қиылып қасы жайнаған.
Әркімге нұсқа сөз айттым,
Шығарып жауап майдадан.
Несі жігіт жігіттің,
Түскен күні ортаға
Өнерін топқа жаймаған?
Мен, мысалы, жорғамын,
Ауыздығын шайнаған.
Алқаға түстім жорғалап,
Өлең айттым сорғалап,
Домбыра тарттым бұлғалап.
Басым түссе құрмаға,
Отыра алман қорғалап.
Қатар жүрген жақсының
Ақ дидарын көргенде,
Ашылар көңілің бір қарап.
Жан білмейтін жаманға
Айтайын десең бір сөзді,
Бата алмайсың қорғалап.

Кәрілік келсе бір күні,
Жастағы дәурен күнің жоқ.
Ауру болсаң қастасы,
Саудағыдай сының жоқ.
Ажал келсе бір күні,
Айырыларсың досыңнан.
Иегіңді артып, таянба,
Азды-көпті пікірмен.
Қара суға кетер ең
Бірді бірге итеріп.
Малдының көзі түспейді
Жарлы менен жасуға,
Көңілге келген жел сөзді
Айтайын, түссе жадыма.
Асыл туған жүйріктің
Кім ілігер шаңына,
Келген күн күй бабына.
Алқалы жердің тұсында,
Бір көрген аға-ініге
Көріңді ыстық таныла,
Өнерді тұрған табыла.
Көңілің әсте қалмайды,
Жақсыға айтсаң بازیна.
Мереке еттім базарлап,
Аралап талай алқаны.
Алқалы жерге келгесін,
Көтеріп көңіл тарқады.
Алаң қылған әркімді,
Мен бір таудың арқары.
Ортасында алаштың
Талай салған айқайын.
Жиналған күні бастарың,
Ағылтып жырды бастайын,
Өлең деген — дария,
Қаңғалап қалай сарқайын?
Өзім жүйрік болған соң,
Несіне бойды тартайын?
Жолдас болған ешкім жоқ,
Бұл жастықты байқайын.

Терме

Дегенге айдай он бес, айдай он бес,
Үйреткен асауынан тайдай он бес.
Келеді алдымыздан жиырма бес,
Келер ме қайта айналып қайран он бес?

Кеттің бе, жиырма бес, желіп өтіп,
Жиырма бес не болады бізден кетіп.
Кешегі өтіп кеткен қайран он бес,
Күн бар ма ұстап алар қуып жетіп?

Ол өтіп, отыз жасқа келдік кейін,
Шаруаға біздің мойын болды бейім.
Отыз өтіп, қырыққа келген шақта,
Япырмай, өткен күнге мен не дейін?

Елу жас сары қайқы жона екен,
Нысан кеп алпысымда қонады екен.
Жиырма жас, отыз жас пен қырық жасым,
Үшеуі үш күн қонған қонақ екен.

Жетпісте жер таянбай тұра алмадым,
Сексенде сейіл-серуен құра алмадым.
Сексен өтіп, тоқсанға келген шақта,
Дүниені көңіліме бір алмадым.

Дүние бір сапар жол жапан түзде,
Өлім хақ келсе дағы жасым жүзге.
Басыңа мың бір пәле жауса дағы,
Дүниенің тіршілігінен күдер үзбе.

Түсер ме қайта айналып жастық қолға?
Базардан ала алмайсың сатып пұлға.
Дарига, өткен өмір, қош аман бол,
Күн санап өткіземіз жылдан жылға.

Барады кәріліктен белім ұйып,
Жүре алсақ жарар еді нәпсі тыйып.
Бір тиын біреу берсе, олжа көріп,
Жүреміз жас адамдай дүние жиып.

Кәрілік бастан келіп көзіңді алар,
Аузыңнан тісің түсіп, сөзіңді алар.
Белдемең, тұла бойың бәрі ауырып,
Бір күні сөйтіп жүріп өзіңді алар.

* * *

Аралский мор теңіз,
Өзі үлкен — зор теңіз.
Тамашасын көрер едің,
Өзің барып көрсеңіз.

Аралский адамы,
Көңілінде жоқ алаңы.
Стансадан су ішіп,
Құмға салған қаланы.

Қолайсыз егін жерлері,
Аз болады елдері.
Су бермесе станса,
Аузына сыймас тілдері.

Қатындар суды тасыған,
Кірлеп, шабын қасыған.
Ертеңді-кеш су тасып,
Сүйектері жасыған.

Суы тәтті Сырдария,
Қадірін, сірә, білмейміз.
Суы тұщы екен деп,
Тіпті көзге ілмейміз.

Су қадірін білмеген,
Теңізге барса болады.
Бір-екі татса суынан,
Оқжыландай солады.

Сол секілді теңіздің,
Мен көргенде елдері.
Әртүрлі дақыл салуға —
Тәшкеннің артық жерлері.

Шымкент, Арыс, Түркістан —
Осы күнгі тұрмыстан
Сулары мол, жері көп,
Кеміте алмас еш дұшпан.

Шиелі, Желек — тар тоғай,
Шетінен диқан бірталай.
Сұлутөбе — бір қазан,
Дақылы көп әрқалай.

Ақмешіттің дайрасы,
Халыққа түгел пайдасы.
Толып жатқан көп егіс,
Көк судың еңсіз даласы.

Онан соң бірге Қараөзек,
Диқандары тіпті көп.
Тереңөзек, Жалаңаш —
Сулары жатыр екпіндеп.

Қармақшы, сонсоң Қазалы —
Солардың толық базары.
Дақылы жақсы әр жерде,
Көрмекке адамы ажарлы.

Аралский барасың,
Жан-жағыңа қарайсың,
Ағып жатқан суы жоқ,
Пісіп жатқан егін жоқ,
Қайран болып тұрасың.

Бұл заманда не мұңдық

Бұл заманда не мұңдық?
Ойлап тұрсақ, біз мұңдық.
Ойламаймыз жұмысты,
Алдымыздан бір күндік.
Жақсылықты білмесең,
Надандық қылсаң, біз көндік.
Бұ дүниеде не асыл —
Оқитұғын ілімің.
Ілім білсең, жақсылар,

Артылады білімің,
Оқусыз болсаң, азамат,
Жұртыңа болмас сенімің.

Бұ дүниеде кім жаман?
Ойлап тұрсам, мен жаман.
Өзіңде жоқ билігі,
Ықтиярсыз күн жаман.
Көктем кезде бұзылған,
Дарияда сең жаман.
Төртіншіде, сол жаман,
Егінсіз болсаң күн табан.
Он екі мүше кем болса,
Болады анық сол жаман.
Қанша жақсы болса да,
Перзентсіз болса, ер жаман.
Сұғанағы бар болса,
Сүйріктей таза қол жаман.
Қаз қонды жері бар болса,
Кең болғанмен, жол жаман,
Шықпай қалса жағасы,
Жібек те болса, тон жаман.
Айтқаныңды қылмаса,
Тудырсаң да ұл жаман.
Осындай теріп айтқанда,
Табылады мың жаман.
Соның бәрін айтпаған,
Емес пе анық мен жаман.
Ұлықсатсыз іс қылса,
Сатып алған құл жаман.
Олжалас болса аялға,
Пайда қылма олжадан.
Байқасаңыз, жақсылар,
Бесіктен тұлпар тумаған.
Нәсілсізден туғанмен,
Ата жолын қумаған.
Ешкі сиыр болмайды,
Оңбаған нәрсе — оңбаған.
Осы араға келтіріп,
Қанатын сөзім қомдаған.
Жақсыларым, дұға қыл,
Осыменен сөз тамам.

Бұрынғы өткен ерлердің
Аруағын қозғаған.
Өлгесін тілің тозады,
Қалмайды тілің тозбаған.

Бұл дүниеде не тәуір —
Бір туысқан шын бауыр.
Жақсы болса алғаның,
Болады анық сол тәуір.
Алғаның туса баланы,
Болады жақсы, тым тәуір.
Бөрінен де ойласаң,
Оқыған ғылым — бұл тәуір.
Тайға таңба басқандай,
Тар жеріңнен кең тәуір.
Қимасыңды сұрайды,
Жайды білмес жау тамыр.
Шөп шықпаған кең саздан,
Шалғынды болса, тау тәуір.
Ыңғайсыздан ыңғайлы,
Емес пе анық сол тәуір.
Біреу де болса артық қой,
Тоғызыңнан он тәуір.
Адасқанның алды жөн,
Адаспаса, жөн тәуір.
Өзің де ойлап білерсіз,
Сондай істе, әйтеуір,
Балаңа айтсаң насихат,
Тыңдамаса балаңыз,
Боласың анық мың жауыр.
Өткір болса пышағың,
Былғарыдан қын тәуір.
Қараңғы айсыз кешеден,
Бұлт та болса, күн тәуір.
Рақат қылып жатпаққа,
Жайсыз күннен түн тәуір.
Ақылсыз сұлу әйелден,
Жаман да болса ер тәуір.
Айтпасам да білер жұрт,
Тоғыз жүзден мың тәуір.

Бұ дүниеде не жақсы

Бұ дүниеде не жақсы?
Аз нәрседен көп жақсы.
Өнер-ғылым үйренген
Азамат жастар бек жақсы.
Көп оқыса ғылымды,
Қыз да болса, ол жақсы.
Піштіргенде мол шықса,
Бояқ та болса, тон жақсы.
Ойласаңыз, жақсылар,
Шамалыдан мол жақсы.
Асулы аңғар қиядан,
Қисық та болса, жол жақсы.
Тартылмаған бидайдан,
Жемек үшін ұн жақсы.
Пайдасы жоқ жібектен,
Қолда тұрған жүн жақсы.
Бабыменен иірсе,
Мақта да болар тым жақсы.
Ақылы көп, ашусыз
Адам да анық ол жақсы.
Он саусағы бар болса,
Қисық та болса, қол жақсы.
Қар, жаңбырдың кезінде,
Алты қанат ақ үйден
Төрт бұрышты там жақсы.
Қорғасынға салмаңыз,
Болатты кескен алмасты.
Шаруа халқы сөз қылар
Құйқалы қойдан жамбасты.
Тұлпар болса тағлымды,
Бір шабыстан танбас-ты.
Өткінші жауын болады
Бұрқылдақ жерге шаңбасты.
Өтірік сөзге еш адам,
Айтсаң дағы нанбас-ты.
Шелекпенен су ішкен —
Тостағанға қанбас-ты.
Ойнастан туған тілазар,
Жұмсағанға бармас-ты.
Көп дұғасы көбейтер

Өмірінде оңбасты.
Жақсыларым, дұға қыл,
Сіздерге қойдым ықыласты.

Азаматтар, не мақұл?
Қарайтұғын көз мақұл.
Атлас, шайы жоқ болса,
Нашар да болса, бөз мақұл.
Ретін тауып сөйлесе,
Аз да болса сөз мақұл.
Қисық ағаш түзерге
Бұзылмаған тез мақұл.
Суы ащы теңізден
Тұщы бұлақ жүз мақұл.
Ақылы жоқ кемпірден,
Сегіз жасар ақылды
Жас та болса, қыз мақұл.
Тағы да және не мақұл?
Жаритын күнге от мақұл.
Өткір болса кетпеннен
Кіші де болса шот мақұл.
Пайымы жоқ шалдардан
Баланы айттық деп мақұл.
Білімді шалдар жігіттен,
Ойласаңыз, көп мақұл.
Төрт те, бес те қарадан,
Ойласаңыз, топ мақұл.
Бұлардан басқа не мақұл?
Жатып тұрар үй мақұл.
Әділ болса жұртына,
Ынсабы бар би мақұл.
Қауғадай үлкен бастардан,
Бір жапырақ ми мақұл.
Ауылы бір атаңнан,
Бала да болса сый мақұл.
Құйымшағы сорайған
Ешкілерден қой мақұл.
Ақылсыз дене ажардан,
Аз да болса ой мақұл.
Енді тағы не мақұл?
Жетімдерге қарасқан,
Емес пе анық сол мақұл.
Өтіріктен рас сөз,

Ойласаңыз, он мақұл.
Білмегенге жөн айтсаң,
Басқалардан бұл мақұл.
Қадірің болса басыңда,
Болады жақсы ол мақұл.

Бұл дүниеде не дұрыс?
Сөйлейтұғын тіл дұрыс.
Талпындырып қолға алып,
Сүйетұғын ұл дұрыс.
Баланы тапқан шешесі,
Тәуір болса, сол дұрыс.
Қылмаған зорлық, қиянат,
Бәрінен де ол дұрыс.
Алты мың қылған зорлықтан
Он қисса артық бір дұрыс.
Жамандықтан жақсылық,
Ойласаңыз, тым дұрыс.
Бір миллион шатақтан,
Өзіме жақсы он дұрыс.
Мезгілімен бұзылған
Дарияда сең дұрыс.
Ер ішінде жатады
Жақсы-жаман мың жұмыс.
Жаманның сыймас ішіне,
Аз да болса бір жұмыс.
Абайламай сөйлесең,
Жолығады кедергі іс.
Өлімменен барабар
Ер жігітке мүдіріс.

Қандай нәрсе ыңғайлы?
Ғылым, өнер ыңғайлы.
Онан соңғы жерінде
Дәулетің болса, ыңғайлы.
Бірінші дәулет — өнер біл,
Сонда болар ыңғайлы.
Туысқаның көп болса,
Тәуір болар ыңғайлы.
Қадірің болса басыңда,
Дәулетің сол ыңғайлы.
Бір миллион ақшадан,
Жанкүйер досың ыңғайлы.

Бекер жүрген кезіңнен,
Тіршілік қылсаң, ыңғайлы.
Өтірік айтып жүргеннен —
Жөн сөйлеуің ыңғайлы.
Реті жоқ мың сөзіңнен —
Жайлы бір сөз ыңғайлы.
Ыңғайсыз сөзді сөйлесең,
Тап-таза басты былғайды.
Ойыңа түссе бір жұмыс,
Істемесең, тынбайды.
Жанашырың болмаса,
Тапсырған жұмыс оңбайды.
Өз көзіңмен көрмесең,
Кісі айтқаны болмайды.
Кісі айтқаны болса да,
Көңілің анық толмайды.
Ақылы жоқ наданға
Айтқанмен сөзің қонбайды.
Бір залыммен дос болсаң,
Көз алдыңда алдайды.
Ауру қалар деген бар,
Әдет, сірә, қалмайды.

Болады тәуір не болса?
Алған жарың тең болса.
Үлгі тәуір, жақсылар,
Пейіліңіз кең болса.
Бабына келіп, шабады,
Арғымаққа жем болса.
Қораға үрмес төбетің,
Асырауы кем болса.
Анық ғаріп, мүсәпір,
Басында қадірі кем болса.

Не нәрсе мін болады?
Ойға салсам, болады.
Ойламасаң, жақсылар,
Ақыры жаман болады.
Ақылдының басына
Дәулет қоса қонады.
Тамам қылдым бұл сөзді,
Осыменен тұрады.

* * *

Аз ойлаған алысқа болмас жолдас,
Татқан тұзға қас ойлап жігіт оңбас.
Қызығы бұл дүниенің тіршілікпен,
Саясы жоқ дараққа бұлбұл қонбас.

Ер жігіт жолға жүрер жолдаспенен,
Қасқыр жолдас бола ма жолбарыспен?
Жаманның кесапаты деген сөз бар,
Бас қоспаңыз ақылы болмаспенен.

Жамандық жасырынбас көмгенменен,
Жақсыға мұрат асыл ергенменен.
Жаман жақсы болмайды еш уақытта,
Қолыңнан миллион мал бергенменен.

Он жаста тай үйретіп, міндім құнан,
Бата алдым тіл қайтармай ата-анадан.
«Не айтсам да тіл қайтармай барады», — деп,
Деуші еді: «Адам болар осы балам».

Ат мініп жиырмада, кидім киім,
Түсірдім атын ұстап хан мен бидің.
Көрінсе елде сұлу өзімсініп,
Келмейді екі айналып жігіттігім.

Отызда төрде отырып айттым билік,
Қыпшаққа үкім қылдым бес мың үйлік.
«Пәленше тура қызмет қылады» деп,
Шен алып, патшадан шекпен кідік.

Адамға жаман екен тіл менен көз,
Өсекші халық ішінде жүгірер сөз.
Тарылып қайта біткен шекпенге ұқсас,
Бір заман штат деген жолықты кез.

Елумен қабат келді жанға тәртіп,
Алашта кім бар еді менен артық?
Жұрт үшін бала қамын айтамын деп,
Азырақ аяғыма түсті сарық.

Деуші еді кеткен арттан, келген алдан,
Қауімі көп қайтеді деп заманадан.
Жастағы әрбір қылық ойға түсіп,
Көз көрген замандасты сағынамын.

Бір күнде күнә қылдым желіп, жортып,
Қартайып, тәуба қылдым Ақтан қорқып.
Айналып бір түбекке жатып алдым,
Киіктей оқыралаған орғып-орғып.

Құлаған сол құдыққа болдым құлан,
Барымен өзі қылса Ақ Тағалам.
Бұл дүние бірде олай, бірде бұлай,
Құдайым тура қаһарын салмасын-ай.

Құдайым келсе қаһары жоқ қылады,
Жандырып жалынымен шоқ қылады.
Бес-он күн дүниеге мақтандырып,
Апарып күнәлі қып, отқа ұрады.

Құдайым кей пендені жаратты мол,
Кітаптан жетік молда таниды жол.
Ғазиздар бұрынғы өткен қалай өтті,
Солардың не бұйырғаны жолында бұл.

Пенденің сыры мәлім бір Құдайға,
Құрмет артық Жаратқан Мұстапаға¹.
Дүниеде пенделерге үмбет болған,
Билік жоқ қияметте өз басында.

Қызығы дүниенің Мекке бармақ,
Құдайым көрсе қабыл, сауап алмақ.
Қысқа жіп күрмеуіме келмеген соң,
Жібекті ұзартамыз кендір жамап.

Әуелі Сыддық түзетті ықыласты,
Омардың әділеті халықтан асты.
Оспан Құран түзетпекке молда алып,
Әлемнің Әли Хайдар дінін ашты.

¹ Мұстапа /а/ — таңдаулы, Мұхаммед (с.ә.с) пайғамбарға берілген есім.

Үш жүзге билік айттым қырық жасымда,
Ылайық болып еді мал басыма.
Мырзалық, бақыт, дәулет бірдей қонса,
Берер едім қайыр, зекет ізгілерше.
Бас тартып тұрар ма едім мырзалықтан,
Ғаріптер есігіме жылап келсе.

Біреудің ақылы көп, дүниесі салық,
Ол малдан киім киіп, ішпес тамақ.
Ұстауға дүние бітсе, ақылым көп,
Дүниені тұтпағанмен, қылмас талақ.
Дүниенің бимін деген билері де өткен,
Айласын бұл жалғанның білдім деген.
Біз түгіл Әли арыстан шері де өткен,
Исламның қылышын шауып, қамын жеген.

Дүние мынау жалған, бәрі бекер,
Пендеге бекерлігі балдай шекер.
Келгенде тура құрық болмайды екен,
Басына пайдасы жоқ қырық мың нөкер.

Ер көрмей бала тапты Мәриям анам,
Тудырған тастан түйіп Алла тағалам.
Дәуіттің отыз ұлын бір демде алған,
Сонан соң Сүлеймен патша болған.

Табады құс та бала жерге салып,
Бұйрықтан қай жануар тұр кейін қалып.
Жігіттер, ораза тұт, намаз оқы,
Азбассың мұны қылсаң тілімді алып.

Айтамын Құдайдан соң Мұхаммедім,
Мұхаммед жеті жаста қалды жетім.
Өзіне өз пендесін қимай тұрған,
Пенденің қарасайшы үкіметін.

Дүние тозбайтұғын бір кең сарай,
Өткерген бізден бұрын жанды талай.
Бір күні наның бітіп, күнің толса,
Кетесің сапар етіп сен де солай.

* * *

Бұлбұл сайрар шеменде,
Шеменде емес, шеңгелде.
Бұлбұлдың бәрі жүзімдей,
Талапты ерге нұр жауар,
«Раббым¹ Алла» дегенде,
Қурай атты қу жылан,
Кеудеңе аттай мінгенде.
Мәңкүр-Нәңкүр² періште
«Мән Раббың?³» деп сұрағанда,
Үмбетім деп есіңе ал,
Алланың досы Мұхаммед,
Етпе сонда шерменде.
Сескенеді ғаріп жан,
Қожа, молда жиылып,
Жеті тозақ алдында,
Тұтанып жатыр дегенде,
Жер бауыры солқылдар,
Қас бір тұлпар желгенде.
Тіріде мұндай зарлаймыз,
Өлгенде неғып жатамыз,
Топырақ салып көмгенде.

* * *

Арқадан ауған бір құлан,
Басына қиын іс түссе,
Қияның тасын ықтайды.
Жақсы болса ер жігіт,
Ағаның тілін жықпайды.
Ауғанменен дос болма,
Сыпайыменен қас болма.
Ауғанменен дос болып,
Сыпайыменен қас болып,
Алдына барсаң бір күні,
Қаттырақ жаншып нықтайды.

¹ Раббы /а/ – Жаратушы.

² Мәңкүр-Нәңкүр — о дүниеде адамнан сұрақ-жауап алатын періштелер.

³ Мән Раббың? — Раббың кім?.

Су ағады сайменен,
Жанады шырақ майменен.
Екі жақсы бас қосса,
Күн қосылады Айменен.
Екі жаман бас қосса,
Өтеді күні үйменен.
Су қыдырдық сеңменен,
Бекіттік салды талменен.
Арғымақ ат жүгірер,
Өкпе-бауыр, жалменен.
Жүктің көркі нарменен,
Жігіттің көркі малменен.
Ойнасаң ойының қанбайды,
Жауырын жазық, мойны кез,
Қаса құмар жанменен.

* * *

Құдайым неше түрлі жан жаратқан,
Адамды топырақтан, шайтанды оттан.
Адамды дүниеде артық қылып,
Білімін көп қылыпты әрбір заттан.

Дүниеде адамзатты ғалым етті,
Суретін Мұхаммедтің нұрдан етті.
Зар жылап, «үмбетім» деп дұға қылып,
Күнәсін үмбетінің тілеп өтті.

Жар болған Мұхаммедке төрт шаһарияр¹,
Бұл сөзді, үмбет болсаң, тыңдаңыздар.
Отыз күн ораза тұт, оқы намаз,
Қарсы боп шарифатқа тұрмаңыздар.

Хауа ана мен сөйлеймін Ауатадан,
Адамзат өсіп-өнер жас баладан.
Болса да өзге өтірік, өлім — рас,
Тәуба қыл өлмей тұрып ту анадан.

Балада ата-ананың хақы зор-ды,
Кей пенде сопы болып, сорын сорды.
Әуеде ұшып жүрген құс құтылмас,
Алдыңда өлім деген жайған тор-ды.

¹ Шаһарияр — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбу Бәкір, Омар, Оспан, Әли.

Шалқыған көлге қу қонар

Шалқыған көлге қу қонар,
Қанатын қағып дүрлеген.
Көл панасы — сары қамыс,
Жел соқса, басы гулеген.
Қорыған оны тал-терек,
Адам басып жүрмеген.
Аспаннан боран бораса,
Ішіне ұйтқып кірмеген.
Құс төресі — бидайық,
Басқаны көзге ілмеген.
Бақытты ерлер туыпты,
Халықтың қамын көздеген.
Қиямет қиын күн туса,
Елінен қашып безбеген.
Ер нәсібі болжаусыз,
Келеді түрлі жолменен.
Жомарт болса батырың,
Таратады өзі қолменен.
Алақандай аралда
Кімдер бар бізді білмеген?
Еділ, Жайық — екі су,
Бойы бар ма желмеген?
Құйысы оның көк теңіз,
Құбыладағы көлденең.

Сол сулардың арасы —
О дағы біздің жүрген жер,
Көтеріп көңіл демдеген.
Кімдерде жоқ туысқан
Таралғы тартып бермеген.
Күндіз дос та, түнде қас,
Бір-біріне сенбеген.
Мінеки, бұлар дос емес,
Тек алдайды сөзбенен.
Тарыққанда қысылып,
Жанын берген кеудеден.
Асылы ердің байқаулы
Басы менен көзінен.
Бәрінен бізге сол жақсы —
Көрген сайын шөлдеген.

Егер қолда болмаса,
Сол жақсының ізі артық
Басып кеткен өңгеден.
Дүние, шіркін, желқайық,
Піскен алма, бидайық.
Жан болғасын жаралып,
Кім тумаған қол жайып?
Үлкен-кіші болсақ та,
Жасым бір келді ұлғайып.
Сөйтіп бір жүрген пендемін,
Жалғанға қалай ұнайын?
Айт дегесін жақсылар,
Айтпай кету бізге айып.
Шежіре шешен біз емес,
Жоқты барға жалғайық.
Сағынғаным сендерсің,
Тарыққан күні мұңайып.
Сол адамым кездесті,
Айтпай неғып шыдайын?
Еділдің суын ел бөгер,
Су екпінін жел бөгер.
Айтып-айтып келгенде,
Ер жігітті шер бөгер.
Дүние шіркін дөңгелек,
Біреуге біреу кез келер.
Торда отырған сұңқарға
Қайдан да болса жел келер.
Екі жақсы қосылса,
Бір-біріне тең келер.
Бақытты туған жігіттің
Көлденеңі оң келер.
Жақсы, жаман болса да,
Жалғыз жанға бір зауал,
Алдынан терең ор келер.
Сөйлейінші деп едім,
Көкірегімде жел болса.
Қолымды создым биікке,
Жақынын тартар ер болса.
Жапанда тұрып бәйтерек
Мың санға жетер панасы,
Ызғырып соққан жел болса.
Айналасы жай қоныс,

Жалтырап қатқан мұз болса.
Атадан қалған асыл ер
Соныменен пара-пар,
Етегі, жеңі кең болса.
Кімге тимес панасы
Терезесі ғаділ, тең болса.
Мұны естіген жақсылар,
Тыңдасын да сынасын,
Айтқан сөзім жөн болса.

Таудың сәні болар ма,
Төскейден төмен ну болмай.
Тал менен қайың, қарағай,
Айнала біткен гүл болмай.
Айырдан туған аруана
Қолдауын басқан қол болмас,
Тұлпардан туған сайгүлік
Омырауы кең болмай.
Жігіттің даңқы шыға ма,
Көкірегінде жел болмай.
Ашынып ешкім сөйлемес,
Тарыққан күнге кез болмай.
Ер жігітке бақ қонса,
Аяғын басар шіреніп.
Жапырағы толқиды,
Қарағай, талға сүйеніп.
Сүйенерің жоқ болса,
Жатып та жаның зарлайды,
Айналасын кезеніп.
Томаға ал да, ту ұста,
Ер бақыты артпай ма,
Алдына қарай жөнеліп.
Айтқаным босқа кетпейді,
Тыңдалса сөзім еленіп.
Домаланған тұлпар ат
Еркін де жүріп жалданса,
Елінде жүріп ер жігіт
Ағайынға назданса.
Арманы жоқ солардың,
Тең құрбыға мақтанса.
Талдап шешіп шешендер
Мұның бір түбін ойласа.

Ақылым алтау, ой жетеу,
Себебі сонан болмаса.
Сөйледім сөзді нұсқадан,
Айыптамас жақсы адам.
Тоқтамаған көңіл бар,
Қайыра бердім қысқадан.
Көкірек шіркін талпынды,
Кім болсын бізді қыстаған.
Сөзімді, сірә, шектемес,
Ақылды, есті, милы адам.
«Мылжың» деп айтар талайлар
Көңіліне қонбаған.
Шек келтіріп сөзіме,
Күлетіндер бар шығар,
Бар ғой ондай оңбаған.
Ақылсыз жанға сөзім жоқ,
Ал мен болсам қыранмын
Қанатын әркез қомдаған.

* * *

Жұрттан озған ғұлама,
Наданменен тең болар
Кітабынан айрылса.
Дәуіт соққан ақ сүңгі
Көсеуменен тең болар.
Ұңғылықтан қайрылса,
Есікте жүрген құлмен тең.
Өлімнің бір күн жастығы,
Басына келіп қойылса.
Жұлдыздай болмас жарығы,
Ай тұтылып, жар тайса.
Бақа-шаян жайлайды,
Көл суалып, ортайса.
Жаманға күнің қалады,
Асылзат ерден мал тайса.
Қараша көзін шұқиды,
Алтын тақтан хан тайса.
Бір қарауға мұң болар,
Қара көзден нұр тайса.
Ауылың қиқу, күнде шу,
Ер дұшпаның марқайса.


Есекпенен тең болар,
Арғымақ аттан жал тайса.
Бәрінен де, жігіттер,
Имансыз кеткен сол жаман.

Қартайған ерлер қамықса,
Дәуірдің бастан өткені.
Ел есебін табады,
Көтерген жігіт өкпені.
Ер қырсыққа шалынса,
Ем болмайды еткені.
Бұқараның қамы үшін,
Әулие, ишан, пірлердің
Көзінің жасын төккені.
Тарыққанда қасыңда
Сүйейтін досың болмаса,
Кеменің құмға шөккені.
Ерлерді бекер деменіз,
Сабырлықпен тоқтаған.
Байлар бекер деменіз,
Пақыр, міскін жақтаған.
Сұрап келсе мүсәпір,
Қайтарып бетін қақпаған.
Билердің қақы елде көп,
Тура ұстап, халқын сатпаған.

Бұрыннан қалған мақал бар:
Мезгілсіз таң атпаған,
Уақытсыз күн батпаған.
Қашқанменен құтылмас.
Ажал, өлім шәрбатын
Неше жаңдар татпаған.
Ажал қолын тартпаса,
Өлімді пенде жақтамас.
Жазатайым шалынса,
Жақсыны жаман жақтамас.
Есекпенен бір қойсаң,
Асыл жүйрік оттамас.
Өлген бөрі үстінен
Ит жиналып аттамас.
Шын асылмен дос болсаң,
Сыртыңнан жүріп даттамас.


Дүние үшін түк демес,
Қарғысын айтқан көктемес.
Сұлулықтан пайда жоқ,
Бұралған назы болмаса.
Молдалықтан пайда жоқ,
Көкіректе ашылған,
Ғылымның көзі болмаса.
Хакімдіктен пайда жоқ,
Залымдарды түзеткен,
Әділдік тезі болмаса.
Шешендіктен пайда жоқ,
Артында сөзі қалмаса.
Сопылықтан пайда жоқ,
Пір риза болмаса.
Көп жаңбырдан пайда жоқ,
Шалқыған шалғын көк өсіп,
Жадырап жазы болмаса.
Көп ерліктен пайда жоқ,
Ағайынды жау алса,
Қасында өзі болмаса.
Қозы жауырын қу жебе
Тұрғанмен қолда не пайда,
Тартатын кезі болмаса.

Өзен, дария, теңізден
Мінсең қайық өтерсің.
Жолдас болсаң жақсыға,
Мәртебеге жетерсің.
Жолдас болса жаманмен,
Бармағыңды әр жерде
Тістей-тістей кетерсің.
Жақсы адамның белгісі —
Иман, ислам қалыпты,
Жүзі жұмсақ, сынық-ты.
Заман ақыр болғанда,
Шеттен келіп жан алмас,
Жақының салар бүлікті.
Ақылы жоқ жақыннан
Ақылды дұшпан жуық-ты.
Жаман болса жақының
Дұшпаныңменен бірігіп,
Мойныңа салар құрықты.



Терме.

Орталық ғылыми кітапхананың
сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (1374-бума)



Қапалықпен ойланып.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
қолжазба қоры (893-бума)



Әуен.
Суретші М. Лизогуб

ӘН ӨЛЕН

Ән өлең — елдің әр кезеңдердегі өмір-тіршілігін, рухани болмысын, жастар арасындағы ғашықтық, сүйіспеншілікті бейнелейтін халық өлеңдерінің бір түрі. Әнге қосып айтылатындай күйлі, сазды болып келеді. Оның көркемдігі, ой тереңдігі басым және кез келген ән белгілі бір оқиғаға құрылады. Жас ұрпақтың мәдени-эстетикалық танымының қалыптасуына қолайлы мүмкіндіктер береді. Ән өлеңдердің бастапқы авторлары болғанымен, ұрпақтан ұрпаққа ауысу барысында бірте-бірте есімдері ұмытылған. Ауызша таралу үрдісінде ән мәтіндері түрлі өзгерістерге түсіп, толығып, жетіліп отырған. Олардың композициялық құрылымы ықшам, айтуға ыңғайлы, тілі көркем. Әуелгі мазмұнында алғашқы автордың, болмаса кейінгі жекелеген жеткізушілердің басынан кешкен оқиғасы, тағдыр-талайы арқау болып, уақыт кеңістігінде әнші-орындаушылар арқылы халықтық сипат алады. Сөйтіп, әнге деген сұраныстың ұлғаюы, соның негізінде таралу аясының кеңеюі — оларды көпнұсқалық деңгейге көтереді.

Ән өлеңде халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы мен өмірі, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік қатынастары, жалпы ұлттық болмысы көркем көрініс тапқан. Қазақ халқының рухани жан дүниесі ән өнері арқылы шебер бейнеленген.

Кеңестік кезеңде ән өлеңдерінің жиналып, зерттелуіне академик А. Жұбанов, А.В. Затаевич, Д.Д. Мацуцин, М. Төлебаев, М. Ахметова т.б. ғалымдар мен өнер қайраткерлері елеулі еңбек сіңіргі.

Антологияға Арқа, Жетісу, Батыс әншілік мектептерінің бұрын айтылмаған, жарық көрмеген ән үлгілері ноталарымен берілді. Сондай-ақ Ғ. Құрманғалиевтің, Б.Г. Ерзаковичтің қорларының, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы Орынбор (1963), Қостанай-Орынбор (1965), Шығыс Қазақстан (1971), Маңғыстау (1987) экспедицияларының т.б. материалдары пайдаланылды. Қолжазба нұсқалары, әр жылдарда жарияланған үлгілері салыстырылып, текстологиялық тұрғыдан сараланды.



Аги, қалқаш, Қазиза-ай

Дәйім менің мінгенім мұз көк ала-ай,
Сала алмас осы әнге өзге бала аги-гай.
Қыл өтпес арамыздан тату едік,
Арадағы айрылдық сөзге бола, аги-гай.

Қайырмасы:

Аги-аги-аги-гай,
Аги, қалқаш, Қазиза-ай.

Бір қамшым бар қолымда бұйра сапты-ай,
Сол қамшым бұйра сапты жұртта қапты, аги-гай.
Қыл өтпес арамыздан тату едік,
Қызыл тіл арадағы бұра сапты, аги-гай.

Қайырмасы.

Агугай, Жамал-ай

Дауысың бұлбұл болғанда, өзің бір гүл,
ахахау,
Он бестегі толған ай кезің бір бұл, айдай,
агугай, Жамал-ай.

Қайырмасы:

Жаным, саған не амал-ай,
Бірге жүрер заман-ай.

Тал бойында тарыдай бір мін жоқ,
Тас бұлақтай дауысың шыққан сыңғыр, айдай.

Қайырмасы.

Үйректің өрге жүзер қасқалдағы,
Көпірдің солқылдайды басқан жағы.

Қайырмасы.

Бағаңа бағаласам жан жетпейді,
Секілді Шолпан жұлдыз аспандағы.

Қайырмасы.

Ай, көке

Сырымбет биік адыр қатар кезең,
Жарысып таудан құлай аққан өзен.
Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны,
Көгорай қайың мен тал бәрі де әсем.

Қайырмасы:

Ай-ай көке, үридай,
Қалқаш-ай, үридай, үридай.

Мөп-мөлдір сынап құсар бұлақ аққан,
Маңында үш түрлі көл шалқып жатқан.
Топырағы бейне мақпал егінге жай,
Шырайы әдемі жер күліп жатқан.

Қайырмасы.

Ақ Жәмилә

Қолыма қалам алып, жаздым хатқа,
Жақсының жетер зейіні ишаратқа.
Жаманға бір сөз айтсаң, желмен кетер,
Аз сөзім көпке бірдей асылзатқа.

Жан-жаннан жатырқамай биік қармап,
Ойнайық әзіл сөзді тілмен жалғап.
Ақылды Ақ Жәмилә мінезі бар,
Жіберер сүймегенін сөзбен алдап.

Ақтотым

Дүние, ойлап тұрсаң, бір кең сарай,
Жан етіп кетті бұрын, Ақтотым, неше талай.
Жақсылар жаманменен өтіп жатыр,
Бір күні жөнелерміз, Ақтотым, солай қарай.

Қайырмасы:

Ахау, жалған,
Бұл жастық екі айналып, дариға-ау,
Келмес саған.

Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер,
Жүйрік ат өрге салсаң, Ақтотым, өршеленер.
Кезінде қызғалдақтай қимылдап қал,
Шырағың мың күн жанған, Ақтотым, бір күн сөнер.

Алты құлаш

Жайықтан ары өтейін, бері өтейін,
Тор бесті ат екі өткенде терлетейін.
Есіме сен түскенде-еу, беу, бауырым,
Көңілді айтып өлең делбетейін.

Қараймын қарайғанға қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын шабам ба деп.
Сұраймын келген-кеткен кісілерден,
"Бауырым шетте жүрген аман ба?" деп.

Алшаңгер

Үйірі қысырақтың құла дөнен,
Қайырып түлкі соқтым құла дөңнен.
Қара өлең оннан салып төңкерейін,
Болып па бұ да бұйым өлең деген.

Қайырмасы:

Алшаңгер,
Қырымпазым-ой.

Дүние-ай өтті-ау күнім,
Сайрай гөр өтпей тұрып,
Қызыл тілім.

Шашағы шашбауымның шал құрықтай,
Оң қолым судан шыққан ақ борықтай.
Итіңді салып бестен мен айтайын,
Қадалған құбыладан ызғырықтай.

Қайырмасы.

Арман-ай

Жайық бойын жағалай бітер ағаш,
Ұя салар басына көп қарлығаш.

Қайырмасы:

Арман-ай,
Шақырсаң да барман-ай.
Қалған бір көңіл, қалған-ай.

Көрмегелі көп айдың болды көп күн,
Сәлемет-сау жүр ме екен қиылған қас.

Қайырмасы.

Айт дегенде өлеңді не дейді екен,
Ақын қыздар рамазан кенейді екен.
Айт дегенде өлеңді қоя берсең,
Жақсылардың о-дағы мерейі екен.

Қайырмасы.

Домбыраның бір күйі пернесінде,
Іркілейін жел сөздің мен несіне.
Күлелік те ойналық тіршілікте,
Өткен өмір мен кепіл келмесіне.

Қайырмасы.

Асылзат

Ойламай сағат сені тұра алмаймын, Асылзат.
Мойнымды басқа жанға бұра алмаймын, Асылзат.
Ойланшы өзің.

Айрылып шыныменен қалғаным ба, Асылзат?
Қалайша ауылыңа бара алмаймын, Асылзат?
Ойланшы өзің.

Деуші едім жастан сені маған серік, Асылзат,
Аққудай аппақ шырай біткен көрік, Асылзат.
Ойланшы өзің.

Керілген кер маралдай кербезім-ай, Асылзат,
Күн барма көңлім тынар сені көріп, Асылзат.
Ойланшы өзің.

Ахау мүрлен, тоғыз бүрлен

Біздерге бұйым емес өлең-ай боқ,
Қашаннан қара өлеңге мейірім жоқ.
Жақсылар, халық билік айт дегенде,
Бір тілім, екі жағым тақайыр жоқ.

Қайырмасы:

Ахау мүрлен,
Тоғыз түрлен,
Әнімді салып жүрген,
Жазып үйрен.

Қамысқа балапаннан бітер сүйрік,
Алладан кім өлмейді жетсе бұйрық.
Несіне айтар сөзге іркілейін,
Атадан болып тұлпар тудым жүйрік.

Қайырмасы.

Әлеужан

Қамысы Атырау көлдің жар болғанда,
Дауыстап атыңды айттым зар болғанда.
Алыста еске түссе, бейуақытта,
Атадым атыңды айтып зар болғанда.

Жылқыма айғыр салдым аққұладан,
Барады бастан дәурен шапқылаған.
Келсе де жас отызға осы-ай күні,
Әлде де дәмеміз бар аққұбадан.

Ән салсам

Жігітпін бұл алқаның еркесіндей,
Қияның қыран түскен түлкісіндей.
Қайырсаң ән аяғын мендей қайыр,
Сылқылдап сұлу қыздың күлкісіндей.

Ән салсам ертеңнен кеш жалықпаймын,
Даусымды тоқсан түрлеп анықтаймын.
Күледі "кәрісің" деп қыз-келіншек,
Мен оған күлді екен деп жабықпаймын.

Ән қосам аспандағы бозторғайға,
Қойсайшы бір айқайлап «Құрбым қайда?»
Жиылған қыз, бозбала мәжіліс екен,
Өнерді көрсетейін осындайда.

Балқурай

Домбырам екі ішекті қолға алайын,
Қайырып он екі алуан ән салайын.
"Нұр жауар талапты ерге" деген сөз бар,
Мен неге бұл талаптан құр қалайын?

Қайырмасы:

Домбырам басы балқурай,
Басына қонар бозторғай.
Арпа ішінде бір бидай,
Теріп жейді көп торғай.

Домбырам екі ішекті, мойны ырғай,
Тартқанда бес саусағым кетер зырлай.
Құрбылар, жастық шақта ойна да күл,
Бұл дәурен кетері анық бір күн тұрмай.

Бинау-ай

Айта бар барсаң сәлем есіне алсын,
Ақ кербез есіне алса, қасына алсын.

Қайырмасы:
Бинау-ай.

Жібектің түйініндей бір сөз айттым,
Көрсетпей еш адамға шешіп алсын.

Қайырмасы.

Әуеде ұшқан құстың бауыры күйсін,
Айта бар Аққыланға жалғыз жүрсін.
Егерде жалғыз жүрмей, екеу жүрсе,
Болармыз біз де екеу, өзі білсін.

Қайырмасы.

Гүлдарай

Гүлдараймен қыз белін қынайтуғын,
Малға кетіп, қыз сорлы жылайтуғын,
Гүлдарай!

Аузы қисық болса да малым бар деп,
Бай баласы аруды сұрайтуғын,
Гүлдарай!

Мен де бірі жылаған көп әйелдің,
Қашан ғана өзгерер ғұрпы елдің,
Гүлдарай!

Жатқа малша сатылып кетіп барам,
Тек бұйырсын топырағы туған жердің,
Гүлдарай!

Ғашық жарға

Уа, шіркін, ғашықтықпен көңілде арман,
Жетем деп мақсатыма көңілге алған.
Жас жүрек көтеріліп, қылмас тұрақ,
Келер деп қашан хабар ғашық жардан.

Жан сәулем, бақшадағы сен қызыл гүл,
Сайраған бір сен үшін мен бір бұлбұл.
Жасымнан бірге өскен сұңқар едік,
Сөзің бал болар ма екен сайрашы, тіл.

Қазалыда бір қыз жүр

Қазалыда бір қыз жүр сәуленген,
Көрген жігіт сәулені әуреленген.

Қайырмасы:

Беу-беу Бақилай,
Аха-хау,
Әдемі қыз, Халима-ай.

Сәулежанның кигені ноғай бешпент,
Желді күні етегі дөңгеленген.

Қайырмасы:

Беу-беу Бақилай,
Аха-хау,
Тез келсейші, Халима-ай.

Қазалыда бір қыз жүр қасын керіп,
Ән салғанда жүрсейші қасыма еріп.
Сататұғын байлардың аты болсаң,
Алар ем қос жорғаның бәсін беріп.

Қай дөңге

Қай дөңге, құба дөңге, мына дөңге,
Көзден кетсе, көңілге болады өзге.
Дұшпан жалған айтады дос боп жүріп,
Өзің көзің жетпесе, сірә, сенбе.

Қай беткей, ана беткей, мына беткей,
Ер жігітке мал қайда талап етпей.
Күреңді күпшек санды мінгеннен соң,
Аулыңды кеткен емен жанап өтпей.

Қара балық

Бір балық, су ішінде қара балық,
Дауысым шыға алмайды, а-әй, қараң қалып.
Азырақ алдарыңда ән салайын,
Қалмасам былтырғымнан, а-әй, биыл танып.

Дүние - қарап тұрсам, бір ағын су,
Қарасаң құлақ салып, шын уда-шу.
Тайсалмай қарсы келген қиындықтан,
Шыңдалып ерлікпенен қайғыңды жу.

Қарғалы

Басынан Қарғалының ел айрылған,
Қаршығам қазға салған тез айрылған.
Жалғанда қыздан сорлы жан бар ма екен,
Елінен өлі айрылмай, тірі айрылған.

Есіктің алды тоғайлы, қарағайлы,
Кесуге жас қарағай жарамайды.
Жасынан қыз сорлыны малға сатып,
Қыздарды жұрт балаға санамайды.

Майдақоңыр

Қарағым, айналайын, алтыным-ай,
Көргенде ақ жүзіңді балқыдым-ай.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің есен-аман, жарқыным-ай.

Ей, қалқа, ақ дидарың айдан аппақ,
Көрген жан кете алмайды айналақтап.
Аршын төс, алма мойын, қарағым-ай,
Қоямын көзің түгіл жайда мақтап.

Ой, сәулем

Айналайын, қарағым, құлыным-ай, ау,
Бауырыңда көп жаттым тығылып-ай, ой, сәулем.
Қош аман бол, ой, сәулем,
Көргенімше енді-ау мен.

Шыныменен шын көңіл маған берсең, ей,
Берсей шекер қолыңнан омырып-ай, ой, сәулем.
Қош, аман бол, ой, сәулем,
Көргенімше енді-ау мен.

Бешпентім бар үстімде-ей, тайға алғандай,
Кәдірім бар сәулемге ойға алғандай, ой, сәулем.
Қош, аман бол, ой, сәулем,
Көргенімше енді-ау мен.

Өз елімде мен жақсы болып жүрсем, ай,
Менің сәулем болады бәйге алғандай, ой, сәулем.
Қош, аман бол, ой, сәулем,
Көргенімше енді-ау мен.

Сақина

Ау!

Сақина аузыңдағы қалайы ма,
Деген соң бәрі күміс алайын да.
Өлеңді бір-екі ауыз айта салып,
Сақина аузыңдағы алайын ба?

Шырағым, бақыр берме, сақина бер,
Дүниядан ғапыл қалма, тоят ілмей.
Шешендер сандық ұстар, бұлбұл құс бар,
Бола ма бір дегеннен бәрі бірдей.

Шәй ішсем самаурынның шәйнегінен,
Қараймын ағаш үйдің әйнегінен.
Ішінде тоқсан қыздың толықсыған,
Танимын мен сәулемнің көйлегінен.

Сусар-ай

Ашылады-ау ақ көйлек сабындаса,
Несі құрбы құрбының сағынбаса.
Аңсап, шаршай әдейі іздеп келгенде,
Уәделі ол жерінен табылмаса.

Қайырмасы:

Сусар-ай,
Сусын берші, қыздар-ай.

Атым мінген астыма күрең қасқа,
Шеген салдым құдыққа құламасқа.
Кішкентайдан бірге өскен құрбым едің,
Сақинаңды беріп кет сағынбасқа.

Қайырмасы.

Халала

Ой қалқа, талпынушы ең бала құстай.
Аулыңа неше келдім ала қыстай.
Бір жаман мал бердім деп алар, кетер,
Тұйғыннан жем айырған қарақұстай.

Деген соң қара бедеу, қара бедеу,
Шығады күз болғанда ақша селеу.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Болғайсың ым қаққанда өзің медеу.

Халық әні

Аспанда ай нұрланар толған сайын,
Кей пәнде не демейді болған сайын.
Болғанда ашу — пышақ, ақыл — таяқ,
Таяғың таусылмай ма жонған сайын.

Жапанға бітер сайда бір бәйтерек,
Жігітке бітсе дәулет ақыл керек.
Өнерді үйрен дағы жирен деген,
Жамиғат қор болмайсың, болсаң зерек.

Қарлығаш

Қарлығаш балапанын жарға салған,
Жаңылып ат жорғасын қарға салған.
Кешегі жиырманың бар шағында
Біздерден құтылған жоқ бар қашаған.

Көрінген сонадайдан керуенші
О жаным, құшақтайын бері келші.
Айрылған сары майдың тортасындай,
Басар ма еді бауырыма ерігенше.

Қайран жалған!

Сонау алыс ауылда қалды-ау сүйген жар,
Аттанарда қош дей алмай болдым ғой зар.
Қайран жалған!
Кербаланың шөліндей құлазымын,
Кең деуші еді бұл дүние, не деген тар.
Қайран жалған!

Таңды атырсам шетіңе жетемін бе?
Құлагер ат аяңдайды жетегімде.
Қайран жалған!
Өзер тапқан Алаштан дегдарым-ай,
Ақ жүзіңді бір көре алмай кетемін бе?
Қайран жалған!

Көш асады қайқайып қарлы таудан,
Егей-егей ел едік біз нарды сауған.
Қайран жалған!
Айырды ма, шынымен, туған жерден,
Бота боздап, зарлаған ел, көшіп ауған.
Қайран жалған!

Сары алтын

Жаңақорған дегенде Жаңақорған,
Құтты болсын мерекең жаңа болған!
Сары алтын.
Есен-аман осындай жолыққанда,
Сүйген қалқам нұрына көңілім толған.
Сары алтын.

Атып алдым қоянды,
Атқан оғым боялды.
Осынау әнге салғанда,
Қыз-келіншек оянды.

Бір ағашта екі өрік,
Сәулем, саған мен серік.
Сен есіме түскенде,
Жүре алмаймын теңселіп.

Сары белден сарғайып таң атады,
Бидай өңді аққұба тіл қатады.
Сары алтын.
Жылдай таңға ер жігіт қалай жатар?
Сары майдай толықсып қыз жатады.
Сары алтын.

Атып алдым киікті,
Шын досымсың сүйікті.
Татулықпен өтейік,
Кездестірмей күйікті.

Бір ағашта екі алма,
Мен де алмайын, сен де алма.
Жақын жерде той болса,
Мен барғанда сен қалма.

Біздің ел

Біздің ел қайтушы еді Арқа жайлап,
Тепсең жер су шыққанда бие байлап.
Самаурын, саздың суы, сары қызыл шай,
Сәскеде келуші еді өзер қайнап.

Шыны аяқ, алтын кесе, мол дастархан,
Сұлулар құюшы еді көзі жайнап.
Есіме, қайран елім, сен түскенде,
Кетеді зығырданым қайнап-қайнап.

Маңғыстау құлазиды ел кеткен соң,
Тартады шөбі қуаң жер кепкен соң.
Сипатқан бәйге кердің шылбырындай,
Бұл дәурен екі-ай келмес бір кеткен соң.

Бөпем-ай

Ауылымның қонғаны жазық еді,
Көңілімнің ән-күйі, жазы еді.

Бөпем-ай,
Көкем-ай,
Қадірлісің, құрбым-ай,
Қадіріңе жетем бе-ай?!

Қол жетпес-ай жасымнан армандадым,
Әлденеге тағдырым жазып еді?

Бөпем-ай,
Көкем-ай,
Қадірлі едің, құрбым-ай,
Қадіріңе жетем бе-ай?!

Таулы жердің ағашы қара барқын,
Айналайын қалқатай, жүзің жарқын.

Бөпем-ай,
Көкем-ай,
Қадірлі едің, құрбым-ай,
Қадіріңе жетем бе-ай?!

Тал бойында тарыдай бір мінің жоқ,
Шыққан сөзің аузыңнан бәрі де алтын.

Барқыт бел

Тарбағатай үлкен тау - аса алмадым,
Жапырағын жайқалған баса алмадым,
Қайран ел.
Туған елден айырылу қиын екен,
Көздің жасын көл қылған тоса алмадым,
Қайран ел.

Тарбағатай біздің жер,
Толықсыған қайран ел.
Кімге қоныс боларсың,
Атамекен Барқыт бел?

Тарбағатай жайлауын асып жүрмін,
Көгорайлы шалғынын басып жүрмін,
Қайран ел.
Туған жерден айырылу қиын екен,
Отқа түскен инедей жасып жүрмін,
Қайран ел.

Қызыл гүл

Қиыннан қиын тасқа қияладым,
Сұңқардай биік шыңға ұяладым.
Көз тартқан қызыл гүлдей, сәулешім-ау,
Жүректен сағынышты жыр арнадым.

Ахау, қызыл гүлім!
Сен бұлбұлым.
Жүретін тамаша қып
Келді күнім.

Сенде бар ондай мінез елде жоқ па?
Ғашықтық махаббаты сенде жоқ па?
Сайрайсың мың құлпырып таңмен бірге,
Қонып ап тамылжытып біздің баққа.

Қарақия

Басынан қара қия қарға жүрер,
Шиқылдап қара жолмен арба жүрер.
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,
Кеудеде шықпаған жан зорға жүрер.

Әй, әй-әй-әй!
Әридәй-әридәй!
Кеудеде шықпаған жан зорға жүрер.

Басынан Қарақия құлағаным,
Барды ма құлағыңа жылағаным?
Барғанда құлағыңа жылағаным,
Құлындай қара бауыр сұлағаным.

Ақтолғай

Ар жағында дарияның тоғай, жыңғыл,
Ұшты торғай қолымнан бейне бұлбұл,
Ақтолғай!
Қара шылбыр қолға алып, аттандырдың,
Сонда шығып кетпеді жаны құрғыр,
Ақтолғай!

Барайын десем жер шалғай,
Сағынды ғой бұл құрбың,
Қонасың қашан сен қолға-ай?

Бір қаласы халықтың қалқандаған,
Байланса да боз жорға талқандаған.
Ақтолғай!
Сиса көйлек алдымнан шықты біреу,
Еркем екен қарасам алшаңдаған,
Ақтолғай!

Сұрмерген


Айтайын айт десеңдер өлеңімді,
Өлеңмен көрсетейін өнерімді.
Осындай жайды білер балаларға,
Өлеңмен тигізейін көмегімді.

Ахахау, сұрша мерген!
Көңілім шаттанасың мұнша неден?

Табылар айта берсең өлең шіркін,
Болса да кей жерінде қате кілтің.
Осындай кезі келіп, бас қосқанда,
Ашайын өлеңменен көңіл кілтін.

Ахахау, сұрша мерген!
Көңілім шаттанасың мұнша неден?

Ахахау, сұрмергенше,
Аман бол, абзал жандар, біз көргенше!





Қырық өтірік.
Суретші С. Романов

ӨТІРІК ӨЛЕҢ

Өтірік өлең — өмір құбылыстарын шындыққа жанаспайтындай етіп көрсететін өлең түрі. Өтірік өлеңдер аса қызықты, адам ақылына сыйымсыз сөздерге құрылады. Күнделікті бір-бірінен алшақ ұғымдар, ойға келе бермейтін іс-әрекеттер әдемі үйлесімін тауып, еріксіз күлкі туғырады. Мұнда өмір құбылысы мен адамның іс-әрекетін, айналасын бейнелеу құралдары көбіне әсірелеу арқылы көрсетіледі. Өтірік өлеңдерде қиялға мейлінше еркіндік берілген. Адамға жат мінез-құлықтар мен әдет-қылықтарды мазақ етумен бірге, өтірік өлеңдерде алдымен балалардың, тіпті ересек адамдардың да ой өрісін кеңейтетін фантазия, қиял элементтері басым болып келеді. Өтірік өлеңдердің көркемдік шарты — өтірікті жорта, шындықтай етіп баяндау, қиыспайтын ойдың қиюын келтіру. Көбіне күлкілі, қызықты сюжеттерге құрылады. Оқиғаны қиыннан қиыстыруды, түймедейді түйедей етіп, болмаса, керісінше, түйедей нәрсені түймедей етіп көрсетіп, адам айтса нанғысыз оқиғаларды ойлап табуды көздейді.

Өтірік өлеңдер халықтың көңіліне қонбаған жағымсыз қылықтарды әзіл-сықақпен сынап-шенеп, күлкі арқылы ойлантуға негізделеді. Бұл өлеңдер айырықша тапқырлықтың, өмір шындығын жақсы біле отырып, оны өзгертіп, қисынсыз түрге келтіріп айтуға шеберліктің белгісі ретінде бағаланған. Тек жағынан бұлар драмаға тән. Себебі олардың тыңдаушысы, айтушысы, сыншылары бар. Тыңдаушысы мен сыншысы халық болса, айтушылары — сөзге жүйрік, қу тілді тапқыр әзілкештер. Еліміздің әдеби қорларында сақталған қолжазба мұралардың арасында өтіріктің поэзиялық үлгілерінен өзге қара сөзбен айтылатын түрлері де кездеседі.

Өтірік өлеңнің болмыс-бітімі, жанрлық ерекшеліктері туралы І. Жансүгірұлы, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, М. Ғабдуллин, Ш. Ахметов, Т. Қожакеев, К. Матыжанов сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Антологияны баспаға дайындау барысында І. Жансүгірұлы, Н. Төреқұлов, Р. Мәзқожаев, И. Өкпенов, Ә. Жұматаев, Р. Тоқтарбаев, Қ. Қабылбаев, Ғ. Батталов, Д. Үрпекөв, Қ. Асылбаев, М. Тоқсанов сынды жинаушылардың әр жылдары жазып алып, қорларға тапсырған өтірік өлеңдердің іріктелген үлгілері алынды.



* * *

Шыбын мініп, шіркейді жетеледім,
Қырғи қылып көбелекті бөпеледім.
Асау қара бүргені ұстап мініп,
Көбелектің ауылын төтеледім.

Өтірік өлең айтып елге жақтым,
Құмырсқаны қайырып, қойдай бақтым.
Шегірткенің айғырын ұстап мініп,
Ауылын көбелектің зорға таптым.

Керегенің басында үрген бүйен,
Көтергенде босайды жүйе-жүйем.
Айт десең де айтпаймын өтірікті,
Көтере алмай жығылды атан түйем.

* * *

Айттым да өтірік өлең, желдеп кеттім,
Соңымнан көбелекке кел деп кеттім.
Асауын бөгелектің ұстап мініп,
Артыма бес қап бидай теңдеп кеттім.

Бөденемен қайырдым бөлтірікті,
Басына қарағайдың көл тұрыпты.
Өзгесі өтірік болса да, осыным шын,
Бір шалды шіркей теуіп өлтіріпті.

Бір қоянды міндім де, аспанға ұштым,
Екпініне шыдамай, жерге түстім.
Алты күндей ақ боран соғып еді,
Жалғыз құрай түбіне ас қып іштім.

Жүк артып инелікке, ерте көштім,
Шүйкелеп сары майдан арқан естім.
Мұртына шегірткенің ат арқандап,
Дегенде өлдім-талдым әрең шештім.

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,
Той қылып, мың масаны сонда сойдым.
Жүрегін біреуінің төрт бөліп жеп,
Нансаңыз, өмірімде бір-ақ тойдым.

Өтірік өлең

Басында керегенің үрген қарын,
Демалмастан көтердім соның бәрін.
Көп қатын сиыр сауып, май алмайды,
Шіркей сауып, май алдым алты қарын.

Басында керегенің үрген қуық,
Көтеріп түйеге арттым, аузын буып.
Жануар ол артқаным мая екен,
Қуықты көтере алмай, қалды туып.

Бір-екі битті мініп, жетеледім,
Ауылым Араншыны төтеледім.
Құдайдың бұл да болса берген бағы,
Атып ап алты қоян кете бердім.

* * *

Дарияның ар жағында от көргенмін,
Қайнаған суық суға ет көргенмін.
Құдайым өтірікті айтқызбасын,
Еркекті егіз туған көп көргенмін.

* * *

Дегесін бала қаздай, бала қаздай,
Бес қарсаққа жүк арттым ала жаздай.
Біреуін әсемдікке мінемін деп,
Қан түсті аяғына ала жаздай.

Мен өзім құрбан айтта киік міндім,
Киіктің сұр бесеуін сүйіп міндім.
Салдары әсемдіктің осылай деп,
Құйрығын жалыменен түйіп міндім.

Дарияның ортасына пішен үйдім.
Жоқ болып айыр ағашым, қолмен үйдім.
Терісін тасбақаның сыдырып алып,
Асауға алты құлаш шідер түйдім.

Мен өзім жас басымнан тырна бақтым,
Тырнаның арығына жабу жаптым.

Тырнаның бес баласы ығып кетіп,
Бойынан Аралсордың әрең таптым.
Біреуі бесеуінің сорлай қалып,
Оны да шығара алмай, елге шаптым.

Қарасам, шәй басында қара ала құрт,
Жарасқан қара ала құртқа қара ала мұрт.
Кесіртке тасбақамен жауға аттанды,
Тыңдасын өтірік өлең, мінекей, жұрт.

Міндім де қосаяққа, қудым тышқан,
Жануар ұшқыр екен алып ұшқан.
Ұшқырын жануардың содан білдім,
Аққуға қуып жеттім жоғары ұшқан.

Тең-теңдей кесірткеге жүк артамын,
Жыланға алпыс екі қозы артамын.
Аса бай, аса жарлы болмасам да,
Қызымды қырық мысықпен ұзатамын.

Той қылдым бала туып, битін сойып

Той қылдым бала туып, битін сойып,
Ел жинап, ат шаптырып, бәрін жиып.
Түзген жағып, ет астым қырық табақ,
Мәз болды жиылған жұрт бәрі тойып.

Екінші, бүрге сойдым барлық құсқа,
Қарлығаш хабар айтты барлық досқа.
Оралдың ақиығы бұрын келіп,
Жеп қойды дымын қоймай басқа қосқа.

Өкпелеп, ала қарға айтты көпке:
«Шақырдың әлің білмей, тектен-текке.
Тоямын күнде тегін жылы боққа,
Тойыңнан боғым артық», — деді көпке.

Шақырдым аңның бәрін тышқан сойып,
Лек-лек боп келіп кетті, бәрі тойып.
Қорсылдап қанша жесе, шошқа тоймай,
Аузына ыдысының кетті сыйып.

Өтірік өлең айттым күлдірмекке,
Азырақ ишарамен білдірмекке.
Қыран құс қияға ұшқан қолға түспес,
Қолдағы лашынмен ілдірмекке.

Айттым да өтірік өлең, айла қылдым

Айттым да өтірік өлең, айла қылдым,
Кесіп ап бетегені, найза қылдым.
Шыбынды үш қонаққа сойып беріп,
Жарты етін алып қалып, пайда қылдым.

Соғымға баяғыда тышқан шықты,
Жабылып он бес жігіт, зорға жықты.
Өзгем өтірік болса да, осыным шын,
Басқасы бүйрек майдан бес қап шықты.

Артқаным бір қоянға бес қап тұз-ды,
Басады қатыр-құтыр жалтыр мұзды.
Екі күн жүрсем дағы ішін тартпай,
Қампиып қардың бетін қарны сызды.

Сойдым да қара шыбын қалт еткенім,
Тұқылын жұмсағының балта еткенмін.
Сойғанда қара шыбын қазан толып,
Соймасқа енді шыбын ант еткенмін.

Міндім де тасбақаға, аяңдадым,
Қудым да, құмдауыттан қоян алдым.
Қояны сол араның семіз екен,
Көтеріп тасбақаға қоя алмадым.

Масаның кішкенесі батыр екен,
Көк сона діннен шыққан кәпір екен.
Үйіне сол кәпірдің жетіп бардым,
Ас беріп әкесіне жатыр екен.

Көнектей көбелектің жұмыртқасы,
Ерімнің жау қияқтан артқы қасы.
Бір қызын инеліктің алып қаштым,
Бітпей жүр баяғыдан барымтасы.

Міндім де қара тышқан Мекке кеттім,
Жеткізбей қуған елге, жеке кеттім.
Тышқаным сөйтіп жүріп жауыр болып,
Екі үзік, бір туырлық желқом еттім.

Айдадым бес сауысқан Петерборға,
Жануар өзі жүйрік, өзі жорға.
Өзгем өтірік болса да, осыным шын,
Келемін кекілік артып бес жүз нарға.

Мен өзім кішкентайдан тырна бақтым

Мен өзім кішкентайдан тырна бақтым,
Тырнаның арығына жабу жаптым.
Тырнаның бес баласы ығып кетіп,
Тентіреп, терең көлден азар таптым.
Мен өзім кішкентайдан қазды бақтым,
Қиқылдап қыс ішінде жауға шаптым.
Егіз өгіз терісін шалбар жасап,
Күресіп құмырсқамен, тізе бүктім.
Қызымен инеліктің ойнаймын деп,
Көбелек атып салды күйін түптен.
Жыланды түйе қылып боздатамын,
Қыс болса, құмырсқаны қойдай бағып,
Жаз болса, егіз-егіз қоздатамын.

Қырық өтірік өлең

Қайныма қарға мініп, ұрын бардым,
Күйеуден өзім теңдес бұрын бардым.
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,
Алдына қайынатамның қырындадым.

Жүк артып инелікке, ерте көштім,
Шүйкелеп сары майдан арқан естім.
Мұртына шегірткенің ат арқандап,
Дегенде өлдім-талдым әрең шештім.

Міндім де сасық қоңыз, аяңдадым,
Болдыртып, аяңменен қоян алдым.
Апырмай, сол қоянның семізін-ай,
Көтеріп қоңызыма қоя алмадым.

Міндім де жасыл қоңыз, сона қудым,
Басынан мұнар төбе сағым будым.
Дәулеттің маған біткен арқасында,
Қанменен көйлегімнің кірін жудым.

Үш жаста мергеншілік кәсіп қылдым,
Ши оқпен мың құланды атып қырдым.
Ауынан өрмекшінің кілем тоқып,
Ұялмай, жүз тұсақтан сатып тұрдым.

Балықтың қабыршағын отқа жақтым,
Өтірік өлең айтып, жұртқа жақтым.
Бір сонам асыранды қашып кетіп,
Екіден он жыл іздеп, әзер таптым.

Ақылдан ер жеткен соң болдым жарым,
Бір суыр мал дегенде қолда барым.
Қатыным тел қоянды жаздай сауып,
Түйреді сары майды екі қарын.

Беріпті бақа қызын көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке.
Бір тобын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылды ат шаптырып төңірекке.

Міндім де сары қоңыз, сона қудым,
Үш ай, үш жұма жүріп, қона қудым.
Қумасқа белді байлап тұрып едім,
Дегенге «жеңгем жерік» бола қудым.

Бай болдым төрт түлікке тумай жатып,
Балама қалың бердім бірін сатып,
Білімін мал жиюдың ерте біліп,
Сондықтан кедейлікке қалдым батып.

Байлықтан ыза шектім ақырында,
Бір түйір мал болмады жақынымда.
Малымның барын жинап, отқа жағып,
Отырмын кедейліктің тақырында.

Қамыстан жылқы ұстауға құрық қылдым,
Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым.

Бір талын сақалымның кесіп алып,
Көшкенде мал айдайтын шыбық қылдым.

Жиынға, салтанатқа кидім құрым,
Қытықтап, зорға айтқыздым ханның сырын.
Келгенде қалыңдығым сексен төртке,
Қайныма бес жасымда бардым ұрын.

Жүз салған қорғасыннан қара балтам,
Шықпады он матадан сыңар қалтам.
Дәулеттің маған біткен арқасында,
Көшкенде жүз түлкіге жүгімді артам.

Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,
Борсықты ұстап мінсең, аттың мүлкі.
Ішінде топ адамның тулап жығып,
Қылдың-ау, ойбай, қарсақ, жұртқа күлкі.

Ашасын сырып қостым Сыр-Қуаңның,
Машықтым елін билеп бес дуанның.
Екі жүз құнан қойым егіз туып,
Осыған, нанар болсаң, көп қуандым.

Мен көрдім қара шіркей бала қаздай,
Жүк арттым бес қарсаққа ала жаздай.
Түлкісін қырдың қызыл жайлаймын деп,
Қан түсіп, аяғына өле жаздады-ай.

Тамырға өтірікті қап-қап бердім,
Найзасын нар қамысқа саптап бердім.
Жүйрігін тасбақаның ұстап мініп,
Түлкіге түсте қашқан тап-тап бердім.

Басынан Қап тауының қора қылдым,
Бітер деп бес мың жылқы жора қылдым.
Топан су тау басына дамыл бермей,
Қылмасқа енді қора тоба қылдым.

Баласы қасқа айғырдың бөлтірік-ті,
Айтпаймын өлтірсең де өтірікті.
Мың кісі бір тышқанға мінгескенде,
Апырмай, тулап бәрін өлтіріпті.



Қырық өтірік.
Суретші С. Романов

Мен өзім кішкенедең қарға бақтым,
Қашырмай сол қарғаны зорға бақтым.
Біреуі жануардың үздік шығып,
Мойнына ақ киізден тұмар тақтым.

Басында керегенің үрген қарын,
Көтердім балуандықпен соның бәрін.
Төбеге түстеп барып қойғанымда,
Мертікті көтере алмай қара нарым.

Мизамның сілемейін желі қылдым,
Шымшықтың жұмыртқасын келі қылдым.
Қасынан сегіз қанат үй істетіп,
Жонынан кесірткенің көген қылдым.

Шымшықтың шылым шектім бақайынан,
Қоянның атым үрікті тұяғынан.
Баланың ақылы артық, ойы жетік,
Көртышқан етік қылдым шоқайынан.

Басына бәйтеректің тіктім орда,
Көгорай шалғын екен қорда-қорда.
Қос атпен күні-түні бірдей қуып,
Қашаған бір битімді тұттым зорға.

Мен өзім өтіріктен пайда еткенмін,
Биялай, бит терісін қалта еткенмін.
Етіне бір шіркейдің қазан толмай,
Соймасқа қайта шіркей ант еткенмін.

Мыс егіп көбік қарға, алтын ордым,
Ізіне әбжыланның қақпан құрдым.
Шегірткем мініп жүрген тулап еді,
Жалғыз тал қыл қамшыммен өлгенше ұрдым.

Түгестім саптыаяқпен Сырдың суын,
Он нарға артып жүрмін қыздың буын.
Еншіге әкем берген мың қоянның
Соғымға қырып алдым барлық туын.

Тілімнің келмейді ебі өтірікке,
Тақсыр-ау, осыным да өтірік пе?

Қырық байтал қалың малға санап алып,
Қыз бердім отау тігіп, кекілікке.

Биені қымыз іштім мұзға байлап,
Тышқанды жауыр қылдым үш жыл жайлап.
Қырық тоғыз мүшелімде әкем туып,
Жүгірдім қуанғаннан алақайлап.

Отыным жазғы жаққан мұздан болды,
Салымым сексендегі қыздан болды.
Былырғы жерошаққа жаққан отым,
Тұтанып зорға биыл қызған болды.

Сауысқан алып ұшты бөлтірікті,
Айтпаймын қыз берсең де өтірікті.
Шіркіннің тепкісінің қаттысын-ай,
Бір қызды шыбын теуіп өлтіріпті.

Шаянның шаңырақтай омыртқасы,
Көнектей көлбақаның жұмыртқасы.
Болмаған енді шындық несі қалды,
Түбінен жау қияқтың ердің қасы.

Жонынан атжалманның айыл алдым,
Үш жөргем, ішін жарып, майын алдым.
Ізіне аттың басқан қақ тұрыпты,
Қырық құлаш қармақ салып, жайын алдым.

Қошқардың қағанақтан күйегі бар,
Шідердің мұздан жонған тиегі бар.
Тақсыр-ау, осыған да нанбаймысың,
Қырық арба бір қаншырдың сүйегі бар.

Шымшықтың шылым шектім қу басынан,
Атжалман арқан естім шудасынан.
Қырық қарға, отыз сона құда түсіп,
Инелік киіт киді құдасынан.

Серік боп құрқылтаймен, қылдым сауда,
Айналды бұл сертімнің арты дауға.
Борсыққа жарап жүрген міне шауып,
Ұрандап бір бүйірден тидім жауға.

Дарига, тоған бастым ебелектен,
Жаратып қасқыр қудым көбелекпен.
Шапқылап тас кенеден мойны үзіліп,
Бір кемпір абайсызда өле кеткен.

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,
Борышыма қатынымды кіреу қойдым.
Жүрегін құрқылтайдың төрт бөліп жеп,
Нансаңыз, өмірімде бір-ақ тойдым.

Сауысқан әбден асты аққуды іліп,
Елімді қызғыш шауып, салды бүлік.
Қақалып кеше кешке жеген етке,
Қолқамда бес жыл тұрды кәрі жілік.

Күмістен көртышқанға таға қылдым,
Құйрығын ақ тышқанның жаға қылдым.
Терісін сары масаның жыртпай сойып,
Жиынға он бес қарыс саба қылдым.
Жабылып отыз жігіт көтере алмай,
Қылмасқа енді саба тоба қылдым.

Өтірік өлең

Бір өлеңім бар еді — ойға кетті,
Ойдағы салықтағы тойға кетті.
Бір өлеңім үйіне Домбай қонып,
Ылақ іздеп өрісте қойға кетті.

Бір өлеңім бар еді — жатқа кетті,
Бір өлеңім жүген ап, атқа кетті.
Бір өлеңім жейдесі тозып қалып,
Жейде алам деп саудагер сартқа кетті.

Бір өлеңім, дарига, кетті қолдан,
Келуші еді жол тауып оң мен солдан.
Бір өлеңім Сүйдінге кетіп еді,
Томар жинай қойыпты орта жолдан.
Бозды мініп, қараны жетелеп ап,
Аман келді біреуі әрең зордан.

Қонақ боп қоңыздарға, сыйын көрдім

Қонақ боп қоңыздарға, сыйын көрдім,
Басын шақпай, масаның миын көрдім.
Инеліктер қамаған шыбындардың
Бір қорадан он бес жал қиын көрдім.

Ендеше бөлтірік-ті, бөлтірік-ті,
Айтпаймын өлтірсең де өтірікті.
Бір өтірік болмасын, сөзіме бақ,
Түйені шіркей теуіп өлтіріпті.

Қоралап соналарды қой ғып бақтым,
Боранда арығына жаяу шаптым.
Бір сонам желтоқсанда желдеп кетіп,
Алтайдың ар жағынан әрең таптым.

Айттым да өтірікті, жұртқа жақтым,
Құмырсқаға алтыннан алқа тақтым.
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,
Алтай, Сауыр тауынан түлкі қақтым.

Мініп ап жорға қоян, аяңдатып,
Елу арқар, бір күнде жүз теке аттым.
Өзіме он оқ тиіп, жараланып,
Әйтеуір, жаным шықпай, аман қапшын.

Қара қоңыз міндім де, Мекке кеттім,
Жолдас ертпей, өз алдыма жеке кеттім.
Асығыс жедел жүріс арқасында,
Дегенде бір күн жүріп, әрең жеттім.

Айдадым жылқы қылып алпыс түлкі,
Борсықты ұстап мінсең — аттың мүлкі.
Ішінде шаршы топтың жығып кетіп,
Қылдың-ау, жаман қарсақ, елге күлкі.

Аң аулап шөл далада, жатып алдым,
Бір оқпен жүз аюды атып алдым.
Үйірін қырық қабанның айдап беріп,
Құда болып бір баймен, қатын алдым.

Айтпаймын өтірікті тегі жаман,
Құстарға салдым бір күн ақырзаман.
Қарағайды мыңжылдық бөліп алып,
Мың қырғауыл өлтірдім бәрін тамам.

Жүк артып инелікке, түнде көштім,
Ширатып сары майдан арқан естім.
Қурайдан таяқ жасап, ұштап алып,
Алтын мен күміс іздеп, тауды кестім.

Тумаған ту биеден қымыз іштім,
Шіркейге ер салдым да, аспанға ұштым.
Аралап көктің жүзін саяхаттап,
Өзім сүйген хорлардың қызын құштым.

Жүк артып инелікке, түнде көштім,
Ширатып сары майдан арқан естім.
Арқаным оралып қап соққан желге,
Дегенде өлдім-талдым әрең шештім.

Ауыры бұл дүниенің үрген қарын,
Өр түлкіні егесіп, жаяу құдым.
Ә дегеннен адымын аштырмай-ақ,
Қураймен соғып алып, әрең тындым.

Қара қарға қайырып, аңға салдым,
Байқауымда алғырын талаптандым.
Сол қарғам ойдағыдай қиын болып,
Бір күнде елу қасқыр, жүз түлкі алдым.

Бұлтқа мініп, көк жүзін араладым,
Менсініп жер бетіне қарамадым.
Соғыстым дию-пері, жын-шайтанмен,
Несі өліп, несі қалды — санамадым.

Маса сойып, он шелек майын алдым,
Терісінен он сегіз айыл алдым.
Ақпай жатқан арыққа қармақ салып,
Көлденеңі қырық кез жайын алдым.

Жүз қарсаққа жүк артып, жайлау көштім,
Мұртынан көбелектің арқан естім.

Өзім сүйген жүз қызды матастырып,
Он жылда зарықтырып әрең шештім.

Бір қоңыз басып жүріп, соғым сойдым,
Ішпей-жемей етіне күнде тойдым.
Бір теуіп, Сауыр тауын құлата сап,
Қамыстан тіреу тіреп, қайта қойдым.

Қарын үрлеп, бұлаққа суға салдым,
Қорғасыннан қолыма қармақ алдым.
Басып жүріп жайынның жүзін ұстап,
Қарынның бір бұрышына тыға салдым.

Күзеттірдім тазыға қара түлкі...

Күзеттірдім тазыға қара түлкі,
Отарлатып жібердім жүз мың жылқы.
Шұбатынан түйенің құрт қайнаттым,
Жасатып қу томардан қазандықты.

Қарақұмға кит бақтым, үйір салып,
Қолыма сырғауылдан құрық алып.
Он жыл іздеп ішінен, зорға таптым,
Бір сырғамды кит балық жұтып алып.

Аңшылықта алдыма жан салмадым,
Көбелекпен қаңтарда түлкі алғанмын.
Инелік алдына сап алып келген
Арыстанның тұтқындап үш арланын.

* * *

Өтірік өлең айтамын өр басына,
Тышқанның арқан естім шудасынан.
Көбелек пен инелік құда түсіп,
Бір шапан киіп қайттым арасынан.

Мен бір өлең айтамын ебін тауып,
Бір аяғым жара болды тышқан қауып.
Сары масаның қатыны құнтты екен,
Қырық арба құрт-май алды сірке сауып.

Деген соң есті маса, есті маса,
Сау жылқының сауырын тесті маса.
Шөлде жатсам шөліркеп өлемін деп,
Көл айнала жатады есті маса.

* * *

Келемін өзен құлдап, масаны айдап,
Үркіттім инелікті адағайлап.
Болғанда құрбан айы қыз қуамын,
Асауын бөгелектің жемге байлап.

Айттым да өтірік өлең, желдей естім,
Ұстап ап қос құланның мұрнын тестім.
Болса да өзгем өтірік, осыным шын,
Жүк артып бес қоңызға, түнде көштім.

Айттым да өтірік өлең, желдеп кеттім,
Соңымнан көбелекті кел деп кеттім.
Асауын бөгелектің ұстап мініп,
Астыма бес қап бидай теңдеп кеттім.

Бөгелек ертең ерте ысқырып жүр,
Тақымға таман тауды қыстырып жүр.
Өзгем өтірік болса да, осыным шын,
Мойнында бөгелектің жүз құрық жүр.

Үлкені бұл дүниенің маса батыр,
Маса батыр бір тауды қашап жатыр.
Бір масаның семізін сонда көрдік,
Алпыс екі табаққа жасап жатыр.

* * *

Әдейі сары шымшықты міндім ұстап,
Қолыма ұзын шыбық мықтап ұстап.
Сайланып ауыл жақтан аң аулауға,
Қусырып екі жақты қайшы ұстап.

Алдымнан қызыл түлкі қырын қашты,
Шырылдап сары шымшығым сырын шашты.
Білді де анық түлкі қуғанымды,
Құйрығын бұлаңдатып, жалт-жұлт қашты.

Жетем деп сары шымшықты санға ұрдым,
Қызығып түлкі қызыл қанға қыздым.
Тепкілеп екі бүйір шаңға толып,
Жорта алмай жол шаңынан қалған едім.

Шымшығым астымдағы қорқау болды,
Жұлынып мойын омыртқа, жалқау болды.
Көтеріп ел жағыма жеткізе алмай,
Соғымға бір қыстыққа болған болды.

Бір күні Әндіжанға бармақ болдым,
Киініп, ат-тонымды жимақ болдым.
Алдырып құмырсқа мен жолбарысты,
Шақырып қарға, құзғын бұзбақ болдым.

Келемін ыңырсытып жердің жүзін,
Алуға өз қолыма үрдің қызын.
Ұрысып бір мың бес күн Әндіжанмен,
Көре алмай ақырында ханның қызын.

* * *

Бір торғайды ұстап міндім жүгендеп,
Бір пұт үнмен қыстан шықтым үнемдеп.
Торғайыма тамақ бермей жүруші ем,
Ашуланды: «Қарным ашты, кетем», — деп.

Торғайыммен алып қаштым көкпарды,
Тақымыма басып алдым шоқпарды.
Мұхтар келіп жармасады көкпарға,
Шоқпарыммен ұрып жықтым Мұхтарды.

Шынтағыммен алып ұрдым түйені,
Бармағыммен ұрып жықтым биені.
Күшті екенмін, сонда білдім мен өзім,
Таба алмадым түйе мен атқа иені.

Айттым да өтірік өлең, елге жақтым...

Айттым да өтірік өлең, елге жақтым,
Мыңғыртып құмырсқаны бетке бақтым.
Біреуін құмырсқаның жоғалтып ап,
Төсінен Тарбағатай зорға таптым.

Өтірік өлең айттым да, қызға жақтым,
Құмырсқаның асауын қойдай бақтым.
Асауын шегірткенің ұстап мініп,
Тау-таудан тарбаңдатып түлкі қақтым.

Бір қоянды міндім де, аспанға ұштым,
Екпініне шыдамай, жерге түстім.
Алты күндей ақ боран соғып еді,
Жалғыз құрай түбіне ас қып іштім.

Дүниеде ауыр екен үрген қарын,
Жалғыз өзім көтердім соның бәрін.
Атандарға үш қостап артып едім,
Көтере алмай жығылды жануарым.

Бұл дүниеде бек ауыр үрген қуық,
Жалғыз өзім көтердім аузын буып.
Қара шіркей, шыбынға арба салдым,
Ондай мықты көрмедім өзім туып.

Бір қарсақты жаратып, базар міндім,
Құлағынан бір-екі басып, азар міндім.
Екі сымбал үстіне теңдеп алып,
Қара жолдың үстінде борт-борт желдім.

Базарға барайын деп борсық міндім,
Өзім жаяу болған соң қорқып міндім.
Екі сымбал астыма мата теңдеп,
Қара жолдың үстінде борт-борт желдім.

Торғайдың атым үрікті қу басынан,
Тышқанның арқан естім шудасынан.
Отыз кісі бір қаншыр ұстап алып,
Астау-астау ет жедік ат басынан.

Тобынан жау қияқтың ердің қасы,
Көнектей көбелектің жұмыртқасы.
Базардан өзім барып алып келдім,
Қаншырдың шаңырақтай омыртқасы.

Міндім де инелікті, сона құдым,
Сонаны үш күн, үш түн қона құдым.
Төс етіне сонаның жерік болып,
Тіліне сол жеңгемнің бола құдым.

Көп маса қу көдеге құт құйыпты,
Көбелек даулымын деп жұрт жиыпты.
Ол дауына мен өзім болмаймын деп,
Көлбақа суда жатып тырбиыпты.

Ағаш пен шөптің ажырасқаны

Қарағай сексеуілмен қыжыл болған,
Сөзіне бір-бірінің қызар болған.
Екеуі бір арада өсе берсе,
Өмірде ынтымағын бұзар болған.

Қарағай бойлай-бойлай ұзын болған,
Сексеуіл жылай-жылай бұжыр болған.
Екеуін бітіремін деп, бітіре алмай,
Тобылғы ұялғаннан қызыл болған.

Қарағай мақтанады тауға барып,
Сексеуіл төмен кетті жыңғылды алып.
Ақтікен аршаменен елігеді,
«Қарағай, не болам, — деп, — сенен қалып?»

Қарағай мақтанады тауға шығып,
Сексеуіл өзін қалды құмға тығып.
Тамам шөп араздасып айрылғанда,
Ебелек қала берді ойда бұғып.

Тобылғы айтады екен: «Сусайын, — деп, —
Теріскей бетке шығып, жусайын», — деп.
Қарағай айтады екен тобылғыға:
«Тіл алсаң, бір жұмысқа жұмсайын», — деп.

Айтыпты: «Тіліңізді алайын, — деп, —
Мекенді теріскейге салайын, — деп. —
Қарағай сақалымен жұмсаған соң,
Етекке не де болса барайын», — деп.

Тобылғы атқа мінді «Көнем-ау, — деп, —
Қамысқа жауабымды берем-ау», — деп.
Ішіне бара жатып қайғы түсті:
«Қайтарда атым жетпей, өлем-ау», — деп.

Тобылғы бара жатып ақыл ойлап,
Алдынан өлең шықты атын байлап.
Үйіне сәлем беріп кіріп еді,
Үйінен шыға берді орын сайлап...

Кер бие, торы құлын

Ауылым Түрген көктеп, Асы жайлап,
Пендені жүреді екен нәсіп айдап.
Бөктерге жазға салым түсіп қонып,
Қой қоздап, ақ шықты ғой сүтке қаймақ.

Ауылым Асы жайлап, Түрген көктеп,
Түргенді тұтасымен жүрген көктеп,
Жауыр кері биеге желқом ерттеп,
Бір жағын желқомының қылмен көктеп,
Саудагер сарт кеп қалды мата жүктеп.

Қасына саудагердің бардым енді,
Көзімді көлігіне салдым енді.
Қарасам — кер биенің әрпі тәуір,
Атыма айырбастап алғым келді.

Қызықтым кер биенің тұлғасына,
Мінетін бедеу екен қыз қасында.
Жабыстым «Айырбас!» — деп шаужайынан,
«Мекеннің беріп кет», — деп құласына.

Соңынан сарт иікті бері беттеп,
Құламды мақтап тұрмын, «тұлпар ед» деп.
Қостырып оны-мұны үстеуіне,
Ат беріп, айырбастап алдым ептеп.

Атым да кәрі еді тісі кеткен,
Сырғанап шыға алмайды қия беттен.
Атымды аса мақтап, үстеуіне
Мата алдым, бес қаламы екі көкпен.

Бір іштім тамыр дәрі, қырық күшала,
Қос уыс сарт санадан қосты жаңа.
Қызыл жүйрік, қалампыр, можысымен,
Ине, түйме алыпты қатын, бала.

Көп айтсам өтірікті болады өсек,
Ашудасы тағы бар екі кесек.
Нәрсені ондай-мұндай қылмалы есеп,
Алыпты айна-тарақ келін-кешек.

Құлжадай тірі апиын, тотияйын,
Сартыңнан да асырдым сауда жайын.
Керіктей кер биені кезіне айдап,
Берді ғой деп қуанам бір Құдайым.

Сарт кеткен соң саудамды есептеймін,
Тотияйын, ашудас кесектеймін.
Кәрі атыма жас бие, бұйым алып,
«Сауда сайын сартты өстіп жесек» деймін.

Ойласам, бес қаламды — о да бір қой,
Қырық күшәла, тамыр дәрі және бір қой.
Бұл, айна-тарақ, ине-жіп, қалампыр бар,
Жігіттер, о не болар, есептей ғой.

Жігіттер, жөні бөлек жақсы малдың,
Бір бием ат табар деп көп қуандым.
Бар еді бір айғырым озып жүрген,
Қосақтап үйіріне қоса салдым.

Бұл бием маңдам екен соныменен,
Құйрығын алдым күзеп жалыменен.
Маңдамын үш қидырып жіберіп ем,
Солғындау қыстан шықты жалыменен.

Мойнына жануардың тақтым тұмар,
Мінбекке құлындатып болдым құмар.

Со жылы алты айдай жылқы бағып,
Деп жүрмін: «Жануарым қашан туар?»

Сол жылы жылқы бақтым жылқышы боп,
Кер бием ат табар деп көңіліме тоқ.
Айғырдың үйіріне жетіп келсем,
Кер бием ұшты-күйлі, зым-зия жоқ.

Желіні тор биенің толған екен,
Жылқышы бір ауылға қонған екен.
Күні бұрын арқандап бағып алмай,
Менен де бір қапыстық болған екен.

Желіні кер биенің жеткен екен,
Жылқышы бір ауылға кеткен екен.
Басыма кер биені байлап жатпай,
Менен де бір надандық өткен екен.

Желіні кер биенің жеткен екен,
Жылқышы бір ауылға кеткен екен.
Жүгіртіп торы айғырмен ізін шалсам,
Шелекті баса-көктей өткен екен.

Бір айғырым құр жүрген салмай тоқым,
Байқаушы едім тас басса тұяқ отын.
Сол айғырды үйірден ұстап мініп,
Ізіменен биенің келем соғып.

Айғырым құры жазы-күзіменен,
Биенің соғып келем ізіменен.
Күн жауып, Кіндіктаста ізін шайды,
Сонда да келе жатырмын кезіменен.

Тоқпақтап торы айғырды шықтым өрден,
Болжаушы ем жас күнімде талай жерден.
Меркінің ар жағында бір қара тұр,
Көзім де көз емес пе соны көрген!

Бұлттан ап жосып кеттім ылди төмен,
Сенбейсің бұл сөзіме айтқанменен.
Көзіме көрінеді алас-бұлас,
Бауырында абажадай Қоңыр белең.

Мінгенім дәйім менің Қаражалсұр,
Қайырып қаршығама ілдірдім құр.
Жүгіртіп қарайғанға жетіп келсем,
Меркінің жағасында құлындап тұр.

Дегенім алас-бұлас — енесі екен,
Белесім — құлынының денесі екен.
Тұрқы бар тоғыз құлаш жануардың,
Тұлпардың тұлпар болса төресі екен.

Құлыны — құмай келген торы құлын,
Жануар мен көрмеген зоры құлын.
Қақпақ бел, қамыс құлақ, бөкен мойын,
Ағы бар алақандай тобығының.

Әнжамның жалы майда жібегіндей,
Қол еті жолбарыстың жүрегіндей.
Сауыры кебеженің тақтайындай,
Іленің сүбесі бар түбегіндей.

Шошытпай жануарды жақын бардым,
Биенің де мойнына білек салдым.
Бием арық, айғырым жүрмеген соң,
Шандырлап торы құлынды мініп алдым.

Шандырлап торы құлын мініп алдым,
Қамшымды жерде жатқан іліп алдым.
Айғырымды бөктеріп, бие өңгеріп,
Күн еңкейе Меркіден үйге салдым.

Биемді іздейін деп кеше шықтым,
Қасыма ешкім ертпей, жеке шықтым.
Бие өңгеріп, айғырды бөктеріп ап,
Меркінің бер жағына өте шықтым.

Сүйегі жас құлындай білінбейді,
Жануар өрге салсам, ілінбейді.
Мұзтауда мұзға салсам, сүрінбейді,
Екпіні соққан желдей дүрілдейді.
«Баяғы сарттың қолы құтты екен», — деп,
Мұртынан Мекен дағы күлімдейді.

Ақжардың ауылым қонған өзегіне,
Сөзімнің қараңдаршы кезегіне.
Бие өңгеріп, айғырды бөктеріп ап,
Асының желіп шықтым кезеңіне.

Торы тай

Торы құлын келер жылы шықты тайға,
Оқи бер бата, құран туған Айға.
Қуанышым қойныма күнде сыймай,
Құмалақ салдырамын Қасабайға.

Торы тайға бір күн мініп, шықтым желіп,
Сантастан он бұғы аттым, елу елік.
Шығармай шып-шырғасын артып алып,
Тайымды таң асырдым үйге келіп.

Тайымды байлап қойдым таң асырып,
Тұрмайды қызған неме аласұрып.
Сәріде жібергелі тұра келсем,
Тұр екен омырауымен маманы ұрып.

Ақжарды ауылым қонған жайлайын деп,
Жылқышы бие айдап келді байлайын деп.
Торы тай ертең ерте қоя берсем,
Бүк түсіп жата кетті, аунайын деп.

Торы тайым аунап кетті жүре желіп,
Он бұғы артып келгем, елу елік.
Өзімнің жануарға көзім түсіп,
Ішімнен бір мал айттым үйге келіп.

Торы тай мен нән шыбын хикаясы

Тау жайлап доңыз жылы, бүркіт салдым,
Бір күнде жеті қарсақ, бес түлкі алдым.
Түлкіні қарсақпенен соя-соя,
Алқынып ыстық күнде шаршап-талдым.

Жартастан жалаң қия орын алдым,
Бүркітті аспан көкке іле салдым.

Үстіне мәңгі мұздың шәй қайнатып,
Іштім де шөлім қанып, ұйықтап қалдым.

Түс көріппін: бүркітке мініп алдым,
Мысырға қас қаққанша ұшып бардым.
Шаһардың айналасы айшылық жол,
Шаһардың үлкеніне қайран қалдым.

Кигенім аяғыма сырмалы етік,
Жүруші ед бір етіктің қорлығы өтіп.
Кимедім өмірі бір бүтін етік,
Шұлығы мұның дағы шұрық-тесік.

Шам шаһарын етік үшін араладым,
Бағдатқа жолы бұрыс, бара алмадым.
Шам менен Тегераннан етік жақпай,
Бүркітпен Кабул жақты жағаладым.

Бүркітпен еті қызған екпіндетіп,
Лезде Кабулға да келдім жетіп.
Ақ сәлде, ала шапан бір ауғаннан
Керемет бір әдемі көрдім етік.

Мықшима жез шегелі шегіреннен,
Жалтырап көз тартады талай жерден.
Аралап талай елді бүркітпенен,
Дәл өзі етігімнің іздеп жүрген.

Саудалап жеті қарсақ қанын бердім,
Тағы да бес түлкінің жанын бердім.
Етікті аяғыма сұға салып,
Жартаста мекеніме қайтып келдім.

Ояндым келгенімде мекеніме,
Қуандым, шал шақырттым есенімде.
Кемеңгер ой иесі ақылды адам,
Көз жетпей көп отырды не екеніне.

Жорыды: «Болады екен бір жақсы атың,
Аласың өмірінде екі қатын.
Атың да, қатының да құтты болып,
Көкке өрлеп, артады екен парасатың».

Жоруын ақсақалдың дұрыс көрдім,
Жарымай жорушыға жүруші едім.
— Ақсақал, қолыңды жай, бата бер! — деп,
Қарсақтың түлкіменен бәрін бердім.

— Жүруші ек Асы жайлап, Түрген көктеп,
Ауылға бір сарт келді желқом ерттеп.
Қарасам, кер бие екен түрі тәуір,
Ат беріп, айырбастап алдым ептеп.

Шал алды бие үстіне шіреңкіре:
— Айныма, атты қайта алам деме!
Қадақ шай, бес кез шытты қосып берді,
Тағы бар дәрі-дәрмек талай неме.

Көкможы, арала бар, қырық күшәла,
Қос уыс жарты көксал берді санап.
Кепіреш, қызыл жүйрік, сыр да берді,
Екі ішім сынап қосып берді жана.

Бір кенге кез келтірді Құдай Тағала,
Отырып қарық болдық үйде ғана.
Ине, жіп, айна, тарақ қосып берді,
Кенелді керегіне қатын-бала.

Атым да кәрі ат еді тісі кеткен,
Тайғаннан жүре алмайтын қия беттен.
Ат құнын анағұрлым артық берді,
Сарт екен сауда білмес бір есептен.

Биені сол саудамен сатып алдым,
Бөлек қой тойынуы жақсы малдың.
Бар еді ерен жүйрік бір айғырым,
Биені үйіріне қоса салдым.

Кер бием мініп алсам, сондай мықты,
Байлаттым бақсыларға тіл мен сұқты.
Арықтап арқасынан маңдам¹ болып,
Айғырдан қар суымен ерте шықты.

Бір жағы түгел маңдам саныменен,
Сонда да қыстан шықты жалыменен.

¹ Маңдам — жылқы ауруы.

Биеге желіндеген көз салмапты,
Алысқан жылқышылар малыменен.

Мал іздеп жылқышылар кезген екен,
Желіні кер биенің жеткен екен.
Ауылға алып келіп, байлап қоймай,
Өзімнен бір кемшілік өткен екен.

Бошалап үйірінен шыға қашып,
Кетіпті Түрген жаққа Асыны асып.
«Жолында ұры-қары бола ма?» деп,
Айырылдым дегбірімнен қатты сасып.

Бір айғыр жарау еді күзіменен,
Өтердей келіншектің жүзігінен.
Міндім де сол айғырды, іздеп кеттім,
Биенің жолға түскен ізіменен.

Келгенде дәл кіндікке жоғалды ізі,
Сел жүріп, дал-дал болған жердің жүзі.
Жотасын жорамалдап Сарытаудың,
Ойладым солай қарай іздің өзі.

Шоқырақпен, кейде желіп шықтым өрден,
Болжаушы ем жас кезімде талай жерден.
Назардың шоқысында бір баран тұр,
Көзім де көз емес пе соны көрген?

Лезде жетіп келдім Асыға асып,
Жоқ іздеп жүрген бетім асып-сасып.
Ат шапқан, көкпар тартқан, өлең айтқан —
Қызыққа кіріп кеттім араласып.

Қызығып тамашаға, тойлап жүрдім,
Күндіз-түні биемді де ойлап жүрдім.
Сарытаудан Назаршоқы аттамақ жер,
Жете алмай екі арада айлап жүрдім.

Айғырға бастым қамшы екпіндетіп,
Назарға шапқан бойда келдім жетіп.
Баяғы баран тұрған жерге келсем,
Кетіпті бір нән жылқы биемді ертіп.

Жылқының басқан жері дәл ошақтай,
Ойланып ізге үңіліп, қалдым тоқтай.
Шашылған шаранасын көргеннен соң,
Аяңдап ізге түстім желмей, шаппай.

Құзар шың, қақпа жартас панасында,
Қалың ну, бұта, бадал арасында.
«Қиналған енем ұйықтап демалсын» деп,
Тұрыпты құлын қарап анасына.

Құлынның жоны да емес, жотасы емес,
Жалы емес, құлағы емес, ортасы емес.
Құйрығы шабындаған анда-санда,
Қалады көзге ілініп елес-елес.

Шоқытып шоқалаққа зорға шықтым,
Абайлап айналаға көзім тіктім.
Қылтиып қырың көзге зорға ілініп,
Түбінде бір баран тұр қия тіктің.

Ташкенге бие бетін бұрған екен,
Назарда толғақ жетіп туған екен.
Кептіріп құлынының шаранасын,
Аялдап, демін алып тұрған екен.

Құлынның қараңыздар ақылына,
Тау басы тоқтамастан тақырына.
Қарағай, қалың нуды паналапты,
Көк майса көлеңкелі салқынына.

Айғырға қамшы басып, екпіндеттім,
Баранға көзім шалған жетіп келдім.
Көрді де бием танып, оқыранды,
Құлыным қарар емес елең етіп.

Көргенде шошып кеттім тор құлынды,
Көрмеген өзім туып зор құлынды.
Жылқының асыл туған алыбы екен,
Ойладым жыр қылуға сол құлынды.

Туысы тор құлынның өте кесек,
Өтірікші болмаспыз алып десек.

Сауыры жануардың жатқан жазық,
Салулы бес алыпқа дайын төсек.

Көрінді омырауы есіктей боп,
Бөлек тұр ойынды еті бесіктей боп.
Бөлініп төсі төмен салбырап тұр,
Сандық, тең қатар жиған қос жүктей боп.

Бақайы Бақалының адырындай,
Бауыры Далашықтың жазығындай.
Соншама ұзын аяқ тіп-тік біткен,
Өренің құрт жаятын қазығындай.

Сағағы жануардың иіліп тұр,
Сынына көрген адам сүйініп тұр.
Қомдаған қыран құстай қос қанатын,
Шабұға шабыты кеп, түйіліп тұр.

Атанның алты жасар қабырғасы,
Қақпанның серіппесіндей қыр жотасы.
Құлынның бас бітімі таңғаларлық,
Секілді көп жасаған нардың басы.

Ауыз омыртқа батырдың шоқпарындай,
Танауы құранды ердің оқпанындай.
Кекілі келте келген келісімді,
Шашақтың қыздар түйген шоқ талындай.

Алатау жүні тықыр киігіндей,
Шоқтығы дәл Бақайдың биігіндей.
Сүп-сүйір сұлу орны шашасының,
Шашақты шебер түйген түйініндей.

Арқасы кең Батыстың шаһарындай,
Қаңтарда қар боранның қаһарындай.
Жанары жалындайды от-жалындай,
Кірпігі ну орманның шоқ талындай.

Құлан жал, құлжа мойын, қамыс құлақ,
Бөкен сан, бөрі кеуде, алып тұяқ.
Еріні етегіндей Көбентайдың,
Мінекей — құлындағы сыр мен сияқ.

Өлгенше жануарды сақтайын-ай,
Мақтасам артық емес, мақтайын жай.
Жап-жалпақ жауырыны әп-әдемі,
Шебердің сүргілеген тақтайындай.

Сербегі Серуеннің жотасындай,
Көзі әдемі бозіңген ботасындай.
Сүзілген сұлу құйрық сүйсіндірген,
Үкінің үлпілдеген бопасындай.

Тірсегі Тиектастың шақпағындай,
Арты алшақ, «жаман үйдің шатқалындай».
Тарпыса, тасқа тиген тұяғынан
Мылтықтың үн шығады атқанындай.

Әлінің ат болады дүлдүліндей,
Сүйкімі Шам шаһардың гүлгүліндей.
Сұрым жоқ шығатындай құмарымнан,
Астыма адыраңдап бір мінілмей.

Ат іздеп есімде бар арығаным,
Ыстығы жазғы күннің қарығаным.
Құдайым тор құлындай атын берсе,
Емес пе мынау менің жарығаным.

Талпынса орындалар мақсат деген,
Тірліктің өте жақсы қамын жеген.
Келді айтқаны түсімді жорығанның,
Осы ғой тап болады жақсы ат деген.

Болдыртып айғырымды баяуладым,
Назардың бадалында жаяу қалдым.
«Айғырым аз тынығып, демалсын» деп,
Биемді ұстайын деп таяу бардым.

«Ка-ка», — деп сол биемді бопсаладым,
Асаудай осқырынып, тоқтамады.
Мөңкіп жүр шу асаудай бұғалықтан,
Сонда да ұстап, әрең ноқталадым.

Асаудай маңайына барғызбады,
Арқасына тоқым да салғызбады.

Алдына барсаң тістеп, арты теуіп,
Жанына тірі жанды тұрғызбады.

Ашумен айдалада күйіп-жандым,
Боқтықпен биені де сыбап салдым.
Бием асау, айғырым болдырған соң,
Шандырлап жас құлынды мініп алдым.

Тіркедім, екі жылқы қосарландым,
Айғырды болдырған соң, алдыма алдым.
Жетекке асау бие жүрмеген соң,
Ашумен бөктергіге сала салдым.

Төтелеп қай-қайдағы өрге салдым,
Құзар-шың, қия-жота дөңге салдым.
Құлыным сонда да бір сүрінбеді,
Күшіне жануардың қайран қалдым.

Жануар өрге салсам, ілінбейді,
Қайсаңы жас құлындай білінбейді.
Арқасы асыл тастан жаралғандай,
Ауыр жүк артсам дағы иілмейді.

Арқасы асыл тастан жаралғандай,
Үстінде ауыр жүкке иілмейді.
Осындай орғытып ат мінген адам,
Қалайша көңілі шат боп сүйінбейді.

Назардан шықтым бесін шамасында,
Ауылым Өсербайдың жағасында.
Қосағын кешкі қойдың ағытпастан,
Ауылға келдім десем, нанасың ба?

Құлынды суытуды ойламадым,
Қаңтарып мамаға да байламадым.
Жасырдым, жан адамға айтқаным жоқ,
Тіл-көз боп жүре ме деп ойлағаным.

Айтпадым сөзге айналып қалдым дағы,
Түсірдім айғырымды алдым дағы.
Биемді де түсірдім бөктергіден,
Өзімнің қарызымды өткердім мен.

Енесін құлын жаздай еміп жүрді,
Әркім-ақ тор құлынға құлақ түрді.
«Мұндай да құлын үлкен туа ма?!» — деп,
Таңданып жылқышылар төніп жүрді.

Күз болып, қыс өткен соң, жаз да шықты,
Жыл толып, торы құлын тайға шықты.
Бекер ме «ел құлағы елу» деген,
Тор тайға базар баға сауда шықты.

Талайлар «тайды сат» деп келіп жүрді,
Жалынып артымнан да еріп жүрді.
Бес бесті, боталы іңген, бір қысырақ,
Тайыма қызыққандар беріп жүрді.

Қырғыздан Қыдыреке іздеп келді,
«Төстесіп ұлымменен дос бол!» — деді.
«Тайыңның шаужайына байладым», — деп,
Жүз тұсақ қой, бір түйе, бір ат берді.

Дос-жардың кәрі-жасы: «Бергін! — деді, —
Байлыққа белуардан ендің, — деді. —
Қырғыздың Қыдыреке Қызыры ғой,
Дос болып Қызырмен де көргін!» — деді.

Мал байлығын сүюші ем жасымнан-ақ,
Көрмедім малға бай боп басынан-ақ.
Несі бар бай болмай-ақ өмір сүрсем,
Құдайым жарылқасын осыдан-ақ.

Десе де тор тайымды бере алмадым,
Ел-жұрттың айтқанына ере алмадым.
Жабылып жанның бәрі азғырса да,
Иіліп ымыраға келе алмадым.

Жылытты бар әлемді көктем күні,
Көк шығып, көтерілді жердің түгі.
Көкке тойып төрт түлік түлесе де,
Тор тайдың түспеді әлі өлі жүні.

Қалмақтан іздеп келді бір жас жігіт,
Тор тайды аламын деп қылып үміт.

Бір сұлу қыз, жасауын және берді,
Үстінде алты қанат ақ үй тігіп.

Көргенде сұлу қызды біраз қызып,
Көңілімді сұлу шіркін тұрды бұзып.
Торы тайым, бала-шағам еске түсіп,
Онан да кеттім ақыр күдер үзіп.

Тайымды үйретуге ұстап алдым,
Мойнына алты құлаш арқан салдым.
«Тіл тиіп, көз түспесін» деген оймен,
Жетелеп аулақ жерге алып бардым.

Көрінбей елсіз жерде он күн жүрдім,
Асаудан он жығылып, отыз тұрдым.
Артыма ерттеп қойып, ертіп жүрдім,
Тайымның жуастығын содан білдім.

Бастадым бейсенбі күні мінейін деп,
Ақжолтай болар ма екен, білейін деп.
Мойныма мылтық асып, аңға шықтым,
Бой жазып біразырақ жүрейін деп.

Ұшқан құс құтылмайды торы тайдан,
Құланша секіреді жар мен сайдан.
Мергеннің көп мінілген атындай-ақ,
Болжайды тау киігін әлдеқайдан.

Асыдан торы таймен шықтым желіп,
Санташтан бес бұғы аттым, он бес елік.
Қалдырмай шикі ішегін артып алып,
Түсірдім соның бәрін үйге әкеліп.

Тайымды қойдым байлап, таң асырып,
Тұрмады орынында аласұрып.
Білмеймін мен жағынан ұтылды ма,
Қорықтым деп әуелі құтырды ма?

Тынымсыз ауыздығын қарш-қарш шайнап,
Тұрмады бір орында салып ойнақ.
Бұғының мойнағынан қайыс шылбыр,
Соны да шыдатпады жұлқып-байлап.

Аспанға қайта-қайта секіреді,
Көбігі езуінен көпіреді.
Қызуы басылғандай болды жаңа,
Ерін алып, тартпасын шешіп едім.

Аттай-ақ әдет алған артын бұрып,
Мамада демін алған тыныш тұрып.
Кермеде тұрып әбден суыған соң,
Тимеген аттай болды жүген-құрық.

Тайымды шықтым тысқа жайлағалы,
Жаратып бәйге атына байлағалы.
Сыпырып суыған соң қоя берсем,
Секіріп-ойнап барды аунағалы.

Аунады жасыл шөпке жүре келіп,
Сілкінді жас бүркітше түрегеліп.
Еңкейіп жерден бір тал шөп үзбестен,
Қосылды жылқыларға жүре желіп.

Көрдім де осыларды үйге қайттым,
Құдайға қуанғаннан бір мал айттым.
Сойдым да көк шыбыштың теке лағын,
Шақырдым ауылымның елін шағын.

Ойладым демалуға біраз жатып,
Қалыппын жатқаннан ұйықтап қатып.
Шынымен шырт ұйқыда жатқанымда,
Жіберді үйдің іші қатты оятып.

Ұйқыдан қатты шошып оянғаным,
Есімді көпке шейін жия алмадым.
Үй іші әлденені айтып жатты,
Мәнісін ес жиғанша біле алмадым.

«Осы үйде бар ма, — депті, — мерген Жәкем?
Киікке кеше қырғын берген Жәкем.
Мергеннен сұрағалы келіп едік,
Біз көрген ізді таудан көрді ме екен?»

Керемет бір үлкен із көрген екен,
Бұл тауға бір пәлекет келген екен.

Айталық мергенге деп бұл сұмдықты,
Балалар мықтап көңіл бөлген екен.

Есімді кешікпей-ақ жинап алдым,
Орнымнан ес жиған соң тұра салдым.
«Бұл қандай түйеші айтқан керемет?» — деп,
Ойланып көпке дейін аң-таң қалдым.

Көрдім де мынау ізді қайран қалдым,
Бір кетіп, із жатқанға қайта бардым.
Қалай да басқан ізін байқайын деп,
Ақырын аттан түсіп, бағдарладым.

Әуелі басқан ізін өлшеп алдым,
Бұл ізді өлшеймін деп шаршап-талдым.
Жалпағын табанының өлшегенде,
Жаяулап ерте шығып, кешке бардым.

Адымын өлшейін деп атқа міндім,
Тайыммен арасында үш күн жүрдім.
Күн-түні бір жұмадай әуреленіп,
Хайуанның алыптығын әбден білдім.

Ойладым: «Мылтық алып келейін, — деп, —
Мылтықпен ізге түсіп көрейін, — деп.
Жолығып Құдай айдап, көзге ілінсе,
Ажалын бәлекеттің берейін», — деп.

Ауылға осыны ойлап, қайта салдым,
Келдім де мылтығымды үйден алдым.
Тазалап, оқ жүрерін әбден майлап,
Дайындап өзім көрген ізге бардым.

Көреді әр қызықты жүре берген,
Жүргендер жүре-жүре жөргем ілген.
«Ақ қарлы Алатауда шыбын жүр» деп,
Сенер ме адам үшін тірі жүрген.

Баяғы таудағы із малшы көрген,
Әуре боп күндіз-түні өлшеп жүрген.
Адасып, ажал айдап, қаңғи берген,
Ізі екен бір шыбынның тауға келген.

Шыбынның алыптығы асқан екен,
Малшыдан иіс алып қашқан екен.
Астынан мәңгі мұздың ұя жасап,
Паналап соған келіп жатқан екен.

Болжадым Айыртауға атпен шығып,
Астында Ақсеңгірдің жатыр бұғып.
Аңдыған ажал оғын қайдан білсін,
Көкдауыл барса керек желден ығып.

Шыбынды менен бұрын тайым білді,
Ол маған құлағымен пайым қылды.
Ақтарған Алатауды мерген едім,
Сонда да байқамаппын тайым құрлы.

Арасын Айыртаудың үңіт¹ қылдым,
Осыдан Ақсеңгірге дыбыс қылдым.
«Дыбыстан шошып қырға шыға ма?» деп,
Шыбынның аңқауынан үміт қылдым.

Арасы Талғар менен Бақайдай жоқ,
Мылтықтан қарыс жерге тимей ме оқ.
Мен — мерген, мылтық — түзу, оғым — жұмыр,
Шыбынның құлауында күдігім жоқ.

Бас жағы Ақсеңгірдің қар менен мұз,
Арт жағы мұз жазығы ең жаман тұз.
Құлдиган мұздан төмен жақпар жартас,
Құс ұшпас, киік жортпас қия мен құз.

Қарағай құздан төмен қалың арша,
Шайтан да шыға алмайды оған барса.
Ну тоғай, қалың орман тосар дедім,
Егер де шыбын өліп, құлай қалса.

Шелектің сай табаны өзен еді,
Шыбынның өлетін-ақ кезеңі еді.
Зәуеде шыбын құлап, суға түссе,
Ағызбай бұл өзенді бөгер еді.

Сезді ме бізді шыбын, мойын бұрды,
Бұл жолы қу шыбынды Құдай ұрды.

¹ Үңіт — жол.

Басына Ақсеңгірдің ұшып шығып,
Айыртауда тұрған бізге қарап тұрды.

Жарқ етті маңдайынан екі шырақ,
Шыбынды қан тартып тұр, ажал айдап.
Алыбы жәндіктердің қасарып тұр,
Мылтықты серт ұстадым «А, Құдайлап».

Тайымның асықпастан ерін алдым,
Жартастан ұшпасын деп, шідер салдым.
«Атылып, ажал жетіп шыбын өлгенше,
Азырақ оттасын», — деп қоя салдым.

Ас ішіп, тамағымды тоқтап алдым,
Сүмбе ұрып, мылтығымды оқтап алдым.
Асықпай аяғымды жайлап басып,
Ататын мылтық сүйеп тасқа бардым.

Білтеге шақпақ шағып, қойдым отты,
Тегінде ажалдыға амал жоқ-ты.
Білтенің биттай отын тездеткендей,
Алыпқа ажал желі қарсы соқты.

Алыпқа алдым дағы ажал сұрап,
Құдайға жалбарындым таза жылап.
«Тез өлер миды аралап оқ тисе», — деп,
Арасын екі көздің қарауылға ап.

Дәріге білтеден от жетті барып,
Тарс етті мылтығым да үн шығарып.
Басында Ақсеңгірдің алыбына
Тигенін көрдім оқтың оған дарып.

Жарқ етті маңдайынан екі шырақ,
Асықпай баяу барып жатты сұлап.
Тыпырлап қайта тұрып кетемін деп,
Жартасқа салдыр-гүлдір кетті құлап.

Алышты ату еді арман-зарым,
Арманым орындалды жеңіп шарым.
Тайымды оттап жүрген ұстап алдым,
Шаттанып, оқыранды жануарым.

Тартпасын торы тайдың мықтап тарттым,
Құйысқанын жануардың бек қысқарттым.
Оқ тиіп, алып шыбын жығылғанда,
Міндім де тұлпарымды тұра шаптым.

Асығып өлген аңға құстай ұштым,
Жер дағы жолын берді қалмай ұсқын.
Арықтан аттағандай Айыртаудан,
Ат тағы иесі еді алып күштің.

Жүрісім болды емес пе тізгін ұшы,
Мұндайда өте қажет аттың күші.
Оқ тиіп, атқан аңы жағылғанда,
Қалмайды мергендердің есі-түсі.

Шыққаным Құдырғының батыс жағы,
Ақсеңгір қосылады бұған тағы.
Байқастап Көкбұлақтан қарап тұрсам,
Құлапты Ақсеңгірде сөздің ағы.

Алдымен мұз жарылған, шыдаған ба?
Тау басы талқан болған құлағанда.
Жарылып жартастары құм болыпты,
Жан беріп тау тағысы сұлағанда.

Бүтін бет қарағайы парша-парша,
Шөп-шөме боп кетіпті қалың арша.
Бұтасы Ақсеңгірдің типыл болып,
Қарайып орны жатыр қара жарша.

Арт жағы Ақсеңгірдің сағасында,
Бас жағы өзеннің нақ жағасында.
Жануар әлі өліп, жан бермепті,
Ызыңдап жатыр десем, нанасың ба?

Тайымды Көкбұлаққа тастай салып,
Қойыпты мылтығым да сонда қалып.
Құлаған алып аңның басын көздей,
Келемін таудан төмен домаланып.

Жағаға домалап кеп тоқтай қалып,
Жүгірдім орнымнан тұра салып.

Таңертең желкесіне шығып едім,
Алқымға түсте бардым өліп-талып.

Қолыма пышақ алып, ұшып келем,
Еңістен бауыздауға түсіп келем.
Аяғым әлденеге тіреледі,
Ымыртта кеңірдекке жеттім білем.

Жетеді әлім зорға пышағыма,
Пышақты қысып алып құшағыма.
Алқымнан «Бисмилла» деп салып қалдым,
Тамырдан салып тұрмын қышадым да.

Келіпті мылтығымды тайым алып,
Бауынан сулығымен іле салып.
Тайымды келе сала ұстап алып,
Ауылға хабарладым шауып барып.

Ауылдан ертіп келдім отыз жігіт,
«Олжадан аламын» деп етеді үміт.
Еріккен ен жайлаудың жігіттері,
Тамаша жасап келді ойнап-күліп.

Шыбынды отыз жігіт он күн сойды,
Жігіттер ет пен шайға әбден тойды.
Терісін нән шыбынның жыртпай сойып,
Бетіне Ақсеңгірдің жайып қойды.

Пұшпағын алты жігіт атпен тартып,
Арт жағын шана жегіп, өгізге артып.
Еріген қар суынан бұлақтай боп,
Тауыстық сары суын әрең сарқып.

Арт жағы Ақсеңгірден асып жатты,
Жалпағы сай-саланы басып жатты.
Мойнағы Түлкіліге тура келіп,
Бұлақты таудан аққан тосып жатты.

Жабылды шелін жеуге құстың бәрі,
Ауызы тигенінің кірді әрі.
Қомағай құзғындары түлеп алды,
Қарғасы, сауысқаны тілеп алды.

Аршылды ішек-қарны он бес күнде,
Істеді он бес қатын күндіз-түнде.
Қатынның қатысқаны қарын түйреп,
Ерітіп іш майынан алды жүлде.

Қатпаршақ түп бүйені былай қалды,
Қалғаны да өзенді лайлады.
Қан-жынмен Шелек суы ботана боп,
Бір жеті жағадағы ел су алмады.

Ауылдан алпыс өгіз айдап келді,
Ер-тоқым, арқан, жібін сайлап келді.
Құзар құз, қар менен мұз жолсыз шыңмен,
Тасырқап, тас баса алмай шайлап қалды.

Сыйғыздық жарым етін әрең артып,
Жүргіздік өгіздерді артып-тартып.
Қалғанын алып жүрдім тайымменен,
Алып бара жатырмын жайыменен.

Ет тізген он бес арқан, сегіз желі,
Сонда да қайысқан жоқ тайдың белі.
Тақырға қара тұяқ қарыс кірсе,
Майысады тасты басса жуан елі.

Жария болды бұл іс барлық жанға,
Қалмады білмейтін жан жақын маңда.
Саз балшықты басқандай балқытады,
Торы тайдың тұяғы тасқа таңба.

Етті түгел алғанмен тері қалып,
Ертесіне он жігіт қайта барып.
Теріге сүйретпе шана салып,
Алып келді ауылға өліп-талып.

Теріні он бес жігіт суға салды,
Бөгеліп Жіңішке үш күн ақпай қалды.
Жібітіп, бабына кеп иіген соң,
Қайратып алпыс пышақ жүнін алды.

Терінің қалыңдығы дәл төрт елі,
Одан да қалыңырақ сырар жері.

Барлық құс тұмсығы бар жабылса да,
Терінің азаймапты майлы шелі.

Теріні көрген адам қайран қалды,
Қызығып елдің бәрі қолқа салды.
«Шелек, көнек, саба, торсық жасаймыз», — деп,
Ат байлап, атан тартып қалап алды.

Жаясы жалыменен қалды аралас,
Төс қалды төстігімен бәрі тұтас.
Келгендер дайын етті бөлісіп ап,
Қалыпты сол күйінде сойылмай бас.

Әр адам өлшеп-пішіп санап алды,
Бөлшектеп бас-басына талап алды.
Жүз шелек, алпыс көнек пішкеннен соң,
Тоқсан торсық, сексен саба және қалды.

Біреу торсық, біреу көнек, сабаны алды,
Әркім-ақ өз керегін қалап алды.
Ағайын, жекжат-жұрат риза болып,
Терінің бестен бірі маған қалды.

Іш майы ішегіне зорға сыйды,
Ішекті бөліп-бөліп ортаға үйді.
Бәрі де үміткердің үлес алып,
Сонда да бір бөлегі бізге тиді.

Он ауыл он төбе ет үлесті,
«Көп, аз» деп айтпағанды айтып, десті.
«Ынтымақ ырыс алды» дегенді ойлап,
Соңынан бірлікпенен икемдесті.

Ағайын, ауылдастан бәрі алды,
Деген ешкім болған жоқ алмай қалды.
Риза елдің бәрі болғаннан соң,
Артылған жарым еті маған қалды.

Қалыпты ет астында жая-жалы,
Бұл елдің көрмеді екен неге шалы?
Етегімен әуелі төс қалыпты,
Бұйырғаны деп бізді еске алыпты.

Керегінше етті кәрі, жас та алыпты,
Алмаған ет артына тасталыпты.
Таңдағанын келгендер бөліп алып,
Бір шетінде сойдыып басы қалыпты.

Бес жігіт жеделдетіп басты сойды,
Күні-түн үш-ақ күнде көзін жойды.
Суырып көмекейін, тілін алып,
Айырып бастан жақты бөлек қойды.

Өлең сөз ежелден-ақ елге мирас,
Болса да сізге өтірік, өзіме рас.
Төрт жасқа жаңа толған жас шыбынның,
Азуы кез, езуі екі құлаш.

Шыбынның үштен төртке келген жасы,
Жүк болды он түйеге кесер басы.
Ұршығы алтауының шығып кетіп,
Сыныпты төртеуінің бұғанасы.

Жігіттер балтаменен басын шапты,
Айырып шекесінен бөлек артты.
Көз майын миыменен бөлек алып,
Толтырды сегіз қоржын, сегіз қапты.

Шыбын да мұндай үлкен туады екен,
Шіркіннің нақ семірген уағы екен.
Тобығы тоғыз қарыс, қазандай бар,
Өгізден бір жілігі жуан екен.

Бір жігіт бір сирағын сойып алды,
Соғым қып кәдімгідей жайып алды.
Сирақтың бақайшағын шағып көріп,
Бір қыстық көже қатық майын алды.

Мұндай семіз шыға ма түліктен де,
Мұндай кемік көрмедік күліктен де.
Қайнатып, алты шелек май қалқыды,
Қу сүйек тасталатын жіліктен де.

Бір кедей айдап келді жалғыз нарын,
Қасына ерте келді алған жарын.

Ішіне бір жіліктің кіріп келіп,
Май алды аузын түйреп он бір қарын.

Жүруші ек он шақты ауыл бөлек жайлап,
Жүр екен сөйтсек бізді нәсіп айдап.
Тоғанға бір жілігін науа жасап,
Астыққа қарық болдық егін айдап.

Ел шетін үш жүз кісі бірден басты,
Қорқысып ауыл-аймақ, қатты састы.
Қонақтың жай-мәнісін түсінген соң,
Сый-сияпат, құрмет жайын ақылдасты.

Шаптырдық қос атпенен қала жаққа,
Күлкі боп қалмау үшін шала жатқа.
Қант, шәй, тәтті-дәмді алдырмасақ,
Қаламыз айран, сүтпен балағатқа.

Сондағы Қарқараның базары бай,
Өрік, мейіз әкелген қант пенен шай.
Науат, құрма, бал, кәмпит, жаңғақ та бар,
Тағамның талай түрі қонаққа жай.

Іркітін барлық ауыл пісіп жатыр,
Сары май төбе-төбе түсіп жатыр.
Іркіттен майын алған құрт қайнатып,
Қонақтар аяқ-аяқ ішіп жатыр.

Қайнаттық қазан-қазан ірімшікті,
Көбейтті ірімшіктің түрін тіпті.
Күшәлә күшті ірімшік қайнатам деп,
Қазанның талай-талай түбі түсті.

Жалғыз-ақ нән шыбынды Мекен атты,
Кезінде келгендерге олжа сапты.
«Есейген еліміздің ағасы», — деп,
Орысқа ең алдымен шеке тартты.

Байланды сазға бие отыз желі,
Қымызсыз сый берген бе қазақ елі.
Мың биені күндіз-түн жебей сауып,
Қымыздың пайда болды шалқар көлі.

Сонымен қымыз болды саба-саба,
Болмауға дос-дұшпанға босқа таба.
Қалмады дастарқанның жоқ нәрсесі,
Сыйынып аруағына ата-баба.

Қонақтар ішіп-жеді, жалшы жарып,
Жабысты қызғандары меске барып.
Сабадан сасқалақтап саумал ішті,
Адамдай түк көрмеген ашып-арып.

Қымыздан қызықтырған өшін алып,
Түтікпен де сімірді өліп-талып.
Көнектен көп қонақтар көбік жалап,
Бас қойды кейбіреулер сүтке барып.

Алдырдық отыз түйе отын тасып,
Шыбынның маған тиген етін тасып.
Қонақ пен ел разы болғаннан соң,
Маған да қалды артылып талай нәсіп.

Бір жігіт алып келді жаужапырақ,
Бітпеген жер бетінде дәу жапырақ.
Жаздырып жапырақты көріп едік,
Жазығын Далашықтың жапты бір-ақ.

Олжаны қалқан етіп жайып келдік,
Жалғыз-ақ төрт жерінен тарттық белдік.
Жағалай қонақ түгел отырғанда,
Артылды тағы да орын біздің елдік.

Үш жүздің өкілдері түгел келді,
Көрді олар шыбын өлген асқар белді.
«Ежелгі еліміздің дәстүрі», — деп,
Ата ұлы келгендерге мүше бөлді.

Каспийдің жағасынан Адай келіп,
Шыбынның терісінен дырау өріп,
Зергерге күмістетіп сап жасатты,
Шыбынның бір азуын өңдеп көріп.

«Албанмен біз де бірге туғамыз», — деп,
Дулат пен Шапырашты жілік апты.

«Ежелден өкпесі бар туысым», — деп,
Суанға сүбе жағын арқалатты.

Бір ауыл осы олжадан түк алмапты,
Кезінде Мекем соны көп ойлапты.
«Шыбыннан олжа сұрап жүрем бе?» — деп,
Жиынға Арғын атам келмей қапты.

Ұлы жүз баспайшықтан таяқ апты,
Таянып құтты таяқ малын бақты.
«Ұрпағымның мәңгілік азығы» деп,
Бағуға төрт түлікті арланбапты.

Орта жүз осы топқа түр беріпті,
Әдемі ән менен күй, жыр беріпті.
Жонынан нән шыбынның таспа тіліп,
Кәделі алты қырлы қамшы өріпті.

Іргелес арқа беріс ағайын деп,
Қырғызға жіберіпті құйымшақты.
Ұйғырға олжаң сол деп төс байлапты,
Қыз беріп, қыз алған жай сыйлы жақсы.

Найман мен Жалайырға мүше артты,
Ысты мен Ошақтыға жамбас тартты.
Қыпшақ пен Қоңыраттың сыбағасын,
«Естісе, кеп қалар», — деп алып қапты.

Аусарлау поштабайдан кінә тапты,
Байұлы сыбағасын алмай қапты.
Ежелгі ескі қазақ құрамы деп,
Шыбыннан Қаңлыға қазы қапты.

Кіші жүз алған екен асық жілік,
Болар деп найзаға сап, байқап біліп.
Жауына есе бермей қорғапты елін,
Кірпігін кейде ілмей, кейде іліп.

Кіші жүз найзалап жүр жауы болса,
Орта жүз бітіріп жүр дауы болса.
Құрт, ірімшік, сары май, айран ішіп,
Ұлы жүз мал бағып жүр тауы болса.

Қазақтың бөлек-бөлек туған үші,
Болғанда Үйсін үлкен, Арғын кіші.
Бәрінің ынтымағы бір кісідей,
Бос сөз жоқ арасында піші-піші.

Албан сөйтіп гулетті шартарапты,
Салыпты жөн-жөніне Арқа жақты.
«Ежелден өкпесі бар туысым», — деп,
Суанға сүбе жағын арқалатты.

Албанның өткен-кеткен жолын біліп,
«Туыстық жақындығың бар», — деп күліп.
«Тетелес ағамыздың тұқымы», — деп,
Дулат пен Шапыраштыға екі жілік.

Торы тай арыстай боп жатыр сұлап,
Кейідім, күйіп-жанып, қатты жылап.
Күйігі торы тайдың аз болғандай,
Кер бие тағы өліпті таудан құлап.

Ұлы жүз дүниені ойлап зарланбапты,
Шаруаны жек көрмепті барды-жоқты.
«Мәңгілік ұрпағымның азығы», — деп,
Бағуға төрт түлікті арланбапты.

Жер, суға ие қылмай, қарасыпты,
Өлімге қалмақты ала барысыпты.
Тамағы: сары қымыз, ет пенен май,
Желменен сыбырласып жарысыпты.

Желқайық жер бетінің тұлпары еді,
Көреген көк жүзінің сұңқары еді.
Сыймады маңдайыма, амалым не,
Ырыстың айдын-көлі, шалқары еді.

Асылды адамға да бергенім жоқ,
Ат қылып анық бір мінгенім жоқ.
Қылығы жануардың еске түссе,
Ішіме түсіп кетеді сексеуіл шоқ.

Айуаннан да өтеді дүние-боқ,
Өмірі өте шықты қып-қысқа боп.

Көп жасап, жиырма беске келсем дағы,
Мен ондай жылқы малын көргенім жоқ.

Тор тайды қалай айтсам жарасады,
Кім оны өтірік деп таласады.
Қайғырып тор тайыма күйінгенде,
Ес-түсім бір өзімен адасады.

Арқардың неге өлтірдім көбін атып?
Тайыма сұқ тигіздім түгел артып.
Жанына жануардың барғанымда,
Үш рет кісінеді өліп жатып.

Болғанда аттандырып кісілерді,
Торы тай тауға қарап кісінеді.
«Көрінген тағы да олжа бар ма екен?» — деп,
Ойыма бір қуаныш түсіп еді.

Тайымды апыл-ғұпыл ерттеп алдым,
Мойныма оған сайлап, мылтық салдым.
«Тағы бір зор қуаныш бере көр!» — деп,
Тәңірден тілек тілей көп жыладым.

Алпыстай Аққиядан арқар аттым,
Бәрін де торы тайға арқалаттым.
Желмедім, шаппадым да «жүті ауыр» деп,
Бәрінен жетеледім жарқабақтың.

Арқарды алып келдім тайыма артып,
Дәл он бес қыл арқанмен мықтап тартып.
Жануарды таң асырып, қалдым жатып,
Мамада өліп қапты арам қатып.

Жануар арыстай боп жатыр сұлап,
Кер бие тағы өліпті таудан құлап.
Тұлпарға екі бірдей күйіп-жанып,
Көп елдің ортасында алдым жылап.

Күйінем әлі күнге торы тайға,
Дәл ондай енді маған жылқы қайда?
Ойласам, ұйқым шайдай ашылады,
Адамға қайғы басқан ұйқы қайда?

Жануар торы тайым мүсін еді,
Бақ айдап келіп қолға түсіп еді.
Назарда кер биеден туған күні,
Періште қырсығымды кесіп еді.

«Кесермін қырсығыңды» дегені ме,
Қарамды көріп менің, кісінеді.
Ақылды адамзаттан жануарым,
Не айтсам, қалт еткізбей түсінеді.

Көрермін кедейліктің тақсыретін,
Баспайтын болды алға енді ісім.
Демеймін жануарды жансар еді,
Иесі қасиетті аңсар еді.

Сыймады маңдайыма, амалым не?
Ырыстың айдын көлі, шалқары еді!
Қанатты ертегінің тұлпары еді,
Көреген көк жүзінің сұңқары еді.

Көп елге сұрап келген бергенім жоқ,
Сөзіне ата-ананың ергенім жоқ.
Жоқ болдың көріндің де көрген түстей,
Бір жыл да қызығыңды көргенім жоқ.

Өтеді айуаннан да дүние боқ,
Өмірі өте шықты қып-қысқа боп.
Көп жасап, ұзақ өмір сүрсем дағы,
Мен ондай жылқы затын көргенім жоқ.

Шын жүйрік тұлпар еді торы тайым,
Талдырған ұшқан құсты қызған сайын.
Қанатты ондай жылқы көрмеген соң,
Келеді айта бергім оның жайын.

Торымды қалай айтсам жарасады,
Зар үнім асқар шыңнан ары асады.
Түскенде торы тайдың қайраты еске,
Иесі ес-түсінен адасады.

Ағайын айтпасам да түсінеді,
Басында оңға айналған түсім еді.


Арқарды неге аттым, тіл болды ма?
Үш рет маған тайым кісінеді.

Болса да кейбір адам «гөзел» мейлі,
Данышпан туған жанға теңелмейді.
Жатпайды асыл пышақ қын түбінде,
Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді.

Аяғы шыбынның да тамам болды,
Бір ғасыр тай өлгелі заман болды.
«Ел жаңа елу жылда, жүз жыл қазан»,
Орнына ескі кетіп, жаңа қонды.


Жаздым-ау зорға құрап тозған сөзді,
Кезінде өтіріктен озған сөзді.
Өзінің қисыны жоқ қызығымен,
Халықтың көкейіне қонған сөзді.





Өтірік өлең.

Орталық ғылыми кітапхананың
сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (1096-бума)



Суретші Е. Оспанұлы

МЫСАЛ

Мысал — түрлі тіршілік иелерінің көркем бейнелері арқылы адамдардың мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін тұспалдап, астарлап жеткізетін халық әдебиетінде өзіндік орны бар жанрлардың бірі. Оның қайнар көзі миф пен хайуанат туралы ертегілер мен шығыстық кітаби тәмсілдерден алынған. Мысалдардың негізгі мақсаты — мораль айту, өскелең ұрпаққа тәлім беру. Бұл ретте қоғамдағы қайшылыққа толы өмір шындығы, тарихи-әлеуметтік, саяси-рухани мәселелер де назардан тыс қалмайды. Мұнда елдің бұрынғы салтындағы жағымсыз әдет-ғұрпы мен тіршілігі мінеліп, әзіл-әжуамен көріктеу, бейнелеу, шенгестіру, әсірелеу негізінде сынға алынады. Тыңдарман тұспалдап айтылған жайды, астарлы ойды ішкі түйсігімен сезініп, өз бетінше топшылауға, түйін-қорытынды жасауға мүмкіндік алады. Түрлі жан-жануарлар, аң-құстар, жәндіктер іс-әрекет үстінде бейнеленіп, тілдестіріліп, айтылған жайдан ғибратты түйін түйіледі. Мысалдардың өлең-жыр, қара сөз, айтыс үлгілері кездеседі. Өтіріктер сияқты мысалдарды да халық ақындары шығарып, ел арасында насихаттап отырған. Уақыт өткен сайын авторлары ұмытылған немесе олар саналы түрде авторлығын көрсетуді жөн санамаған.

Мысал айтыс — хайуанаттарды айтыстыру арқылы қоғамның мінін, адам мінезіндегі кемшілікті мысқылдайтын юмор мен сатираға құрылған. Мысал айтыстардың бір тобы — «Нарманбет пен торы аттың айтысы», «Қожамқұл ақынның көкшолақ атымен айтысқаны» деген мәтіндер ақындардың төл шығармалары болып есептеледі. Екінші топ — шынайы фольклорлық мысал айтыстар, олардың бірінші топтан ерекшелігі — ақындар есімімен байланыссыз екендігі ескерілуі тиіс. Оған «Шаруа мен тарының айтысы», «Тай мен жігіттің айтысы» мәтіндері кіреді. Сондай-ақ сүйген жарға деген сағынышпен жарының топырағын құшып, аруақпен айтысу да мысал айтыстарының қатарынан орын алады.

Фольклорды зерттеп, жанрлық жағы сараланған еңбектерге мысал жанры қалыс қалып жатады, дегенмен мысал жанрының шығу тегіне, теориясына әр жылдары А. Байтұрсынұлы, З. Қабдолов, С. Қасқабасов секілді ғалымдар тоқталып өткен. С. Сейфуллин, С. Мұқанов, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ә. Қоңыратбаев, Б. Уахатов, М. Жармұхамедұлы т.б. ғалымдар өз еңбектерінде мысал-айтысқа қатысты ой-пікірлерін білдіреді.

А. Байтұрсынұлы, С. Дөненбаев, С. Көбеев секілді қаламгерлер өз шығармалары мен аудармаларында мысал жанрына ерекше көңіл бөлген.

Томға әзірленген мәтіндердің негізін қолжазба қорларында сақталған мәтіндер құрайды. Н. Төреқұлов, Р. Мәзқожаев, И. Өкпенов, Ә. Жұматаев, Р. Тоқтарбаев, Қ. Қабылбаев, Ғ. Батталов, Д. Үрпекөв, Қ. Асылбаев, М. Тоқсанов сынды жинаушылардың әр жылдары жазып алып, қорларға тапсырған мысал мәтіндері алынды.



Түлкі мен тауық

Бір түлкі тағам аулап, сейіл құрып,
Кез болды иесіз тамға кезіп жүріп.
Жандыда там басында бір тауық бар,
Сөйлесті тауықпенен кеңес құрып.

Тауықты көзі көріп, бойы жетпей,
Кірісті алдамаққа сонда тұрып.
— Тауығым, аманбысың, тамға шыққан,
Уақыт періштенің үнін ұққан.
Бір Алла көркем қылып, зинаттаған,
Ұжмақтың өн бойына сыры жұққан.
Бүгінгі кең заманға тумай тұрып,
Сіздерді жыртқыш хайуан жерге тыққан.
Жапанда кең заманда жалғыз жүрсің,
Заман кетті әлдіден, әлсіз бұққан.

Тауық айтты:
— Замана өзгерді ме,
Құлақпен естідің бе, көз көрді ме?
Құдайдан кеңшілікті сұраушы едік,
Сол кеңшілік сізбен ере тез келді ме?

Түлкі:
— Жиналды тамам мақлұқ басты құрап,
Жақсылық сөз сөйлесті жылы ұшырап.
Жандыны әлі келген жыртып асап,
Күштіміз хақтан безген, нашар жылап.

Бұл тәртіптен тыйылмақ қылды уағда,
Қанағат, ырыздықты Хақтан сұрап.
«Құдайдан қорқалық» деп уағдаласты,
Қылмас деп ешбіреуге дүние тұрақ.

Тауық айтты:
— Келді ме сондай заман?
Мақұлық бас қосты ма бәрі тамам?
Дүниеден тату өтсек арман бар ма,
Бірігіп жолдас болсам мен де саған.

Бәріміз бір жөнменен ырыздық жеп,
Шақырсам зияпатқа, келсе шамам.

Қасыңда сені іздеген жолдасың кім?
Жүгіріп келе жатыр саған таман.

Салқы төс, сабау құйрық, шошақ құлақ,
Тықыр жүн, тұмсығы ұзын, жарауырақ.
Ізге түскен немедей жер иіскелеп,
Жүгіріп келе жатыр қылмай тұрақ.

Әр жерден жылмаң етіп бір көрініп,
Ышқынып келіп қалды жақынырақ.
Кеңестен тағы хабар аламыз ғой,
Мұның да естіп білген сөзін сұрап.

Бұ да сіздің жолдас па?» — деп сұрады,
Түлкіден тауық байғұс аңқаусырап.
Түлкіге бұл сөзді естіп, қорқу түсті,
Бастан ақыл кетіп, зәресі ұшты.

Жасырын жерді көздеп, жазды құлаш,
Амал, әдіс, айласы аспанға ұшты.
Артымнан тазы қуып жете ме деп,
Көрсетті ғаріп жанға жетер істі.

Тауықты түсіріп ап жей қоям деп,
Құм асап ақырында, заһар ішті.
Ойласа әр нәрсенің бәрі осындай,
Немене айтып, айтпай, өкінішті.

Сона мен инелік

Он сона келе жатса сапар етіп,
Артынан бір инелік келді жетіп.
"Тоқта, — деп, — бәрің бірдей!" айғай салды,
Жемекке батырыңның көңілі кетіп.

Соналар қатты қорқып, жылады зар:
«Құтқар, — деп, — бұл бөлеңнен, иә, Бір уа Бар¹».
Біле алмай не қыларын тұрғаныңда,
Біртүрлі болды сонда тамашалар.

¹ Бір уа Бар — Алла тағаланың есімдерінің бірі.

Кез болды сол мезгілде бір аш торғай,
Жүр екен көптен бері дым таба алмай.
Көрген соң инелікті көп қуанды,
Қиғаштап қанаттарын, деп «алақай».

Тоқ санап көңіліне торғай байғұс,
Басына қонып тұрды ұзын қамыс.
Қорқысып инелік пен сона тұрса,
Бір қырғи инелікке келді таныс.

Сол уақта қырғи қалды ойға жаңа,
Ұмтылды ол торғайды көре сала.
Ал сонда қашты торғай қанат қағып,
Құтылмақ қамын қылып ол бейшара.

Ал сонда қырғи құды, қашты торғай,
Шырылдап келе жатыр салып ойбай.
Сона да, өз бетімен кетті инелік,
Келеді торғай байғұс құтыла алмай.

Ол торғай қаша берді Сырға қарай,
Бір мұзға келіп қонды сырғанамай.
Жан сақтап, бір қуысқа паналады,
Бейшара онан басқа түк таба алмай.

Қырғидың салмағы бар онан гөрі,
Аяғын басамын деп сәл ілгері.
Бір балық ауызына қағып салды,
Қатпаған желім еді басқан жері.

Балықтың қырғи түсті ауызына,
Қараңыз айтып жүрген жауызына.
Жүрсе де батырсынып, қаза тапты,
Кез келіп тағдыр істің жазымына.

Инелік, сона, торғай, қырғи, балық —
Бұл күнде сол секілді бар ғой халық.
Инелік, торғай менен қырғи мысал,
Момынның малын жейтін тартып алып.

Нашарды қорсынбаңыз, азаматтар,
Көреді жаман адам жолдасын қар.

Қаншама жамандықты ойлағанмен,
Аузына айдаһардың бір тығылар.

Азамат әлін қимас жаманатқа,
Тағы да жақын болмас қиянатқа.
Басқаны бір тамақтан ойламаған,
Ақыры ол жолығар бір ұятқа.

Көп ұят ондай жұмыс ұлтымызға,
Әр нәрсе кез боп жатыр құлқымызға.
Ем болар айтқанымыз, азаматтар,
Салмасақ әр нәрсені ұртымызға.

Алашым, тастаңыздар алалықты,
Көздейік адам болар аралықты.
Елдердің бізден басқа істегені
Теп-тегіс жер жүзіне таралыпты.

Қолыма осыны ойлап, алдым қалам,
Қылмаса айтқанымды, бар ма шарам?
Жастарым мейлі қылар, мейлі қылмас,
Аяғын осыменен айттым тамам.

Сазан мен шортан

Бар екен бір теңізде сазан балық,
Сазанды көп шортандар ортаға алып.
"Бәріміз ұстап алып бұл сазанды,
Қалайық, — дейді шортан, — тамақтанып".

Ниетін сазан білді шортандардың,
Ретін қиялданды құтылардың.
Ал сонда қашты сазан су бетіне,
Қасына барайын деп адамдардың.

Бір уақта су бетіне шықты сазан,
Бесінге жатыр екен айтып азан.
Теңіздің жағасында екі кемпір,
Аспаққа жатыр екен жуып қазан.
«Қазанға балық ұстап асайық», — деп,
Шешініп түсе қалды кемпір жазған.

Теңізден балық ұстап аламын деп,
Кемпірлер өліп қалып аты озған.
Кемпірдің салдырымен шортан қашып,
Құтылып сазан пақыр қанат жазған.

Ойласақ, шортан — біздер, сазан — дүние,
Жеп, ішіп отырмаққа еткен айла.
Таусылып өмір келіп, жас жеткен соң,
Күл-күл боп сүйегіміз болар майда.

Жастықта күліп-ойнап, киіп, ішіп,
Кемпірдей қартайған соң суға түсіп.
Түбіне дүниенің жете алмастан,
Не сабаз, не кемеңгер кеткен көшіп.

Дүниенің осы түрлі бар мысалы,
Халықтың жер жүзінде біз осалы.
Жақсының ұзақ ойлап түсінер деп,
Осымен тамам болды сөз мысалы.

Есек пен тұлпар

Есекпен жолдас бопты жүйрік тұлпар,
Бір таудың саласына етті сапар.
Шөл екен бір жарым ай барар жері,
Тағы да асуы бар отыз қатар.

Тұлпар айтты:

— Есек, жолы қашық,
Таулардың дарасынан жүрсек асып.
Жолына бір жарым ай бір күн жүріп,
Шығармыз тау басына, жүрсек басып.

Ойланды есек байғұс сонда тұрып,
Тұлпарға жауап берді мойнын бұрып.
— «Күндік» деп сәскелікті көбейтесің,
Менің де әл-шамамды біліп тұрып.

— Жүр, — деді, — олай болса, есек досым,
Сенің де ол айтқаның болса болсын».
Шөл жаққа қадам басты сол бойынша,
Есектің қайтармастан ықыласын.

Секіріп тұлпар басты жолдың шетін,
Есектің қараңыздар ақ ниетін.
Тұлпарға жол алыстап, шапқаннан соң,
Ол жолдың есек көрді қасіретін.

Қыдындап шоқыртты есек тігіп құлақ,
Көңіліме өлшемесе қалды ұнап.
Ертеден кешке дейін Тәңірім деп,
Бір жерге шаршаған соң жатыр сұлап.

Жер жүрді кешке дейін он шақырым,
Шетіне шығып алып бір тақырдың.
Аузына шөлдеген соң тілі сыймай,
Болғанын білді есек бір қатердің.

Шамасын білмей есек жатыр сұлап,
«Артымда қалдың ғой, — деп, — сулы бұлақ.
Ойыма есектігім жаңа түсті,
Тұлпарға еремін деп қалдым сорлап».

Ойда жоқ есектігі, тасқан жері,
Жүре алмай әрі шөлдеп сасқан жері.
Жете алмай иә алдына, иә артына,
Албасты сөйтіп оны басқан жері.

Тұлпар деп біліңіздер оқығанды,
Көңліне ауыр ғылым тоқығанды.
Есектей оқымаған болады деп,
Осымен тоқтатылды сөз тамамы.

Қаршыға мен қоян

Бір қоян тау басында жүрді оттап,
Бір мезгіл көлеңкеде тұрды тоқтап.
Қоянның өзі семіз, тамағы тоқ,
Секіріп жүрді ойнап, аттап-аттап.

Хабарсыз еш нәрседен жүрді қоян,
Айтайын әңгімесін етіп баян.
Ашыққан қаршығаның ащы даусы
Қоянның құлағына болды аян.

Қаршыға көрді қоян қараларын,
Соңынан еріп жүрген балаларын.
Қоянның көзі түсіп қаршығаға,
Дағдарды білмей қоян не қыларын.

— Садағаң мен болайын, балаларым,
Білмей тұр анаң байғұс не қыларын.
Ашықса ол қаршыға мені жесін,
Кіріңдер бір қуысқа сенің бәрің.

Қоштасып баласымен қоян жатыр:
— Мен кетсем боласың, — деп, — сендер пақыр.
Аман жүр екі көзім раушаны,
Анаң кез болып тұр заманақыр.

Жасық көжек жаңа туған өңшең жастар,
Жастықпен от пен суға шыдамастар.
— Бізді бір қаршыға ауқат қылсын,
Білмейміз сенен қалып жөн мен жоспар.

Қаршыға көрді қоян жылағанын,
Көз жасын жастар үшін бұлағанын.
«Менің де осындай жас балам бар ед,
Баламның қылушы едім ұнағанын.

Қой, бұған зорлық екен менің ісім,
Езіліп жас көжекке кетті ішім.
Қой, қастық бұларға мен ойламайын,
Бейшара өсіп, өніп, күнін көрсін».

Қаршыға іштей ғана сабыр етті,
Көп тұрмай, ол арадан ұшып кетті.
Өлімге ырза болған себебінен,
Қоянның тұқымдары көбейіпті.

Тұқымы зорлықшылдың аз болады,
Мінезі заманаға саз болады.
Жасырып бес-он тиын жегеніне,
Сұғанақ о батырлар мәз болады.

Жегісі келіп оның тұрса дағы,
Жемекте көңілі анық болса дағы.

Қарғалар жан-жағында көп болған соң,
Себебі содан болды жұмсамағы.

Көпке жем қылмайын деп кетті ұшып,
Көңліне неше түрлі қиял түсіп.
Біреуді нашарсынып тұрғанменен,
«Жеп-ішер» деген сөз бар болса нәсіп.

Адам бар қаршығадай осы күні,
Жемекте ойы-құлқы күні-түні.
Момыңды қояндай-ақ алдына сап,
Жеп-ішпек ретімен келсе жөні.

Дегенмен айтқандары бола алмай жүр,
Көздері дүнияға тоя алмай жүр.
Алдына жұмысты боп бара қалсаң,
Деп айтар ишаратпен «бір нәрсе бер».

Қалай да менсіз күні өтпейді деп,
Қорықса да айтқанымнан кетпейді деп.
Бір берсең, «екі бер» деп азсынады,
«Алуға көйлек, ыштан жетпейді», — деп.

Бересің, лажың жоқ, білмейсің жол,
Ісінді бітірмейді онымен ол.
Жігіттер, адам болам деп ойласаң,
Жақсыдан иә жаманнан дәмесіз бол.

Түйе мен тышқан

Бұйдасы шұбатылған бір қызыл нар,
Жолменен келе жатса ол жануар.
Бұйданы шұбатылған тышқан көріп,
Бұйданы ұстамаққа болды құмар.

Бұйданы тістеп алып, жолға шықты,
Артынан түйе байғұс құстай ұшты.
Түйені күшімменен сүйредім деп,
Ойына бір қиялы келіп түсті.

Сонымен бірталай жер жетеледі,
Аяғын қатты басып, ентеледі.

Бір суға кез кеп қалып, түйе өтті,
Өте алмай тышқан байғұс тентіреді.

Өте алмай ол өзеннен тышқан тұрды,
Көз салып, жан-жағына мойнын бұрды.
Тышқан жеп, ауқат қылып күнін көрген,
Келді қарсы алдында мысық көрді.

Жолықты мысық келіп ол тышқанға,
Бұл жерде жалғыз жүріп сор қысқан ба.
Өзеннің жағасына түйе шығып,
Шаптырып сиіп тұрды анда-санда.

Тышқанға мысық айтты:
— Тұрсың неғып,
Бір нәрсе бітіргендей масаттанып?
— Сен тыңда, мен айтайын, — деді тышқан, —
Мен тұрмын осы арада азаптанып.

Жүр екен ана түйе айдалада,
Біле алмай баратынын қай араға.
Жолменен бұл өзеннен өткізіп сап,
Отыр ем демімді алып бұл арада.

Түйенің тышқанменен жатыр ізі,
Рас па деп ойланады айтқан сөзі.
Ишанын қауіп қылып айтты мысық:
— Сенде ғой ол түйенің екі көзі.

Тышқанға мысық айтты:
— Күресейік,
Аяқты майдан жерге тіресейік.
Жығылсақ қайсысымыз бұл майданда,
Той қылып айтымызды үлесейік.

Мысықтың мақұл көрді айтқан сөзін,
— Түйені сүйреп келсем менің өзім.
Саған да Құдай білет, күшім жетер,
Өзіңе мықты болсаң сенің өзің.

Екеуі күреспекші болды сонда,
Тышқанның мысық салды аузын санға.

Тышқанды өлтірмекші болды мысық,
Қып-қызыл майдан ішін бояп қанға.

Тышқанның мақтанам деп өлген жері,
Мысықтың кеудесіне мінген жері.
Әлемге әл білмеген таң болды деп,
Адамның ақымаққа күлген жері.

Тышқандай жігіттер көп мақтанатын,
Қалмаққа үйде отырып аттанатын.
Өзінің әл-шамасын білмей сөйлеп,
Бір түрлі жамандыққа тап болатын.

Түйені тышқан қайдан көтереді,
Бекерге ұят сөйлеп, көшіреді.
Тышқанға түйе мініп өтпек түгіл,
Бір тепсе аяғымен өлтіреді.

Жігіт те бейнет қуса болар сондай,
Кез болар бір нәрсеге бекер тұрмай.
Өлімге кейбіреулер тап болады,
Үйінде жайшылықпен отыра алмай.

Деп сөзді Жұманазар айтты тамам:
«Өзімнің құмырсқаға келмес шамам.
Жұдырықтай үлкендігі ол тышқанға,
Сөзіне айтып жүрген аң-таң қалам».

Қасқыр мен қозы

Көп қойдан қалған ұйықтап бір жас қозы,
Адасып жұртта қалған жалғыз өзі.
Шаршаған сүтке бөгіп ыстық күнде,
Өзенге су ішкелі келді кезі.

Су ішіп, рақаттанып тұрғанында,
Бір қасқыр шыға келді жайнап көзі.
Қызғыштай көл қорыған шыжалақтап,
Қозыға кінә таққан қасқыр сөзі:
— Ішесің рұқсатсыз қалай суды,
Басқаның көлденеңдеп кімнің жері?

Тілейді қозы медет Жасағаннан,
«Қасқырдан нем қалады асағаннан?»
— Мен сіздің ізіңізбен төмен жүрдім,
Егер де кез боп қалса, баса қалман.

— Сен, қозы, байқап сөйле, ашып көзің,
Тайталасып барасың кіммен өзің!
Есімнен кетер емес бұл жалғанда,
Жолығып былтырғы жыл айтқан сөзің.

— Құлақ сал біразырақ, қасқыр, сөзге,
Жетемін жарты жасқа осы күзге.
Көктемде биыл тудым мен анамнан,
Тақсыр-ау, сөйлеп жүрмін қашан сізге?

— Айтуын қара, қиянат былтыр маған,
Қастықты қайсысың бар ойламаған.
Теп-тегіс қой атаулы жек көреді,
Пормасы айнымайды, түсі саған.

— Нансаңыз, аға-інім жоқ, жалғыз тудым,
Басыңда кез болдыңыз бүгін судың.
Мен сізге өмірі зиян ойламаймын,
Кінәлап болмашыға өзің құдың.

— Кім айтар өтірікті сенен асып,
Барасың әкеңменен тайталасып!
Жайнатып екі көзін тұра ұмтылып,
Қозыны бауырына алды басып.

Қасқырдай қаражүрек талай адам,
Адалға беттеп, дұрыс баспас қадам.
Қасқырдай тарпа бас сап, жей береді,
Жалынып жыласа да, қоймай аман.

Жалғанда қойдан момын мақлұқ бар ма,
Залалды тірі жанға ойламаған.
Қасқырдай қаны қара адамдар көп,
Жоқ жерде жемек үшін кінәлаған.

Бақа мен екі қаз

Нақылдан сөз шығардым, ойла, халқым,
Ойласаң ашу — жаман, ақыл — алтын.
Түсінер ер мен әйел көңліне алып,
Оқыса бұл сөзімнің әуел артын.

Болғанда жібектен шәй, мақтадан бөз,
Құлағың нені есітсе, көреді көз.
Гибрат есіткендер алар ма екен,
Жазайын нақыл етіп азырақ сөз.
Бір жайда бұрынғыда жүреді екен,
Жай алып бір көлшіктен бір-екі қаз.

Адамзат не табады құры жүріп,
Көрген іс, бәрі қызық тірі жүріп.
Бір нақыл тыңдайтұғын сөз жазайын,
Жолдастар, пайым қылғын мұны біліп.
Күн қызып, ауа айналып, тақыр бопты,
Екі қаз жүрген көлдің суы құрып.

Екі қаз «Ұшып жүріп қаралық, — деп, —
Тағы да бір тұнық су табалық», — деп.
Екеуі жазыққа шығып, ұшты дейді,
«Жақсы су тауып, рақат алалық», — деп.

Ұшады су таба алмай көлдегі қаз,
Күн ыстық, өзі сусап, шөлдейді қаз.
Шілденің сарша тамыз күні қайнап,
Жақындап келді шөлдеп, өлмегіне аз.

Жақындап қалған шақта өлмегіне,
Жазғанын кім көрмейді езбегіне.
Бір жайды үй орнындай мекен еткен,
Келіпті бір бақаның көлмегіне.

Көлмекке екі қаз кеп қонып еді,
Бұл болмаса өлетін болып еді.
Бақаның жалғыз өзі жүретұғын,
Бұл көлмек көптен бергі орыны еді.

Құрқылдап, екі қазды жолатпады,
«Бұл өзен өз орным», — деп қорып енді.

«Сабырлық кісі асына» деген осы,
Ішпей ме қылса қаздар зорын енді.

Заманын өткен суда сағынады,
Аузына тілі сыймай, зар ұрады.
— Шөлдедік, су таба алмай өлер болдық,
Жібер, — деп, — бізді суға, — жалынады.

Бақа айтады:
— Мені әуре етесіздер,
Менімен әзілдесіп нетесіздер.
Тартылса азғана көл, не боламын?
Бір күні сіздер ұшып кетесіздер.

Қаздар айтты:
— Сізбенен бірге жүріп,
Біраз күн дос болалық ойнап-күліп.
Біз екеу, сеніменен үшеу болып,
Жүрелі көңіл құшлық дәурен сүріп.
Біз сені еш уақытта тастамалы,
Ақырда азғана көл қалса құрып.

Сіз дағы сөзімізді өткізелі,
Көңілден жамандықты кеткізелі.
Құдай ақы, біз сені тастамалы,
Бір анық таза суға жеткізелі.

Насихат екі қаздың бергеніне,
Бұл дәулетті құс болып көрмегіне.
Дос болып, неше түрлі серт айтысып,
Қаздарды қоя берді көлмегіне.

Бақаны түсінбеген түсіндірді,
Түсініп бұ да мәрттің ісін қылды.
Екі қаз бақаменен сайран етіп,
Азғана көлмек суға түсіп жүрді.

Достығы бір-біріне асып кетті,
Енді айталық хикая ашық кепті.
Тартылып күннен күнге, боқ, сідік боп,
Азғана көлмек суы сасып кетті.
Жүрмеген бұрын мұндай сасық суда,
Сүйегі екі қаздың сасып кетті.

«Бақаның сасып кетті отаны, — деп, —
 Мұнда тұрсақ өлерміз, кетелі», — деп.
 Ойласты бұл екі қаз кезек қылып,
 «Бір анық таза суға жетелік», — деп.
 Зарпына сасық судың шыдай алмай,
 Бақаға ақылдасты екеуі кеп.
 Бақа да қаздар сөзін жөн көреді,
 «Достықтан ажырамай өтелік», — деп.
 — Бақа еке, енді өзіңе берік болғын,
 Ұшамыз жыраққа шығып көтеріп, — деп.

Досынан әр нәрсенің дұшпаны көп,
 Ақылдан адам білмес тысқары кеп.
 Бір құлаштай ағашты алып келіп,
 Үйретіп, мұны былай істеді кеп.
 Үйреткен екі қаздың айтуымен,
 Ол бақа дәл ортасын тістеді кеп.
 — Ауызды аша көрме енді, бақа,
 Жағыңды жақсы мекем қысқаның, — деп.
 Көтеріп екі қаздың ұшқанына
 Бақаның көңлі толды құштары кеп.

Келеді алып ұшып енді бұлар,
 Әр жерде бір алады демді бұлар.
 Бақаны алып ұшып аспанменен,
 Үстіне бір шаһардың келді бұлар.

Бұларға шаһар халқы қарасады,
 Қылады бұған қарап, тамашаны.
 «Екі қаз алып ұшып бара жатқан,
 Япырмай, немене?» — деп таласады.

«Біртүрлі жаратылған зат екен, — деп, —
 Құп көңілі көтерілген шат екен», — деп.
 Айтады бір-біріне көрген халық:
 «Міндірген қасиетті бақа екен», — деп.
 Бірқатары айтады: «Бақа емес, — деп,
 Немене жануардың аты екен, — деп. —
 Екі қаз қызмет қылып бара жатқан,
 Құп көңілі көтерілген шат екен», — деп.
 Көңліне сонда бақа мақтан алды,
 «Бұл шаһардың халқына атымды айтып,
 Білдіріп кетпегенім қата екен» деп.

Мақтанып жазған бақа ісіп кетті,
Ұстады надандығы, қысып кетті.
Ат базардың үстінде келе жатып,
«Мен бақамын!» — деймін деп, түсіп кетті.
«Сен итті алып жүрген біз ақымақ», — деп,
Екі қаз өз жөнімен ұшып кетті.

Ойында еш нәрсе жоқ, еркін еді,
Тұмсығы жерге түсіп, жер тіреді.
Жарысып ат базарда жүрген аттар
Бақаның белін басып өлтіреді.
Міне, осы айтқан бақ ұдай көтерілсе,
Мастанып табысы мен бақытына,
Менмендік жаман адам келтіреді.

Жоғары шықса жаман көп елінен,
Ісі болмас өзінен төменімен.
Бақадай есі кетіп, мас болады,
Өзінің ісі болмай өлерімен.

Ол бақа өліп кетті ақымақ, надан,
Жоғары ұшып дараға тапқанменен.
«Аузыңды жап, өзіңе берік бол» деп,
Еш енбеді құлағына айтқанменен.

Әр жерде кесапатқа жолығады,
Әр істің артын ойлап, сақтанбаған.
Парқы бар әр нәрседен адам емес,
Ғибрат айтқан сөзден ап қалмаған.

Жоғарыдан төменгі пәске ұрады,
Өзіне өзі білмей қас қылады.
Ақымақты адам болды десең дағы,
Көңілі көтерілсе, масқа ұрады.

Арық есек

Қай жанды жаратылыс ақын қылса,
Һәм сөзді қиыстырар нақыл қылса.
Алтын суын тартқанмен, ділда болмас,
Өзелде кімді Құдай пақыр қылса.

Алтын болып тұрса да бірге туса,
Ақыры айтып шығады іштен ісі.
Ақыр тартар өзінің нәсіліне,
Қанша жақсы десең де жаман кісі.

Жаман қабақ үйіне қонса бір күн,
Білдірер жаман мінез ондай шіркін.
Ертедегі семірген есектей боп,
Өзінің ұмытады көрген көркін.

Есектің не десеңдер жайы мынау,
Бір адам жүреді екен қылып айдау.
Күндіз-түні мініліп, тыныштық жоқ,
Әбден қатып арықтан болды бұрау.

Мінген сайын зат артып ауыр-ауыр,
Арқасы неше жерден болды жауыр.
Қиылады бір күні есек байғұс,
Жал тілеп бір Құдайдан өкпе-бауыр.

— Сүйегім тірілікте ағармай ма,
Құтылар арықтықтан амал бар ма?
Бір жеткізсе Құдайым, арманым жоқ,
Семіртіп бір жақсылап бағар жайға.

Жолықтырдың біреуге жаһанда қу,
Мінумен жүгіртпеді қоңыма су.
Бір күн тыныштық тіріде көре алмадым,
Жегенім заһар болды, ішкенім у.

Көп жыл болды жүк артып, тасығалы,
Келмес шамам арқамды қасығалы.
Не қылса да сыртымен жақындады,
Жауырым ішке түсіп, сасығалы.

Не қылса да Құданың ісі күшті,
Құдіретпен қылады әрбір істі.
Жылағаны есектің қабыл болып,
Есектің егесіне ақыл түсті.

«Сенумен күні өтті бұл қарымының,
Мінгенмен болдырмайтын тұлпарымның.

Осы есегім астыма түскеннен соң,
Табаны жер көрген жоқ үлкенімнің.

Сүйегін ағартпадым істей-істей,
Арқасынан жүдеді ері түспей.
Іstek шөбім қолымнан еш қалған жоқ,
Әбден есті шығардым ықтап істей.

Енді мұны амалдап оңалтайын,
Бір семіртіп, сүйегін ағартайын.
Арқа-басын түзелтіп жауырынан,
Аман болса, жүтімді тағы артайын».

Тоқтығы жоқ араммен толған іштің,
Пайдасы жоқ қулықпен болған істің.
Есегін семіртпекке қулық істеп,
Жапты үстіне терісін жолбарыстың.

Басына бас қылыпты, ерніне ерін,
Жапты үстіне жолбарыс терілерін.
Ешбір жерін қоймады ашық қылып,
Жолбарысқа ұқсатты көрінегін.

Басына бас, көзіне көз қылыпты,
Бұтын бұт, қолына қол кигізіпті.
Ол есектің порымын көрген жанға,
Жолбарыстай келбетін көргізіпті.

Бұл айланы қылғаны күндіз еді,
Түн болған соң, айғайлап жүргізеді.
Еш адамға білдірмей айдап барып,
Біреудің шарбағына кіргізеді.

Егесі таң атқан соң келді баудың,
Сырынан хабары жоқ сыртқы жаудың.
Жолбарысқа алыстан көзі түсіп,
Лажын таба алмады жақындаудың.

Алыстан қорықты көріп қарасынан,
Көрінген соң қалыңның арасынан.
«Жолбарыс жүр екен» деп қиял қылды,
Терісінің шүп-шұбар аласынан.

Келіпті деп бауыма түнде шері,
Кетті безіп ол баудың егелері.
Күндіз-түні қайғысыз оттай берді,
Бақ болды ол есекке шұбар тері.

Баудың іші жоңышқа майдан еді,
Мал түспеген қорулы жайдан еді.
«Қайдан келді бұл бауға жолбарыс?» — деп,
Ақылы егесінің айран еді.

Күндіз-түні ол есек айдау жүрді,
Әбден жақсы түзеліп, құп семірді.
Адам ұлы жоламай, тоғай болып,
Ол бауға киік пенен құлан кірді.

Айуан толып, ол баудан адам қашты,
Құландармен бұл есек араласты.
Семіріп алғаннан соң есек батыр,
Бір құланмен дос болып, көңілі тасты.

Ол екеуі бір тұрып, бір жүреді,
Ішкі сырын есектің кім біледі.
Жал бітейін деген соң мойынына,
Ол есек нақүстігін білдіреді.

Надандығы барады ішін жарып,
Ақиланды құлағын тігіп алып,
Семізіне мастанып, көтере алмай,
Ақырмаққа ой қылды ойбай салып.

— Мен бір әуен салайын, құлан досым,
Осы күнде келіп тұр көңіл қошым.
Өз көңліме бұл істі мақұл көрдім,
Саған ақыл салайын, қалай, досым?

Бұрын арып, есімнен жаңылыпшын,
Сол себептен ақырмай, аңырыппын.
Осы күнде байқасам өз бойымда,
Арықтықтың дертінен арылыпшын.

Болып тұрмын өзім бек, өзіме хан,
Сірә, мендей жоқ шығар жетіскен жан.

Досым, енді көңлімнің қоштығы үшін,
Мен әуенге салайын — қаласың таң.

Құлан айтты:

— Қой, досым, аузыңды ашпа,
Бұл әуенің бір бөле болар басқа.
Сыртта жүрген дұшпандар сырыңды алып,
Шекең тиіп жүрмесін, басың тасқа.

Ән салғаның құрысын, ақырған ба,
«Ақырғаным тәуір» деп ғапыл қалма.
Ақырамын дегенің, есек досым,
Ойбай салып пәлені шақырған ба.

Тілімді алсаң, қой, досым, к...ді қыс,
Келтірерсің басыңа үкімдік іс.
Бұ дәулеттен айрылсаң, пұшайман жеп,
Жаныңа пайда қылмас өкінген іс.

— Жоқ екен сенің сырыма түсінгенің,
Қарап жүріп бітті ғой ісім менің.
Құлан досым, қой деген қастығың ғой,
Ақырмасам жарылар ішім менің.

Құлан айтты:

— Қап, ақыр, досым, енді,
Өзіңе құт бұл даусың болсын енді.
Құлан оның жанынан қашпақ болды,
Есектің бұл ісінен шошып енді.

Есектің көңілі өсті судай тасып,
Ақырғалы келеді аузын ашып.
Бір бәленің боларын білді дағы,
Құлан үркіп, бұл баудан кетті қашып.

Ақырып тауды-тасты жаңғырықтырды,
Естігеннің құлағын жаңғырық қылды.
Жолбарыс деп жүргені есек екен,
Бау егесі бұл сырды анық білді.

Жүгірді түс-тұсынан қуанысып,
Есекті ұстап алды бауға түсіп.

Есектігін білген соң қуанысты,
Бұрын қорқып жүргендер зәресі ұшып.

Бірі келіп таяқпен салып кетті,
Біреулері өкпені барып тепті.
Біреулер кеп қашақпен көзге шұқып,
Біреулері шекесін жарып кетті.

Ағаштың кесіп алып келтесінен,
Шығарып жүр жегенін желкесінен.
Үстіндегі терісін сыпырып ап,
Айдады жоңышқаның көрпесінен.

«Әбден бізге қорлығың өтті», — дейді,
Ыңқылдатып өкпеге тепті дейді.
«Отын жиып, мәуесін жия алмадық,
Фатрат боп бауымыз кетті», — дейді.

Есектің салбырады құлақтары,
Едірейіп жүргені құлап қалды.
Семіргенін мастанып, көтере алмай,
Ақыры барып орнына тұра қалды.

Жетілсе ақылсыздың мәртебесі,
Көтере алмай есектей кетер ісі.
Ақырғаны сор болды өз басына,
Қасындағы құланның кетті несі.

Мас болма есек құсап семіргенің,
Бақ қонса гүлденеді өмірлерің.
Бәланд¹ болсаң пәс жүріп, сабыр ойла,
Есектей көпсімесін көңілдерің.

Не болды бұл есектің ақыры енді,
Бір баудан мекен алып жатыр еді.
Дәулетін бір терінің көтере алмай,
Айрылып болды түбі пақыр енді.

Надандық нәсіліне кетті тартып,
Пайымсыз санасы жоқ ғапыл енді.
Жақсы менен жаманның арасы ашық,
Қалмайды ешкім тартпай затына енді.

¹ Бәланд /п/ — жоғары.

Ойлама әшейін бір шатпақ сөз деп,
Тарихқа бұл да керек нақыл енді.
Түсінбеген адамға еш ылаж жоқ,
Болады түсінгенге ақыл енді.

Бұғы болған төрт өгіз

Болыпты бұрынғыда бір үлкен бай,
Дүниеден мұқтажы жоқ, көңілі жай.
Бар екен бір өзінде бес жүз сиыр,
Қой мен жылқы түйесі онан да сай.

Бай екен бірталайдан мұның өзі,
Жетіліп дүниеге жүрген кезі.
Ішінен көп сиырдан түрі бөлек,
Бар екен еркін өскен төрт өгізі.

Төрт өгіз басын қосып, кеңесіпті,
Өздерін аспан көкке теңесіпті.
«Сиырға лайықты жеріміз жоқ,
Бір ақыл ойланалық біз», — десіпті.

«Көп сиырдан болалық енді басқа,
Бұғы болып шығалық тау мен тасқа.
Тауға шығып, санда мүйіз боп жүрелік,
Араласпай сиырдай ыбылысқа».

Төртеуі көңіл қойды осы сөзге,
Көзіне жан толмады бұдан өзге.
«Сиырға жүргеніміз араласып,
Мін ғой, — деп, — бұдан былай көрер көзге».

Сиырдан ажырады басқа болып,
Жүреді бұғылардай тасқа қонып.
Бір таудың жырасына келіп жатты,
Көңілі көтеріліп, таспа болып.

Төртеуі үлкен тауға шығып кетті,
Бір өлкені өздері мекен етті.
Таудан тауды аралап бұғыларша,
Қалаған мақсатына сондай жетті.

Бар еді осы тауда екі бөрі,
Мысалы десе болар қабылан шері.
Көзіне екеуінің көрінгеннің,
Құтылып кетпес еді жүздің бірі.

Өгізге екі бөрі келді жүріп,
Алдына жүретұғын қарсы тұрып.
Екеуі бір өгізді ұстай алды,
Артына қаратпады мойын бұрып.

Өгізге бұл бөрілер тұра шапты,
Қамалап үш өгіз кеп, ортаға апты.
Сүзгілеп бөрілерді мүйізімен,
Жолдасын ол қасқырдан ажыратты.

Бөріні қуа-қуа таудан асты,
Бөрілер қатты қорқып, жаман састы.
«Дұшпанды тізе қосып қашырдық», — деп,
Төрт өгіз мақтанысып, көңілі тасты.

Бір түлкі келді бөрі жатқан тауға,
Жолықты қарсы келіп қасқыр дәуге.
— Аш едім, үш күн болды, екі батыр,
Бар ма деп көлде сарқыт, бізге сауға?

Екі бөрі түлкіге айтты сөзді:
— Төрт қылдық өгіз үшін екі көзді.
Талай күн болды біз аңдығалы,
Әл келіп, жеңе алмадық төрт өгізді.

Қасына, сірә, жақын бара алмадық,
Күдер үзіп, артынан қала алмадық.
Төртеуі екеуімізге бой бермеді,
Күшіміз келмей қойды, ала алмадық.

Бөріге мына сөзді айтты түлкі:
— Төрт өгіз Құдай сізге берген мүлкі.
Алдыға келген жемді жей алмадың.
Бөріні мазақ етіп қылды күлкі.

Екі бөрі түлкіге ашуланды,
Түсі суып, көздері оттай жанды.

Сонда бөрі түлкіні өлтірмекке,
Екеуі екі жақтан ортаға алды.

Сонда түлкі мынандай қылды қулық,
Қулықпенен боп қалды тірі мұңлық.
— Екі батыр, сөзімді кешіргін, — деп,
Аяғына бас ұрып, қылды қулық.

— Екі батыр мәулетті мен сұрармын,
Өгізді ынтымақсыз бір қылармын.
Айырып әрқайсысын бір өзіңе,
Батырлар, қайратыңды бір сынармын.

Екі бөрі түлкінің тілін алды,
Көрінбей ұзақ жерге кетіп қалды.
Біраздан соң қу түлкі сәлем беріп,
Алдына төрт өгіздің жетіп барды.

— Қай жақтан келген едің, төрт өгіздер?
Көрмесем де бәріңді, есенсіңдер.
Өзге сиыр тоғайда жүргенінде,
Не себептен бөлініп келгенсіздер?

Ашуланып түлкінің сөздеріне,
«Сиыр» деген сөз батты өздеріне.
Мастанып бұл түлкіні тұра қуды,
Еш нәрсе көрінбейді көздеріне.

— Сен бізді «өгіз» дедің келген жерден,
Біз құсап өгіз бар ма дәурен сүрген?
Өгізді бұғыменен айырмайсың,
Сен, түлкі, ақымақсың қайдан келген?

Түлкі айтты:

— Тәуба қылам білгеннен соң,
Басыма қиын жұмыс келгеннен соң.
Ақымақ боп сіздерді «өгіз» деппін,
Бірігіп, сиыр құсап жүргеннен соң.

Бір мен емес, «өгіз» деп әркім айтар,
Топтанып жүргеніңді көргеннен соң.
Кешіріңіз сөзімнің жаңылғанын,
Жаңа білдім жауабым тағынғанын.

Бір менен емес, кінә да өздеріңнен,
Топтанып жүргендерің не қылғаның?
Жүрмейді бүйтіп бұғы басын қосып,
Әрбіреуі бір тауда жүрер тасып.
Төртеуіңіз топтанып жүргеннен соң,
Сиыр екен деп қалдым қара басып.

Анда-санда бұл тауға келуші едім,
Бұғыларға сәлемді беруші едім.
Көргенім жоқ бұғының топтанғанын,
Жалғыз-жалғыз жүргенін көруші едім.

Бұғыларға жараспас, сірә, мұндай,
Сіздерге достығымды айттым жылай.
Топтансаң «сиыр ма» деп әркім айтар,
Жүргейсіз жалғыз-жалғыз мұнан былай.

Мұны айтып залым түлкі кетті жүріп,
Ол жерде тұра алмады еш кідіріп.
Төрт өгіз ары-бері кеңеседі,
Көңліне жалғыз жүрмек қиял кіріп.

— Біз шығып ек сиырдың арасынан,
Үміт етіп бұғының қарасынан.
Естідік «өгіз» деген қорлық сөзді,
Түлкінің жұдырықтай баласынан.

Төртеуіміз төрт өзенге баралық та,
Қонысты әр өзеннен алалық та.
Мысалы, бұғыдай боп жалғыз жүріп,
Аулаққа арамызды салалық та.

Төртеуі төрт өзенге барып жатты,
Мастанып, бұғылыққа жолын сатты.
«Төртеуін төрт айырып жібердім», — деп,
Түлкі барып қасқырға хабар айтты.

Бөріні ертіп алып түлкі жүрді,
Қайраттанып бөрілер жолға кірді.
Жалғыз жүрген өгізді көргеннен соң,
Қуанып түлкі, бөрі күле берді.

Жақындап екі бөрі келіп қапты,
Өгізге екі жақтап тұра шапты.
Не қыларын біле алмай жалғыз өгіз,
Тырбаңдап бар қайратын қылып бақты.

Бірі аяқтан алады, бірі бастан,
Өгіз сорлы жылайды көзін жастап.
Қойсын ба екі бөрі бір өгізді,
Бір тастың қуысына ұрды жаныштап.
Жылады сонда өгіз арманменен,
«Шықтым деп ағайынды неге тастап?»

Жарым ай бұл өгізді қылды ауқат,
Жіберіп бөрілерге сәлем, сауқат.
Үш өгіздің бұлардан хабары жоқ,
Үш сайда бұлар жатыр қош, баракат.

Біреуін тағы жеді іздеп барып,
Өгізді қылды бұлар тірі ғаріп.
Біреуі бастан алып, бірі аяқтан,
Өлтірді екі бөрі шаптан жарып.

Екеуін тағы қылды осылардай,
Әрбіреуі құлаған болды жардай.
Өгіздер арман қылып көп жылады,
Көзінің жасы парлап жаңбыр, қардай.

Әр өгіздер әр жерден жай қылыпты,
Өзен судың жағасын май қылыпты.
Сонда өгіздер сиырдан шыққанына,
Асырет арман қылып, қайғырыпты.

Төрт өгіз арманменен өліп кетті,
Басына қиыншылық келіп жетті.
Жалғыздан бұғыларша жүремін деп,
Әсерін жалғыздықтың көріп кетті.

Мәз болып әуел баста шықты көптен,
Бұғы болып жай алмақ жер мен көктен.
Көппенен жүргенінде не бар еді,
Бөлініп жүргендігі түпке жеткен.

Жақынын дұшпан көріп елден шыққан,
Гибрат алса болар осы кептен.
Бірліктің қасиеті қандай күшті,
Ұйысқан бірлік жақсы жалпы көппен.

Бұ да бір нақыл болды білгендерге,
Көңліне алып, құлаққа ілгендерге.
Сыртынан дұшпан білсе қастық етер,
Табынан жалғыз шығып жүргендерге.

Төрт өгіз тобын жазбай бір жүргенде,
Бөрілер әлі келіп, жемес еді.
Ұйысқан ынтымақтық біздің кеңес,
Торыған дұшпан бағып, жақын келмес.

Жерменен-жексен етіп, жоқ боп кетті,
Аз дұшпаны, аңдысып, қылған егес.
Терең сөз түсінгенге бұл нақылым,
Қылмаған сөзді парық адам емес.

Есек пен қасқырдың достығы

Бірі есек, дос болыпты, бірі бөрі,
Айтуға бұл тарихтың келді жөні.
Әр нәрсе өз шамасын білген жақсы,
Білмесе босқа кетер арам тері.

Ол есек дос болыпты бөріменен,
Білмейтін дос қадірін серіменен.
Қасқырмен ажал айдап дос болыпты,
Өзінің жүре бермей теңіменен.

Достықта жүрді біраз жөніменен,
Алдаған ашқарақтың ебіменен.
Қауіпсіз есек байғұс семіріпті,
Жапанның мал баспаған шөбіменен.
Мәз болып мұныменен есек жүрді,
«Өзімнің қосылдым, — деп, — теңімменен».

Бір күні досы есекке айтты бөрі:
— Айтайын мен көңлімді, келгін бері.
Құтқарып, бейнетіңнен ажыратқан,
Әй, байғұс, есек досым, мен бір шері.

Көп болды сені қорғап бағамын деп,
Бір тойып ет жемедім онан бері.
Досқа дос ақылдасар күні болды,
Табылар маған ауқат бар ма жөні?

— Дос жайын, — есек айтты, — құп білемін,
Өзіңмен неше күндей бір жүремін.
Қиып жеген шөптен басқа ауқатым жоқ,
Досым-ау, енді саған не беремін?

Малым жоқ, қолқа салып қалайтұғын,
Дүнием жоқ, әжетіңе жарайтұғын.
Қолымда еш нәрсе жоқ, не беремін?
Бар болса, ниетім жоқ аяйтұғын.

Сенсіз мен жеке-жалғыз жүре алмаймын,
Қорадан қой жетелеп келе алмаймын.
Жібермес біреу көрсе, мініп алып,
Мінбекке, көзге түссем, тіпті дайын.

Баралық екеуіміз қойлы ауылға,
Мен сырттан оны кезіп, айналайын.
Ит кетіп, қора босқа қалғаннан соң,
Табарсың, арыстаным, жеудің жайын.
Менікі қолдан келген достығым сол,
Мәнісін мұнан бөлек біле алмаймын.

Қасқыр айтты:
— Дос емес, қас екенсің,
Білмейтін достық жайын нас екенсің.
Итке апарып талатып өлтірмекке,
Ішіңнен маған, досым, өш екенсің!

Мұны айтып, қасқыр батыр ашуланды,
Бақырып, есек қорқып, ойбай салды.
Ақырып есек қашып жөнелгенде,
Шап етіп, қасқыр барып бұттан алды.

Есекпен жұлқыласып жатқанында,
Көреді бір үш мерген ол қасқырды.
Алдынан іздеген аң табылған соң,
Аңшылар атын осып, айқай салды.

Қасқырдың кетті сонда зәресі ұшып,
Өлімнің ажал күні еске түсіп.
Шыңғырып жыласа да ол қасқырды,
Жібермей есек жатыр, бұтын қысып.

Жалынды, «Жібергін, — деп сонда қасқыр, —
Дос жайын білмедің, — деп, — қара басқыр».
Босатып есек сонда қоя берді,
Қадірлі «дос» деген сөз қандай асыл.

Жөнелді аудалаңдап, қасқыр қашып,
Өлімге көзі жетіп, асып-сасып.
Адымын әудем жерге аштырмастан,
Қасқырды қыран тазы қалды басып.

Сол жерде ажал жетіп, қасқыр өлді,
Есек байғұс ұмтылып түрегелді.
Есектің достығына қастық қылған,
Қаны қас қасқырға ажал тура келді.
Досына қас тұтқанның бәрі қасқыр,
Естіген, ғибрат ал мұнан енді.

Киік пен арыстан

Бар еді бір зеңгір тау, асқан биік,
Әртүрлі мекен еткен аңдар сүйіп.
Жол шеккен тамақ іздеп арыстанға,
Кез болды осы тауда жалғыз киік.

Жылады киік сорлы бір Құдайға,
Құтылар бұл залымнан уақыт қайда?
Жанынан киік күдер үзген шақта,
Екеуі кез болады терең сайда.

Қуанды мұны көріп, сорлы киік,
Ойланды өтейін деп күшін жиып.
Зырқырап атқан оқтай өте шығып,
Арыстан қала берді іші кейіп.

Өте алмай биік құздан қалды арыстан,
Қарайды жар түбіне сонда арыстан.
Білген соң өте алмасын ар жағына,
Ізінше қайтты қайта келген бастан.

Сол жерде келді түлкі арыстанға,
— Жығасың, — дейді, — бәрін алысқанда,
Сықиған жаман киік өтіп кетіп,
Ұят қой қалып қойсаң қарысқанда.

Желікті мына сөзге енді арыстан,
Қарғуға жар шетіне келді арыстан.
Жете алмай қарғығанмен ар жағына,
Түбіне жардың құлап өлді арыстан.

Болғанда шілде айы күн де шығып,
Жеп жатыр арыстанның етін бұзып.
Бір айдай азық етіп, түлкі кетті,
Сүйегін «достысының» таза мүжіп.

Ойланып, шаманды біл әуел бұрын,
Басыңа түссе мұндай істер қиын.
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан,
Басыңда, сірә, ақымақ, болса миың.

Жолбарыс мінген ұры

Тоғайда жүреді екен бір жолбарыс,
Аузында азулары кере қарыс.
Өтеді жол үстінен көп керуен,
Жатады жол үстінде келіп арыс.

Өтеді керуендер дүркін-дүркін,
Келеді бір топ керуен алда бір күн.
Кеш болып, сол жағаға қонды дағы,
Той қылды, ойын қылды олар бір күн.

Солбырап екі-екіден жүктер артқан,
Той тойлап керуендер келе жатқан.
Бар екен бір қарақшы мұттайым,
Қу екен ел ішінде Құдай атқан.

Ойланды «Керуенге барайын, — деп, —
Бір малын керуеннің алайын, — деп. —
Керуен ерте тұрып, көшіп кетер,
Олжа ғып, Құдай берсе, қалайын», — деп.

Мұны ойлап, ұры байғұс келе жатыр,
Керуенге саламын деп заманақыр.
Оны айтып, ұры байғұс келе берсін,
Келеді оңдалсын деп мұны ақыр.

Ойланды жолбарыс та жортпағына,
Өлу деп ешнәрседен қорықпағына.
Ол ақырын керуенге келе жатыр,
Бір қара керуеннен соқпағына.

Жол аңдып келген ұры етпетінен қойға шабайын деп жатқан жолбарысқа кездесіп, ат сияқты елестеп көрінеді. «Осы сияқты ат қолыма түссе де, тақияма тарлық қылмас». Жолбарыс қойға шабайын деп аңдып жатса, ұры атқа міне сала қашайын деп қамданып жатқан жері:

Бұлардың Құдай берсін нысабын да,
Санына жетпей тұрып құшағыма.
Жанына ұры байғұс бір қараса,
Көрінеді «бозшұбар» көз алдына.

«Құдай-ау, сол шұбарға жетсем дағы,
Құтылып, мініп қашып кетсем дағы.
Үстіне бұл шұбардың бір мінсем,
Жалғанда арманым жоқ өлсем дағы».

Осылай деп жетіп келді дәл қасына,
Секірді әкіреңдеп арқасына.
Өзі де жүйрік еді құстай ұшқыр,
Отырды ұстай беріп, дәл ортасына.

Жолбарыс қорқып кетті, қарғып тұрып,
Шабады жығайын деп, ылдиға ұрып.
Шапса да қанша тулап, желім дерсің,
Қолтыққа жіберіпті аяқ тығып.

Жолбарыс олай тулап, былай тулап,
Болмаған соң өзін енді қамысқа ұрды.
Құдай-ау, қандай бәле кез келтірді,
Құдайым жүрер жолды алыс қылды.

Таңғалып тұлпар аттың шабысына,
Қараңыз сол ұрының салған әнін:
— Ой, жануар, жүйрік екен ағып шабар,
Болады бұл шабарға әркім құмар.

Біреудің тілінде бар, көзінде бар,
Мойнына былғарылап тақсам тұмар.

Жануар жүйрік екен сияғынан,
Шықпайды шапса дүбір тұяғынан.
Жануар тынбай шапса, бұл шабыстан,
Ұстаймын ұшқан құсты қияғынан.

Құдайдан бір ат еді сұрағаным,
Құдая, бұл да болса менің бағым.
Мінекей, қадағалап тауып алдым,
Құдай да болған екен менің жағым.

Осылай деп өлеңдетті айғай салып,
Жолбарыс астындағы — қалды танып.
Қара тер жолбарыстың үсті-басы,
Түнімен шаршап қалды қатты шауып.

Сол уақта салы суға қайтты дағы,
Жарығы Күннің шықты жерді жарып.
Түңілді ұры байғұс: «Бопты ғой», — деп,
Астында мінген «атын» сонда танып.

— Құдая, дегенім ат шері ме еді,
Көзіме бұл көрінген көрім бе еді?
Жапырақтай шайналмаған жерім қалмас,
Амалым, күнім біткен жерім бе еді?

Осылай деп жылады айқай салып,
Жолбарыс астындағы — қалды танып.
Қара тер жолбарыстың үсті-басы,
Түнімен шаршап қалған қатты шауып.

Астынан бір ағаштың өткен кезде,
Ағаштан ұры қалды ұстай алып.
«Бөледен құтылдым» деп қуанғаннан,
Жатады жолбарыс та ұзап барып.

Дүниеде өткенді көз көреді,
Ақынға ойлап айтса, сөз келеді.
Бір маймыл жүруші еді жидек теріп,
Сол маймыл жолбарысқа кез келеді.

— Не болды айтшы маған, шерім? — деді, —
 Үстіңнен басылмапты терің, — деді. —
 Жатырсың өлейін деп барып-келіп,
 Көрінді саған қандай көрім? — деді.

Жолбарыс айтты:

— Маймыл, көріп тұрсың,
 Көрмесін еш мақұлық көргенімді.
 Үстімнен осы уақытқа шейін түспегенде,
 Сен, маймыл, көрер едің өлгенімді.

Маймыл да талай істі ойланады,
 Жүгіріп ары-бері айналады.
 — «Бәлем бар арқамда» деп айтасыз,
 Бәлеңіз арқаңдағы қайда қалды?

Бұл сөзге жолбарыс та нанып қалды,
 Маймылға көп сөйлемей, талып қалды.
 — Маймылым, қайта-қайта езе берме,
 Бәлемді анау ағаш алып қалды.

Маймыл да жетіп барды тал ағашқа,
 Жолбарыс айтқаннан соң қарамас па?
 Басында ол ағаштың бір адам тұр,
 Дәнеңе көрінбепті онан басқа.

— Жолбарыс, ешнәрседен қылма қауіп,
 Тер болған үсті-басың қатты шауып.
 Өзіңде елу адам қуатың бар,
 Қорықтың сен адамнан мұнша неғып?

— Маймылым, көп сөйлеме және, — деді, —
 Қасыма маған жақын келме, — деді. —
 Маймылым, қайта-қайта езе берме,
 Ол өзі адам емес, бәле, — деді. —

Демегін ағаштағы оңай бәле,
 Бәнденің оған қиын жанаспағы.
 Қасына егер оған жақын барсаң,
 Арқаңа ұялмайды жармасуға.

— Е, шерім, ол адамға мен барайын,
 Адамның көрген едім бірталайын.

Тоғайда сарысуды көп жеп едім,
Е, шерім, әжетіңе бір жарайын.

Маймыл да жетіп барды адамына,
Ұрының абыройын ашпағына.
Бір сойқан бұл маймылға бола қалса,
Жолбарыс оңтайланды қашпағына.

Ағаштың маймыл келді дәл қасына,
Сол кезде шығып кетті шың басына.
Ұрыны сонда маймыл қылды мазақ,
Адамдай әзілдескен құрдасына.

Ұрыға сонда болды не керегі,
Жақсының болсын деймін бір көмегі.
Аспандап, сасқалақтап бір қараса,
Салбырап тұрған екен бір керегі.

Сол кезде ұры бір амал тауып алды,
Ағаштың бір бұтағын бұрап алды.
Басына дамбал бауын тұзақ жасап,
Маймылдың «алмасына» тұзақ салды.

Ал енді найза тілді тозғын маймыл,
Ілініп, өрмекшідей шыңғырады.
Және де бір бұтақты сындырып ап,
Сабалап, қабырғасын сындырады.

Ал жазған найза тілді тозғын маймыл,
Ілініп, мың айналып, шыңғырады.
Маймыл да барған еді судай тасып,
Ілінді тұзағына қара басып.

Маймыл да барған еді, болып шықты,
Аузынан дерек-дерек қаны ақты.
Ал жазған найза тілді тозғын маймыл,
Аралас қаныменен жаны шықты.

Жігіттер, осы сөзді құлаққа алып,
Бекерге маймыл құсап болма мықты.
«Қу құйрығы бір тұтам» деген сөз бар,
Қулығы қу маймылдың өзін жықты.

Ат пен есек

Атпенен жолдас болды есек бір күн,
Сұм есек білдірмеді мінез-құлқын.
Ат оған: «Дос болайық», — деп еді,
Мақұлдап бас изеді есек шіркін.

Екеуі еңбек етті пікірлесіп,
Ат артық азық жейді өліп-өшіп.
Ішіне есекеңнің «түйнек» тиіп,
Қалшылдап жата қалды, көзін қысып.

Серейіп арам жатыр аяқ жимай,
Жұмысқа кетті досы жылай-жылай.
Қарасы аттың әбден үзілгесін,
Жөнелді азықты алып қу сұмырай.

Ат жолдас болып еді есекпенен,
Еңбексіз арам жеді есеппенен.
Ақысын алдап достың алып кетті,
Адалға арам жібімейді жетекпенен.

Арамның, міне, осында мекерлігі,
Аян ғой жалғанның не екендігі.
Жамандық жақсылыққа жасап нәмәрт,
Өлімге досын тастап кете берді.

Қақпандағы қасқыр

Қаңғыбас қасқыр жортып, шапқылады,
Қу нәпсі түртіп оны жатқызбады.
Жесе де құнан қойдың құйрық майын,
«Мен тойдым» деген сөзді айтқызбады.

Жұтынып жын соққандай жолға шықты,
Басқадан өзін-өзі санап мықты.
Құныққан бұл көкжалға тура келіп,
Адасқан бір тоқтыны алып жықты.

Тоқтыны жайғастырды жалғыз өзі,
Мақтанып, жан біткенді көрмей көзі.
Шапқылап келсе біреу осы сәтте,
Тұрғандай қорықпастан жайнап жүзі.

Тоқтының жарты етіне анық тойды,
Жартысын ертеңіне алып қойды.
Жүруге әлі келмей, іші сыздап,
Жатуға ыңғайланды жазып бойды.

Бір түлкі қой етінің иісін сезді,
Қасына қасекеннің жетіп келді.
Құйрығын бұлғаңдатып, күлімсіреп,
Ауысқан еттің барын көріп білді.

— Қасеке, таныс едім сыртыңыздан,
Ерлік іс келеді дейтін қолыңыздан.
Көзіммен көріп тұрмын қайратыңды,
Қайтпаңыз осы түскен жолыңыздан.

Жақтырмай қасқыр тұрды түлкі сөзін,
Алартып бір қарады ақты көзін.
— Кет, қазір, өлмей тұрып жаның барда,
Көмілмей тұрғаныңда келген ізің.

— «Ақыл — дос, ашу — дұшпан» сенсең, тақсыр,
Ежелден ел білетін атың қасқыр.
Қасыңа жолдас етіп мені де ал,
«Көріп кел, барып келді» маған тапсыр.

Тату тұрып, қалайша қас болайық?
Өлгенше айрылмастай дос болайық.
Әзілқой, күлдіргі сөз менде болса,
Қаһарлы батырлық іс сізге лайық.

Ойланып қасқыр тұрды аз кідіріп,
Көруге ыңғайланды сыр білдіріп.
Түлкінің екі көзі етте болып,
Құйрығын бұлғаңдатып тұр телміріп.

Түлкінің алдауына қасқыр ерді,
Сақтаулы еттен аздап жұлып берді.
— Қалғанын жесең, түлкі, өлесің, — деп,
Көрсетті көметұғын қазып жерді.

— Келгенше сен боласың осы жерде,
Мен кетем жолаушылай сонау елге.

Қайталап тағы айтам, тыңда, түлкі,
Өлсең де мына еттен алып жеме!

Сөйтті де қасқыр кетті ұзақ жолға,
Қуанып түлкі қалды: «Түс, — деп, — торға».
Артынан қарап тұрған түлкі «досы»,
Жалма-жан қалған етті алды қолға.

Жеп жатыр олжа етті іштей күліп,
Тойғаннан іші-сырты болды тұлып.
«Іздеген шопан болса, есітсін» деп,
Қояды бар дауыспен кейде ұлып.

Есітіп түлкі даусын, шопан келді,
Көмулі қойдың етін бұ да көрді.
Қасқырдың қолға түсер жолын байқап,
Білдіртпей көрді қазып, қақпан құрды.

Сұм түлкі қақпанды да көріп жатыр,
Қасқырдың түсетінін біліп жатыр.
Қасқырды шопан соғып ала қойса,
«Барлық ет менікі» деп сеніп жатыр.

Сандалып бір күндері келді көкжал,
Бұл жолы табылмады өрістен мал.
Ашыққан қасқыр көзі етте болып,
Түлкіден сұрап жатыр хал-ахуал.

— Етіңіз сол күйінде, ашқаным жоқ,
Ұрлар деп өткіншілер жатқаным жоқ.
Осындай жасқа келіп, жалған сөзді,
Қасеке, нансаң маған, айтқаным жоқ.

Ашыққан қасқыр тұрды етке қарап,
Түлкі де тұрды ішінен: «А, Құдайлап».
Жақындап етке ауыз қойған кезде,
Қақпанға түсті аяққа қойған кезде.
Сол кезде жетті шопан тап қасына,
Түлкі де шығып тұрды дөң басына.
Алысып қақпанменен жатқан кезде,
Ашулы шопан ұрды қақ басына.

Қой мен қасқыр

Жыр етем бір мысалды шама келсе,
Ой, шіркін, оңдыра ма оны білсе.
Кестесі келіспесе, кемеңгерлер,
Ақынға анық бір сын — біреу күлсе.

Қой менен қорқау қасқыр дос болыпты,
Бірігіп, екеуі бір қос болыпты.
«Ешкімге сені, досым, тигізбеспін»,
Дегенге қойдың көңілі қош болыпты.

Достығы екеуінің болды мұндай,
Талайды жейді қасқыр түнде сондай.
Қасқырдың бұл қылмысын айтпауға,
Қой уәде берді еткен ісін ондай.

Жегізген жиырма тауық, біреу келді,
Қойыңнан қасқыр жайын сұрап білді.
— Бас баққан мен бір қойың, — деді, — жуас
Қасқырды көрмедім, — деп қойың күлді.

— Кім біледі мені дағы жеп кете ме?
Кездесе қассыз қасқыр, тек кете ме?
Сөзіне қойдың нанып қайтты адам,
«Япырмай, қасқырға, — деп, — кек кете ме?!»

Қасқыр да жатыр еді інде бұғып,
Кеткен соң адам, қасқыр іннен шығып,
Аш өзі, арсалаңдап жөнеп берді,
Жорыққа жортып қасқыр жүнін жығып.

Сол түнгі жорығында дым таппады,
Келер күн тыныштанып ол жатпады.
Сүйкеніп соға берді әр бұтаға,
Қайтсін ол бір күн, бір түн нәр татпады.

Дым қоймай, бар құйрығын алды жұлып,
— Достығың қайда? — деді қойың тұрып. —
Достықты бір тоюға сатасың ба?
Жағдайсыз жаман екен қолды ұрып.

Достығым менің еткен қайда кетті?
Жемекке мені дереу қойдың бетті.

Біреуге сынатуға барасың ба?
Ақ едің ерлігі бар, бұздың кепті.

— Көп сөздің керегі не? — деді қасқыр, —
Қолыңнан келсе, мені сен де састыр.
Құйрығын жеп болған соң, басқа жағын
Жеуіне зейін қойды қара басқыр.

Достықты тойтарып тік, кетті бұзып,
Болған соң бұзбай нетсін өте бұзық.
Қасекең қорқаулықпен тыңдамады,
Жеп қойды қалдырмастан нәпсі қызып.

Іс етпеді қапелімде досқа лайық,
Демеді достың көңлін қош қылайық.
Дос болған қойын жеді тамағы үшін,
Мұндайдан аулақ, ерлер, бос тұрайық.

Ізімен қой иесі келді жетіп,
Қасқырың інге кіріп, алған бекіп.
Қасқырды қақпан құрып, ұстап алды,
Қой иесі іс етеді енді нетіп.

Терісін тірідей тез алды сойып,
Қасқырды қой етіне алған тойып.
Жалаңаш етін салып, өртеп отқа,
Күйгені сонша, көзін алды ойып.

Босаңдап қойдай жуас қор болмаспыз,
Мысалы, қасқырдай боп зор болмаспыз.
«Тек жүрген — тоқ жүреді» деген анық,
Тек жүрсек, ешкімге де қол болмаспыз.

Қасқырдай қара кеуіл атанбайық,
Достықтың апатына шатылмайық.
Бір жейтін тамақ үшін бұзып достық,
Қақпанға, абайлаңдар, шатылмайық.

Ерлерім, етпеңдер іс нәпсің үшін,
Досыңа дұрыс болсын еткен ісің.
Қасқырдай көз ойғызып һәм сойғызып,
Кетпесін түсіп отқа күйіп күшің.

Қамаудағы жолбарыс пен шошқа

Жолбарыс шошқаменен болды тұтқын,
Ызамен мүлде бұзған мінез-құлқын.
Талқандап темір торды, быт-шыт қылып,
Жолбарыс бұзып шықты ақыр бір күн.

Жолбарыс шошқаға айтты:

— Шықпаймысың?
Күшің бар, темір торды сықпаймысың?
Тамағың тоқ болғанымен, бостандық жоқ,
Дүниеге емін-еркін шықпаймысың?

— Бостандық не, сен маған айтып тұрған,
Ішер тамақ, үй емес жатып тұрған.
Орным жайлы, тамақ тоқ, уайым жоқ,
Сөзіңнің керегі жоқ шатып тұрған.

Шаттық, тоқтық, денсаулық, бас бостандық,
Бұлар болса бөле емес аштық, жоқтық.
Бостандыққа өзгеше баға бермес,
Шошқадай құры ойлаған қарын тоқтық.

Жақсы адам сөз сөйлесе, идіреді,
Өсиет үлгілі сөз білдіреді.
Қарғадай харам затқа көзін салмас,
Көлдегі көк мойынды ілдіреді.

Ағында желқайықтай қалқытады,
Жұпардай иісі шығып, аңқытады.
Жетелеп көз, көңілді ықтиярсыз,
Денеңді май жегендей балқытады.

Өзін-өзі көтеріп, күмпиеді,
Үрген қарын сықылды дүмпиеді.
Бар мақтаны — ішінде толған боғы,
Боғы кетсе, бүгіліп, сүмпиеді.

Түлкі ойлар: «Түнде жүрем, ешкім көрмес,
Жүнімнің қызылдығын ешкім білмес».
Айалы болғанменен, ақылы жоқ,
Із бенен қақпан барын ойлап білмес.

Түрлі түс көңіліңді құбылтады,
Бірін сүйіп, бірінен суытады.
Түрі басқа болғанмен, іші бірдей,
Сыртқы бояу адамды ұрынтады.

Ақымақ адам қарайды бояуына,
Бояуы оңса, жолығар қаяуына.
Аласұрған қу нәпсі қаратпайды,
Удан ащы бәленің таяуына.

Келеді ойлап айтсаң, сөздің көркі,
Ойсыз сөз құлағыңа тиер түрпі.
«Ойлап айт, ойнасаң да» деген рас,
Ойлаумен табылады сөздің кілті.

Қасқыр мен тырна

Бір қасқыр сапар шекті елден жырақ,
Ас таппай неше күндей қалды жарап.
Жемтіктің бір тоғайдан иісін сезіп,
Бір күні келе жатыр соған қарап.

Қасқырдың кім білмейді қомағайын,
Кеулінен жемтік көріп, кетті уайым.
Келді де бір сүйекті салды ауызға,
Шетінде бөлегірек жатқан дайын.

Шайнамай, сол сүйекті жұтып қалды,
Тамақтан сүйек жүрмей, тұрып қалды.
Алақтап, дем ала алмай, қысылған соң,
Қасекең жан-жағына көзін салды.

Қақалды, сүйек жүрмей тамағына,
Болмады әртүрлі еткен амалына.
Жанынан күдер үзіп тұрғанында,
Көрінді көз ұшында жалғыз тырна.

Тырнаны шақырады ишаратпен,
Мәнісін баяндауға тынышы кеткен,
Ойлайды: «Бұл тұрғанда тіл алмас, — деп, —
Кеуілін жұмсатайын алдап еппен».

Бұрынғы қателікті былай қойып,
Тырнаға жалынып тұр кішілікпен.
— Тырнажан, дүниеде ұмытпаймын,
Құтқарсаң мені қазір осы дерттен.
Білуші ем арғы атаңды, тырна, сенің,
Дүниеде кім бар еді онан өткен?

Ежелден олқылық жоқ нәсілінде,
Көз салып байқап тұрсам арғы түштен.
Баласы атасының сіз бір асыл,
Сыртыңнан жүрміз әзір зор үмітпен.

Біле алмай не етерін, сандалақтап,
Алдыңа ағаң келді сүйек кеткен.
Тырнажан, не қылсаң да енді өзің біл,
Айдынның шалқары едің көпке жеткен.

Өзіңе, Құдай ондап, жолықсам деп,
Жүруші ем тілектес боп мен де көптен».
Есітіп мына сөзді, тырна тасты,
Қасқырдың тамағына тықты басты.

Суырып, сүйекті алып тастағанда,
«Уһ!» — деп, сонда қасқыр көзін ашты.
Құтқарған зор бәледен тырнасына,
Қасекең көрсетпей тұр ықыласты.

«Еңбегін бер!» — деп тырна сұрап еді,
Қасекең сау күндегі әнге басты.
— Қой, тырна, ойының ба осы, шын ба,
Қажауға мәжнүн жоқ қой сені мұнда.
Ақы алып көрінгеннен дәндеп қапсың,
Ақымақ, ойнаймын деп әуре қылма.

Мен саған олжа болғандай ерің бе едім?
Құтқардың сөзім сыйлап, ерінбедің.
Салғанда тамағыма таз басыңды,
Мен шайнап, басыңызды кемірмедім.

Көрінбей, шапшаң жоғал, көзіме енді,
Түсініп, айтқан достық сөзіме енді.
Аш қасқыр неше күндей дәм татпаған,
Ұялмас тап беруге өзіңе енді.

Есітіп мына сөзді, тырна сезді,
Етпес деп қасқыр ондай ойламас-ты.
«Садақа бастан құлақ» деген сөз бар,
Бейшара қалбалаңдап тұра қашты.

Қиссасы қасқыр, тырна болды тамам,
Мінездес қасқырменен кейбір адам.
Басына жұмыс түсіп, қысылғанда,
Жалынып-жалпаяды келіп саған.

Құтқарып ол бәледен жіберген соң,
Болмайды оған кісі сенен жаман.
Мысалы отқа өртенген мүлкіндей-ақ,
Қайырың зая кетеді оған қылған.

Қайырды қарап істе адамына,
Қарайлас өзіңменен шамалыға.
Қасқырдай қара жүрек залымдардың
Жүрмеңіз түсіп кетіп тамағына.

Бұлбұл мен есек

Бір күні бұлбұл құсты есек көрді,
Қасына сөз айтпаққа жақын келді.
— Сыртыңнан «сайрағыш» деп мақтайды ел,
Тыңдайын біраз, достым, сайра! — деді.

— Кім білсін мұнан былай көрерімді,
«Сайра» деп тағы саған келерімді.
Мен тұрмын өзім естіп, сынамаққа,
Мақтаудай бар ма екен деп өнерімді.

Есектің сөзін бұлбұл қабыл алды,
Құлағын салып есек тұра қалды.
Дауысын әлденеше жүз құбылтып,
Бұлбұл құс не әдемі әнге салды.

Бұлбұл тұр түрлі-түрлі әнге салып,
Сайрайды бірде нәзік, бірде анық.
Даусындай сыбызғының алыстағы,
Құлаққа кейбір даусы келді талып.

Біресе шыңылдаған ащы дауыс,
Шекеден өте жаздар құлақ жарып.
Сан мақұлық, қыбырлаған құрт-құмырсқа,
Тыңдады орны-орнында тұра қалып.

Сайрады бірде ақырын, бірде қатты,
Кейде ысқырып, кей кезде таңдай қақты.
Жел тынып, құстар қойып шулағанын,
Қойлар да күйісін тыйып, тыңдап жатты.

Көрсетіп бар өнерін болды бұлбұл,
Есекке жақынырақ келді бұлбұл,
Есек тұр екі көзін айырмастан.
— Есегім, ұнай ма? — деп тұрды бұлбұл.

Сонда есек жауап айтты бұлбұл құсқа:
— Өнерлі бар ғой әнпаз әрбір тұста.
Солардың барлығы да әдемі әнге
Тауықтың қоразындай болмайды ұста.

Айтайын мен бір сөзді, бұлбұл шырақ,
Тыңдаңыз ілтипатпен салып құлақ.
Тауықтың қоразынан ән үйренсең,
Сайрар ең мұнан гөрі артығырақ.

Бұл сөзге жәбірленді бұлбұл қатты,
Көп тыңдап онан ары тұра алмапты.
«Құдайым сынатпасын есекке», — деп,
Пыр етіп ұшыпты да кетіп қапты.

Ал енді мұнда қандай ғибрат бар,
Есектей іс істейтін надандар бар.
Асылды жасықпенен айырмайтын,
Дүниеде бар емес пе не жамандар.

Орманнан қасқыр келді елге қашып

Орманнан қасқыр келді елге қашып,
Алақтап, не қыларын білмей сасып.
Артынан бір топ адам итін қосып,
Айқайлап келе жатыр шапқыласып.

Жалынып қасқыр сонда мысыққа айтты,
Жерінде бір ауылдың душарласып.
— Мысықжан, бұл жердегі жұртың қандай?
Жау қуып келе жатыр арттан қалмай.

Айта гөр, қайырымды бір ер болса,
Тасалап, мені жаудан құтқарғандай.
— Бара ғой, — мысық айтты, — Қоянкөзге,
Жігіт кем ер кеуілді онан өзге.

Адамды анау-мынау сол тоқтатар,
Аузының ебі бар ед сөйлер сөзге.
— Мысықжан, барғанменен ол жасырмас,
Жеп едім бір ту қойын өткен күзде.

— Иесі анау үйдің Көпберген бай,
Жақсылық, жамандықты көп көрген бай.
Кеңпейіл, қонаққа бір жайлы кісі,
Жатсаң да ауырламас бірнеше ай.

— Мысықжан, барғанмен ол жасырмайды,
Оның да ту сиырын жеп ем талай.
— Бара ғой олай болса Қорамысқа,
Жігіт кем ер кеуілді онан ұста.

Адамды анау-мынау сол тоқтатар,
Жалғыз-ақ тоны келте, қолы қысқа.
— Мысықжан, барғанменен ол жасырмас,
Жеп едім ту биесін былтыр қыста.

— Білмедім сілтерімді енді қайда,
Барып көр Қисықбасқа анау сайда.
Болғанмен басы қисық, өнері көп,
Өртүрлі табылады онан айла.

— Мысықжан, барғанменен ол жасырмас,
Жеп едім бір түйесін өткен айда.

— Мен қайран, — мысық айтты, — істеріңе,
Залалдан басқа нәрсе істедің бе?
Байдың семіз, кедейдің арығы да,
Тиіпті, байқап тұрсам, тістеріңе.

Залалгер жұртқа тегіс болып әбден,
Енді не іздеп жүрсің үстеріңе?
«Нені ексең, соны орасың» деген сөз бар,
Ор енді егініңді піскенінде!

Қаншыр мен бөдене

Бір қаншырға айтыпты бөдене кеп:
— Сен үшін қатты уайым қыламын, — деп. —
Солаңдаған байғұссың, ұшуға олақ,
Бір күні кетеді ғой тұрымтай жеп.

Қаншыр айтты:
— Қауіпім жоқ тұрымтайдан,
Шықпаймын қалың қамыс, қопа-сайдан.
Мен сендей жалтаң жерге оттамаймын,
Тығылған соң, мені алып жейді қайдан?

Бөдене айтты:
— Қамысың тыныс емес,
Босқа арықтап жүргенің дұрыс емес.
Айламен-ақ алғызбай кетіп жүрміз,
Тұрымтайың біздерге жұмыс емес.

Жүз құбылып, қуланып, жылпалақтап,
Таңырқатты қаншырды өзін мақтап.
— Тілімді алсаң, екеуміз дос болайық,
Маған ерсең, жүрейін жаудан сақтап.

Аңқау сорлы бір қудан алды сабақ,
Бөденемен дос қылды құлқын, тамақ.
Жау міндеті мойнында бөдененің,
Екеуі емін-еркін қырда оттамақ.

Қыраңға шығып алып, оттап жүрді,
Бетегелі мырғайға¹ әбден кірді.
Тегінде, бөдененің айтқаны рас,
Тарлауға жайылған соң, шын семірді.

Бір қырға шығып еді оттай-оттай,
Зырқырап келе жатыр бір тұрымтай.

¹ Мырғай — байлық, кеніш.

Бөдене көре сала бұға қойып,
Қаншырға хабар қылды: «Бұқ, — деп, — ойбай!»

Жалма-жан бұға қалды қаншыр батыр,
Жер еді панасыздау, шөпсіз тақыр.
Екеуі тыпыр етпей жатса дағы,
Тұрымтай тұпа-тура келе жатыр.

Бөдене әр айланы көп ойлады,
Бір түрлі сол арада еп ойлады.
«Тұрымтай соны көріп, алып кетсін,
Қаншырды ұшырайын», — деп ойлады.

— Қойыпты бұл тұрымтай бізді көріп,
Мен қашсам, кетер едім бір бұлт беріп.
Сен ертерек қашпасаң, құтылмайсың,
Бұл сені алып жейді тура келіп.

Мендей тарғыл емессің, барандаусың,
Қыбырлап, тыныш жатпай, алаңдайсың.
Ерте ұшып, бір қамысқа тығылып бақ,
Бұл жерде жатып аман қала алмайсың.

Аңдамай, алдауға еріп, қаншыр ұшты,
Тұрымтай оны көріп, тым құнысты.
Қанатының қаққаны көзге ілінбей,
Адым жерге жібермей, қағып түсті.

Бөдене ұшып, жыпылдап кетті алысқа,
Дос болыңыз осындай алдамышқа!
Қасындағы қаншырды қанға бояп,
Өзі барып тығылды бір қамысқа.

Қамыста жатып алды, қылмай қауіп,
Құтылды досын беріп, айла тауып.
Қонғанын бөдененің көрген біреу,
Жүгіртіп сол араға келді шауып.

Бөдене жатыр еді қыбыр етпей,
Қарап жүр шыр айналып, көзі жетпей.
Ат басып, бөденені жаншып кетті,
Жазасын о да тартты, аман кетпей.

Жігіттер, осы сөзге құлағың сал,
Басыңда миың болса, мұны ұғып қал.
Алды-артын ойламаған аңқауменен,
Адампаз, арам достан ғибрат ал.

Ақылшы торғай

Бір адам жүреді екен тұзақ құрып,
Бір торғай ұстап алды сүйтіп жүріп.
«Балаларға сатайын» деп ойлапты,
Торғайды жазып алып, ұстап тұрып.

Сонда торғай сөйлепті адамдайын:
— Босатсаң, үйретемін байлық жайын.
Азар болса сатарсыз үш тиынға,
Мен саған бір пайдалы сөз айтайын.

Бұрын дағы саттың ғой талай құсты,
Кәне, сонан қаншалық пайда түсті?
Тоймақ түгіл, бүйірің шыққан да жоқ,
Харекет деп ойлама мұндай істі.

Айтайын үш ауыз сөз, ұғып алсаң,
Өз обалың өзіңе, ұқпай қалсаң.
Соны білсең, есепсіз бай боласың,
Мал табуға айла сол, тілге нансаң.

Алғашқы сөзді айтамын қолда жүріп,
Одан кейін қораға қой қондырып.
Екіншісін сол жерде ұқтырайын,
Ең соңғысын айтамын талда отырып.

Тұзақшы қуаныпты осы сөзге,
«Келдім ғой, — деп, — бақ қонар жақсы кезге».
Аузынан босатпаққа уәде берді,
Алдаса, торғай көп деп мұнан өзге.

Торғай айтты:
— Әрқашан аңдағайсың,
Орынсыз өтірікке нанбағайсың.
Ойланбай, алдау сөзге сене көрме,
Тегінде, шынның жолын қамдағайсың!

Бұл сөзі тұзақшының көңліне ұнады,
Торғайды бір дуалға қондырады.
— Алғашқы бұл сөзіңді әбден ұқтым,
Екінші сөзің қандай? — деп сұрады.

Торғай тұрып айтады тамға қонып:
— Өткен іске өкінбе, ыза болып.
Кеткен қайтып келмейді, кейігенмен,
Құр жүдейсің, ішіңе қайғы толып.

Соны айтып, ұшып қонды биік талға:
— Боламын неге тұтқын сендей шалға?
Бар еді он мысқылдай гауһар тасым,
Айрылдың соны ала алмай, алдағанға.

Гауһарды саған бермей, кеттім алдап,
Ұстауға қолың жетпес енді қармап.
Мұны алсаң, әлем асқан бай болушы ең,
Ала алмай өкініште қалдың зарлап.

Торғайдың алдағанын сонда біліп,
Тұзақшы өкінеді, қайғы қылып.
«Құдай берген асылдан айрылдым», — деп,
Жылайды өз сақалын өзі жұлып.

Сонда торғай айтады:
— Ей, надан, мас,
Тым ұғымсыз екенсің, ақымақ нас.
Үш мысқалдық денем жоқ, кішкентаймын,
Қай жеріме сияды ол гауһар тас?

Әуелі, «қисынсызға нанба» дедім,
«Алдау сөзге бойыңды салма» дедім.
Екінші, «өткен іске уайым жеп,
Емі жоқ қайғыға қалма» дедім.

Орынсыз өтірікке сонша нандың,
Өткен іске өкініп, қайғыландың.
Үшінші сөзді саған үйретпеймін,
Алдыңғы екі сөзді ұқпай қалдың.

Соны айтып, торғай кетті аспанға ұшып,
Шал қалды дел-сал болып, қайғы қысып.
Сол торғай үшіншіде не айтпақ еді,
Соны тап, есті болсаң, ойға түсіп.

Қасқыр, түлкі, бөдене

Бір қу түлкі болыпты жұртты құртқан,
Тышқан аулап жейді екен ескі жұрттан.
Жем таба алмай, бір жылы арықтапты,
Тышқан ауып кеткен соң мұқыл сырттан.

Түлкінің тышқан жемей, «мені» болмас,
Кемірсе сүйек-саяқ, қарны толмас.
«Жемтік түссе, жермін, — деп, — қалғанынан»,
Қасқырға іздеп барып, болды жолдас.

Қасқыр айтты:
— Тоясың, маған ерсең,
Болады малды көріп, шалып келсең.
Қарным тойса, қалжыңдап ойнаушы едім,
Ойынға ыза болмай, шыдап берсең.

Аш күнімде жатамын шабым жалап,
Ол кезде жақын келме жанасалап.
Тойғанда, тұрпайылау мінезім бар,
Өкпе қылма ойынды шынға балап.

Көнді түлкі қасқырдың бұл сөзіне:
— Шыдаймын қалжыңдаған мінезіңе.
Өлтірмесек болады, ойнай-ақ бер,
Тамақ тапсаң болады күнде өзіме.

Түлкі көріп келеді малды шалып,
Қасқыр бір қой әкетті сүйреп алып.
Екеуі әбден тойып алғаннан соң,
Ойнайды әрі-бері асыр салып.

Қасқыр тура жүгірсе, көзі жайнап,
Түлкі еркелеп тұрады «ағатайлап».
Алып соғып, үстіне ойнағанда,
Азар жаны қалады «а, Құдайлап».
Запы болып, ұстатпай, жүрсе жортып,
«Уәдені кеттің бе, — дейді, — ұмытып?»
Тамақ үшін амалсыз қайта келсе,
Ойнайды бұрынғыдан қатты мытып.

Түлкі жатып ойлайды әрбір ойды:
«Өсірмеді қасқыр, — деп, — біздің бойды.
Жегенімді желкемнен сығып алып,
Бергені де құрысын жемтік қойды.

Буындырып ойнайды қиқылдатып,
Жегенімді құстырып, шиқылдатып.
Тұла бойым сірескен қара қотыр,
Тойғанымның үстіне тырқылдатып.

Осыдан құтылайын өлсем дағы,
Аштықтан қандай азап көрсем дағы.
Тәуекел, өз бетіммен күн көрейін,
Бадамшаның басын жеп жүрсем дағы».

Ойлайды «Бір мұратқа жетейін, — деп, —
Қасқырдан кегімді алып кетейін, — деп, —
Осыны өз көзімше өлтіретін
Бір хайла не қылсам да етейін», — деп.

Жер шола түлкі шықты дөңге шауып,
Жылқының бір жемтігін алды тауып.
Қараса, қазған оры, жер қақпан бар,
Қойыпты шөп-шаламмен бетін жауып.

Түлкі қатты қуанды мұны көріп,
Қасқырды ертіп келді, хабар беріп.
Семіз жылқы жемтігін көргеннен соң,
Ауызды көкжал батыр салды келіп.

Түлкі жүр жер қақпаннан айтпай қашып,
Арсалақтап аш бөрі жүрді сасып.
Қақпан жаққа қасқырды жіберді алдап,
«Орға түсіп кетсін, — деп, — қапы басып».

Екеуі де тоюға қам қылысып,
Тұс-тұсынан жемтікті жүр жұлысып.
Шегінгенде ернеуін басып қалып,
Көкжал ноян ұраға кетті түсіп.

Алаңғасар итіңді Құдай атып,
Терең зындан түбіне кетті батып:

— Ойбай, түлкі, келе гөр, мен қалдым! — деп,
Айғай салып ұлыды орда жатып.

Түлкі келіп ұраны жағалады,
Мазақ қылып, арсылдап, абалады.
— Мықтысың ғой, секіріп шығарсың, — деп,
Күлкіменен қасқырды табалады.

— Үстіме аунап ойнаушы ең тойған сайын,
Сендей арсыз ақымақтың орны дайын.
Осы қазған ұраның иесі кеп,
Көз алдымда сойғанын бір байқайын.

Қасқыр айтты:
— Кеше гөр, қылдым тәуба,
Кетемісің шын тастап мені жауға?
Айла тауып, осыдан босатып ал,
Аузымнан ант берейін ойнамауға.

— Ойнамасаң, омақап, онан әрман,
Ойын түгіл, тіршілік сенен қалған.
Жон терінді сойғанын көзім көрмей,
Осы ұраның басынан кете қалман.

— Табалама, шырағым, кеш жазамды,
Айтпасаң да тарттым ғой мен сазамды.
Шығармасаң, құдықтың аузынан кет,
Ала бермей күйдіріп, көп мазамды.

— Әлі бұйрық айтасың босқа шатып,
Өзің қазір өлгелі орда жатып.
Тіпті көрмей кетпеймін, былшылдама,
Бас терінді сойғанын ыржыңдатып.

Қасқырға түсті осындай ақырзаман,
Өлімнен де табасы батты жаман.
Аңдаусызда шоңқиып түлкі отырса,
Құйрығы салбырапты орға таман.

Жиналып алды қасқыр, оны көріп,
Жабысты сол құйрықтан шапшып келіп.
Түлкіні ор түбіне ала түсті,
Құдайым қасқырға да кезек беріп.

Сонда қасқыр айтады:

— Түлкі шырақ,
Иманыңды айта ғой жылдамырақ.
Өзімнен сені бұрын өлтірейін,
Өлгенімді көре алмай кеттің бірақ.

Түлкі айтады:

— Сөйледім қалжың қылып,
Жұмысты бітіріп ем, сүйтіп жүріп.
Тістетіп, сізді ордан шығаруға,
Әкеліп ем бір ұзын тал сындырып.

Байқамай орға түстің мені де алып,
Өлдік қой екеуміз де мұнда қалып.
Тым болмаса, мен болсам жағасыңда,
Шығарып алмас па едім талды салып.

Қатты кейіп айтады түлкі сөзін
Қасқыр нанып, тігеді екі көзін:
— Енді бар ма құдықтан шығар айла?
«Тал таптым» деп айтпадың бұрын өзің.

Түлкі айтады:

— Айланың орны осы ара,
Сен өрмелеп, созылып тұрып қара.
Төбеңе шығып алып, секірейін,
Ернеуге шықпас па екем мен бейшара?

Онан соң сені алайын талды салып,
Шығарсың ұзын талдан тістеп алып.
Не де болса кешікпей, тез істелік,
Қапы болар қақпаншы келіп қалып.

Бар әлінше созылып, қасқыр тұрды,
Төбесіне өрмелеп түлкі жүрді.
Пәрменінше шегініп, қарғығанда,
Ернеуге екі аяғы тура ілінді.

Айламен түлкі кетті шығып алып,
Артына қайрылмады қайта айналып.
Қаңқылдап қасқыр ұлып қала берді,
«Мені шығар енді, — деп, — талды салып».

Түлкі сөйтіп кетіпті қасқырды алдап,
Көкжал қалды өз қолын өзі жалмап.
Тобылғының түбінен іздеп жүріп,
Бір бөдене ұстапты түлкі қармап.

Бөдене айтты:

— Сен мені не деп жейсің?
Бір уыс жүн жегенді тамақ дейсің.
Ана жерде мен көрдім талай жемтік,
Ерінесің, дөң асып, іздемейсің.

Түлкі айтады:

— Мынаның қулығын көр,
Мені алдамақ сендерге бірталай жер.
Жалған айтып алдасаң, соны жеймін,
Ұядағы балаңды көрсетіп бер.

Бөдене көрсетіпті өз баласын,
Кепіл беріп, босатып алды басын.
— Мен бастайын, артымнан еріп отыр,
Қарық қылайын жемтікке, не қыласың.

Түлкіні алып жүрді сайды өрлетіп,
Бөдене бір бел асты бұрын кетіп.
Түлкі жортып кезеңге таянғанда,
Жалаң қаққан бір тазы келді жетіп.

Байғұсты кетті тазы қуып алып,
Ауызды әні салып, міні салып.
Жүйрік тазы адымын аштырсын ба,
Көк желкеден бас салды бір-ақ шалып.

Мықты қасқыр, айлақес түлкі қайда,
Алдампаз рақымсыздық кімге пайда?
Аяғында түлкі де, қасқыр да өліп,
Бөдене аман қалыпты ол бір сайда.

Шымшық пен көгершін

Бір шымшық торға түсті, соры қайнап,
Барды ма, кім біледі, ажал айдап.
Пәлені қазаменен қайда деме,
Ғаріп боп отыр сорлы көзі жайнап.

Жанына жас көгершін ұшып келді:
— Не қара басты торға түсіп? — деді. —
Талтүсте торды көрмей, соқыр ме едің?
Есалаң, ақылы жоқ, күшік, — деді. —

Түсер ме есі дұрыс күндіз торға,
Ақылдың жоқтығынан қалдың сорға.
Мәселен, мені алдап, ешуақытта,
Тор түгіл, түсіре алмассың онан зорға.

Кім күлмес сен жаманның бостығыңа,
Алдырған айласына бір наданның.
Мен соған қол берейін түспесіме,
Амалы саған ғана мол адамның.

Деседі «ақыл серік қонған баққа»,
Ем болмас бастан бағың тайған шақта.
Пысықсып көгершінім отырғанда,
Қалыпты өзі түсіп қыл тұзаққа.

— Ақылың қайда кетті, данышпаным?
Серт айтып, түспеске қол алысқаның.
Біреуге күлсең, келер өз басыңа,
Біреуге мұнан былай күлме, жаным.

Біреуді білмес адам табалайды,
Бақ көшсе, ақылыңа қарамайды.
Ісіңнен бір істеген жазым тапсаң,
Болды деп білмегеннен шамалайды.

«Жазмыштан озмыш болмас» деген сөзді,
Бекер деп пікір айту жарамайды.
«Адам басы Алланың добы» деген,
Қуса да қалай қарай домалайды.

Қарақұс

Жаһанда бір қарақұс мекен еткен,
Еңбексіз күн өткізген кезбелікпен.
Басқаның табысынан үзіп-жұлып,
Неше жыл арсыздықпен қорек еткен.

Сонда да семірмеді жұлып жеуден,
Қарғыс ап, ұсақ аңдардан зар еңіреткен.
Демеді мынау адал, анау арам,
Қағып сап пұлсыз тамақ, шыққан шектен.

Сыя алмай жер бетіне, жексұрын боп,
Жеті қат көктен асып арман кеткен.
«Көктен де көмейімді толтырам», — деп,
Ғарышқа да асуға үміт еткен.

Осы оймен сол қарақұс жоғары ұшқан,
Аралап аспан астын, бұлт құшқан.
Ойламай келешекте не боларын,
Ен тамақ табамын деп арпалысқан.

Көк бойлап сайран еткен қарақұсқа
Қорқыныш, қауіп туды әрбір тұстан.
Әлсіреп, қанат талып, күші бітіп,
Және де аштық шіркін келіп қысқан.

Аспанда алты күндей аласұрып,
Көзіне көрінбеді жалғыз тышқан.
Сонымен сергелдеңге түсті жемқор,
Қаңғырып, іші толып көп қарғыстан.

Ақылсыз, дән таба алмай құрғақ күштен,
Саңдалып, кезбе батыр жерге түскен.
Түйіліп, қара бұлттай төңкерілді,
Сақылдап, басын шайқап, өкінішпен.

Еңбексіз өткен өмір ойға түсіп,
Бойды улап, күйіп-жанып, танған естен.
Не пайда, өкінгенмен өткен келмес,
Жалғыз-ақ тәтті тамақ көкей тескен.

«Қалайда бұрынғыдай табамын», — деп,
Кейде ұшып, кейде қонып, қалқып ескен.
Даланың барлық аңы жаратпады,
«Сұмырай неге келді, бұл не?» дескен.

Қонады көктен түсіп, тау бетіне, Қарайды мойнын
созып, әр шетіне.
Ереймен, Тянь-Шянь, Алтай, Орал, Кавказ —
Ешбір жем көрінбеді сол бетінде.

Қарақұс кетті ұшып тауға, налып,
Қонады бақша менен бауға барып.
Алма, жүзім — жемістер, бау мен бақша,
Минутта жерге батты тамырланып.

Бақшадан күдер үзіп, суға барды,
Мұнартып көтерілген буға барды.
Жалтылдап, сылдыр қаққан күміс суда
Ұстатпады, сарқыраған суға барды.

Жер бетін, аспан астын аралады,
Қыр мен ой, орман, тауды салалады.
Жеті күн жерді сүзіп, ризық таппай,
Көңілін тамақ шіркін жаралады.

Сонымен, жер бетінен кетті налып,
Дарияға тулап жатқан кепті талып.
Қондырмай асау толқын, беттен ұрып,
Ақырғы сәтіне де жетті анық.

Аспанда зарлап жүріп шықты жаны,
Құлады дарияға, жеді балық.
Өркеуде, еңбек етпей жұлып жеуде,
Еңбек пен еңбексізде бар ғой парық.

* * *

Екінші бір қарақұс ер болыпты,
Ұшқаны — көк, қонғаны — жер болыпты.
Не хақтан соқтығады басқа құсқа,
Өзінше теңдесі жоқ сері болыпты.

Ақылы аз, күшке сенген жыртқыш шіркін,
Даурығып, босқа жүріп тер болыпты.
Алаңсыз еш нәрседен жүрген байғұс,
Өзінен күші зорға кез келіпті.

Мұнысын жек көріпті бір ақиық,
Жел тұрып қанатынан, қабақ түйіп.
Шыдамай екпініне домалаған,
Топшысын қарақұстың кетті қиып.

Өз басын өзі жойған сотқар аз ба,
Не хақтан жайға жүрген жұртқа тиіп.
Ақылсыз сотқарлықтың қатері көп,
Күшіңмен ақыл жүрсін бойға сыйып.

* * *

Үшінші бір құс болған, өзі момын,
Өмірде көрген талай аштық-тоғын.
Асырап балапанын, жемді тасып,
Өткізді дүниенің бар мен жоғын.

Еңбекшіл, өзі ақкөңіл бұл байғұсқа,
Тәңірім қаһар етті, жіберді оғын.
Нажағай күн жарқылдап, бұлт түйіліп,
Әкетті момын құсты келіп құйын.

Аспанға қаңбақтай-ақ кетті алып,
Момын құс есі кетіп, қалды талып.
Толғанда тоғыз күнге құйын тарқап,
Шетіне бір дарияның түсті барып.

Халы жоқ, тамақ іздеп ұшам десе,
Құр жайнап екі көзі жатыр ғаріп.
«Құтылар бұл аштықтан күн бар ма?» — деп,
Жатыпты қайғыланып, қатты налып.

Сол кезде бір қарт жайын істен қалған,
О дағы аш, тамақ таппай, көп сандалған.
Жәндікті суда жүзген ұстай алмай,
Бір жерде жасырынып, жем аңдыған.

Бір шортан ажал айдап, ағып келіп,
Жайынның ауызына кесе тұрған.
Алжыған, әлі кеткен, тіссіз жайын,
Жұта алмай, сол шортанға ол қақалған.

Үстіне жығылғанның жұдырық боп,
Бейшара күдер үзді шыбын жаннан.
Жан шіркін жайынға да сондай тәтті,
Қақ тұрды көзден аққан қызыл қаннан.

Жанталас судан толқып, шықты шетке,
Өмірде жазылмастай қалды дертке.
Талықсып, есі ауып жатқан құстың,
Зарланған бір ыстық леп соқты бетке.

Жылысып, ақырындап момын келді,
Жайынды талып жатқан көзі көрді.
Шұбырып сілекейі, тіл салақтап,
Күшін жинап, шортанды мықтап бүрді.

Кездесіп өлмегенге өлі балық,
Бұған да ойсыз жерден ризық келді.
Шеңгелде ұлы дене қалып қойып,
Ішек-қарны жайынға да тамақ болды.

Ризығы таусылмаса, өлмес адам,
Арасы өлім-өмір бір-ақ қадам.
Егер бір күн қарны ашса, «өлдім» дейді,
Көрмеген қиындықты кейбір надан.

Аты арып, тоны тозбас ақпейілдің,
Дүниеде арамдықтан бар ма жаман?
Қашанда «шаршадым» деп қарап жатпа,
Көз салсаң, кездеседі жоғың саған.

Тышқан мен түйе

Бір тышқан бір түйені жетеледі,
Желпілдеп түйе байғұс кете берді.
Мақтанып бұл ісіне тышқан балуан,
Көңілін былайша қып көтереді.

— Япырмай, күшті екенмін, қандай күшті,
Күшпенен істеп тұрмын әртүрлі істі.
Шыдамай тартқаныма таудай түйе,
Қаңбақтай-ақ соңымнан болып ұшты.

Тартылды таудай түйе тартқаныма,
Шат емес батпан топырақ атқаныма.
Келемін күшпен тартып түйені, — деп,
Түсіпті осылайша мақтануға.

Тышқанның мақтанғанын түйе білді,
Байғұстың бұл қылғанын кім біледі?
«Боларсың күшің мәлім батырсың», — деп,
Мырс етіп миығынан күліп енді.

Белгілі күші мағлұм, болса да тұр,
Келеді тышқан тартып түйені қор.
Екеуі осылайша келе жатса,
Кез болды қарсы алдынан бір терең ор.

Бір терең ор дегені — арық болды,
Тышқанға енді кесір анық болды.
Көрінді бір арық су дариядай,
Өте алмай тышқан байғұс ғаріп болды.

— Кідірдің, палуан, неге жүре бермей?
Арықтың жағасына келдің дағы,
Отырдың, шікірейіп түрегелмей.
Тышқан айтты:
— Мен мұндай күлеріңнен,
Қылқылдап суға түссем, жүзермін мен.
Сіз бір ұлық әзиз, мен бір нашар,
Парқы бар тізенің де тіземенен.

Түйе айтты:
— Кел, ендеше, үстіме мін,
Етейін бір жақсылық саған бүгін.
Түйенің мінді тышқан өркешіне,
Бұйдасын қойды салып желкесіне.
Мүсәпір бола қалды тышқан байғұс,
Менмендік жасаймын деп қалпесіне¹.

¹ Қалпе — ие.

Құныққан бүркіт

Қаратауды жайлапты бала бүркіт,
Арқадан әуел баста келген үркіп.
Баулыпты бір саятшы ұстап алып,
Жетілгенсін, аң ілдірді тырнақ-күртік.

Қартайғансын қамқорлыққа саятшы алып,
Бос қойды, аяқбауын шешіп алып.
Үш мезгіл тегін жеммен тояттатты,
«Аң іздеп жүрмесін, — деп, — жерді шалып».

Түледі құйрық, қанат, өсті қаулап,
Аспанда ұшып жүрді еркін заулап.
Місе тұтпай, саятшының қамқорлығын,
Құныққан бүркіт кетті тышқан аулап.

Сай кезіп, тышқан аулап жүргенінде,
Тасқа соғып өліпті, елден аулақ.
Кім білсін наласы ма саятшының,
Жүйесіз қаңғырғансын, атқан аруақ.

Сен де алпыстан асып ең, біреу бақты,
Қадірлеп, құрмет етті мешеу қартты.
Місе тұтпай, ел қыдырып, ақтап жүрсің,
Жасыңдағы есіңе ап өткен шақты.
Тышқан қуған бүркіттей боп жүрмегін,
Көтере алмай басыңа қонған бақты.

Жылқыдан туған есек

Болыпты бір адамның көк биесі,
Мәпелеп, бағып жүрген оны иесі.
Дәмеленіп жүруші ед, ат туар деп,
Көптен озған келісті бар жүйесі.

Бір сәтте күні жетіп, бие туды,
Сұрғылт құлын нашайы оң жүйесі.
Сонда да баға берді дәмеленіп,
Деместен нашарсынып, бар сүлесі.

Өскен соң қос құлағы ұзын болды,
Ши бақай, мәстек қарын, құзғын болды.

Қысқа жал, келте құйрық, бойы қортық,
Жылқы емес, есек емес, бұзғын болды.
Сол әліне қарамай, азынағыш,
Шыдатпай, байлаған жіп үзгін болды.

Шапсаң — желіп, жүрсең — тұрып, нағыз қырсық,
Шынжырдан қамшы һәм жүген тізгін болды.
«Мұндай түлік біткенше, бітпегіні
Жақсы», — деп мал иесі безгін болды.
Көпшілік бұдан азар болғаннан соң,
Сылынды екі безі оңды-солды.

Шыбжың торғай

Кең алқап, орай шалғын еді тоғай,
Мекендеп жүрді аққұйрық шыбжың торғай.
Қымыңдап іннен інге секеңдейді,
«Сол жерге басшымын» деп інін қорғай.

Көктем шықты, құлпырды қыр мен ылди,
Ілесіп қайтқан құспен келді қырғи.
Кең алқап, орай шалғын, сазды көріп,
Мекендеп қалып еді сол бір қырғи.

Қырғиға торғай барып, алды қолын,
Дос бопты шыр айналып оң мен солын.
Торғайларға зәбірді көп көрсетті,
Жүндеудің қырғиға айтып қандай жолын.

Күз келді, жылы жерге қырғи кетті,
Қожақтайтын шыбжыңның күні өтті.
«Енді кімнің табанын жалар екен, —
Деп күліпті торғайлар, — шыбжың?» — депті.

Несі қызық, шыбжыңдап өткен өмір,
Ас ішпесе, суылдап жүрек, көңіл.
Жалпақтап қыл-қыбырлы ас ішкенше,
Тәтті емес пе, бейнеттеніп жеген шөгір.

Міншіл есек

Сайрандап тау ішінде жүрді құлан,
Қаймықпай қастығынан қара жылан.
Ой мен қыр, тау менен тас, ағаш, орман,
Ешқайсы болған емес бөгет оған.

Қиянат қастығы жоқ тірі жанға,
Қарсылық жасамаған ешбір аңға.
Үнемі аңдып басып, ізін байқап,
Түсірмей тал бойына ешбір таңба.

Мүлтіксіз келіп еді баяғыдан,
Ешкімнің жығылмай-ақ таяғынан.
Дұшпанның құрған торы қапылыста,
Ақсатты мүгедек қып аяғынан.

Есек ақыл айтады жаны ашып:
— Жүруші ең жүйріксініп, судай тасып.
Мерт болдың, ақылдаспай меніменен,
Білмейтін ешнәрсені сен бір жасық.

Өтірік қамқоршы боп қамқор есек,
Көпіртіп сөйлейді кеп жинап өсек.
Көздейді көлдей етіп көпке жайып,
Сөзіне жалған сыншы бермейді есеп.

Бұл есек нашар сөзін тыймаған ғой,
Иесіне асылдықты қимаған ғой.
«Әтештен ән үйрен», — деп бұлбұл құсқа
Сын айтып, әнге өзінше қинаған ғой.

Адам көп ел ішінде құдаңдай-ақ,
Залым көп арбайтұғын жыландай-ақ.
Мін айтқан есек сынды сыншыларға,
Қайтеді жүре берсек иланбай-ақ.

Қойшы мен қасқыр

Бір қасқыр талап қылды жемекке қой,
«Қай жаққа барайын?» — деп ойлады ой.
Бір биік жота жерге шығып алып,
«Қай жақта қой жақын?» — деп созады бой.

Алыстан бір қора қой көрді көзі,
Сол қойға бармақ болды мұның өзі.
Еңтігіп, әлгі қойға келіп еді,
Қойшының айғай салып айтқан сөзі:

— Сен мені көрмейсің бе, сорлы қасқыр?
Айғайға шыдай алмай, таудан асқыр.
Ұрлықтың ешбір жайын білмейсіңіз,
Талтүсте нағып жүрсің, қара басқыр?

Түн болса, қараңғыда келмейсің бе?
Жарқырап тұрған Күнді көрмейсің бе?
Талтүсте қыламын деп ұрлық, зорлық,
Қолында бір адамның өлмейсің бе?

Әй, сорлы, мен тұрғанда ала алмайсың,
Шетіне бұл қойымның бара алмайсың.
Мал жиып, егін салып жүрсең бой ма,
Біреудің дүниесіне жалаңдайсың.

Қылғаның күндіз-түні ұрлық-қарлық,
Көресің қолға түссең, басқа тарлық.
Қойына көрінгеннің сүмеңдейсің,
Өзіңде бір жүрмейсің сыры бар ғып.

Шетінен бұл қойымның жүргін кейін,
«Аулақ жүр» демей саған, мен не дейін?
Ойлаған ойың сенің ұрлық-қарлық,
Демейсің жалғанда бір жөнделейін.

Әй, қасқыр, өзіңді өзің қор қыласың,
Қалайша көңіліңді зор қыласың?
Жалғанда түсің суық, албастыдай,
Үркітіп қой, ешкіні, қорқытасың.

Жүрмегін бұл арада, кеткін өзің,
Өзіңе үлкен достық айтқан сөзім.
Көзіңді қойға қарап қызартасың,
Мен сенің алайын ба ойып көзің?

Мұны айтып, қойшы сонда таяқты алды,
Қасқырды қашырмаққа айғай салды.

«Өлсем де бір ауыз сөз айтайын» деп,
Бұл қасқыр сөйлеуге сөз тұра қалды.

— Тұра тұр айғайламай, қойшы батыр, —
Сөйлеуге қасқыр жауап келе жатыр.
— Сен мені «ұры-қар» деп сөкпегін көп,
Сендердің ұрлықтарың мыңға татыр.

Ұрлықты мен қылмасам, кім қылады,
Адамзат бізден артық тым қылады.
Ұрлығын адамзаттың айтып берсем,
Бірінен бірі ұрлап, жымқырады.

Аң болып жаралыппын әуел баста,
Бұл сөзім болса теріс, алып таста.
Біздерді «ұрысың» деп сөктің неге,
Сіздерде толып жатыр ұялмастар.

Қылуға бір еңбекті жайымыз жоқ,
Бір күн аш, кейбір күні жүреміз тоқ.
Сендерде ұрлық-қарлық қатты шығар,
Онан да ұрлық қылмай, жесеңші боқ.

Қылуға егін салып, жеріміз жоқ,
Жер алып, жер күтетін беліміз жоқ.
Басында жаралғанда болдық солай,
Адамша әрбір іске ебіміз жоқ.

Мен түгіл, арыстан мен аю да бар,
Тыңдасаң, әрбір жерден айтам хабар.
Қылмаған ата-баба кәсібі ғой,
Бұ қасқыр егін салып қайда барар?

Адамның қайласы бар, көлігі бар,
Біздерден ақылы артық күрігі бар.
Қылуға кей адамда тіршілік жоқ,
Осындай миы кеткен өлігі бар.

Ей, қойшы, не сөйлейсің маған қарап,
Жүргем жоқ дүниеде іске жарап.
Адамзат бір-бірінен ұрлық қылар,
Зұлымдар момындарды алар талап.

Біріңді бірің талап өлтіресің,
Өтірік, жалғанды да келтіресің.
Басыңа не күн туды ұрлық қылып,
Ондай жан аштан өліп, тентіресін.

Аш болсаң, жұмыс қылсаң, нан табасың,
Арттырып тамағыңнан мал табасың.
Адамзат, сен ұрлықты қылма — ұят,
Қысылған жерде ойлап жол табасың.

Сен мені «ұрысың» деп нағыласың,
Ашу қып, неге маған қағынасың?
Қолыңнан әр іс келер адамзатсың,
Сен неге ұрлық жолға жаңыласың?

Жалғыз-ақ мен болдым ба көргеніңіз?
Қолыңнан бірер де жоқ бергеніңіз.
Жоқ болса, бір-біріңнен сұрап жейсің,
Қылғанша ұрлық жақсы өлгеніңіз!

Қасқырдың байқадың ба мына сөзін?
Алға бас, жолдас-жора, ашып көзің.
Қасқырдың айтқан сөзі рас емес пе,
Жарамас ұрлық-зорлық ол мінезің.

Еңбекші, ентелей бас, көзіңді ашып,
Жолынан адамдықтың жүрген қашып.
Қасқырдың сөккеніне болма душар,
Жаңылып нәпсіңізден, қара басып.

Ол іске аралассаң, болмас бағаң,
Сыйламас бірге туған өзіңді ағаң.
Еңбексіз тегін мал деп қызықпағың,
Бір күні кірлемей ме киген жағаң?

Астыңда атың шапсаң, бір күн шабар,
Шапқылап кешке дейін көңіл табар.
Ол атың болдырмай ма, шаршамай ма?
Ентігіп терлеген соң қайда барар?

Тотықұс

Жәрдемі қызыл тілдің отыз тісте-ай,
Өкініш қылсақ, пайда жоқ өткен іске-ай.
Жанашырдың алмасаң айтқан тілін,
Арманыңнан өлерсің тотықұстай.

Шаншу жел пайда болса, әрман деңіз,
Дұшпанның осалында қамын жеңіз.
Бар екен бір Үндістан деген шәһар,
Түбінде бір дария — аққан теңіз.

Аз болмас шаншу жанжал шақпақ оты-ай,
Көп болар аз да болса берекеті-ай.
Дарияның жағасында жүреді екен,
Бір еркек, бір ұрғашы — екі тоты-ай.

Екі тоты дарияның қырағындай,
Адам жүрмес аралдың жырағында-ай.
Еркегіне айтады ұрғашысы,
Тұқым салып, балалар уағында-ай.

— Бұл ара балаларға жарамас бұл,
Тасқанда теңіз суы, ап кетер сел.
Балапанды су тасып, алып кетер,
Аударып басқа жақтан бір ұя қыл.

Еркек тоты айтады:
— Бұл жақсы жер,
Күнбұрыннан қорықпай-ақ күніңді көр.
Бұл су бізге жамандық қыла қоймас,
«Су тасыр» деп қам жеме, балалай бер.

— Бұл су тасыр қарқындап парманынан,
От аласың қалайша дарманынан.
Жанашырдың алмасаң айтқан тілін,
Бақадай боп өлерсің арманыңнан.

Еркек айтар:
— Қатын, сен не білесің?
Дұшпанға жібермейді ер намысын.
«Бақа» деп бір нақыл сөз айтып қалдың,
Кәнекей, бұл сөзіңнің айт мәнісін.

— Жақсы ұл көрдегіні төрге сүйреп,
Жаман ұл төрдегіні көрге сүйреп.
Тірлікті бір жерден қылады екен,
Қосылып бір бақа мен екі үйрек.

Құрыпты жаңбыр жаумай, қонған көлі-ай,
Екі үйрек, бақа тамыр болған жері-ай.
Екі үйрек бақаменен амандасып,
Көл іздеп, басқа жерге ұшқан жері-ай.

Бақа жылап, Құдайға налып берді-ай,
«Мен мүсәпір болдым», — деп, — мекен жерде-ай».
Бақа жылап, Құдайға зарланғансын,
Екі үйректің бақаға рахымы келді-ай.

— Сендер ең бұл арада өскен құсым,
Жаздырған сорлы пенде мендей болсын.
Кеше күндіз сендермен бір жүруші ем,
Қандай қылып жүрем мен, үйрек досым?

Үйреніп сендерменен қалған көзім,
Қадірден боп жарасқан айтқан сөзім.
Жалғыздық бір Құдайға жарасады,
Қандай қылып жүремін жалғыз өзім?

Үйрек айтты:

— Үйренген көзіміз-ай,
Сені де жек көрмейміз өзіміз-ай.
Өзімізбен бірге алып кетер едік,
Насихат алмайсың ғой сөзімізді-ай.

— Бұл арадан ұшсаңдар шөл жағалап,
Басқа жерге қонсаңдар көл жаңалап.
Сендер ондай берсеңдер насихатты,
Ол сөзіңді алмайын мен нағылып?

— Ей, босқа сабыр ойла, саспағайсың,
Бұрынғыдай тақылдап, таспағайсың.
Ел-жұрт көріп, таңырқап, саған сөйлер,
Аузыңды жұмған, заңғар, ашпағайсың.

— Қосылып сендерменен бір жүрейін,
Жақсы-жаман іс болса, бір көрейін.

Сендер ондай берсеңдер насихатты,
Қарыссын тіл мен жағым, үндемейін.

Бұл сөзге бақа қойды ықыласын,
Бұтақтың тістеп тұрды қақ ортасын.
Екі үйрек бақаны алып ұшты,
Бұтақтың тістеп алып екі басын.

Екі үйрек бақаны алып ұшты-ай,
Енді бұған ел-жұрттың көзі түсті-ай.
Көргендердің бәрі де таңырқады,
«Япырмай, қараңдар, — деп, — мынау істі-ай!»

Есітті сонда бақа мұндай гәпті-ай,
Со жерде шыдай алмай, бір сөз депті-ай.
«Көзі шықсын, — деп айтты, — көре алмаған!»
Ал бұтақ аузынан шығып кетті-ай.

Сөз сөйлеуге алқымы кетті толып,
Бұтақ кетті аузынан қапыл болып.
Сөзін айтып болғанша жерге түсіп,
Ол бақа мылжаланып қалыпты өліп.

Көңілін сұрай келді үйрек қонып,
Тіл тартпастан ол бақа қалыпты өліп.
«Байғұс бақа тілімді алмадың», — деп,
Екі үйрек ұшып кетті ғамкүн болып.

Тілді алмаған бақадай болма бекер,
Қайткенде бұл теңізге күшің жетер?
Жұмыртқамыз сары үрпек болған уақта,
Бұл су тасып, қалқытып алып кетер.

Жанашыр екі үйректің алмай тілін,
Аузындағы сөзіне қоймай зейін.
Насихат сөзін алмай, өлді бақа,
Бақаның арманынан көрме күнін.

Еркек айтты:
— Бұл сөзің болмас тіпті-ай,
Әйел бастап қылған іс оңбас тіпті-ай.
Қанша хикаят, нақыл сөз айтсаң дағы,
Ешбірі құлағыма қонбас тіпті-ай.

Ақыры сол араға тұқым салды,
Тұқымын балайын қып ашып алды.
Теңіз суы бір күні тасып кетіп,
Бейшара екі тоты білмей қалды.

Сол теңіздің тасыды суы шалқып,
Тотының балапаны кетті қалқып.
Көз алдында сары үрпек балапаны,
Қанатын қағып барар суға шалқып.

Еркек тоты жылап жүр, бірде налып,
Ағып барар қанатын суға малып.
— Тілімді алмай, түбіме сен жеттің, — деп,
Ұрғашысы айтады зарлап-налып.

— Құдай-а, бейақылмен қылма жолдас,
Достың тілін алмаған адам оңбас.
Айтып ем «бұл суменен ойнама» деп,
Ойынды бұл теңізбен қылған болмас.

Шайқадым жұмыртқаңнан жаздай бағып,
Көз алдымда барасың судай ағып.
Теңіз суы — тілсіз жау, зорлық қылып,
Ішімді өртендірді оттай жағып.

Сүйегімнен кетер ме күйігің-ай,
Көңілімнің қуанышы, сүнігім-ай.
Атаң болды себепкер ажалыңа,
Ұя салмай бір жердің биігіне-ай.

Тілімді алмай, түбіме менің жеттің,
Жастайынан баламды қаза еттің.
Мен келгенше осы жерде өліп кетсе,
Пардайы дағы кетпес қызметтің.

Екі тоты аспанға шарықтап ұшты-ай,
Шақырып жиып алды тамам құсты-ай.
Тамам құсты шұбатып ертіп алып,
Аспанда самұрық құсқа арыз етті-ай.

Айтылған құстың тілі — бұл бір парыз,
Аспанда самұрық құсқа қылды арыз.

— Падишаһым, мархабат қылыңыз, — деп, —
Ап кетті баламызды дария теңіз!

Падиша қабыл көрді айтқан зарын,
Теңізден алып берді балаларын.
Теңізден алып беріп балаларын,
Ата мен қуандырды аналарын.

Екеуі балапанның екен тірі,
Жаны шығып қалыпты өліп бірі.
Жігітке баласы өлсе, пайда болар,
Жанашыр жан жарының айтқан сыры.

Есікке құтты болсын қадамдары-ай,
Налымас үйге келген адамдары-ай.
«Үйіңе қонайын» деп мейман келсе,
Сарсылса қызметпенен табандары-ай.

Ері үйде, далада, түзде болса-ай,
Қонайын деп үйіңе мейман келсе-ай.
Жақсы сөзбен жіберсе барын беріп,
Мейманға сынап келген сыр бермесе-ай.

Шабан ат жаяулықтан аз ілгері-ай,
Жаман жардан бойдақтық таза ілгері-ай.
Шығарар жақсы қатын ердің атын,
Жақсы аттай қайым болар саз атын-ай.

«Бала» деп баласынба, ақылы болса-ай,
Сөзінде қариядай нақылы болса-ай.
«Қатын» деп қатыннан деп қапы қалма,
Ілгері еркектен де ақылы болса-ай.

Жатқанда төсегіне жаннан кіріп,
Жақсы қатын сылаңдар сәһәр тұрып.
Жаман қатын дүмімен көрпе түрер,
Құйрығымен жайындай бетіңе ұрып.

Түлкі мен жолбарыс

Жолбарыс патшасы еді бір тоғайдың,
Зәресін алушы еді сұр торайдың.
Азуын қаһарланып қайрағанда,
Зәресін алады екен бірталайдың.

Азуын қаһарланып қайраушы еді,
Көзіне көрінгенді шайнаушы еді.
Жолбарыс өзі арыстан, өзі падиша,
Көзіне көрінгенді қоймаушы еді.

Жүрген аң бір тоғайда жатып алды,
Жиналып, бір түлкіге ақыл салды.
«Болмаса сізде қайрат, түлкі, — дейді. —
Жай айтып біздің жағдай болмай қалды».

Түлкі айтты:

— Мен патшаға барайын, — деп,
Кеудеден барып жанын алайын, — деп.
Егер де алдауыма түспей қалса,
Мен барып айналдырып қарайын, — деп.

Орнынан түлкі батыр түрегелді,
Бармаққа патшасына жүре берді.
Патшаның жатқан жерін іздеп тауып,
Патшаның қарсы алдынан тұра келді.

— Ей, патша, бір нәрседен қорқып келдім,
Бұл жерге қорққанымнан жортып келдім.
Шығыпты сізден үлкен бір палуан,
Хабарын соның сізге айтып келдім.

Сөйлейін енді, патша, алуан-алуан,
Шығыпты сізден де бір үлкен палуан.
Қам қылса сізден бұрын, мерт қылады,
Қам ғып қал одан бұрын, патша палуан.

— Қу түлкі, таба алмассың айла, — деді,
Өтірік бермес саған пайда, — деді.
Құртайын, маған көрсет сол палуанды,
Палуан менен үлкен қайда? — деді.

Деді де орнынан түрегелді,
Қу түлкі бұрылды да, жүре берді.
Баратқан түлкі кетіп бағытына,
Жолбарыс сол түлкіге ере берді.

Келеді түлкі батыр «қыл амалдап»,
Патшасын құртпағына жүр амалдап.
Басына бір құдықтың алып келіп,
Аяғын аңдап басты, «тұра қал» деп.

— Сөзімді менің айтқан тыңда, — деді,
Палуан сенен үлкен мұнда, — деді.
Қам қылса, сені ол мерт қылады,
Ойнама мұныменен, шында, — деді.

Түлкінің мына сөзін естігесін,
Батырдың бара жатыр іші қайнап.
Жарқырап, екі көзі оттай жайнап.
Шаппаққа ол да бері қам қылып тұр,
Батырың тәуекелге белді байлап.

Жолбарыс сол құдыққа емінеді,
Өзіне өз сәулесі көрінеді.
Сәулеге шаппақ үшін жолбарысың,
Жапырып жүнін, қайтып шегінеді.

Түлкі айтты:
— Қалай болды, апырым-ай?
Жүніңді кейін қайттың жапырып-ай.
Ол «шабам, сен шаппасаң» деп жатыр ғой,
Заманың қандай болар, батырым-ай?

Түлкінің естіді де айтқан сөзін,
Құдыққа жалтыраған бұрды көзін.
Қоя ма кернеген күш батырыңды,
Құдыққа әупірімдеп ұрды өзін.

Заманы бір тоғайға асып еді,
«Кім бар, — деп, — өзімнен зор?!», тасып еді.
Мәнісі менмендіктің осы екен,
Түбінде сол құдықтың сасып өлді.

Адам һәм түйе

Ер адам айдалада сапар шеккен,
Артынан бір түйені жетектеген.
Өз-өзінен түйесі жынын шашып,
Кісіге сол арада қысым тіккен.

Қашты ғой қорыққанынан әлгі адам,
Түйе қуып қалмады тіпті артынан.
Жасырынғандай байғұсқа ештеңе жоқ,
Көз жетпес айналасы мидай алаң.

Алдыңда жол үстінде жыра көрді,
Біле алмай тереңдігін қайран болды.
Суы жоқ, сол жыра құрғақ екен,
Ішінен қарақаттар шығып тұрды.


Қарақат өскен екен жыраны өрлеп,
Сасқан адам тұрады нені тергеп.
Ішіне сол жыраның түсіп кетті,
Түйе де іздеп келді ізін іздеп.

Сол адам бұтақты ұстап салбырады,
Жоғарыда түйе көріп, абдырады.
Адамға салбыраған басы жетпей,
Жұлқынып әлгі түйе бақырады.

Түйеден адам қорқып, жаман сасқан,
Көрді ғой тағы астында бір аш жылан.
Жылан тұр бұл адамнан көз айырмай,
Үзіліп бұтағынан түсер қашан?

Екі ажал арасында солай тұрды,
Бір нәрсе сол арада тағы көрді.
Ұстап тұрған қарақат тамырларын,
Екі тышқан қажалайды оңды-солды.

Тышқанның біреуі ақ, бірі қара,
Қанеки өлмегенің, ей, бейшара.
Кезекпен екі тышқан тамыр қиып,
Қарақатқа бек үлкен салды жара.



Суретші Е. Оспанұлы

Алаңдап жылан о да қарай берер,
Үзіліп бұтағымен қашан келер?
Тамырлары таусылып қалған кезде,
Төмен құлап сол адам сірә да өлер.

Күдер үзіп ғұмырдан тұрған шақта,
Бірталай жидек көрді бір бұтақта.
Жидекке нәпсісі оның кәміл ауып,
Бәрін де ұмытыпты сол уақытта.

Есінен үстіндегі түйе кетті,
Ойына жыланды алмас енді тіпті.
Тамыр қиған екі тышқан ұмытылып,
Енді ойынан ілезде бәрі шықты.

Түйенің бақырғаны естілмейді,
Аш жыланның ауызы көрінбейді.
Нәпсісі анық ауып кеткеннен соң,
Тышқандардың жұмысы білінбейді.

Қолын созып жидекті үзіп алып,
Есте жоқ өлем деген құлап қалып.
Жайына жидегін жеп тұра берді,
Жайланды сол арада тамақтанып.

Ғаріп болған сол адам кісі емес пе,
Мидай дала дүниенің жүзі емес пе?
Сапаршыға далада жол боп жатқан,
Өтіп жатқан ғұмырдың күні емес пе?

Кінә ғой адам соңынан қалмай жүрген,
Түйе болып қорқытып соңына ерген.
Кінә бізді ақырда жойса дағы,
Ғарқ етпей адам байғұс жидек терген.

Жұмбақтай сөз емес пе осы айтқан,
Не нәрсе жылан болып аузын ашқан.
Сол жыланды бәріңіз өлім деп біл,
Ғұмырыңның бітерін тосып жатқан.

Не дейсің ақ пен қара тышқан болған,
Қарақаттың тамырын кезек қиған.

Болғанда ағы күн, қарасы түн,
Қарақат олай болса дүние жалған.

Ғұмырың таусылмай ма күн, түн өтсе,
Өлгенің ғой қарақат құлап кетсе.
Екі тышқан тамырды қиып бітер,
Бір мезгілде адамға ажал жетсе.

Кінәні түйе болған ескермейміз,
Жетерін қай күн өлім біле алмаймыз.
Дүниенің қызығына мас болған соң,
Нәпсіні тойдырғанша тыныш таппаймыз.

Зымырап күн менен түн өтер, кетер,
Ғұмырды ойлап адамдар қайтып жүрер.
Кінә менен өлімнің ұмытылып,
Нәпсіге осылайша тізгін берер.

Бәйітпен мысал болды дүние жалған,
Дүниенің ішінде жүрген адам.
Қате болса, білгендер түзетсеңдер,
Мысалы дүниенің болды тамам.

Шәкірт пен жалқаулықтың айтысы

Шәкірт:

Жалқаулық, көрмен деп ем сенің түсің,
Сен келсең, оңғарылмас менің ісім.
Қашаннан маған сенің керегің жоқ,
Айтсайшы, біздердегі не жұмысың?

Жалқаулық:

Жүрем бе, мені адам қалағаннан,
Желкеден мекен алам жаралғаннан.
«Күндікке сабақ оқып, шаршады» деп,
Келіп ем, болуға ермек аяғаннан.

Шәкірт:

Сөзіңді тыңдағандай жөн бар екен,
Желкемнен сонда дағы бермен мекен.
Сен өзің аяушылық сөзін айттың,
Сондай-ақ көзге түсер нем бар екен?

Жалқаулық:

Құдайдан сен өнерді жүрсің тілеп,
Дүниеге жұмсамаққа етіп керек.
Соңына дамыл алмай түсемін деп,
Бозарып, байғұс бала, кеттің жүдеп.

Қызықты уәдең бар ма «көрмен» деген,
«Қызықтың дәмін татып жүрмен» деген.
Барады азаппенен қызықты күн,
Әйтпесе ойың бар ма өлмен деген?

Көнбесең айтқаныма жоқ-ты шара,
Инемен құдық қазған сен бейшара.
Ол құдық су бергенше талай заман,
Адаспа, осынымды ойлап қара.

Шәкірт:

Жалқаулық, қой дегенге қоймадың ғой,
Сен, ақымақ, жұмсақ сөзге тоймадың ғой.
Қашаннан маған сенің керегің жоқ,
Тіліңді алған адам оңбайды ғой.

Біреуді оңай мал деп ұры қылдың,
Өнермен ептеп жұмсап қызыл тілдің.
Ұрлатып, кісі өлтіртіп көп адамға,
Рақымынан екі дүние құры қылдың.

Орнымен дамыл алсам, көңілім тоқ,
Көңілім, жалқаулансам, болады топ.
Есітем жас та болсам, үлкендерден,
Жалқаудың бұрын-соңды оңғаны жоқ.

Шал мен қасқырдың айтысы

Шал:

Сиырға шаптың, қасқыр, салдың бүлік,
Жегізсем болмас менде еш тіршілік.
Өкіртіп, жау боп тиіп, әлек еттің,
Айырдым қайрат етіп, ояу жүріп.

Астымда құнаным бар тобан аяқ,
Ұйықтасам, жемей қоймас қасқыр аяп.

Бір залал жалқаулықтан көрдім сонда,
Қолымда бар қаруым қысқа таяқ.

Сиырдың шапты қасқыр ортасына,
Ұйықтамай отыр едім мен қасында.
Екіншіден, мүгедек, халсыз кезім,
Тон түгіл, жылы тұмақ жоқ басымда.

Ақ ала тайыншаны жараладың,
Заңына жарыс шарты қарамадың.
Орнына тайынша өлсе, немді берем,
«Адам деп ояу жүрген» санамадың.

Қасқыр:

Аштан аш менің өстіп қатқаным ба,
Жете алмай, қуа түсіп тоқтадың ба?
Ұйықтамай сен жүрмессің күндіз-түні,
Қапыңды бір табармын жатқаныңда.

Шал:

Ұйықтамай, белді мекем байлап жүрмін,
Күзетіп үш жүз сиыр, айдап жүрмін.
Дайындап, енді келсең, қаруымды,
Тісімді сен дұшпанға қайрап жүрмін.

Қасқыр: Қаруың түк өндірмес сенің сенген,
Құр кетпес ешкім сенен іздеп келген.
Табармын есебіңді сақтансаң да,
Нәсібім, білмеймісің, ел мен желден.

Шал:

Қасқырға қару етіп, қырындайды,
Сескеніп, қасқыр мойны бұрылмайды.
Өзге елден желден иіс алсаң дағы,
Тап саған менен нәсіп бұйырмайды.

Қасқыр мен тоқты

Тоқты:

Қасқыр-ау, аузың құрсын арбаңдаған,
Жол таппай қараңғыда тұрған, жаман.

Ер болсаң, тайлақ пенен тайды жегін,
Тоқтының несін жейсің тырбаңдаған?

Қасқыр:

Тоқтышақ, не десең де құтылмайсың,
Ішінде шом қораның қутыңдайсың.
Әуелі сені жесем, сонсоң тайды,
Екінші біз әкеңді ұмытпайсың.

Тоқты:

Иә жерсің, иә жемессің, құлағың сал,
Басыңда қанағатсыз мінез, апсал.
Жалғыз-ақ менде қасың болса, қасқыр,
Ырбаңдап тұра бермей, қамданып қал.

Қасқыр:

Ендеше, жемек үшін сендей асты,
Көп сөзді сөйлеп тұру жарамас-ты.

Ұмтылып, ырғып түсем деген кезде,
Аяғын қақпан басты қылғымастың.

Қасқырдай аңғырттар көп алаңдаған,
Аузынан тілі шығып, салаңдаған.
Әңгүдік ашкөздікпен қақпан басты,
Ретін аңқаулықпен таба алмаған.

Қой — момын, қасқыр — залым, зорлық етті,
Ақыры ол зорлығы түпке жетті.
Қасқырды мал егесі қуалады,
Ізіне салып қойып көк төбетті.

Қақпанмен қасқыр қашты айдалаға,
Қасқырды қумай адам жай қала ма?!
Бәлемді қуып жетіп, соғып алды,
Сатса да ықтияры қай қалаға.

Көреді тек жүрмеген сондай істі,
Бағасын білмейтұғын жез бен мысты.
Ұрылар өліп қалам деп ойламас,
Көргенмен неше түрлі қорлық істі.

Ажал мен жанның айтысы

Ми қазынасын сақтайтын кеуде — сандық,
Қымбат сырды жинадық, сонда салдық.
Қиял — бір шарықтаған кезбе-делбе,
Жан — күзетші, ой — теңіз, жүрек — балық,

Қамалған соң сандықта ыстық, суық,
Дұшпандық және онда достық жуық.
Сақталған бал менен у сол сандықта,
Жаратқан қандай шебер сандық құрып.

Сол заттың кейі өшпек, кейі өспек.
Бақ пен сор екі арықтың суын ішпек,
Үш заттан қақ бөлініп екі арыққа.
Қай арықтың тұрмыста жемі өспек?

Сол заттар тұрмысынан қуат алмақ.
Басады қандай жағы ауыр салмақ,
Бал ыстық, достық жеңсе, кеуде кеңіп,
Өмірі майдай жұмсақ, жайлы болмақ.

Дұшпандық, у мен суық бөліп алса...
Шыдамай заһарына, қысылған соң,
Жүрек тулап, қан толқып, тілге барса.

Тілмаш тіл, сен бүгінше жанмен барып,
Сордан шыққан сұмдар тынышымды алып,
Шыдамнан шығып, әбден бел байладым,
Келме, тіл, жаннан қорқып, қайта айналып.

Тіл бәйге балмен жүр екі арасында,
Оңай ма екі достың арасында.
Қимайтын тәтті жаным, ардақты еркім,
Амалсыз сөзге құлақ саласың да.

Жүрек құр аналардан соққы жеген,
Заһарлы мұздай суық сұм өмірден.
Қатты азапқа шыдамай қайран жүрек,
Жанменен біржолата құтыл деген.

Жан сонда қандай ақыл бұған таппақ,
Мынау сауал, сауалың ауыр салмақ.

Темірдің екі беті бірдей ыстық,
Жан енді қиын жағын таңдай алмақ,

Жалғанда ажал деген жақын дұшпан,
Дос қылып жан мен тәнді Құдай қосқан.
Емес пе зор қорлық жанға дағы,
«Алла» деп дұшпанына басын қосқан?

Сөйлеспек болды сонда жан ажалға,
Жалмауыз жеті басты бір тажалға.
Ажалды сұм өмірден дос көрсеткен,
Құдайдың тағдырына амал бар ма?

«Ажалды көрсетпе» деп жалынамыз,
Жан мен тән айрылмасқа қам қыламыз.
«Жан көрген сол жексұрын, жалмауыз» деп,
Шақырып кейде адамды-ақ сағынамыз.

Ажалдың келер жолын тұрды тосып,
Қырандай қиялменен қырға ұшып.
Алды-арты у-шу болып күңіренген,
Мейірімсіз ажал келді қанды кешіп.

Ажалдың келбетіне жан шыдамас,
Көзі оттай, жүзі бұлттай, қап-қара тас.
Аузынан айдаһардай зәр шашқан
Мейірімсіз бір меңіреу қанға тоймас.

Айқасқан азуы да алты қарыс,
Аязға қатып қалған дене талыс.
Тістері бізден өткір шұбатылған,
Болаттай тырнақтары шыққан шалыс.

Ауру бірнеше түрлі әсерінен,
Суықтың еркінде жүр, болмай қалыс.
Әлемде неше түрлі пәле болса,
Құдайым ықтиярмен берген әр іс,

Алмадай албыраған жасты аямас,
Гауһары жарқыраған басты аямас.
Ай жүзді, алма мойын арулардан,
Жібектей үлбіреген шашты аямас.

Нәресте жас балапан шуылдаған,
Тырнаққа қатар-қатар тізіп салған.
Мейірбан ата-анасы «құлыным» деп,
Артынан шулап келді неше мың жан...

Жас ару тұрды балқып, асқан айдан,
Құлпырған гүлден сұлу, тәтті балдан.
Жұлдыздай аспандағы жетпейтін
Ажалдың аузында жүр қайран бағлан.

Шал-кемпірдің жалғызы сұрап алған,
Көлді айналып, бір жанын пида қылған.
Жайратып, жардан жығып, жалғызды алып,
Артында екі қу бас зарлап қалған.

Жан:

— Сырыңды жалғандағы түсіне алман,
Құмармын сөйлесуге сеніменен.
Әй, ажал, алды-артыңда сүйреткен жан,
Маңайың бұрқыраған қып-қызыл қан.
«Нәрестем, жалғызым» деп жан бақырған,
Соңында күңіренген жұрт, шуылдаған.
Арудың ақ сұңқардай ерін алып,
Ағып тұр, бетін жыртып, алқызыл қан.

Нәресте балапандай жаңа көрген,
Әлпештеп, алдына алып, құшып сүйген.
Түсірмей қолдан-қолға «құлыным» деп,
Бәйек боп ата-анасы анау жүрген.

Жас жігіт сұңқар еді жаңа ұшқан,
Шал-кемпір жалғызы еді көзін ашқан.
Қан ағып, екі көзден зарлап келед,
«Бізді ал!» — деп, жалғызы үшін жанын тосқан.

Жас ару жаңа шыққан гүл емес пе,
Дүниенің шамшырағы Күн емес пе?
Көргеннің көзі көріп, мейірі қанған,
Жалғанның хор қыздары сол емес пе?
Жеткізбей арманына неге айырдың,
Әр жерден-ақ сені іздеген бар емес пе?

Мен көрдім талай-талай адамдарды,
Зарлаған сен алғаннан көп жандарды.
Кей адам: «Мені ал!» — деп қақсап жатыр,
Шіркін-ау, неге алмайсың шақырғанды?

«Алма» деп жалынғанға сондай өшсің,
Тоймаған қарыныңды Құдай тессін.
Зарлатпай, тоқтасайшы, мейірім қылып.
Алсаң да шақырғанды аш болмассың.

Тырысып бір шал жатыр анау үйде,
Бит-бүрге тамақ қылған жатқан жерде.
Ерте, кеш «ажал бер де, мені ал» дейді,
Келін, бала-шаға «соны ал» дейді.
Соны алсаң, көп сауапқа қалар ма едің,
Бейшара өмірінен соққы жейді.

Айырылған бір жігіт бар сүйген жардан,
Сұрайды күнде ажал бір Құдайдан.
Бар әйел жай жұлдыздай жымыңдаса,
Сүйгенін артық көретін туған Айдан.

Оны алсаң, тыныш көрде жатпас па еді,
Бір-ақ күн ажал дәмін татпас па еді.
Түңіліп күнде жеген қайғы-зардан,
Бейшара батқан күндей батпас па еді?

Мен көрдім бір жас сұлу нұры күндей,
Ері үшін қасіретте дамыл көрмей,
Сарғайып нұрлы жүзі күлге айналып,
Өмірге қол сілтейді көңіл бермей.

Ол зар илеп, күні-түні «ерім» дейді,
Жарына жалғыз жанды теңгермейді.
Ашық жұп көрден тұрақ алуына,
Шақырып, «ал мені» деп сені іздейді.

Айрылған жалғызынан кемпір мен шал,
Айрылған ақылынан бейшаралар.
Көргені күнде азап, өмір емес,
Күн-түні «жалғызым» деп жылайды зар.

Ажалға бейшаралар құмар еді,
Оны алсаң, тіпті жақсы болар еді.
Ол құтылып дүниеден, қуанысып,
Жай тауып бір-бірінен тынар еді.

Табылмас қайрат біткен кемеңгерлер...
Сыртынан сау адам боп көрінсе де,
Қайғы-шер ішін кеулеп кеміргендер.

Шыдамай дүниенің ызасына,
Тұрмыстың неше алуан назасына,
Туысы туыстығын ұмытқан соң,
Қансырап, қан азайған жарасына.

Өмірде қатты-тәтті бәрін көріп,
Жалпы жұрт алыс-жақын, бәрін көріп,
Уланған сорлы жүрек тыныш таппай,
Тұрлаусыз тірлігінен жүрген жеріп.

Ажалды сондай ерлер сағынады,
Шыдамнан асып жүрек жарылады.
Тағдырдың мазағына төзім қылмай,
Сол үшін, ажал, сені шақырады.

Алсаң да шақырғанды қоймайсың ба?
Шіркін-ау, зарлатуың тыймайсың ба?
Қашқанды қаршығадай қағып түсіп,
Тосқанға жолға тұрса, бармайсың ба?

Ажал:

— Мен, ажал, еріктімін бұл жалғанда,
Еш адам қорықпайды ол жалғанда.
«Ал» дегенге қанағат еткен болсам,
Болады о дүниеде кім арманда?

Ардақтыны алғаным қызық маған,
Өлімнің мәні бар ма шулатпаған?
Мен алсам құтыла алмай отырғанды,
Боламын дүние зарын тарттырмаған.

Шал-кемпір сасып, бықсып жата тұрсын,
Ғашықтар қасірет зарын тарта тұрсын.

Тұрмыстан соққы жеген ерлеріңнің,
Күн сайын қайғы-шері арта тұрсын.

Жек көретін адамның мен дұшпаны
Жанды тәні қия ма, тәні жанды?!
Ышқынып ашу кернеп, шыдай алмай,
Қызық қой, «мені ал» деп шақырғаны.

Бастан талай кешіріп бақ пен сорын,
Күшті көріп өлімнен өмір жүтін.
Сауап сізге сасымасын не тұрса да,
Соқыр көрер бір есеп күні-түнін.

Өмірдің алдын-артын ойға жисақ,
Өзіңмен егіз туған сор менен бақ.
Басың жүр сор мен бақтың арасында,
Екеуін кезек қойып, қылар мазақ.

Бұл мазақтан құтылар қандай адам,
Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам.
Құбылмалы тағдырдың сүйреуімен,
Кейде жақсы қылады, кейде жаман.

Қайтсең де ол жан өлер, бұл жан өтер,
Жақсылық-жаманшылық келер, кетер.
Өзгенің бәрі алдаушы, бәрі бекер.

Шырылдап туған бала анасынан,
Адамның зарлап түскен баласынан.
Тірлік, өлім айтысқан таласынан.
Тіленіп дүниеге келгіміз жоқ,
Және өстіп еркімізбен жүргеміз жоқ.

Зарлап тудың, зарлатпай тағы қоймас,
Бүгінгі аман, үнемі аман тұрмас.
Жерден шықтың, жерде өстің, жерге кірдің,
Жөнелтті қандай сыймен дүние жолдас?

Мал-жаныңнан берген сый сол болады,
Екі қары орайтын бөз болады.
Арамнан арба, күнәдан қодық мініп,
Ыстық үйге жүретін жол болады.

Келдің-кеттің, елеген жалған бар ма?
Қайдан шықтық, барамыз енді қайда?
Алдыңда жол, зор майдан екі талай,
Қандай жолда боламыз, қандай жайда?

Ең зор сауал осы ғой ойлағанға,
Дауа жоқ дүниеде тоймағанға.
Қуат қолда барында құл болып қал,
Өлмесе, дауам болмақ шыбын жанға.

Жалғыз ғана пана бар — Алла тағала,
Қайрылма жалған айдап шақырғанға.
Ақ жолынан айрылмай, әрмен өтсең,
Содан басқа еретін олжаң бар ма?

Құр «Құдай» деп қақсаумен іс бітпейді,
«Күллі істі, әділдікті түзет!» — дейді.
«Тигізбей кесіріңді ешбір жанға,
Тән мен мал құлшылығын күзет», — дейді,

Сұмданба, сұқтанба да, өтірік айтпа,
Көпке жақ түзулікпен, арың сақта.
Көп разы болғанға Құдай разы,
Құдай сүйген нашарды сен де жақта.

Иең разы айтқанда құлы — көнсең,
Кімге кінә қоямыз қисық жүрсең?
Алыс жолға армансыз азық жинап,
Құдайдың тілін алып, жолында өлсең.

Төрт түлік мал туралы айтыс

Түйеші:

Қара жердің қайығы
Түйе — қазақ байлығы.
Кіре тартса кіріс көп,
Қай жерде оның айыбы?
Шыдамды әрі төзімді
Ыстық пенен суыққа.
Жалықпай жүк көтерер
Алысқа да, жуыққа.

Жылқышы:

Жылқы жақсы, білсеңдер,
Ер серігі — мінсеңдер.
Талай ауыр жүк сүйрер,
Мойнына қамыт ілсеңдер,
Қалаған жерге апарар,
Жылқы жүйрік, желгір ат.
Қастерлі сусын қымызы,
Қай мал бұдан аса алар?..

Сиыршы:

Жылқы құнды, ол — рас,
Сиырдан бірақ аса алмас.
Сүті бұлақ, еті көп,
Мол қазына таусылмас.
Асырасаң, құтты мал,
Әрі төлшіл, өсімтал.
Бағымға сондай қолайлы,
Кәне, сонан асып ал.

Қойшы:

Екінші тың — біздің қой,
Қойда байлық, қойда той.
Қойдан асам дегенің —
Бекер әуре, құрғақ ой.
Терісін илеп, киесің,
Жүнін жібек білесің.
Қойдың мақтан етемін
Байлыққа қосқан үлесін.

Ақын:

Таласпаңдар, жараңдар,
Сөздеріңнің орны бар.
Елімізде бағалы —
Өрістегі қалың мал.
Кемесіндей даланың,
Өсірейік түйені.
Жылқышы да бұл жерде
Тауып айтты жүйені.
Сиыр қымбат, даусыз ол,
Сарымай, ақ сүт, міне, сол.
Сөзі дұрыс қойшының,
Жарысқа түс, соғып қол.

Тай мен жігіт

Жігіт:

Мен өзім үйден шығып, жаңа келдім,
Алдымда өліп жатқан тайды көрдім.
— Ей, тайым, үстің бүтін, қарының тоқ,
Төбеңнен Құдай ұрып, неден өлдің?!

Тай:

Ауылы сіз байғұстың алыс па еді,
Аяғы біз байғұстың шалыс па еді?
Бүгін түгіл, кешегі өлген тайыңды,
Өткен күні бір көруге намыс па еді?

Жігіт:

Ей, тайым, былшылдамай, отыр әрмен,
Сабырыңды терісімен сыдырармын.
Сен өлсең де мен, сірә, қам шекпеймін,
Қоң етіңді майға қосып қуырармын.

Тай:

Ей, аға, сыдырарсың, сыдырарсың,
Қоң етіме май қосып, қуырарсың.
Үйінде тайың түгіл, тайыншаң жоқ,
Болғанда қара қасқа тай сыпырарсың.

Жігіт:

Ей, тайым, былшылдама, күйретермін,
Сыпырып теріңменен сүйретермін.
Сен өлсең де енді мен қам жемеймін,
Үйіріңнен бір тай әкеп үйретермін.

Тай:

Ей, аға, осы өлімге басың кетер,
Сорыңа ұстарамен шашың кетер.
Екі сөзің бірінде «жеймін» дейсің,
Жегенде малың түгіл, басың кетер.

Сонымен, тай жеңеді.

Жас бұзау мен қатын

Бұзау:

— Жатырмыз бұзау сорлы құр байланып,
Жіберсең, кетер едік көлді айналып.
Қолыңа ұршық алып, қыдырғанша,
Малыңа қарасайшы бір ойланып.

Қарасақ, өзге қатын қандай малсақ,
Далаға бұзаулармен біз де барсақ.
Көйлегің материалдан болар еді,
Қотыр болып, қыстың күні өліп қалсақ.

Кетеді ием байғұс кіре тартып,
Әкелер қайтуында отын артып.
Өсекті үйден-үйге құйылыстырып,
Ішесің қағаз шайды үйде жатып.

Ол өгізбен арбаны тартатұғын,
Көп жүкті шықырлатып артатұғын.
Апарғаны базарға пұл болып,
Иеміз аман-есен қайтатұғын.

Жеңеше, бұл айтқаным сізге пайда,
Көп құн бар емес пе сары майда?
Мал қылып бізді күтіп алмасаңыз,
Далада текке жатқан ақша қайда?

Бұл жерде бұзау мұны айтып салды,
Сұм қатын жан-жағына қарап алды.
«Жау шыққан айналамнан осы екен!» — деп,
Бұзауды қақ тұмсықтан салып қалды.

Бұл жерде бұзау жатыр ыңыранып,
Асығып қатын жатыр шамын жағып.
«Қатын-ау, бармысың?» — деп байы ұрсып,
Үйінен қатын шықты ойбай салып.

Қатын:

Ал сонда қатын тұрып сөз сөйлеген,
Өзінің білгенінше жөн сөйлеген.
«Даладан келді дағы жатып алды,
Балалар ұрған шығар», — деп сөйлеген.

Сүт қайда, қатық қайда, қаймақ қайда,
Суалып қара сиыр кетті жайға.
Жігіттер, «қатын алсаң, осындай ал,
Жігітке мұндай қатын табылмайды».

Сонымен, сорлы бұзау өліп қалды,
Күндері кемпір-шалдың солып қалды.
Жігіттер, «қатын алсаң, осындай ал»,
Жазылған хикая сөз болып қалды.

Жылан мен адамның айтысы

Жақсылар бұрынғы өткен ақыл еді,
Айтқаны ақылды ердің мақал еді.
Жақсылық жамандыққа қылған істен
Хикая мына бір сөз нақыл еді.

Бір жылан бір күндерде өртте қалған,
Шыңғырып, күйіп-пісіп, өртке жанған.
Бір мұсылман жолықты, оны көріп,
Шығарып, атдорбаға салып алған.

Құтылып өрттен аман жылан шықты,
Себеппен ажалына мұнан шықты.
Шыққан соң өрттен, енді «түскін» десе,
Бірталай «түспеймін» деп азар қыпты.

— Саған мен жаным ашып қайрылғанмын,
Өткен соң құлағыма зар қылғаның.
Шығарып өрттен аман алып едім,
Сен маған бұл айтқан не қылғаның?

Сыртына тоңын алды зәрін шашып,
Екі басы екі жақтан аузын ашып.
Нәрсеге заты арам жақсы іс қылып,
Құтылмастай заман болды онан қашып.

Жүруге адам пақыр әзірленді,
Ол жылан жіберместей көрінеді.
Екеуі сөйтіп тұрған уағында,
Бұларға бір түлкі кеп жолығады.

Сонда ағам жыланға айтты:

— Көңіліңді сен аудардың алалыққа,
Құр жүрмей, өстіп едім балалықта.
Жақсылыққа жамандық болады да,
Түлкіге біз сынатып қалалық та.

Жылан айтты:

— Бұл сізге айтқан нақыл еді,
Түлкіңіз анау тұрған жақын еді.
Қыр жерде бізге қылған қорлығың бар,
Сынатсақ, сынаталық, мақұл, енді.

Бұлар жүріп түлкіге келді дейді,
Бұлардан түлкі қашық тұрды дейді.
«Осындай арызым бар», — деп айтты,
Сол жерде түлкі сұрап білді дейді.

Ағам:

— Аяңдап үлкен жолмен келдім, — дейді, —
Жыланды өртте жанған көрдім, — дейді. —
Шығарып өрттен аман алдым, — дейді, —
Ішіне атдорбамның салдым, — дейді. —
Шыққан соң өрттен аман алып жылан,
Пәлеге кіріптар боп қалдым, — дейді.

Жылан:

— Сен, түлкі, күлме, сөзге нан, — деп айтты, —
Сөзіме құлағыңды сал, — деп айтты. —
Қыр жерде адамзаттың бізге қылған,
Білесіз дұшпандығы бар, — деп айтты.

Түлкі:

— Тіліңді, жылан, жүрген алмайынша,
Тұрамын қастарыңа бармайынша.
Сөзіңнің, адам, сенің бәрі өтірік,
Дорбаңа қайтіп сыйды дардайынша?!

Қонады құзғын қарға биік талға,
Адамның бір мезетке көңлін аула.
Дорбасына сен тағы қайта түсіп,
Адамның шақпа деген тілін алма!

Дорбаға түсіп, жылан толғаныпты,
Жігіттер, жанға берме қолдағы істі.
Дорбаға жылан сыйып болғаннан соң,
Түлкі тұрып адамға көзін қысты.

Түлкінің ишаратын ұқты дейді,
Дорбаның аузын бекем тұтты дейді.
Тепкілеп ол дорбаның аузын қысып,
Жыланды жерге жаншып сықты дейді.
Достыққа қастық қылған жылан залым,
Қиналып, шыбын жаны шықты дейді.

Алашқа адам едім болған мәлім,
Сөйлеуге бұдан артық келмейді әлім.
Қыр жерде достық қылсаң, қас көреді,
Жыланның мысалындай болса залым.
Тегі дұшпан адамға достық қылма.
Жарандар, міне, сөздің білсең мәнін.

Бұлбұл мен қаршыға

Япырмай, кессем бе екен мен тілімді,
Үйрендім қайдан өнер, көп білімді?
Айтайын бұлбұл менен қаршығаны,
Тыңдаңдар, құлақ салып бұл сөзімді.

Жатпадым су түбінде сәдеп¹ болып,
Бір күні шықпас па едім дүрге толып.
Байғыздай тас жастанып, тауда жатпай,
Секілді болдым қарға ұшып-қонып.

Боп жүрмін өнерімді тауысқандай,
Мерт болдым Айға шапқан арыстандай.
Сұңқардай биік шыңды мекен етпей,
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай.

Сөйлеуден тыйылмай жүр қызыл тілім,
Өттің бе айқайлаумен, қайран күнім?
«Түлкінің қызылдығы өзіне сор»,
Сондай-ақ болды маған өлең-жырым.

¹ Сәдеп — теңіз түбінен алынатын асыл тастардың бір түрі.

Сыртым от, ішім жалын, қайнағаным,
Бұйырған жұтқан, күмән шайнағаным.
Жаныма тыныштық жоқ, өзіме қас,
Бұлбұлдай әрбір түнде сайрағаным.

Сайрауға дәрменім жоқ, жүрмін қажып,
Ұзын түн ұйқы көрмей жүрмін азып.
«Фа-асғир хафтаһу¹» деп айтқан хадис,
Мен жүрмін құтыла алмай, тілден жазып.

Айналдым бұлт болып биік тауға,
Іліндім шортан болып жібек ауға.
Сөзі жоқ көп кісілер тыныш отыр ғой,
Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға.

Ақылды аузын жауып, тілін ашқан,
Бұл күнде ақыл, білім бізден қашқан.
Жеріне ақымақтықтан сыйғыза алмайды,
Алтынды пұлын білмей жерге шашқан.

Жатқанмен алтын жерде кір болмайды,
Жай тас пен дүрдің құны бір болмайды.
Жаңбыры Әб-рахматтың жауғанменен,
Сәдепке төгілмесе, дүр болмайды.

Жаңбыры Әб-рахматтың нұр болады,
Жауғанмен басқа жайға қор болады,
Жыланға — у, араға — бал, тасқа — қына,
Жауғаны тақыр жерге сор болады.

Тікенге кетсе тамып, гүл болады,
Көзсізге көз, тілсізге тіл болады.
Жауғанмен тау мен тасқа пайдасы жоқ,
Сай-сайдан ағып, дария сел болады.

Ғаламға Әб-рахмат суын шашар,
«Үстім су болады», — деп адам қашар.
«Бір тамшы сонан маған тама ма?» — деп,
Теңізде сәдеп жатып, аузын ашар.

Бұлттай жауатынның менің өзім,
Азырақ сөйлейтұғын келді кезім.

¹ Фа-асғир хафтаһу /а/ — көп сөзінді азайт.

Жаңбырдың Әб-рахмат тамшысындай,
Әр жерде тастай қылып айтқан сөзім.

Бораған қардай болып бұрқырадым,
Жалғаннан суып кеулім, тоқырадым.
Бойыма алтынымды сақтай алмай,
Бітпей жүр мұныменен неш мұратым.

Қолында сырнайшының жез болыпты,
Білгенге жақсы-жаман сөз болыпты.
Гүл іздеп Гүлістанда жүрген бұлбұл,
Бір күні қаршығаға кез болыпты.

Сұрапты қаршығадан сонда бұлбұл:
— Жалғанда ынтызарым бір қызыл гүл.
Қаршыға-ау, сен де құссың, мен де құспын,
Ақылың бірақ сенің емес қой мол.

Бегленнің оң қолында тұрағыңыз,
Ерттеулі күнде жүйрік пырағыңыз.
Кекіліктің миы менен жүрегін жеп,
Табылған әрбір құстан мұратыңыз.

Жақсысын қымбат баға тағып қолға,
Шығасыз ұлықтармен жүріп жолға.
Жазым боп, жазатайым түссең торға,
Түсірмей алып кетер қолдан-қолға.

Өткіздім әрбір түнді сайрауменен,
Басымды тікенекке байлауменен.
Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын,
Өміріме зығырланам қайнауменен.

Қызыл гүл мен ұйықтамай ашылмайды,
Көзімше аузы ашылып, шашылмайды.
Оянсаң ұйықтап кетіп, ашылады,
Қасіретім бір көре алмай, басылмайды.

Зарлаймын ұзақты түн «көремін» деп,
Көре алмай ашылғанын, қасіретім көп.
Өмірімде бір ашылған уақытын көрмей,
Барамын бұл жалғаннан уайым жеп.

Қаршыға:

Қаршыға келді сонда жақындасып,
Бұлбұлмен сөйлесуге жауаптасып:
— Бұлбұл, сендей ақымақ құс көргенім жоқ,
Бір гүлге пайдасы жоқ болған ашық.

Сайрайсың ұзақты түн ауыз жаппай,
Қонасың көлеңкелі бір бұтаққа-ай.
Жетпестен бір мұратқа мың сөйлейсің,
Сол үшін қалып тұрсың да мұрат таппай.

Аузыңды, ақылың болса, жабар едің,
Үндемей, сабыр қылып бағар едің.
Тілі жоқ мен сияқты мылқау болсаң,
Бір күнде мың меруерт табар едің.

Боласың сен ақылды менен қайтіп,
Зарықтың бір гүл үшін жапа тартып.
Бұл күнде менің мұратым асыл боп жүр,
Адамға үндемеймін бірін айтып.

Бұлбұл айтты:

— Қаршыға-ау, сен бір ерсің,
Мұратын әр пенденің Тәңірім берсін.
Табарым мылқау болып мұрат болса,
Бітпеген асыл мұрат кете берсін.

Бермейді саған етті қаныменен,
Бір құстың тояттайсың саныменен.
Ертеден кешке дейін ашықтырар,
Алсын деп ұшқан құсты жаныменен.

Бір ұрттам қан ішесің, бір құс алсаң,
Сен — ақымақ, тамақ үшін болған сарсаң.
Арбакеш сарттарға да қор болғанша,
Тоғайда жақсы емес пе өліп қалсаң.

Жаратқан бір Тәңірге жетер датым,
Зарланған ұзын түнде мінәжатым.
Бітпеген асыл мұрат кетсе, барсын,
Адамға дастан болған бұлбұл атым.

Мұратым бітпесе де, көңілім тоқ,
Қаршыға, сендей қаңғып жемеймін боқ.
«Шіркіннің қаршығадай сайрауын-ай», —
Деп айтқан бір адамды есіткем жоқ.

Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол,
Табылар іздегені бір қызыл гүл.
Әр жерде тамақ үшін торға түскен,
Тіл алсаң, бола көрме қаршыға сол.

Жастық пен кәрілік

Жастыққа қарай кәрілік сапар шекті,
Ойы боп қуып оны, алу кекті.
Жол көрген, жосық көрген кәрі немен
Жастықтың ордасына жетіп кепті.
Ойында зат жоқ, жастық жатыр еді,
Көрді де кәрілікті шошып кетті.
Шошынып, ұясынан шығып көзі,
Елеуреп қорыққандай болып өзі,
Сескеніп кәріліктің сипатынан,
Жастықтың сонда мынау айтқан сөзі:

Жастық:

Мынау кім, құп-қу болып, ұрты солған,
Ажырап өң-шырайдан түсі оңған?
Көрмеген тұмысымда бір жан екен,
Бұл құрғыр қайдан келіп пайда болған?

Кәрілік:

Қасқа кәрің дегенің — мен боламын,
Не қылып басқа жаннан кем боламын?
Болса да сиқым төмен, осал емен,
Адамды меңіретуге ем боламын.

Жастық:

Ежелден осылай ма көрік-сиқың?
Жағымсыз екен елге мінез-құлқың.
Адамда ақың бардай, «міндетім» деп,
Апырай, бұзық екен іш пен сыртың.

Кәрілік:

Жасымда сен сияқты көрікті едім,
Енуге ер қойнына ерікті едім.
Боларсың сен де мендей әлі-ақ бір күн,
Тасығанын талай жастың көріп едім.
Табиғат заңы, ақымақ, әлемге ортақ,
Әйтпесе, мен зиянға жеріп пе едім.

Жастық:

Мен сендей болсам, түбі, өлгенім ғой,
Аз уақыт жана түсіп, сөнгенім ғой.
Жаһанға, олай болса, келмес едім,
Ай, кәрілік, бүйтеріңді білмедім ғой.

Кәрілік:

Абайла, мені мазақ етпе, шырақ,
Сағынып келіп тұрмын, сөкпе, шырақ.
Көр дағы алдыңғыны, құйрықты қыс,
Солардан алып ғибрат ет те, шырақ.
Заңы айдап табиғаттың келіп тұрмын,
Саудасы жоқ сенде, менде текке, шырақ.
Біраздай сен де мұнда мекендедің,
Бабаңа орын босат, кет те, шырақ.

Жастық:

Қапыда көрмес қартсың келіп қалған,
«Босат деп жылы орынды» мазамды алған.
Қашаннан қара жүрек кәрілік едің,
Құр алдап, «сағындым» деп айтпа жалған.

Кәрілік:

Шамасы, нанбайсың ғой сағынсам да,
Аламын бұл орынды не қылсам да.
Жастығым, кетеріңнің келді кезі,
Жайым жоқ енді тыңдар жалынсаң да.

Жастық:

Өзіңдей етесің ғой жолдасыңды,
Білгемін ерте бастан оңбасыңды.
Заңына табиғаттың амалым жоқ,
Әйтпесе мүжір едім қу басыңды.

Деді де қайран жастық тұра қашты,
Зымырап бір лезден белес асты.
Тұр екен жолын тосып бір қалқатай,
«Кәнекей, қош келдің!» — деп қойнын ашты.
Жастықтың босап қалған мекеніне,
Ұялмай еніп алды қарт албасты.

Енді де, салды бүлік мекеніне,
Таппадым іздеп шара кетеріне.
Әуелі әрі-бері тіресіп ек,
Ермесек болмайды енді жетегіне.

Бүтіндей алды орынды мекенденіп,
Табиғат барады оған икемделіп.
Болмастай қарсылыққа тұрды көріп,
Алдына тосып алып, бүкеңдедік.

Өкіну керек емес өткен жасқа,
Амандық, шалт ұғымды бергей басқа.
Кәрілікті мойындауға сіздерге ерте,
Елу бес есептелер орта жасқа.

Ақ ниет сізге деген шалқысын да,
Әр кісінің аман етсін қалқасын да.
Өмірдің гүлденіп, өркендеуі,
Шат тұрмыс, денсаулықтың арқасында.

Ашу мен ақылдың айтысы

Ақыл:

Жалмауыз әбжыландай ашу жаһіл,
Сақылдап иек пен тісің бара жатыр.
Ойпырмай, түрің жаман, түк қоймассың,
Айтып кет аты-жөніңді, менмін ақыл.

Ашу:

Айбатпен бара жатырмын жұбайыма,
Тілдесе, азарына шыдайын ба?
Қалмады аузы-басым былғанбаған,
Өлтіріп оны бірден тынайын да.

Ақыл:

Бармаңыз, тілімді алсаң, екеуіне,
Одан да менің жүрсей жетегімде.
Қайт енді пиғылыңнан, қақшаңдама,
Көпіріп өз бетіңмен кете берме!

Ашу:

Өлтіріп екеуін де, досқа барам,
Алдыңда жүз грамды тастап алам.
Дүниеде опасыз дос керек емес,
Өлтіріп досымды да, жастап алам.

Ақыл:

Ақылға арашашы тоқтамады,
Алдыңда жүз грамды ұрттап алды.
Қасқырдай қапа жүрек, ашу — қақпас,
Кінәсіз жанын қиды үш адамның.

Ашудың, міне, осындай кесірлері,
Әдетті тастаңыздар есірмелі.
Досынан, жұбайынан, баласынан,
Айрылып неге соқты-ау шешімдері?

Қойшы мен қасқыр

— Әй, қасқыр, бала ғой деп келдің маған,
Бір қойды келгеннен соң бердім саған.
Дәндеп ап, күнде маған келе берме,
Қойым жоқ беретұғын енді саған.

— Сен сыйлап берген жоқсың маған мұны,
Кім үйретті, апырмау, саған мұны?
Қанша сақ боп жүрсең де, алып жермін,
Бұлыңғыр тұман-сұман бұған күні.

— Ұрлап алса, мал көп қой ұрыларға,
Қой жемеген барсайшы қораларға.
Тұман күні жеймін деп күш етесің,
Жүрмегін қара таппай ұрынарға.

— Әрине, мал табылар ұрыларға,
Сен айтты деп барам ба қораларға?

Қасқыр атым әгарда құрымаса,
Мойныңды келтірмеспін бұрыларға.

— Қарайсың маған көзің оттай жайнап,
Жүр едің осы жерде жаздай жайлап.
Қай уақта зорлық көпке созылады,
Атылып қалып жүрме сорың қайнап.

— Әрине, менің көзім тұрған жайнап,
Ап жермін қойсаң дағы үйге байлап.
Көрермін өнеріңді мен де байқап,
Кетпесең бір жаққа ауып, қойыңды айдап.

— Ер болсаң, енді маған келіп қара,
Ойлайсың «кішкене деп мені бала».
Анау жақта екі шал қой жайып жүр,
Оған неге бармайсың жүзіқара?

— Әй, бала, мылтығыңнан қорқамын ба,
Бір жаққа сен айтты деп жортамын ба?
Ол шалдар белгілі шал — өзім білем,
Өзімнің керек қылсам ортағымда¹.

— Мылтығымнан келе қой қорықпасаң,
Қоймассың бетің қайтып, қорықпасаң.
Әншейін, мылтық жоқ деп ойлап тұрсың,
Арманда кетіп жүрме, өліп қалсаң.

— Кететін ем, сен күшті айтпасаң,
Не қыласың қорқып, қайтпасам?
Әр жерден жылмаң етіп бір көрініп,
Не қылар ең қойыңды жайылтпасам?

— Қорықпасаң келе ғой мылтығымнан,
Дәлдеп атып жығайын қолтығыңнан.
Қойын жеп мылтығы бар бір қойшының,
Дәндеген екенсің сен былтырғыңнан.

— Әй, балам, кім қорқады бытырадан,
Атқаныңда жан-жаққа бытыраған.
Жалғыз оқ емес еді, мен де білем,
Сол мылтық болса егер былтыр алған.

¹ Ортақ — жолдас, дос.

— Әрине, мылтығым сол былтыр алғам,
Өтірік айтпайын мен де саған.
Дәріні мөлшерінен артық салсам,
Жалтыр оқтай болмай ма о да саған.

— Ал, бала, сенен енді жасырмаймын,
Сен түгіл, үлкендерге бас ұрмаймын.
Сақ боп жүр қайратыңды бойға жинап,
Деп жүрмін «басымнан сөз асырмаймын».

— Ал, қасқыр, мен қайтамын ауылыма,
Қойымды топтап алып бауырыма.
Қиянаттан басқа алар менде ақың жоқ,
Тәуекел мінсең де алып сауырыма.

— Жүре бер қойыңды айдап, бала, — дейді,
Сақ боп жүр, бейғам болып қалма, — дейді.
Қасқырдың беталысын бала біліп,
Дайындап мылтық, оқты салады енді.

Аулына қойын айдап қайтты бала,
Екі ара адыры көп, емес дала.
«Ұрымтал осы арадан аламын» деп,
Жағалап қасқыр екең келді және.

Бір жерде шапты қойға бұғып жатып,
Жіберді бала байғұс дәлдеп атып.
«Мың асқанға бір тосқан» деген осы,
Оқ тиіп, қасқыр сонда қалды қатып.

Қасқырды бала келіп, арқалады,
Оқ тиіп, аузы-басын талқандады.
Бір шүге артық зорлық жарамайды,
Ажал кеп сонда қасқыр шалқалады.

Түбінде қиянаттың пайдасы жоқ,
Басқа пайда келтірмес айласы жоқ.
Тәубасы тәкаппардың қабыл болмас,
Құр жерге егін шықпас айдасы жоқ.

Сиыр мен молда

Молда:

Қырманға келе бердің, қасқа сиыр,
Далада жайылып жүр басқа сиыр.
Жоныңды тұрған жерде тілейін бе,
Басынып, ұрмаған соң, болдың үйір.

Сиыр:

Қырманға келіп тұрмын қасқа сиыр,
Далада жайылып жүр басқа сиыр.
Несіне итаршы боп қорып тұрсың,
Сабаныңда тары жоқ жалғыз түйір.

Молда:

Қарашы бұның айтып тұрғанына,
Өзінің көз салмайды қылғанына.
Сабанға түйірі жоқ телміргенше,
Барсайшы егіншінің қырманына.

Сиыр:

Жай сөйлеп, қарайын мен ауаныңа,
Талас жоқ дұрыс айтсаң жауабыңа.
Әншейінде «сауап» деп қақсаушы едің,
Бұл жерде не боп қалды сауабыңа?

Молда:

Қарашы, хайуанның әңгімесін,
Бұл сөзді тоқтаталық, өте берсін,
Бір қадақ жарты ширек ал сабаннан,
Бересің ақиретте артық жесең.

Сиыр:

Көп екен көргенімнен көрмегенім,
Қиынға қандай тауып сермегенім.
Бір қадақ жарты ширек берер болсаң,
Одан да жақсы емес пе бермегенің.

Қой мен шопан

Қой:

Шопан, мені бақпадың, арық болдым,
Аяғым ақсап, жүре алмай, сарып болдым.
«Аяғыңнан жайыл», — деп, айдап салдың,
Ыссыда үйіңде жатып, деміңді алдың,
Әлі үйде жата бер, ұялмасаң,
Саған менің обалым, жүре алмасам.

Шопан:

Қалай-қалай сөйлейсің, ей, арық қой?
Естімейін былшылды, сөзіңді қой.

Қой:

Қылышын сүйреп қыс келеді,
Қорасыз қалай қоясың?
Уәдең жоқ шопансың,
Семірсем, мені соясың.
Жүнімді жұлып аласың,
Үйіңе апарып, жабасың.
Мені бақпай үйіңде,
Қалай ақша ап, жатасың?!

Нәсира мен Шолым

Шолым:

— Ассалаумағалайкум, жатқан қабір,
Артыңнан келіп тұрмын, етпей сабыр.
Қарадым келе ме деп бойлап-бойлап,
Шер тарттым күндіз-түні сені ойлап.

Нәсира:

— Келгенде жиырма төртке түстім қабір,
Осылай бір Алладан болып әмір.
Өлгенмен шын ниет өзгермейді,
Бейіште қосылармыз етсең сабыр.

Шолым:

— Жел сөз көңіл делбейді олай-бұлай,
Жазып ем түрлі бәйіт саған талай.
Жайыңды білейін деп келіп едім,
Нәсира, айтшы маған жайың қалай?

Нәсира:

— Жайымды сұрасаңшы жеке-жеке,
Қажет екен тәубе қыл, барып Мекке.
Сағынып маған арнап келген болсаң,
Айтайын хал-жайымды Би-аға-еке.

Шолым:

— Бой түзеп бұл жерде де жүрдіңіз бе,
Ғазабын қабірінің көрдіңіз бе?
Екі йар мүләйімі келгенінде,
Жауабын сұрағына бердіңіз бе?

Нәсира:

— Бой түзеп, шаш тарап, өргенім жоқ,
Ғазабын қабірінің көргенім жоқ.
Екі йар мүләйіммен келгенінде,
Жауапта еш қиындық көргенім жоқ.

Шолым:

— Ашылғай қияметте сенің бағың,
Бір Алла тарапынан сынбай сағың.
Қайырлы мекеніңіз болған екен,
Айтшы көргеніңді тағын-тағын.

Нәсира:

— Ғыламдар жұмақтағы жарасып тұр,
Мұхаммед үмметіне қарасып тұр.
Жұмақта үйленуге үміт етіп,
Біздерге хор жігіттері таласып тұр.

Шолым:

— Төсеніп топырақты жаттыңыз ба?
Жалғыздың қиындығын тарттыңыз ба?
Таласқан хор жігітке аламыз деп,
Бір нәрсе оған қарсы айттыңыз ба?

Нәсира:

— Тіл қаттым меһірбансып, шошынар деп,
Сүйгенге сүйікті құл қосылар деп.
«Таласпа күнілгері, — дедім жігітке, —
Фәниде уағда еткен досым бар», — деп.

Басқа сөз бұдан былай айтылмады,
Арттырып өзге жауап қайтармады.
«Таласпа күнілгері» дегеннен соң,
Ұялып жарықтықтар тайсалдады.

Шолым:

— Болды уақыт енді ауылға қайтарым-ай,
Сөйлесіп, хал-жайыңды байқадым-ай!
Бірқатар іштің шерін тарқаттық қой,
Сәлемің бар ма елге айтарың-ай?!

Нәсира:

— Азырақ кідірсеңіз беріп мәулет,
Құдайым пәндесіне берсін дәулет.
Тілеймін бір Алладан әрдайым:
«Болғай, — деп, — Тәслимажан сау-саламат».

Шолым:

— Кідірдім сіздің үшін беріп мәулет,
Бір Алла пәндесіне берсін сәулет.
Тәслима сау-саламат өсіп келеді,
Артыңда қалған сенен жалғыз әулет.

Көңілің басылар да аспаларда,
Қасыңда Бақайың жоқ жасқанарға.
Сұрадың жалғыз ғана Тәслиманы,
Сәлемің жоқ па айтарлық басқаларға.

Нәсира:

— Сәлем айт қара Бақай тумаңызға,
Келе ме жаңа келін сұлбаңызға?
Басқаның қайсыбірін мен айтайын,
Сәлем айт шешей мен молдаңызға.

Асығып енді ауылға қайтасыз ба?
Еске алып өткен күннің айқасында.
Алғаны Бақайыңның қандай адам,
Азырақ мәні-жайын айтасыз ба?

Шолым:

— Алғаны Бақайымның Ұлғаным ғой,
«Мөрі» жүз сом мен сегіз сиыр болғаны ғой.

Менсінбей бір байдан қайтып келіп,
Үш жылдай отырғасын сынғаны ғой.

Нәсира:

— Қозғадың іштiң шерiн өлең айтып,
Көтерiп көңiлiмдi кеттiң байытып.
Менсiнбей байдан қайтып келген болса,
Би-аға-ау, Бақайыңа тұрар қайтып?

Шолым:

— Тұрмаса Бақайыма тең де бар ғой,
Кемiтсе Бақайымды, ел де бар ғой.
Жасымды үлкен ғой деп санамаса,
Сүйетiн сұлу әйел менде бар ғой.

Нәсира:

— Кiм едi келiнiңе теңдегенiң,
Бар ма едi мен бiлмейтiн ер дегенiң.
Сертiңнен пәнидегi танғаның ба,
Батты ғой ашық айтып «мен» дегенiң.

Сөзiмдi саған айтар ұялмаймын,
Ағылған көздiң жасын тия алмаймын.
«Мақшарда¹ қауышармын» деп уәде еткенмiн,
Басқаға сенi, достым, қия алмаймын.

Шолым:

— Өлеңмен сыр алысып ауысармыз,
Көп мұңның қайсыбiрiн тауысармыз.
Күдердi мен де сенен үзгенiм жоқ,
Жәннатта болса нәсiп қауышармыз.

Ақбала мен Боздақ

Боздақ пен Ақбала бiр-бiрiне ғашық болып қосылады. Екеуiнiң бұл жайына әкесi наразылық бiлдiрiп, «қызымды оған бермеймiн» деп жiгiттен айырып алып, көшiп кетедi. Қыздың ауылы алысқа көшiп кеткен соң, әкесi Боздақты Ақбаланың ауылына жiбередi. Қайнына келсе, сүйген қызы Ақбала қайтыс болыпты. Сонда бейiттiң басына барып, Боздақтың Ақбаламен айтысқан өлеңi.

¹ Мақшар — о дүниеде Жаратушы алдында жауап беретiн орын.

Боздақ:

Әуеде ызылдайды жасыл сона,
Қалыпты жайлауында жалғыз мола.
Жайлауың мен кеткенде тезек еді,
Болмасын, Ақбала қыз — маңғаз бала?!

Саламын қоржыныма тарымды ақтап,
Атымды қамшылаймын екі жақтап.
Жасырған алтын, күміс, тұл тақияң
Қалыпты айдалада бейіт сақтап.

Ақбала:

Жайлауы еліміздің құм болады,
Базарға қой айдаса пұл болады.
Қайғырып тұсыма кеп өлең айтқан,
Ей, жігіт, аты-жөнің кім болады?

Боздақ:

Арқаның қайыңына ат тоздап¹ келдім,
Ауылыңнан орның сипап, боздап келдім.
Бір бата кім де болса қылайын деп,
Жалғызы мен Бөртінің Боздақ келдім.

Ақбала:

Зергерлер өрнектейді ақ тананы,
Жақсылар өнеріне мақтанады.
Бөртінің жалғызы сен Боздақ болсаң,
Мен Қырғидың жалғызы Ақбаламын.

Боздақ:

Ақбала, сені жете танып тұрмын,
Лапылдап тал отындай жанып тұрмын.
Табысқан тар төсекте тату едік,
Есіме ізгілікпен алып тұрмын.

Ақбала:

Айтамын айт дегенін қызыл тілім,
Үй қылып қоныстадым қабір түбін.
Қызыл тіл күрмеледі сөз таба алмай,
Бейіттен мына тұрған шықпайды үнім.

¹ Тоз — қайыңның қабығы, тоздау — қабықпен қаптау.

Боздақ:

Не күйде, Ақбала қыз, қолаң шашың,
Көрінген жабылыңқы қиғаш қасың.
Ақбала, әлің келсе, көтер басың,
Тіріде еске түсті берген асың.

Ақбала:

Күн көрмей, қуаң тартты қолаң шашым,
Құм бүркеп, сыны кетті қиғаш қасым.
Бұл күнде қуатым жоқ — бір қара жер,
Теңерген ханышаға қайран басым!

Боздақ:

Баладай уылжып бір ақ етіңіз,
Бар еді еркелейтін әдетіңіз.
Болғанда астың көрден, үстің тастан,
Тас батып, ауырды ғой жақ етіңіз.

Ақбала:

Сарғайды саз төсекте ақ етіміз,
Еріксіз жойылды ерке әдетіміз.
Ынтық боп ақ жүзіме баяғыдай,
Таусылып келдіңіз бе тағатыңыз?

Боздақ:

Жаутаңдап, Ақбала қыз, екі көзің,
Аян-ды бір Құдайға айтқан сөзің.
Ақбала, әлің келсе көтер басың,
Арқалап апарайын үйіңе өзім.

Ақбала:

Ұялшақ баяғыдан екі көзім,
Сақтаулы қаперімде айтқан сөзім.
Басымды әлім жетпес көтеруге,
Талықсып, талмаурады бұлдыр сезім.

Боздақ:

Ақбала, қасыңа кеп тағзым құрдым,
Мен едім тірліктегі сенің құрбың.
Жетпейді қанша созсам саған қолым,
Тағдырдың ауыр екен салған жолы.

Ақбала:

Тірлікте бір жетсе де саған қолым,
Кес-кестеп өте алмадым ата жолын.
Көрімнен қолың салып бір тартпадың,
Есіркеп, Боздақ, қайдан келдің бүгін?

Боздақ:

Келіп ем әдейілеп үміт артып,
Кетіпсің Боздағыңды мың мұңайтып.
Жебей көр, Ақбала қыз, мені есіркеп,
Басыңа бата оқыдым өлең айтып.

Ақбала:

Басыма өлең айтып, келдің қақсап,
Шыдайды дәтің қайтып, мені тастап?
Біздерді жалғыз тастап кете берсең,
Тартарсың жол азабын атың ақсап.

Боздақ:

Бұлай деу алғысың ба, қарғысың ба?
Кетті ғой, Ақбала қыз, салым суға.
Боздақты шын мәнінде жебегейсің,
Сен мені итермеші қайғы сұмға.

Аймаңдай мен Бабас

Аймаңдай:

Жігіттер жиырма бесте аттай желді,
Бөгердей екпінімен аққан селді.
Далада жеке тұрған қу молаға,
Аймаңдай кең даланы ақтай келді.

Тартады етім салқын жел келгенде,
Үстіңе тебіренсейші ел келгенде.
Алаштан таңдап алған, асыл Бабас,
Жатырсың неғып шыдап мен келгенде?

Бабас:

Тартады етім салқын жел келгенде,
Өзіңді хан қызына теңгергем де.
Алаштан таңдап алған, қыз Аймаңдай,
Сау болсам, жатар ма едім сен келгенде?

Аймаңдай:

Барады көшіп аулым Алмалыға-ай,
Алланың кім көнбейді салғанына-ай?
Бір ауыз алғанымнан сөз сұраймын,
Артыңда жалғыз қалып зарладым-ай.

Бабас:

Ауылым биыл ауар қонысынан,
Атанар қыздар жаман долысынан.
Ажалым менің дағы бір Алладан,
Текенің болды жала ұрысынан.

Аймаңдай:

Мінгенім астымдағы керме едің-ай,
Шұбырған кекілінен терме едің-ай.
Бәйгеден келіп жүрген жығылғырың,
Дұшпанның сұсы жеңіп жүрмеді ғой!

Бабас:

Көрінер садақ сұлу оғыменен,
Қыс күні ат шаппайды тоғыменен.
Мен мініп шұбар атқа жөнелгенде,
Артымнан жетті дұшпан шоғыменен.

Аймаңдай:

Тізгінін шұбар аттың бұрсаң етті,
Сауырға жығылғырды ұрсаң етті.
Жеткенін қас дұшпанның білгеннен соң,
«Өзіңе бағындым», — деп тұрсаң етті.

Бабас:

Түйілген қуғыншыға сеңдей үдеп,
Қолымды көтеремін сермейін деп.
Дұшпанға келе жатқан қарсы шаптым,
Қорлығын тірі тұрып көрмейін деп.

Аймаңдай:

Тұтқа боп жүрмін алтын босағамда,
Тыңдаусыз айтқан сөзің есалаңға.
Алаштан таңдап алған, асыл Бабас,
Тимеймін тиме десең еш адамға.

Бабас:

Аймаңдай, енді сені ала алмаймын,
Мойныңа ақ білегім сала алмаймын.
Атаңның оң жағында қалдың жастан,
Тиме деп, обалыңа қала алмаймын.

Қарағай қамшы сайын салдан болса,
Шұбар ат тәуір еді мал да болса.
Кешегі қайның Қожас тірі кеткен,
Кем қылмас тең құрбыңнан әлде болса.

Аймаңдай:

Базардан мен де барып мата алармын,
Матаны алмай тегін, сата алармын.
Кешегі қайным Қожас келсе дағы,
«Жеңге алған жесір қатын» атанармын.

Бабас:


Талайды құшаққа алған сұм қара жер,
Маңғаздар жатыр екен мұнда нелер.
Кешегі қайның Қожас тірі кеткен,
Тілегін қатты тілеп отыра бер.

Аймаңдай:

А, Бабас, сөзімді айтқан қостаймысың,
Сөзімді елең қылмай тастаймысың?
Жамбасыңды жер ауыртып жатыр екен,
Берейін қызыл тоным, жастаймысың?

Бабас:

Аймаңдай, тая көрме сертіңізден,
Кетіпті ішің толып дертіңізден.
Ки дағы қызыл тоның, той тойлай бер,
Кетейін мен садаға ниетіңізден.



Қасқыр мен тоқтының айтысы.
Орталық ғылыми кітапхананың
сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (570-бума)



Суретші Г. Исмаилова

ҚЫЗ БЕН ЖІГІТ АЙТЫСЫ

Айтыс — топ алдында суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр бәйгесі, қазақ, қырғыз және қарақалпақ халықтарында ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр. Айтыс — өмірдегі әлеуметтік тартыстар мен адам қатынастарына негізделген желіге құрылып, кезектесе айтылатын қисынды, дәлелді, ұтқыр өлең. Оның төрешісі — тыңдаушылар, көпшілік қауым. Көптің, халықтың сынына түсу ақынның қаншалықты тапқыр, жүйрік екендігін айқындап, шынайы дарын иесінің шабытына қуат беріп, шеберлігін шыңдап, ширықтырып отырған. Қазақ өнерінде бірнеше айтыс мектептері қалыптасқан.

Қыз бен жігіт айтыстары өзінің табиғи бітімі арқылы әзіл-сықаққа бейім. Бұл жыр сайыстарының мазмұны көбіне жар іздеп, үй болу, отбасын құру талаптарымен ұштасып жатады. Кейде әзіл сөздің жүйесінен тосылу, тоқталу жағдайы да ұшырасады. Дегенмен, қалыпты сөз бәсекесі болғандықтан, дәстүрлі айтыстарда жеңілгенін өзіне мойындату басты қағида болып саналады.

Бұл санаттағы айтыстың алғашқы қайнар көзі — жар-жар мен бәгік. Қыз бен жігіт айтыстарының тағы бір түрі қайымдасу үлгісінде айтылады. Жар-жар өлеңдері секілді әр шумақтың алғашқы екі жолы өзгеріссіз қайталанып отырады және айтылар негізгі ой үшінші, төртінші тармақтардың үлесіне тиеді. Қыз бен жігіт айтыстарының алғашқы үлгілерінің өзінде сәлемдесіп, жөн сұрасудың, танысып-білісудің өзі сол айтыстың болашақ бағыт-бағдарын белгілеп отырады. Кейде қарсыластардың сыртқы көрінісі, мінез-құлқы, іс-әрекеттері мен қарапайым, астарлы ой-пікірлері де тартыс өзегіне айналатыны бар. Мұның бір көне үлгілері қыздың көңілкүйі мен ішкі ой-арманын білу мақсатына қарай орайластырылады.

Қыз бен жігіт айтыстары туралы Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, М. Жармұхамедов, Р. Бердібай т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында қыз бен жігіт айтысының қолжазба нұсқалары, әр жылдарда жарияланған үлгілері салыстырылып, ғылыми тұрғыда сараланды. Нәтижесінде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған қолжазба нұсқалар ұсынылды.



Қыз бен жігіт айтысы

Жігім:

Ой балдырған, ендеше, қыр балдырған,
Ойлау жерден алғаным бір балдырған.
Ойлау жерден артыңнан айқай салдым,
Көңіліңді, шырағым, кім қалдырған?

Қыз:

Ой балдырған, ендеше, қыр балдырған,
Көңілімді, ағажан, сіз қалдырған.
Шыны сүйсең, өсекке сенер ме едің,
Жалған жала жапты деп бір антұрған?

Жігім:

Астыма кербестіні мінбес пе едім,
«Кел» дегенде, аулыңа келмес пе едім?
Шыныменен көңілің менде болса,
Кел, қашайық, алдыма мінгес менің.

Қыз:

Астыңа кербестіні мінбес пе едің,
Шыны сүйсең, аулыма келмес пе едің?
Арнайы аңсап, аулыма келе қалсаң,
Қолыңа шыт орамал бермес пе едім?

Жігім:

Аспанда Ай да тұрар, Күн де тұрар,
Жайылып қоңырқұлжа сайда тұрар.
Шырағым, ақын болсаң, айта қойшы,
Ақ туы пайғамбардың қайда тұрар?

Қыз:

Аспанда Ай да тұрар, Күн де тұрар,
Жайылып қоңыр құлжа сайда тұрар.
Ішінде алтын сандық гауһар тастың,
Ақ туы пайғамбардың сонда тұрар.

Қыз бен жігіт айтысы

Жігіт:

Жымың-жымың етесің,
Сылаң қағып өтесің.
Жастық үлес есесіне,
Құлпырып гүлдей өсесің.

Қыз:

Жастық сезім серпілісі,
Қыз-жігітте болмай ма.
Бәйшешектей желпінісі,
Ләззат тыныс алмай ма.

Жігіт:

Жүрісінде, күлісінде
Ой шалқытар сезім бар.
Жүрегімнің желісінде
Құпия айтар сөзім бар.

Қыз:

Жүрек сырын, көңіл күйін,
Көрінгенге бөлемес.
Тарту еткен өмір сыйын
Ешбір нәрсе бөгемес.

Жігіт:

Табиғатқа сән беретін
Еркесісің өмірдің.
Жүрегіме ән беретін,
Ұйтқысысың көңілдің.

Қыз:

Сауық-сайран думанынсыз,
Тіршілікте мән бар ма?
Қыз болмаса, сән болмаса,
Айтылатын ән бар ма?

Жігіт:

Қиялыма шабыт берер,
Қырдың қызы қырмызы.
Айдарынан жалт берер,
Жарқыраған жұлдызы.

Қыз:

Қылаң атпен жортуылдар,
Қыр жігіті қырағы.
Дидарласар шартымыз бар,
Жан ләззаты шырағы.

Жігім:

Жүрегіміз әмір етсе,
Орындаймыз өмірді.
Өмір сыйы серуендетсе,
Жастық дәурен көңілді.

Таз қойшы мен бай қызының айтысы

Бір байдың жеті баласы, бір қызы болыпты. Бір таз қойшысы бар екен. Күндердің бір күнінде тазша баламен байдың қызы айтысып қалыпты. Байдың қызы жұмбақтап өлең айтады.

Қыз:

Қайырыла шөккен қарт бура,
Бұны тапшы, бағлан таз.
Бауыры сүтті боз іңген,
Бұны тапшы, бағлан таз.
Желдеп кеткен жеті атан,
Бұны тапшы, бағлан таз.
Жез бұйдалы нар тайлақ,
Бұны тапшы, бағлан таз.
Егіз қозы сүйексіз,
Бұны тапшы, бағлан таз,
Құла түзде қу тоқпақ,
Бұны тапшы, бағлан таз.

Тазша бала:

Қайырыла шөккен қарт бура —
Қарт әкеңіз болмасын.
Бауыры сүтті боз іңген —
Кемпір шешең болмасын.
Желдеп кеткен жеті атан —
Жеті ағаңыз болмасын.
Жез бұйдалы нар тайлақ —
Жездең сорлы болмасын.
Егіз қозы сүйексіз —

Екі ініңіз болмасын.
Құла түзде қу тоқпақ —
Қоян пақыр болмасын.

Тазша бала шешуін дұрыс тауып, байдың қызын жеңіп кеткен екен.

Қыз бен жігіт айтысы

Жігіт:

Қолымда бір қамшым бар сабы күйік,
Дариядан үйрек ұшар дабыл тиіп.
Аузыңа келген сөзді қайтармайсың,
Сен сайқалды алмасам неке қиып.

Қыз:

Бір тау бар бір таудан да басы биік,
Жатады жер бауырлап тауда киік.
Аулыңның малы түгіл, иті де жоқ,
Келмесең ауылыңның итін жиып.

Жігіт:

Қолымда бір қамшым бар сабы күйік,
Дариядан үйрек ұшар дабыл тиіп.
Иттері біздің елдің бөрі алады,
Бермеймін бір итімді көзім қиып.

Қыз:

Бір тау бар бір таудан да басы биік,
Жатады жер бауырлап тауда киік.
Бермесең бір итіңді көзің қиып,
Жата бер сен итіңді қыздай сүйіп.

Жігіт:

Қолымда бір қамшым бар сабы күйік,
Дариядан үйрек ұшар дабыл тиіп.
Жатқанда мен итімді қыздай сүйіп,
Жүрмегін сен ол жақта ішің күйіп.

Қыз:

Бір тау бар бір таудан да басы биік,
Жатады жер бауырлап тауда киік.
Жатқанда сен итіңді қыздай сүйіп,
Жатады мені мұнда байым сүйіп,

Жірім:

Ұлбике, амал бар ма мына сорға,
Аспанда ұшып жүріп, түстің торға.
Мінбеуші ең ел көшкенде күйме арбаға,
Өзіңе жарасыпты темір арба, —

деп жігіт қызды жеңіп кетіпті.

Қыз бен жігіт айтысы

Жірім:

Қарға деймін,
Қарақшыны тартады дарға деймін.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Көргенім, көріскенім, «Ар ма?» деймін.

Қыз:

Құдеке, қарға деймін,
Қарақшыны тартады дарға деймін.
Сен бір тұлпар болғанда, мен бір сұңқар,
Көргенім көріскенім, «Бар бол!» — деймін.

Қартайса кәрі арғымақ нешеу болар,
Қарағай отқа салса, көсеу болар.
Құдеке, ақын болсаң, айтып берші,
Жылқының тал құйрығы нешеу болар?!

Жірім:

Базарға арзан, қымбат сатқан білер,
Ащы менен тұщыны татқан білер.
Мен сендей жар ортада жүргенім жоқ,
Өзіңдей жар ортада жортқан білер.

Қыз:

Ауылымда қара қамыс құрағы бар,
Суы тәтті, жан-жақты бұлағы бар.
Дым білмей есеңгіреп жүрсең егер,
Құдеке, көшіп келсең, болады ғой.

Қыз бен жігіт айтысы

Жігіт:

Сары маңыз, еңдеше сары маңыз,
Ыстық ұрса, сарғайып қалар аңыз.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Көргенім, көріскенім, армаңыз?

Қыз:

«Ар ма» деген адамға «бар бол» деймін,
«Есенбісің» дегенге, «шүкір» деймін.
Есеншілік біздерден сұрасаңыз,
«Құдайдың қармағында жүрміз» деймін.

Жігіт:

Ұста темір соғады көрігімен,
Сарттың қызы ойнайды өрігімен.
Еліңнің үлкен-кіші, жалпы аман ба?
Есен-аман жүрмісің серігіңмен?

Қыз:

Аяғыма кигенім мәсі-кебіс,
Ат шаппақта аулымның бәрі тегіс.
Біздерден аманшылық сұрасаңыз,
Есен-сау кәрі-жасы бәрі тегіс.

Жігіт:

Әкең алдап сатыпты арық атын,
Жеген адам етінен жалығатын.
Кездігі бар кемпірлер кесіп жейді,
Кездігі жоқ кемпірлер зар илейді.

Қыз:

Әкем алдап сатыпты арық атын,
Етінен жеген адам жалығатын.
Арық пенен семізді ажыратпай,
Еліңнің мына тұрған бәрі қатын.

Жігіт:

Ескі арықтан су ағар ылайланып,
Кембағалға мал бітер жыл айналып.
Сен бір жүрген алдымда ұшқан қарға,
Қаршыға боп қуамын көп айналып.

Қыз:

Қара сиыр желіні қисық қана,
Көкірегің отыр ма тасып қана?
Тасымасын жүрегің, болсын төмен,
Жүрегіңді қоярмын басып қана.

Жірім:

Дарияның ортасында борық тұрған,
Борықты қара балық сорып тұрған.
Өзіңмен айтыспаққа құмар едім,
Құдайдан айналайын жолықтырған.

Қыз:

Өлеңді айт дегенде іркілмеймін,
Ақ бөкеннің жүніндей үлпілдеймін.
Айтысуға менімен құмар болсаң,
Алдыңда желмей, жортпай, бүлкілдеймін.

Қыз бен жігіт айтысы

Жірім:

Қарағым, айналайын ғашығым-ай,
Жаралған сары алтыннан асылым-ай.
Түскенде сен есіме, қимас қалқам,
Еріткен қорғасындай жасыдым-ай.

Қыз:

Қолымда бір қамшым бар шежемейлі,
Барғанда мал өріске не жемейді?
Қыл өтпес арамыздан тату едік,
Қызыл тіл арадағы не демейді?

Жірім:

Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,
Қашады төстен түлкі сүмеңдеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып, қалқам, сенен жүрем деген?

Қыз:

Мінгенім дәйім менің құла қасқа,
Қаздырдым қырдан құдық құламасқа.
Қосылған кішкентайдан, қимас құрбым,
Беріп кет шыт орамал жыламасқа.

Жігіт:

Қара су есік алды жусан ба екен,
Белімді жусанменен бусам ба екен?
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқам,
Артыңнан қос ат алып, қусам ба екен?

Қыз:

Басында Қаратаудың бір топ арқар,
Аққан су жоғарыдан төмен сарқар.
Кезіксем оңашада, қимас құрбым,
Бар шерім бойымдағы сонда тарқар.

Жігіт:

Көзіңнен айналайын, қырғи қабақ,
Сен бе едің суда ойнаған алтын шабақ?
Салсам да күміс қармақ, ілінбейсің,
Әй, сұлу, алма мойын, ей, ақтамақ.

Қыз:

Басында Баянауыл соғар дауыл,
Қайтейін, ерігемін жалғыз ауыл.
Жан құрбым, сағынғанда сізді ойлап,
Келсеші бізге таман сіздің ауыл.

Жігіт:

Қалқатай, сен ақ қоян секеңдеген,
Артыңнан мен ақ сұңқар жетем деген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып, қалқам, сенен кетем деген.

Қыз:

Жан құрбым, сен дегенде неден жаздым?
Сабағын сар құрайдың белден қаздым.
Түскеңде сен есіме, қимас құрбым,
Сарғайып зағыпырандай өле жаздым.

Жігіт:

Өлең айтқым келмейді ерінгенде,
Бойым байсал тартады керілгенде.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Сәукелеңнің төбесі көрінгенде.

Қыз:

Қара арғымақ байладым керме ағашқа,
Сіз дегенде, жан құрбым, жаным басқа.
Алыстаса ауылың, өмір өксір,
Алтын жүзік беріп кет сағынбасқа.

Жірім:

Жан сәулем, сен дегенде жыладым ғой,
Басынан биік таудың құладым ғой.
Күніне үш уақыт нияз¹ беріп,
Алладан ғұмырыңды сұрадым ғой.

Қыз:

Қара су есік алды ылай-ау деп,
Қолымды сермей салдым былай-ау деп.
Түскенде сен есіме, құрбыжаным,
Төсекке жата кеттім, «Құдай-ау», — деп.

Жірім:

Әуеде ұшып жүрген ұлар ма екен,
Баласын атып алсам, жылар ма екен?
Қосылған қиуадан қимас сәулем,
Көңілім бір қосылып, тынар ма екен?

Қыз:

Ей, құрбым, сен де ақмаңдай, мен де ақмаңдай,
Қосылса екі жақсы шекер, балдай.
Көңіліңіз шыныменен бізде болса,
Жүрейік ойнап-күліп атқан таңдай.

Жірім:

Алқызыл әсем тоты ұшар сайдан,
Ақ тұйғын қуып жетер әлдеқайдан.
Қосылып екі ғашық, біз кетейік,
Тәуекел істің арты бір Құдайдан.

Қыз:

Ай, сәулем, айналайын көлгірім-ай,
Суындай әулиенің мөлдірім-ай.
Көрінген күндік жерден көзді тартып,
Шынарым көкке тіреу, зеңгірім-ай.

¹ Нияз /а/ — Құдай жолына берілетін садақа.

Жірім:

Арыса қара арғымақ желер ме екен,
Ғашығым артқан нарға ерер ме екен?
Ботакөз, құлын мүсін асыл сәулем,
Құдайым сені қолға берер ме екен?

Қыз:

Болғанда сіз ақсұңқар, мен ала үйрек,
Қосылған екі жақсы болар сирек.
Құрбыжан, сені ойлап, сағынғанда,
Соғады тыным таппай ыстық жүрек.

Жан құрбым, еркін жүрер заман бар ма,
Көңіліңіз мен дегенде алаңдарға.
Қамауда қапастағы мен тотықұс,
Қайтейін, амалым не, шарам бар ма?

Жірім:

Қыз бастамай, өлеңді жігіт бастар,
Бастай алмай отыр ма құрбыластар?
Айтысуға келгенде сөз кезегі,
Амандасып алайық, есіл жастар!

Ауылым көшіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлтпенен араласып.
Кез келген ұлы тойда, жан қалқатай,
Алайық біраз ғана амандасып.

Жан құрбым, тұнық көлдей жүзің жайнақ,
Сүт емсе, ойнақ салар бота-тайлақ.
Атадан амандасу мирас екен,
Ортаңыз аман ба екен, ауыл-аймақ?

Ей, сәулем, құлын мүше, Күн мен Айым,
Жаратқан бәрімізді бір Құдайым.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, сәулетайым?

Қыз:

Құрбыжан, малым да аман, жаным да аман,
Кім өлсе, соған түсер ақырзаман.
Қосылған жиын-тойда қимас құрбы,
Аманды жатсынбайын келсе шамам.

Қонады ел қыстауға қарашада,
Той болып, жұрт жиылды тамашаға.
Жан құрбым, ақын туған ер екенсің,
Ата-ана тегіс аман ба, бала-шаға?

Жірім:

Тоғайдан кесіп алған тал сойылым,
Блақтай жарға ойнаған қалды ойыным.
Сұқсыр үйрек секілді, асыл қалқам,
Жүрмісің аман-есен, қаз мойыным?

Ауа ма, жан қалқатай, маған санаң?
Айтуға құмар едім мен де саған.
Атадан амандасу парыз екен,
Жүр ме екен аман-есен ата-анаң?

Қыз:

Көшкенде жылқы айдаймын Шалбаспенен,
Бітеді ортан жілік жамбаспенен.
Кез келген жиын-тойда, ақын жігіт,
Ел-жұртың аман ба екен мал-баспенен?

Жірім:

Көшкенде жылқы айдаймын Ақжалменен,
Жаманның ісі бітпес жанжалменен.
Қосылған қиуадан перизатым,
Ел-жұртың аман ба екен мал-жанменен?

Құрбыжан, ел-жұртыңыз аман ба екен?
Сұраған амандықты жаман ба екен?
Сұрастық есендігін ел мен жұрттың,
Бар болса, күйеуіңіз, аман ба екен?

Қыз:

Кестеге иіп алдым балғын қайың,
Өзелде жазған істің сөкпен жайын.
Күйеу жүр көл астында мен мұңдалап,
Өзірге сол күйеуді неғылайын?

Жігіт пен қыз

Жігіт:

Айналайын атыңнан, әзіл залал,
Шарапаттан шығады арам, алал.
Жаңа келіп тізе бүктік тұсыңызға,
Кімге енді болады пайда, залал?

Қыз:

Құда-еке, таң қаламын сөзіңізге,
Қиянат қылмай, айтамын өзіңізге.
Әркім де залалдыны жақсы көрмес,
Пайда бізге, залалы өзіңізге.

Жігіт:

Бір қамшым бар қолымда жез бауырдан,
Кимеймін ыстық болса, тонды ауырлап.
Сен есіме түскенде, замандасым,
Жатамын да жылаймын жер бауырлап.

Қыз:

Басынан құламаның құлағаным,
Ақ сәлдесі басында ұламаның.
Сіздерді ұрғаным жоқ, соққаным жоқ,
Өз басыңа көрінсін құлағаның.

Қыз бен жігіттің айтысы

Жігіт:

Көз тартады өрнекті шыны кесе,
Береді ер тілеуін Тәңірім десе.
Ойда жоқта кез келдің Құдай айдап,
Айта көр өлеңінді жөні келсе.

Қыз:

Отырдың жаңа келіп тұсымызға,
Алдырдың неше қоян құсыңызға?
Жыр нашын келтіре алмай жүргенімде,
Айтысуға кез болды осы мырза.

Жірім:

Қаракемер, ау, жаным, Қаракемер,
Айналып қара іңгенді тайлақ емер.
Құдай мені сен қызға кез келтірді,
Өлеңді жібектейін сәндеп өрер.

Қыз:

Ақын Сартбай замандас, ақын Сартбай,
Өлеңді ағытайын, басын тартпай.
Қас дұшпаның кемітер сені, жігіт,
Ажарың бар қызарып, жанған нарттай.

Жірім:

Сені көріп, ішіме түсті ғой дерт,
Сүтке салған меруерт тарыдай бөрт.
Көзім көріп, қошамет мен айтайын,
Талпынған бала құстай сертіңе жет.

Қыз:

Қиын ба өлең деген ақындарға,
Кім берер ақ теңгесін бақыр пұлға.
Ақтаған ана сүтін адал перзент,
Төрт бұрышына дүниенің болар тұлға.

Жірім:

Кейбір жұлдыз аспанда Ай секілді,
Кей жаман бас білмейтін тай секілді.
Келген жерден өлеңді қоя беріп,
Баласы жақсы ауылдың хан секілді.

Қыз:

Орман алды ауылға қыстау берген,
Шашымды он екіден ұстап өргем.
Келген жерден іркілмей өлең айттың,
Баласы жақсы ауылдың нұсқа көрген.

Жірім:

Көк ала үйрек ұшады көл дегенде,
Сірне татыр сілекей шөлдегенде.
Сен қалайсың, жан сәулем, мен дегенде?
Менде жоқ ұшар қанат сен дегенде.

Қыз:

Мұрақ¹ деймін, жан сәулем, мұрақ деймін,
Жарасар көрпелерге құрақ деймін.
Осындай бірме-бірге кез келгенде,
Айта көр өлеңінді, шырақ деймін.

Жігіт:

Сырлы қасық, ендеше, сырлы қасық,
Қапияда сындырдым сабын басып.
Жарасады сырласып, ойнап, күлсем,
Байпаңдаған түлкідей құмнан қашып.

Жоғары біздің ауыл құм болады,
Етегім жаяу жүрсем, шаң болады.
Осындай сәті түсіп, кез келгенде,
Сұрасам, аты-жөнің кім болады?

Қыз:

Сақыр-сақыр қайнайды сайдың тасы,
Айтылмаса, өледі сөз атасы.
Шын білуге құмартсаң, танытайын,
Мен елімнің ерке бір қарлығашы.

Жігіт:

Жарға құшақ жаяды дариялар,
Үлгілі сөз айтады кәриялар.
Жетем саған, қалқатай, кідірместен,
Кездессе де алдымда жар, қиялар.

Қыз:

Тауға біткен тобылғы шынары едім,
Еліме өнеріммен ұнап едім.
Дәм айдап, сені маған кез келтірді,
Сырласуға өзіңмен құмар едім.

Жігіт:

Асыл ханша, замандас, асыл ханша,
Жылқы айдадым ақ таудан асырғанша.
Оралыңның барында ойна да күл,
Ақ жүзіңді қара жер жасырғанша.

¹ Мұрақ — қалпақ.

Қыз:

Ақ қалады, ендеше, ақ қалады,
Аттың басқан жерінде дақ қалады.
Қызығыңның барында қиялай бас,
Өлгеннен соң саудырап жақ қалады.

Жігім:

Таудың елі жайлай-дүр тайпағына,
Құндақ ұстап киемін байпағыма.
Сырлас болып бірге өскен, ой, жан сәулем,
Не сөз айтып отырмын, байқадың ба?

Қыз:

Мая кетті, ендеше, мая кетті,
Артқы аяғы маяның тая кетті.
Сырлас болып бірге өскен, ой, жан сәулем,
Саған айтқан өлеңім зая кетті.

Жігім:

Көгілдірік, ендеше, көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік.
Осындай бірме-бірге кез келгенде,
Айта көр өлеңіңді төгілдіріп.

Қыз:

Арғымақ ат шұлғиды ақырдағы,
Диірмен тек тұрмайды шақылдаған.
Заманың тұлкі болса, тазы боп шал,
Бұл сөзім менің айтқан мақұл дағы.

Жігім:

Бұлған айна, жан сәулем, бұлған айна,
Арамнан құралмайды тапқан пайда.
Білек бірге болғанда, бармақ басқа,
Айқасып құлын-тайдай жүрмек қайда?

Қыз бен жігіттің айтысы

Жігіт:

Айтысайын деп пе едің меніменен?
Менің хошым келмейді сеніменен.
Менің хошым келгенде сеніменен,
Қағып кетіп жығармын жеңімменен.

Қызыл құлып, ендеше, қызыл құлып,
Екі бетің қып-қызыл, көзің тұнық.
Құдай айдап, осындай кез келгенде,
Айта көр өлеңіңді жөнін біліп.

Қыз:

Алмас жүзін өткірлер асыл қайрақ,
Бау ағашта тұрады бұлбұл сайрап.
Құдай айдап осындай кез келгенде,
Өлеңіңді айта отыр тәуір сайлап.

Жігіт:

Тәшкен кетіп барады жасыл арба,
Жолаушының бұйырған нәсібі алда.
Кішкентайдан бірге өскен, ей, замандас,
Айтып қал өлеңіңді осындайда.

Қыз:

Жүз толқытып жібектей өлеңіңді айт,
Өлеңіңді айтпасаң, үйіңе қайт.
Қайт дегенге, шытынап, кете бермей,
Өлеңіңнің түбіне бір барып қайт.

Жігіт:

Аққу көлден ұшады қаңқылдаған,
Суда балық танадай жалтылдаған.
Томағасын сыпырған тұрымтайдай,
Көзіңнен жар айналсын жарқылдаған.

Қыз:

Аяз соққан сарықтай дірдектедің,
Су тимеген өмірге кір беттерің.
Айтар болсаң, өлеңді жөнімен айт,
Шайпау сөздің ағытпай ілгектерін.

Жірім:

Шымырбайды, ендеше, Шымырбайды,
Ойнайды бала кесіп жыңғыл «тайды».
Кішкентайдан бірге өскен, ей, замандас,
Кім білер, сіз білмесең біздің жайды?

Қыз:

Ақсай басып келеді торы құнан,
Мерттіккен-ау тегінде тобығынан.
Құдай айдап, осындай кез келгенде,
Сусындайық өлеңнің тұнығынан.

Жірім:

Мая кетті, ендеше, мая кетті,
Артқы аяғы маяның тая кетті.
Есіркер деп отыр ем, сөз түсініп,
Саған айтқан өлеңім зая кетті.

Қыз:

Өзен бойын жайлайды құлан, елік,
Кімді алдайсың көзіңді жұмған болып.
Сыйласқандай сыйлы елдің баласы едің,
Жүрелік те бәріміз туған болып.

Жірім:

Асыл қанша, ендеше, асыл қанша,
Ақ таудан жылқы айдадым асырғанша.
Оралыңның барында ойна да күл,
Ақ жүзіңді қара жер жасырғанша.

Қыз:

Кербез, сылқым, аяулы ағажаным,
Өрелі өлең төркінін шамаладым.
Бір де келіп, тойды бір бастағам жоқ,
Жаңылдырма тілімді, бабаларым.

Жірім:

Айқайласам, ақ киік тау асады,
Қатыны егіншінің бау басады.
Жамандармен ойнасаң, дауласады,
Жақсылармен ойнасаң, жарасады.

Қыз:

Тақияма таққаным тал-тал моншақ,
Жарасар кер биеге кер құлыншақ.
Кер құлыншақ ойнайды «ат болдым» деп,
Ұзатқан қыз жылайды «жат болдым» деп.

Жігіт:

Сағым сүйген селеуін сары беткей,
Жатады саздау жердің қары кетпей.
Нұрың таймай тұрғанда, қиялай бас,
Дөңнен асқан құлпырып сәнді көштей.

Қыз:

Бір базары Тәшкеннің алма базар,
Алма сатып отырған Алданазар.
Жаманменен ойнасаң, көңіл азар,
Жақсыменен ойнасаң, күнде базар.

Жігіт:

Құлпырады суаттың ақ маралы,
Аттың басқан жерінде дақ қалады.
Дәуреніңнің барында қиялай бас,
Өлгеннен соң саудырап жақ қалады.

Қыз бен жігіттің айтысы

Жігіт:

Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін,
Үкілі жарасады киген бөркің.
Пейіштің хор қызындай бұлғақтайсың,
Құлпырған бақшадағы гүлдей көркің.

Қыз:

Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,
Басыма жарасады киген бөркім.
Келе сала баяндап сипатымды,
Есіңді аударды ма менің көркім?

Жігіт:

Байқаймын, сөз толғайды ойлап Еркін,
Киеді шекелетіп тойға бөркін.
Жайлаудай көктемдегі көріктім-ай,
Жүрсем мен төскейінде жайлап еркін.

Қыз:

Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,
Жақсылар сөз айтады ойлап парқын.
Қолыңда еркің болса мені алғандай,
Бар шығар дала толған қалың жылқың?

Жігім:

Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін,
Киесің шекелетіп тойға бөркің.
«Ер күші тау аударар» деген бар ғой,
Алармын болмаса да жалғыз жылқым.

Қыз:

Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,
Басыма жарасады киген бөркім.
Қайраты кеуде жарған ер емессің,
Маңыма батып сендей қайдан келсін?

Жігім:

Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін,
Ақылың тайыз екен, ойлан, Еркін.
Ерегіс екі талай болған жерде,
Жоқ, сірә, сендей қызға байлар сертім.

Қыз:

Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,
Жігітке сөйлеген жөн ойлап артын.
Талаймен бізден бұрын айтысыпсың,
Үйіңе тізіп қойдың неше көркін?

Жігім:

Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін,
Екеуміз жарасайық ойнап еркін.
Үйіме бар сұлуды тізсем дағы,
Соларды теңемеймін саған, Еркін!

Қыз бен жігіттің айтысы

Қыз:

Шақырайын шалғайдан сарманымды,
Сасық көлге қамаймын бар малымды.
Бірге өскен кішкентайдан, ай-ау бала,
Отырмын саған айтып арманымды.

Жігіт:

Шешем ойға жіберді сайландырып,
Беліме жібек белбеу байландырып.
Күллі қызды елдегі жинап алып,
Бір басыңнан жіберсем айналдырып.

Қыз:

Кербез, көркем, аппақсың, мақтадайсың,
Сенімімді сертпенен ақтағайсың.
Дұшпан ғана кемітер сипатыңды,
Алдында барлық жұрттың датқадайсың.

Жігіт:

Арқаның көріп пе едің мерген сайын?
Шашың сұлу көрінер өрген сайын.
Бірге өскен қатарымсың, ай, құдаша,
Төбеңді қуанамын көрген сайын.

Қыз бен баланың айтысқаны

Қыз:

Сөйлейін сөйле десең айдан айға,
Мінуші ем бала күнде жорға тайға.
Алыстан үш-төрт қонып іздеп келдім,
Осында ақын деген бала қайда?

Мен келдім сен қайдасың, бала ерек¹,
Сөйлейсің қай уақытта текке шөлдеп.
Ай, жаным, анықтап жауабыңды айт,
Жиылған жамағатқа болсын ермек.

¹ Ерек — ерекше, айрықша.

Бала:

Сөзімнің әуелгісі айым-қайым,
Жаратқан көпке ортақ қып тілдің майын.
Әпеке, еңбек етіп іздеп келсең,
Мен бермей сөз қолқанды неғылайын.

Қыз:

Көңілде өлең таптым білгенменен,
Аз күн қызық көрдім жүргенменен.
Ай, жаным, сұрағаным жөнін айтшы,
Жауап бер адам болып өңгеніңнен.

Бала:

Дүниеде әрне болса Жаппар Хақтан,
Ағайын байлық көрер ынтымақтан.
Әуелі Адам атаға жан келгенде,
Жаралған тән құрметі топырақтан.

Қыз:

Әй, бала, мен айтайын сөзім тыңда,
Ішінде қалың көптің түстік сынға.
Атаның тән құрметі топырақ болса,
Жан берген Хақ тағала неше жылда?

Бала:

Көңілім бала күнде сөзбен тынған,
Тәубаға ізгі ердің көңілі сынған.
Әуелі Адам атаға жан келгенде,
Тәніне кірмеймін деп жүз жыл тұрған.

Қыз:

Бұрынғы сөз қалыпты би мен ханнан,
Жағыма жәрдем бергін, иә, Мәннан¹.
Сөзімнің осы айтылған дәлелін тап,
Қорқытып қай періште жанды салған?

Бала:

Адамның жөн білмеген бәрі ғапыл,
Түседі имансызға заманақыр.
Құданың бұйрықты ісін тәмамда деп,
Қорқытып жан кіргізген Ысрапыл².

¹ Мәннан /а/ — рақымды, мейірімді, жомарт; Алла тағаланың есімінің бірі.

² Ысрапыл — қиямет күнін хабарлаушы періште.

Қыз:

Күнінде арасаттың болар майдан,
Көшперміз уақыт жетсе қоңыр жайдан.
Адамның суретін жаратқанда,
Әуелі бас, денесі болды қайдан?

Бала:

Сөз шығар ақыл көптің толығынан,
Бар Құдай жаңылдырма қалымынан.
Суретін адамзаттың жаратқанда,
Жаралған Қағбатулла орынынан.

Қыз:

Әуелі жаратқан-ды Алла бірді,
Тіркеген төрт кітапқа әуел дінді.
Суретін адамзаттың жаратқанда,
Жаралған топырағы неше түрлі?

Бала:

Жолы бар ғайып мүбардың¹ сара-сара,
Дұшпанмен ас ішпеңіз екеу ара.
Болғанда кеудең сары, бөксең ақтан,
Басыңның топырағы болған қара.

Қыз:

Атамыз әуелден-ақ ұлық еді,
Тәубаға жаралғаннан сынық еді.
Сөзімнің осы айтылған дәлелін тап,
Жұмақта неше күндей тұрып еді?

Бала:

Секірттің мынау судан танбасына,
Әрқашан таңдым жәрдем мұң-зарыма.
Жұмаққа шайтан кіріп адастырып,
Атамыз онан шыққан күн жарымда.

Қыз:

Өтіпті басымыздан дүние жалған,
Халайық, ақыныңмын іздеп алған.
Сұраймын бес уақыт намазыңнан,
Парызы таң намазы кімнен қалған?

¹ Ғайып мүбар /а/ – болашақ.

Бала:

Құдайым әр пендеге берсін жәрдем,
Және түрлі меһнатты өзі салған.
Үш жүз жыл Адам ата адасыпты,
Ай менен Хақ тағала Күн жаратып,
Екеуі Хауа анамен қосылғанда,
Шүкірлік сонда екі бас намаз оқып,
Парыз таң намазы сонан қалған.

Қыз:

Сақтасын ақыреттің азабынан,
Аулақ жүр көп лағинның мазағынан.
Әуелде парыз болып иман қалды,
Дәлел бер әулие бесін намазынан.

Бала:

Жол қалған бұрынғы өткен пайғамбардан,
Дос болып құдіреттің тілін алған.
Түс ауа Ибраһим оттан шығып,
Төрт бас қып шүкрәна намаз оқып,
Парыз әулие намаз сонан қалған.

Қыз:

Жаманға абыройлы бермеген бақ,
Өзіңе мағлұм емес өлетін шақ.
Парызы екінтінің кімнен қалған,
Бұл сөздің, бала ерек, дәлелін тап.

Бала:

Жаралған Хақ расулы анығынан,
Бар Құдай жаңылдырма қалыбымнан.
Хақ Жүніс екінтінің намаз оқып,
Балықтың аман шығып қарынынан,
Парыз екінті намаз сонан қалған.

Қыз:

Құдайым тәрбие етті жоқ пен барды,
Жарымас иілгенмен ынтызарды.
Сөзімнің осы айтылған дәлелін тап,
Ақшамда үш парыз кімнен қалды?

Бала:

Алады Тәңірім жинап біткен жаннан,
Көңліме қызыл желді өзі салған.
Топаннан Нұх пайғамбар аман шығып,
Үш бас қып шүкірана намаз оқып,
Парыз ақшам намаз сонан қалған.

Қыз:

Шайтанға абыройды бермеген бақ,
Өзіңе мағлұм емес өлетін шақ.
Парыз құптан намаз кімнен қалған?
Бұл сөздің, бала ерек, дәлелін тап.

Бала:

Әпке, бұл сөзің маған анық,
Ақырда ойламаңыз мұнан қалып.
Бұрынғы Құдай досы ер Мұсаға,
Келіпті түн ішінде оны тауып.
Кейінгі мұсылманға қабыл болған,
Парыз құптан намаз сонан қалып.

Қыз:

Жаратқан бәрін тамам Хақ тағала,
Сұрайын кеңесім бар енді жәна.
Перзенті көп болыпты Адам ата,
Онан туып, өскен неше бала?

Бала:

Өсірер балапанын құста жемдеп,
Жүреміз дүние қуып, күнә теңдеп.
Әпке, білмесеңіз, мен айтайын,
Беріпті Пайғамбарға жетпіс перзент.

Қыз:

Бар шығар дүние қуған көп ұятым,
Аллаға қабыл болғай ғибадатым.
Сол күнде ұл боп туған перзентіне,
Әперген баласына қайдан қатын?

Бала:

Аспаннан періштелер босқан екен,
Құданың ізгілігін тұтқан екен.

Құдадан рақымды әмір болып,
Бір ұлын бір қызына қосқан екен.

Қыз:

Тағы да сөз сөйледік осы жайдан,
Әлемнің тәрбиесі бір Құдайдан.
Ұл мен қыз солай болып қосылғанда,
Ішінен болған екен кәпір қайдан?

Бала:

Бір күні ажалменен саудаң біткен,
Жүгіріп қызыл желдей сумаң еткен.
Ортаншы ұл кіші қызбен ғашық болып,
Екеуі сол ісінен кәпір өткен.

Қыз:

Ойласам, көңілімде әрбір пәни,
Бар Құдай, кешіре гөр болса қате.
Ортаншы ұл кіші қызбен ғашық болыпты,
Әй, бала, жөнін біл де, атын ата.

Бала:

Адамның баласы екен Әбіл, Қабыл,
Қабылы осал болған қылмай сабыр.
Қыз атын сұрасаңыз — Ақлима,
Тамам біліп айтқан пенде иланар.

Қыз:

Сөйлесең, жаным бала, осы лайық,
Отырмыз қызыл сөзге талмен байып.
Әлемде он сегіз мың міндеткер бар,
Тұрады қай періште міндеткер боп?

Бала:

Жаратқан Тәңірім артық шарифатты,
Пендеге парыз қылған ғибадатты.
Әлемге он сегіз мың міндет алған,
Періште қағаз жайған Ғаллам атты.

Қыз:

Әуелде дария қылып Ніл жаратты,
Әлемді он сегіз мың бір жаратты.

Сөзімнің осы айтылған дәлелін тап,
Дүние болуында не жаратты?

Бала:

Әуелде дария қылып Ніл жаратты,
Әлемді он сегіз мың бір жаратты.
Өзіне зор құрметті досы қылып,
Құдайым Хақ Мұхаммед нұр жаратты.

Қыз:

Аян-дүр көңлімізде нәрсе сегіз,
Олардың бәрі жалқы, екеуі егіз.
Он екі, бір, төртеудің тіреуі бар,
Бірінің іші арық, сырты семіз.
Бұл сөздің, бала ерек, дәлелін тап,
Аузымнан осылайша шықты лебіз.

Бала:

Әпке, бір дегенің Жаппар Құдай,
Жаратқан Күн мен Айды және жұп-ай.
Дегенің және сегіз — сегіз жұмақ,
Іші арық, сырты семіз — Жер мен көк-ті.
Бұл сөзді таппадым ба, япырмай?

Қыз:

Сөзім бар, жаным бала, шарифатша,
Азырақ мен сұраймын көп ұнатса.
Сөзімнің осы айтылған дәлелін тап,
Өтіпті бізден бұрын неше патша?

Бала:

Бір күні ажалмен саудаң біткен,
Жүгіріп қызыл желдей сумаң еткен.
Әлемге он сегіз мың аты қалған,
Әпке, бізден бұрын төрт патша өткен.

Қыз:

Жұрт болған жалған дүние әуелден-ақ,
Жәдігөй өтірікке бермеді бақ.
Төрт патша бізден бұрын өткен болса,
Төртеуі кім-кім екен аттарын тап?

Бала:

Сізбен айтысуға келді сайым,
Шұбалса сөздің арты болар қайым.
Әлемге өткенінде аты қалған,
Біреуі төрт патшаның Зұлқарнайын.

Қыз:

Таң біліне кірешілер артады нар,
Сөзіме келістірген құлағың сал.
Ойламай бір патшаға есім бердің,
Тағы тап, жаным бала, үшеуі бар.

Бала:

Ойласам бәрі де өлер осы пенде,
Кіреміз ажалымен жалғыз демде.
Құданың берген бағы ерте қонып,
Тоқтаған зор патшалық Сүлейменге.

Қыз:

Көркем де ғибрат алдым атқан таңнан,
Алады Тәңір дем жинап біткен жаннан.
Төрт патша бізден бұрын өткен болса,
Баршасы жаралып па мұсылманнан?

Бала:

Әпке, жан екенсің сөзің батыл,
Кетпеген ғибрат алып неше ғапыл.
Нәсілсіз Намрұт Шиддат патша болып,
Әлемге не қылмаған екі кәпір.

Қыз:

Япырмай, білмес сөзің еске түссін,
Өркімнің киер тонын Тәңірім пішсін.
Айтсам да қанша жауап дәлел бердің,
Толтырмай уақытыңды оның үшін.

Жігіт пен қыздың айтысынан*Жігіт:*

Құдаша, ондай десең өлең кеңес,
Өлеңші болам десең, бізбен теңес.
Жолдасым қасымдағы қолы емсек¹-ті,
Мертікке ешбір адам берген емес.

Қыз:

Бәйгені ала ала ма жүгірмеген,
Жігітті қор қылмайды білім деген.
Жолдасым қолы емсек деп мақтай берме,
Ешкімге оташы аты білінбеген.

Жігіт:


Құдаша, бір сөз айттың күлдіргендей,
Екі бетің қып-қызыл бүлдіргендей.
Ер жігіт істер ісін еппен істер,
Кім-кімге қылған ісін білдіргендей.

Қыз:

Құдеке, молда екенсің, молда екенсің,
Адамда екі аяқты жорға екенсің.
Қай бұлтаққа салсам да болар емес,
Әйел сайтан жының бар сорлы екенсің.




¹ Емсек — шипагер, емші.



Қазақтың айтыс өлеңдері.

Қазан, 1910 жыл



Орталық ғылыми кітапхананың
сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (256-бума).



Мәңгілік үміт.
Суретші Т. Халин

ХАТ-ӨЛЕҢ

Хат-өлең — адамның өзіндік сыр-сезімі ерекше көрініс беретін хат үлгісінде жазылған лирикалық өлең түрі. Бұл туындылар алдымен жазбаша шығарылғанымен, таралу барысында жадтан жадқа ауысып, баспақы авторы ұмытылған. Елден жырақ жүрген кейбір азаматтар отбасына, туған-туыстарына, сүйген жарына жеке басы туралы хабар беру мақсатында өлең жазып, хат арқылы жіберіп отырған. Оны өзі, немесе жеткізушілер белгілі бір әуенге қосып айтып жүріп, кейін халық арасына тарап кеткен. Өлеңнің мазмұнында хат жазушы көбіне ел жағдайын, жаңалығын сұрап, кейін өзінің хал-ахуалын, тұрмыс-тіршілігін, бастан кешкен оқиғаларын баян етеді. Хат-өлеңнің мазмұны сол кезеңдегі тарихи, саяси-әлеуметтік мәселелерге тікелей байланысты болып келеді. Мәселен, 1916 жылғы көтеріліс кезінде майданға барған жігіттердің елге жолдаған сәлем хаттары дәстүрлі формада жазылғанымен, сол тұстағы қазақ қоғамындағы трагедиялық жағдайлар, майдан өтінде қара жұмыста жүрген жастардың ауыр тұрмыс-тіршілігі, арман-аңсары, қайғы-мұңы, өкініші сөз болады. Хат-өлең жанры Ұлы Отан соғысы жылдарында да жалғасын тауып, халық арасында айырықша сипат алды.

Хат-өлеңдерге Б. Кенжебаев, Н. Төреқұлов, М. Жармұхамедұлы, К. Сейдаханов сияқты ғалымдардың еңбектерінде тиісті пікірлер айтылған.

Еліміздің сирек қорларында хат-өлеңдердің түрлі үлгілері сақталып қалған. Бірақ олардың басым бөлігінің авторлары бар болғандықтан, антологияға авторы белгісіз немесе ұмытылған хат-өлеңдер енді. Томға енген хат-өлеңдер М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорындағы қолжазба материалдарының негізінде әзірленді.



Нұржан бидің оқудағы баласына жазған хаты

Үміт еткен көзімнің нұры, балам,
Жаныңа жәрдем берсін, Құдай тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сағынып, сәлем жазады бүгін саған.

Ата-анаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл берсең, басыларсың.
Ата-анаңды өнер білсең, асырарсың,
Надан болып білмей қалсаң, аһ ұрарсың.

Шырағым, мұнда жүрсең нетер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында,
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?

Молдаштың хатынан

(Ертіс өңірінен жазылып алынған)

...Айтқанда аз сөз — алтын, көп сөз көмір,
Көңілім үшбу күнде қапада жүр.
Жастықтың шәрбетінен ләззат алмай,
Зарлаумен зарлықта өткен қайран өмір!

Бұлаудай жылауменен бұл күнде көз,
Тағдырдан тар заманға болыппыз кез.
Қайғырып жас шағында қапа шеккен,
Азырақ қалімізден қылайық сыр.

Сағындық біз Баянды көзді сүзе,
Жігіттер жауыздықтан болды теже.
Иттерше шылапшыннан сорпа жалап,
Ішеміз он шақтымыз тары көже.

Не болар біздің заман бара-бара,
Өткен күн қайта айналып кетпес дара.
Елдегі ит тамағын ішіп жүрміз,
Ішпеске қарның ашса, бар ма шара?

Хат жаздым сәлем айтып атамызға,
Ғафу ет жаста болған қатамызға.

Қолымнан келген шамам осы болды,
Разы бол Молдаш атты ботаңызға.

Қызылтау, Баянаула, қалың Далба,
Ежелден тұрқың түзу бас пен малға.
Қайран ел бір көруге болдым құмар,
Бар ма екен көңіл бұрар біздің халға.

Окоптан хат

(1916 жыл)

Ағузу мен бисмилла,
Әуелден келген сөз басы.
Бисмилламен сөйлеген
Мен бір көптің жорғасы.
Он тоғыз бен отыз бір
Алып кетіп бұл орыс,
Мұсылманның кемиді
Артында қалған шаруасы.

Барғаның сәлем айта бар,
Елдегі қатын-балаға.
Не болғанын білмедім,
Жылап бір қалды далада.
Ай жаратқан Құдайым,
Түнгі жарық болсын деп.
Күн жаратты Құдайым,
Жаһан нұрға толсын деп.
Жаратты бізді бір Құдай,
Осындай қайғы көрсін деп.
Бір Алла қойды көндіріп,
Қайғырған құлың көңілін
Ашасың қашан күлдіріп?

Айтамын елде қалған қайсыбірін,
Заманым осы күнде келді қырын.
Дүние, ойлап тұрсам, жоқ ләззаты,
Өтіпті неше жандары бізден бұрын.

Орысқа не қыларым біле алмаймын,
Кешегі Орақ, Мамай қайда ерім?
Білмеймін не боларын бұл заманның,
Ісіне Алла салған бар ма амалым?

Есіме әрбір нәрсе түсіп кетсе,
Кетеді тәнім түгіл, күйіп жаным.
Ел біздің көшіп қонды Қабанбайға,
Бұл өмір шашылып тұр жарлы, байға.
Талайға пайда бермес көп уайым,
Сиынып, жалынбасақ бір Құдайға.

Көзімнен елді ойласам ағар жасым,
Осы күн жаным түгіл қара басым.
Айрылып ел-жұртынан біздер кеттік,
Елдегі қош-аман бол, қарындасым.

Айтамын және сәлем, аға-жеңге,
Көңілді жүруші едік салып кеңге.
Болмаса өзі жалғыз бір Алладан,
Сақта деп сиынамыз енді кімге?
Бір Алла салса қайғы, амал бар ма?
Көнеді құдіретіне байғұс пенде.

Біздерде қайғы да көп, жылау да көп,
Жалғыз-ақ Жаппар Ие көңілге тоқ.
Қызығы сұм дүниенің қандай қиын,
Ішімнен от жанады түтіні жоқ.

Окоптан хат

Он бесінші мизамда¹,
Приемменен алынып,
Орыстың түстік қолына.
Басты тартып тұрмадық,
Падишаның жолына.
Өзіміз кетіп қалғанмен,
Тыныштық бер деп тілейміз
Қалған елдің соңына.

А, дариға, қайтейін,
Азаматын елдің сағындым.
Ашқай деп Алла тілеймін,
Кіреукесін бақырдың.
Басқа Құдай салған соң,

¹ Мизам — қыркүйек.

Пайдасын көріп жатырмын
Қызыл тіл мен жағымның,
Қайырын берсін Құдайым,
Жиырма екіге келгенде,
Тұтқын болып орысқа,
Пәнде болып бағындым.
Орысқа тұтқын болған соң,
Начальниктей Шабунға
Жайымды айтып, жалындым.
Пайдасы болмас біздерге
Елдегі қалған жақынның.
Барадақ тапқан күн болды,
Тентек пенен мақұлдың.
Көңілі орта деген ғой,
Іс өткен соң артынан,
Бейшара болған ғапылдың.

Қалам алып, хат жаздым,
Халықты ойлап, қайғырып.
Осы күнде біз жүрміз,
Ақылымыздан айрылып.
Заманның түрі жағдайсыз,
Миы толық ағалар,
Бұл сөзімді аңдайсыз.
Елсізде шетке шыққан соң,
Бейшара болған халыққа
Мұның бәрі ыңғайсыз.

Осы күнде біз тұрмыз,
Минскі деген қалада.
Жер екен екі губерния,
Ақтөбеменен арасы
Жетерлік төрт мың шамаға.
Төрт мыңға толық болып тұр
Шақырымның шамасы.
Ізбетен деген стансия
Окоп қазған қаласы.
Қарағанның орнына
Қарағай жаққан отынға
Көп болады екен ағашы.
Орыстың жолы қиын ғой,
Басына қиын іс түссе,

Ініге жәрдем қыла алмас
Бірге туған ағасы.
Амалы бар ма, не қылсын,
Бұған да көніп келеді
Бейшара қазақ баласы.

Ел сағынып азамат,
Қайғыға көңіл толып тұр.
Ғапу етіп Құдайым,
Жақсылыққа жолықтыр.
Жайымды сізге білдіріп,
Азаматы халықтың,
Қайғымен жатыр құр азып.
Тәңірі жөнін бермесе,
Өте ме деп қорқамыз,
Ғұмырымыз жер қазып.

Хат жаздым қалам алып, халқым, сізге,
Кетті деп бізді алысқа күдер үзбе.
Хатпенен сәлем айтып жібермесек,
Не болсын бір пақырда сөзден өзге.

Кез болдым, қайран халқым, бір кеселге,
Талпынып балапандай жүрген кезде.
Көңлімде еш арманым болмас еді,
Бір адам елден шығып келсе бізге.

Тілегін біз пақырдың қабыл айлап,
Бір Алла айналдырғай жөнін тезге.
Қауіп бар қырық үш жастан дегеннен соң,
Қайғымен жас толтырдық екі көзге.
Анықтап хатқа салып жіберіп тұр,
Деп айтам аға менен інімізге.

Айтайын көргенімді хатқа жазып,
Сағынып зағпырандай жүрміз азып.
Жатырмыз бес жүз кісі бір орында,
Орыстың окоп деген жерін қазып.

Хат жаздым сәлем айтып ағаларға,
Уайыммен ішім толды қайғы-зарға.
Керіліп кер маралдай жүрген кезде,
Тап болдық окоп деген ылди орға.

Жатырмыз бес жүз кісі тұтқын болып,
Секілді балапандай түскен торға.
Етеміз бұған шүкір, қайран халқым,
Құдайым кез қылмаса мұнан зорға.

Дәм айдап елден шығып кеткеннен соң,
Тұйықсыз тұрағы жоқ түстік жолға.
Иә, Алла, тілегімді қабыл айлап,
Сапарын пақырлардың өзің оңда.

Туған ел

Айрылдың, қайран қазақ, есіліңнен,
Қаракет, жиған-терген кәсібіңнен.
Тірідей бозбаланы жау әкетті,
Болды екен әлдекімнің кесірінен?

Бараққа әкелді де қойдай қамап,
Тақтайдың сығалаймыз тесігінен.
Қолда мылтық, белінде қылышы бар,
Күзетші бір кетпейді есігінен.

Асты сыз, от жақпаған суық барақ,
Күн туар ма кететін есімізден.
Біз кеттік ақ патшаның кесірінен,
Болыс мәз болған еді песірімен.

Кісілер бос шығынға белден батты,
Билердің белгілеген кесімімен.
Байдың ұлы, мырзасы қалды үйінде,
Қаратпай басымызды есігінен.

Пысықтар ақылдасып елге айтпайды,
Болғанын осындай іс не сырменен.
Заманның құбылғанын жаңа сезіп,
Біз болдық балалықтан есі кірген.

Серпіліп бұл ғанибет қашан өтер,
Зарлаған ащы даусың кімге жетер.
Ой жүйрік, суреттейді, жете алмайды,
Туар күнді пәлекет естен кетер.

Майданнан хат

Хат жазамын майданнан,
Мейрімді ғазиз анама.
Жақыным, жарым дегенмен,
Анадан жақын бола ма?
Көңлімде тілек, көзім жас,
Екі қолым жағада.
Қасірет, қайғы, қан жұтып,
Сарғайдың ба санаға?
Үмілейсің не үшін,
Жүрегің оттай жана ма?
Ет-бауырың елжіреп,
Қайғыра берме балаңа.
Сабырдың суын себе көр,
Көкіректегі жараңа.
Ажалсыз пенде өлмейді,
Мезгілсіз шөлмек сына ма?
Ердің басы ел үшін,
Арыма жаным садаға.
Бұлт жамылып, қар төсеп,
Мен жатырмын далада.
Ойнатып жасыл от шашып,
Майданмен екі арада.
Ажалдан қорқып аптығып,
Жасырынбаймын жыраға.
Өмір мен өлім таласты,
Өмір жеңеді сірә да.
Сонда да болса, жан ана,
Қайғыланып жылама.
Қолыңда қалған бөбектің,
Тілегін тіле шыда да.
Мен үшін сүйіп бетінен,
Тағы бір жасын сана да.
Арғышақ жетсе тайың бар,
Үкілі құйрық қара да.
Қаз-қаздаған қарғашық
Жеткізер бір күн қораға.
Мақсатым бітпей қайтпаймын,
Отаным үшін және де.
Шаншимын қызыл туымды
Берлин деген қалаға.

Ерегесте ерге ұят,
Келтірмесе тобаға.
Өжет жүрек қайтпайтын
Ерлердің ісі бұрын да.

Солдаттың хаты

Қолға қалам алайын,
Сәлем де, туған ағайын.
Сағынып бекер жүргенше,
Шер тарқатып алайын.
Сәлем де туған еліме,
Тоғай, өзен, жеріме.
Қырық жыл қырғын болса да,
Барармын аман еліме.
Артымда менің аға жоқ.
Ағайында пана көп.
Несіне арман қылайын,
Талайдан қалған дүние боқ.
Арман қылма, анажан,
Көп қызық қой бұ жалған.
Талай қыршын өтті ғой,
Өткендердің бәрі арман.
Каталек, күрек арқамда,
Түюлі жаным қалтамда.
Төгілуге белгі жоқ,
Төгілгенше шалқаңда.
Винтовка, қылыш қолымда,
Қазулы окоп жолымда.
Олай, бұлай іс болса,
Қаламыз соның жанында.
Самолеттер ұшады,
Қарлығашқа ұсайды.
Снарядтар жарылса,
Иманың көкке ұшады.
Құрыды ғой тәніміз,
Төгілді ғой қанымыз.
Біразырақ бейнет боп,
Қала берер жанымыз.
Есінеп, ұйқы аша алмай,
Аяқты қолым шеше алмай,
Арманда кеткен он сегіз,

Жазып та бойым өсе алмай.
Темір таяқ аларсыз,
Құбылаға қарарсыз.
Жалғызыңды іздесең,
Украинадан табарсыз.

Құрметті досым, жаздым хат

Құрметті досым, жаздым хат,
Көрмегенсін, болдық жат.
Көрмегелі көп болып,
Осы күні сөзің қат.
Жасаған ие бір Құдай,
Қауыштырғай саламат.
Пендесіне кез қылар,
Алласы берсе сияпат.
Ақылсыз адам етеді
Аманатқа қиянат.
Қайтеріңді өзің біл,
Сыртыңнан айтып жүрмін мен,
Ақ еркем, саған зияпат.
Алыста жүріп, еттім наз,
Құрбы ішінде едің қаз.
Ғашығына бас қосар,
Жаманнан туған ақылы аз.
Жер жарылып, көк шығар,
Өлмеген жанға болып жаз.

Ғашығым, уәдеге тұрамысың?
Мойныңды бөтен жаққа бұрамысың?
Көп дұшпан көре алмаған не демейді,
Арада дұшпан сөзін қуармысың?
Ғашығым, айтқан сөзің болды қандай?
Мен жүрмін үшбу сөзге әлі нанбай.
Ісінді бір орында келтірермін,
Иншалла, есен болса тіл мен таңдай.
Басында туар айдың мен келермін,
Бір нәрсе болып қалмаса шыбын жанда.

* * *

«Көп жүрдім шыдайын деп іштен жанып,
Кеткен соң ғашық оты бойымды алып,
Амалсыз арды түйіп, қалам алдым,
Кеткен соң ғашық оты бойымды алып.

Ойнайын азғана күн дәурен өтпей,
Тұрғанда басыңыздан билік кетпей.
Шығаршы жүректегі шын сырынды,
Жаутаңдап екі көзді мөлдіретпей.

Талпынып қол сермедім ұшқан құсқа,
Болса да жетермін деп қолым қысқа.
Көзге күйік көріндің, іш күйдірдің,
Мейірімсіз отқа салып, бұл дұрыс па?

Қарайсың мөлдіретіп жәудір көзің,
Шын айтсам, шыбын жаным — сенің үшін.
Елжіреп іші-бауырым ынтығып тұр,
Тез естірт мейірбанды жылы сөзің.

Қалқам-ай, қапа қылдың жауап бермей
Жүр ме екен қолың тиіп, реті келмей?
Дәрменсіз дертім қалың, жүрек толқын,
Мен жүрмін сол қападан әзір өлмей.

Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойын,
Мөлдір көз, тілің бұлбұл, алма мойын.
Көңілімді көкке ұшырмай, дамыдатшы,
Алып ұшып барады тұла бойым.

Япырмай, көзқарасың тәуір еді,
Мінезің салмақтылау, ауыр еді.
Жауабың кеше, бүгін келмеген соң,
Көз жасым көктен құйған жауын еді».

«Күп алдым ықыласыңды, замандасым,
Үлгілі сенен жақсы таба алмаспын.
Сонда да үмітіңді үз, менен түңіл,
Доп емес әркім қағар менің басым.

«Көз тігіп қарадың» деп күйе жақпа,
Жақсаң жақ, жөні келер жерін тап та.
Ақылмен алды-артыңды шолып алмай,
Қарны ашқан қасқырға ұқсап қойға шаппа.

Қарасам сүйгендіктен қарамаймын,
Сүйсем де ол сөзіңе жарамаймын.
Арыстан айға шауып мертігіпті,
Секірме, қолың жетпес көктегі Аймын.

Сілтей бер, маған жетер қолың болса.
Даңқы жоқ, даңғыл сара жолың болса.
Ашық жол, асулы көл болар еді ау,
Бірақ та жоқ, әттең дүние, соның болса...

Сен шыда, күйіп тұрсың, бірақ отқа,
Болсаң да қандай қызу жалын шоққа.
Аузың айтып, ар жағың біліп тұр ғой,
Екі оттың арасында тұрғам жоқ па?..»

«Сәулежан, мен күйемін сенің үшін,
Әрине, сен күйесің менің үшін.
Ғапу қыл, байқатпайды ғашық ойы,
Азғана күн әурелейін деген ісім.

Ғашықтық алды-артымды бірдей жауып,
Іс түбін ойламаған ақыл тауып.
Мен үшін өмір бойы қараймын деп
Тұрған соң айта саппын көңіл ауып.

Ұялмай, ақ ағашқа күйе жағып,
Батылым барды саған әлде нағып?
Ұялмай, өз-өзімнен жерге кіріп,
Саған жазған өлеңдерді есіме алып,

Ғапу қыл, данышпаным, айып етпе,
Баспаңыз көрінгенді біздің бетке.
Ал енді, біразырақ ақыл айтам,
Есіңнен елеусіз ғып тастап кетпе.

Елуте жасы жеткен шалға барма!
Малды деп маңғазданған шалға барма!

Ел-жұртым отбасыма қарайды деп,
Түбіне соған сеніп, қайыс қалма!

Шыдадым күймек тұрсын, өлсем дағы,
Жанымды қырық буынға бөлсең дағы.
А дүние, іш жанды ғой, іш жанды ғой,
Амалсыз айтқаныңа көнсем дағы.

Қош енді, жанған жаным жана берсін,
Басыма кетпес қайғы сала берсін!»

Сәлемнама

Қолыма алдым қаламды-ай,
Жазайын деп кәламды-ай.
Сіздің үшін сарп еттім,
Көңлімдегі санамды-ай.
Ғашықтықтан хат жаздым,
Сіздей асыл жаранға-ай.
Асыл деп сізді қол арттым,
Білгеннен соң шамаңды-ай.
Айтқан сөзге тұрмайтын,
Неғылайын жаманды-ай.
Дұшпаным бар-ды қасыңда,
Аңдып бір жүрген табандай.

Жолдадым елде сіздей асыл затқа,
Бар сөзді ойлап-ойлап жаздым хатқа.
Көңілім бір сөйлеспей тынар емес,
Құдайым неғып еткей жолықпаққа.
Өзіңмен жолықпаққа нәсіп ет деп,
Сұраймын айтып тілек Жаппар хаққа.
Кетеді көп сөйлесем сөзім жанып,
Құдайым қауышарға етсін нәсіп.
Қолыңмен сенің жазған хатыңды алсам,
Көңілім кетер еді-ау судай тасып.

Неше жүздің ішінде,
Асыл бір туған баласың.
Ақылың асқан данасың,
Айыруға ақылың жетіскен,
Жақсы бір жаман арасын.

Бір Құдайға тапсырдым
Көңілдің ақ, қарасын.
Ілтипатыңды салғайсың,
Ықыласымның шамасын.
Үшбу хатты жазамын,
Кетіруге көңіл шарасын.
Аңдып бір жүрген дұшпан көп,
Құдайым салған панасын.

Қиғаш қас, қиылған көз, қызыл ерін,
Аяман Құдай десе аттың терін.
Алдыңда біразырақ сөз сөйлейін,
Шырағым, абайлашы сөздің түрін.
Алмадай екі бетің, лебізің бал,
Келіспес саған бармай бұл жиған мал.
Барыңда оралыңның құдай шайқа,
Қаларсың бір күні өлсең болып күл-дал.
Қарасам сымбатыңа айдын көлдей,
Ынтызар болып жүрмін саған шөлдей.
Басылып шөлдегенім қанар еді-ау,
Айқасып төр алдында жатсам көлбей.



اکو پشانه کا ح
 ۱۷۷۶
 اے کوئی کہ یہ کہ لا،
 اوہ لادے کہ نگہ سوز باسی،
 یہ کہ لا کہ سوئے گہ
 کہ نہ کو پہنکے جو رعاسی،
 وں - تو میں بہت دتہ نیر
 السب کہ قہر بولا درسی
 مونسلیا نہ دیکھ کہ مددی
 ہا رہے آقا لعل مشار نواسی :
 ہنہ
 بارے نہ لکے سالہم ایسا بار
 لادہ گی قاتل - بالامہ
 نہ بولہ شہر یکہ دم
 پہلا کہ نہ لادہ والادہ
 ای جا راقا کہ تو دایم
 تو نگہ جارتہ بولسی دہ
 کوہ جا راتہ تو دایم
 جاہان تو رہا بولسی دہ
 جا راتہ میری تو دای
 مسئلہ ای قاتل کو رہی دہ
 میرا لا قوییدی کو نہ رہی

Окоптан хат.

Орталық ғылыми кітапхананың
сирек кітаптар мен қолжазба қоры (1017-бума)

6. кер. лессе

Көң ұясын. 8. Абау көк

Широко. f

Май-пер-дан а-дыр-а-дыр жол кет-е-ді. Әй а-бау-көк,
 Сер-ме-сел пе-рі зат-қа қол же-не-ді әй. Ө-ме-ді кү-кі-ч
 а-ман жоқ

А. Ермаков

Пролог: Песня "Абау көк" комп.
 Б. Брехт и А. Шварц (1955)

Халық өні "Абау көк"

Таулардан адыр-адыр жол кетеді,
 Сермесем пери затқа қол кетеді,
 Белгісі қолжеткеннің сол емес пе,
 Бір мешпет жамылғанда мол жетеді.

Үстінде бір мешпетім белі қытық,
 Басыңда не күн туды мені ұмытып,
 Сыртына Ақбоса үйдің алып шығып,
 Сүйәуі ем айға қарап құйқылжытып.

Үстінде бір мешпетім қыл қарадан,
 Түймесін асыл тастаң қыз қадаған,
 Сағтайтып сағынғанда зарықтырдың,
 Жеріне уәде айтқан кім хараған.

Қынаған - Қасимов С.

нозаған түсірген - Брехович Б.Г.

НОТАЛАР

Елім-ай

Орындаған: Тутова Гүлжан

баяу, зармен

Қа - ра - тау - дың ба - сы - нан, Көш - ке - ле - ді ай.

Көш - кен са - йын бір тай - лақ, Бос ке - ле - ді ай.

Е - лім ай е - лім ай.

Қыз бен жігіт айтысы

Орындағандар: Бактыбай С., Елібаева А.
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасылойнақы
жігіт

И - ғай оу Қо-лым-да бір қам-шым-бар са - бы кү - йік - оу

Ау - зы - ңа кел-ген сөз - ді қай-тар-май-сың-оу

Дар я-дан үй - рек ұ - шар да - был ти - іп ах - уай.

Ал масам се - ні сай - қал не - ке ки - ып ах - уай.

кыз

Бір тау бар - оу Бір тау-дан - да ба - сы би - ік жа та-д(ы)ей

Ау-лық-ның оу ма - лы тү - гіл и - ті - де жоқ кел-ме - сең.

Жан ба - уыр-лап тау - да ки - ік ей ә - ләу-лім ай

а - уы-лық-ның и - тін жи - ып

ТОЛҒАУЛАР

Біріншіден не жаман.

орташа

Орындаған: Төлеубаев Бейсенбек
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

Бі - рін - ші - ден не жа - ман? Зе - кет - сіз жи - ған мал жа - ман

Е - кін - ші - ден не жа - ман Е - кін - ті мен ақ - шам - ды

Қа - з(а)о - қыл - са сол жа - ман. Ү - шін - ші - ден не жа - ман

Ұ - я - да - ғы ұ - шар құс Ұ - ш(а)ал - ма - са

қайыру

сол жа - ман. Сұ - рау - шы кел - се

Сол жа - ман ай ей - - - - -

- - - сол жа - ман ей ³



Домбыраны қолға алып

Орындаған: Хайруллаев Күнқожа
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

жүрдек



4



6



8



10



13



15

қайыру



17



ТЕРМЕЛЕР

Терме

Орындаған: Жұлдыз Ысқаков
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

жүрдек

Де - ген - де ай - дай он - бес, ай - дай он - бес Үй - рет - кен

а - са - уы - нан Тай-дай он бес Ке - ле - ді ал - ды-мыз-дан

жи - ыр - ма бес, Ке - лер - ме қай-т(а)ай-на - лып қай - ран он - бес.

Кет - тің - бе жи - ыр - ма - бес же - ліп ө - тіп, Жи(ы)р-ма бес

не бо - ла - ды біз - ден ке - тіп. Ке - ше - гі ө - тіп кет - кен

қай - ран он бес Күн бар ма ұс - тап а - лар ку - ып же - тіп.



Бұл заманда не мұндық?

жүрдек

Орындаған: Исламғалиев Армат
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

5

А - - - ай! Бұл за-ман - да не мұң - дық

9

Бұл за-ман - да не мұң - дық Ой - лап тұр - сам біз мұң - дық

Ой - ла май-мыз жұ-мыс - ты ал - ды - мыз - да бір күн - дік.

13

қайыру

Айт қа - ның-ды қыл-ма - са Ту - дыр-саң - да ұл жа-ман а -

17

- оу - ай ей - - ей -



Бұл дүниеде не жақсы?

Орындаған: Сәндеш Арайлым
 Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

асықпай

А ей - - Ей! Бұл дү - н(и)я - да — не жақ - сы?

Аз нәр - се - ден көп - жақ - сы ө - нер ғы - лым

үй - рен - ген А - за - мат жас - тар бек жақ - сы

Көп о - қы - са ғы - лым - ды Қыз - да бол - са

сол жақ - сы Піш - тір - ген - де мол шық - са

Бо - яқ - та бол - са тон жақ - сы. **қайыру** Ә - лә - әй

сіз - дер - ге қой - дым ық - лас - ты ей



ӘН ӨЛЕНДЕР

Қарлығаш

асықпай

Орындаған: Қарабалина Эльза
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

Қар - лы-ғаш ау! Ба - ла - па - нын ай жар - ға - сал - ған -



Жа - ны-л(ы)еп Ат жор - ға-сын а - оу қар-ға сал-ған.



Ке - ше - г(і)ай Жи(ы)р-ма - ның ғой- бар ша - ғын - да ой



Біз - дер - ден құтыл-ған жоқ - е - ді О жа - н(ы)ем бар - қа - ша - ған ай.



Ой - - бар - қа - ша - ған оу - ай



Қайран жалған

созылта, әндете

Орындаған: Шаба Әленкүл
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

Со - нау а - лыс а - уыл - да - қал - (ы)ау сүй - ген жар.

Ат - та - нар - да кош дей ал - май бол - дым ғой зар

қай - ран жал - ған. Кер ба - ла - ның шө - лін - дей

құ - ла - зи - мын. Кең деу - ш(і)е - ді бұл дү - ни - е

не де - ген тар қай - ран жал - ған.

Сары алтын

көңілді

Орындаған: Дабылов Сәбит
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

Жа - на - қор - ған де - ген де оу Жа - на - қор - ған

Е - сен а - ман о - сын - дай оу жо - лық - қан - да

Құт - ты бол - сын ме - ре - кең Жа - на бол - ған Сар(ы) ал - тын.

Сүй - ген қал - кам нұ - ры - на Көң - лім тол - ған Сар(ы) ал - тын

А - тып ал - дым қо - ян - ды, Ат - қан о - ғым бо - ял - ды

Ос(ы)-нау ән - ге сал - ған - да, Қыз ке - лін - шек о - ян - ды(ы)ей.

Біздің ел

Орындаған: Жанпейісова Сәуле
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

желдірте

Біз - дің ел қай - ту - ш(і)е-д(і)ай ар - қа жай-лап ар - қа жай-лап.
Шын(ы)а - яқ ал - тын ке - сем мол дас - тар-хан мол - дас - тар-хан.

4
Теп-сең жер су шық-қан - да би - е бай-лап. Са-мау-рын саз - дың су - ы
Сұ - лу-лар құ - ю - ш(ы)е-ді кө - зі жай-нап. Е - сі - ме қай - ран е - лім

7
сар(ы) қы - зыл шәй, Сәс-ке - де ке - лу - ш(і)е-ді ә - зер қай-нап.
сен түс - кен - де, Ке - те-д(і)ай зы - ғыр - да - ным қай - нап қай-нап.

Бөпем-ай

Орындаған: Жанпейісов Нұржан
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

асықпай, әндете

А - уы-лым - ның кон - ға - н(ы)ай жа - зық е - д(і)ай

4
оу. Кө - ңі-лім - нің ән күй(і) ау жа - зы-ед(і) ай


8
оу бө - пем ай кө - кем ай Қа - дір - лі - сің

12
құр - бым ай, Қа - ді - рі - ңе же - тем - б(е)ай.

Барқытбел

Орындаған: Өбүғазы Талғат
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

орташа



5



9

қайырмасы



Ақтолғай

Орындаған: Сәдуұлы Оралбек
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

созылта, әндете




4



6

қайырмасы



9

ҚЫЗЫЛ ГҮЛ

Халық әні
Орындаған: Өсербай Ақжол
Нотаға түсірген: Еркін Шүкіман

асықпай, сезіммен

4 Қи - ын - нан ки - ын тас - к(а) - ау
Көз тарт - кан қы - зыл гүл - дей - ау


7 ки - я - ла - дым - ау, Сұң - қар - дай би - ік шың - ға
сәу - ле - та - йым - ау, Жү - рек - тен са - ғы - ныш - ты

9 ә - ри - тө - ри - тай ки - я - да - ғ(ы)ау - ай,
ә - ри - тө - ри - тай жыр ар - на - дым - ай,

13 е - - - ей. А - хоу, Қы - зыл гү - лім,
е - - - ей.

17 Сен бұл - бұ - лым. Жү - ре - тін та - ма - ша қып ә - ри - тө - ри - тай,

кел - д(і)ау кү - нім, кү - нім, е - - - ей.



Қара қия

Халық әні

Орындаған: Аманкелді Күзеубай

Нотаға түсірген: Еркін Шүкіман

жұмсақ, наздана

Ба - сы - нан қа - ра ки - я қар - ға жү - рер, Ши - қыл - дап

ка - ра жол - мен ар - ба жү - рер. Түс - кен - де

сен е - сі - ме се - нер бол - саң, Кеу - де де шық - па - ған жан

зор - ға жү - рер. Ха - лә - лә - ку - ли - ләй, ли - лә - лә - ку - ли - ләй,

ли - ләй - лил - ләй. Хә - лә - лә - ку - ли - ләй, лил - ләй - лил - ләй,

ха - лә - лә - ку - ли - ләй, ли - лә - лә - ку - лил - ләй. Кеу - де - де

шық - па - ған жан зор - ға жү - рер - ай.



Сұрмерген

орташа, көтеріңкі

Орындаған: Арысбаева Гүлсім
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

Ай - та - йын айт де - сен - дер ай - дай
О - сын - дай жай - ды бі - лер ай - дай

5 ө - ле - нім - ді ай - дай ә - ри - дай дай
9 ба - ла - лар - ға ай - дай ә - ри - дай - дай

13 Ө - лең - мен көр - се - те - йін ө - не - рім - ді ай - дай
ө - лең - мен ти - гі - зе - йін кө - ме - гім - ді ай - дай

17 ә - ри - дә - ри дай - дай ә - ри - дә - ри - дай ә - ри - дай дай А - ха - хау сұр - ша

21 мер - ген Кө - ні - лім шат - та - на - сын мұн - ша не - ден

ай - дай ә - ри - дә - ри дай - дай ә - ри - дә - ри - дай ә - ри - дай дай



ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ



Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы (1835-1865) — қазақ халқының ұлы ғалымы. Ол алғашында ауыл мектебінде сауат ашып, араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгерген. Кейін Омбы кадет корпусына түсіп, еуропалық деңгейде жан-жақты білім алды. Бұл біліктілігін халқының игілігіне жаратып, оның әдебиетін, тарихы мен этнографиялық мұрасын жинап, зерттеп, жарыққа шығарып, әлемге танытуды мақсат етті. Шәкірт шағынан бастап әкесінің көмегімен «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Едіге» жырларының алғашқы нұсқаларын хатқа түсіргі. Өзі жетекшілік еткен ғылыми экспедициялары кезінде қырғыздың «Манас» эпосын, қазақ ертегілерін, аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдерін, халық поэзиясының үлгілерін жазып алып, орыс тіліне аударып, оларға қатысты зерттеулер жазды. Олардың қатарында «Қазақ поэзиясының түрлері», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздардан», «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» т.б. еңбектері бар.



Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы (1856-1932) — башқұрт халқынан шыққан аса көрнекті этнограф, фольклортанушы. Ресей империясындағы белгілі оқу орны — Орынбор Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген соң, 1876 жылдан Түркістан өлкесіне әскери қызметке жіберіліп, бүкіл өмірін Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі, мұсылман халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнаған. Ташкент қаласында әскери-халықтық басқармада, Орта Азия университетінде, қазақ ағартушылары құрған «Талап» ғылыми-зерттеу қоғамында қызмет еткен. Эпостық жырларды, ертегілер, аңыздар, балалар фольклоры, шешендік сөздердің түрлі үлгілерін жинап, «Этнографиялық материалдар. Сырдария облысы қазақтары» деген сериямен Ташкент, Қазан, Орынбор, Астрахан қалаларындағы мерзімдік баспасөзде, ғылыми қоғамдардың басылымдарында жариялап, кейбірін орыс тіліне аударды. Өзі халық арасынан жинаған қазақ мақал-мәтелдерін «Киргизские пословицы» деген атпен 1900 жылы Ташкентте кітап етіп бастырды. Бұл кітапты толықтырып, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақал-мәтелдері» сияқты кітаптарды жарыққа шығарды.



Ілияс Жансүгірұлы (1894-1938) — ақын, қоғам қайраткері, фольклортанушы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, өз ауылында мұғалім болған. Ілияс қазақ халқының ауыз әдебиеті мен музыкалық фольклорының асыл қорынан жастай сусындайды. Көптеген жырлар мен дастандарды жаттап өседі. Жас кезінде әкесі Жансүгірдің жинаған әдеби мол мұрасы да өз жәрдемін тигізеді. 1920 жылы Ілияс ауыз әдебиеті үлгілерін жинайтын экспедицияға қатысады. Лепсі мен Қапал уездерін аралап, халық арасында ауызша сақталған тұрмыс-салт жырларын, мақал-мәтелдерді, өтірік өлеңдерді, Бақтыбайдың, Сүйінбайдың, Түбектің, Құлдың, Сараның айтыстарын жазып алды. Әсеттің әуендерін, тарихта болған адамдар мен жер-су аттарына байланысты аңыздарды қағазға түсірді. Осының бәрі өз халқының тарихын жақсы білуіне, арғысы мен бергісін салыстыруына, жеке аңызға, оқиғаға байланысты шындыққа көзін жеткізуге көмектесті. Ілиястың Ә. Диваевтың басшылығымен Лепсі мен Қапал уезін төрт айдай аралауы және осы сапарында ел әдебиеті туралы мол материал табуы ақынның өз халқына деген сүйіспеншілігін арттырды. Мәскеу қаласында «Өтірік», «Сүйінбай», «Зар заман. Албан Асан» жинақтарын жарыққа шығарды.



Марғұлан Әлкей Хақанұлы (1904-1985) — аса көрнекті қазақ ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, этнограф, тарихшы, фольклортанушы. 1940—1941 жылдары «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Жамбыл Жабаяев» т.б. еңбектері жарық көргі. 1941 жылы КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. Осы қызметте жүріп, «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта кандидаттық (1943), «Қазақ халқының эпикалық жыр-дастандары» тақырыбында докторлық диссертация (1945) қорғады. «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» (1959), «Шоқан және Манас» (1971) т.б. ғылыми еңбектер жазды. Ғалымның Орта Азия мен Қазақстан мәдениетінің тарихи тегін тануда сүбелі мұра болып саналатын 300-ден астам ғылыми зерттеу еңбектері бар.



Құрманғалиев Ғарифолла (1909-1993) — аса көрнекті әнші, педагог-ұстаз. Батыс аймағындағы Мұхиттың әншілік мектебінің көрнекті өкілі. 1934-1990 жылдар аралығында қазіргі Жамбыл атындағы Қазақ филармониясында, Абай атындағы Қазақтың опера және балет театрында дәстүрлі музыка әншісі, опера әншісі және әртісі ретінде республикалық, Кеңестер Одағының және шетелдік өнер сахналарында қазақ және басқа халықтардың халық әндерін, Батыстық және орыс опералық шығармаларын орындаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) майдан даласында қазақ және кеңес жауынгерлеріне танымал әндерді шырқап, өнерімен рух берді. 1965-1985 жылдары Республикалық эстрада-цирк өнері студиясында Мұхиттың әншілік мектебі класын ашып, дәстүрлі ән өнерінен ұстаздық етті. Әншінің орындауындағы ән жинақтары мен ұнтабақтары «Әнші Ғ. Құрманғалиев» (1984), «Ғ. Құрманғалиев. Асыл мұра» ән альбомы т.б. жарық көрген. Ол өзінің орындауындағы халық әндерінен 1940-1960 жылдары «Батыс Қазақстанның 100 халық әні», «Қазақтың 40 халық әні» (1947) қолжазба жинақтарын жаздырған.



Ерзакович Борис Гиршевич (1908-1997) — музыка зерттеушісі, композитор, қазақ музыка өнерінің тарихы туралы іргелі еңбектердің авторы. 1931 жылдан бастап ол қазақтың халық музыкасын жинап, зерттей бастады. Ғалымның зерттеуінде қазақ музыка мәдениетінің барлық түрі мен бағыты қамтылған. Абайдың және халықтық кәсіби әнші-композиторлар: Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ және басқалардың шығармаларын қамтитын музыкалық-этнографиялық жинақтар жазды. Ерзакович ғылыми-зерттеу жұмыстарын композиторлық-шығармашылық және ұстаздық-педагогтік қызметтерімен ұштастырды. Қазақ ән жазуы жанрларының классификациясын жасап, музыкаға енген эпикалық және тарихи аңыздардың түрлерін анықтады, қазақ ән әуендерінің ұлттық өзіндік ерекшелігін теориялық тұрғыдан негіздеп, көптеген халық композиторларының шығармаларына сипаттама берді. Халық әндерін түрлі оркестр, ансамбльдер мен жеке дауысқа лайықтап нотаға түсірді. Нота үлгілері Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған.



Тілеужанов Мәтжан (1927-1995) — филология ғылымдарының докторы, профессор, халық мұраларын жинаушы. Орал педагогикалық институтында оқып, 1950 жылдан өмірінің соңына дейін осы оқу орнында оқытушылық қызмет атқарды. Қазақстан Ғылым академиясының аспирантурасында дәріс тыңдап, кандидаттық (1957), кейін докторлық (1982) диссертациялар қорғады. Институт қабырғасынан «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ашып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар фольклорлық-этнографиялық мұраларды, ауыз әдебиеті үлгілерін, араб, латын жазуымен басылған сирек кітаптар мен қолжазбалар жинаумен айналысты. Ғылым саласында да өнімді еңбек етіп, халық әдебиетіне байланысты «Дала дауысы», «Дала мұңы», «Дала арулары», «Сырым Датұлы туралы», әдебиеттануға қатысты «Астарлы әзіл», «Ел әдебиеті», «Халық тағылымы», әдістемелік құрал, оқулық ретінде «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі сатиралық шығармалардың көркемдік үйрімдері», «Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі юморды оқыту жөніндегі методикалық ұсыныс», «Сатира мен юморды мектепте оқытудың кейбір мәселелері», «Сырым Датов және оның шешендік сөздері», «Қазақтың халықтық педагогикасының кейбір мәселелері» т.б. зерттеу еңбектерін жазды.



Бекмұрат Уахатов (1932-1984) — әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы. Б. Уахатов әдебиеттану ғылымында, әсіресе оның фольклортану саласында тыңғылықты зерттеу жүргізіп, зор табыстарға ие болды. Қазақ ауыз әдебиетін жинау, таныстыру, зерттеу турасында жиырма жылдан астам еңбек етті. Ғылыми еңбектері қазақ фольклорының өзекті мәселелеріне және қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани мол байлығының бірі — халық өлеңдерін жинап, зерттеуге арналған. «Қазақтың халық өлеңдері» монографиясында өлеңдер әдеби этнографиялық тұрғыдан зерттеліп, оның сан ғасырлық тарихы, алғашқы шығу, таралу тегі түр-түрге бөлініп тексеріледі. Ғалым кезінде Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған көптеген фольклорлық экспедицияларға қатысып, «Арқалық батыр», «Мырзаш батыр», «Бақтияр», «Қойеке-Көмеш батыр», «Бозжігіт», «Қабанбай батыр» сынды қомақты жырлар жинаған. Б. Уахатов «Қазақ фольклористикасы», «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақтың тарихи жырлары», «Жар-жар», «Пернедегі термелер», «Ақындар жыры» ұжымдық еңбектердің жауапты шығарушысы әрі авторы болды.



Төреқұлов Нысанбек (1921-2009) — филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы, халық мұрасын жинаушы. Ол Түркістан облысы Бәйдібек ауданының Досан ауылында туған. Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика факультетін бітіріп, 1961 жылдан бері М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ғылым жолында қазақ кеңес әдебиетінің тарихы, қазақтың айтыс өнері туралы, Жамбылдың шығармашылығы мен өмірбаяны жөнінде, қазақтың шешендік өнері, билері мен шешендері туралы еңбектер жазды. Олардың арасында «Қазақтың қанатты сөздері», «Современный казахский фольклор», «Қырық хикая», «Жүз жасаған бәйтерек», «Алатау асқарынан жыр асырған», «Қазақтың жүз шешені» (1-4 кітаптар), «Даланың гара ділмарлары» (1-2 кітап), «Ғұмырнамалық баян» т.б. еңбектері бар. Әр жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық әдебиеті үлгілерінің мол қорын жинауға, оларды жүйелеп, зерттеуге үлес қосты.



Сейдімбек Ақселеу (1942-2009) — филология ғылымдарының докторы, профессор, фольклортанушы-этнограф, жазушы. Ол Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Ақсу елді мекенінде дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, ұзақ жылдар «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде меншікті тілші, «Орталық Қазақстан», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде, «Зерде» журналында жұмыс істеді. Кейінгі жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, Ы. Алтынсарин атындағы Білім академиясында, ҚР Тұңғыш Президенті Мәдени орталығында, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде түрлі лауазымды қызметтер атқарды. Фольклортану ғылымында да өзекті мәселелерді көтеріп, «Қазақтың дәстүрлі халық лирикасындағы қара өлең жанры» (1989), «Қазақтың күй өнері» (1998) тақырыптарында кандидаттық, докторлық диссертация қорғады. Отызға тарта көркем, ғылыми-көпшілік және монографиялық еңбектер жазып, әлем классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Олардың арасында «Қыр хикаялары», «Алпамыс батыр», «Серпер», «Күңгір-күңгір күмбездер», «Мың бір маржан», «Қазақтың әйгілі күйшілері», «Балталы, Бағаналы ел, аман бол», «Күй шежіре», «Көшпелілер тарихы», «Ойтолғақ», «Қазақ әлемі», «Қазақтың ауызша тарихы» т.б. көрнекті еңбектері бар.

СУРЕТТІ СӨЗДІК

МАЛШАРУАШЫЛЫҒЫ



Малшаруашылығының қалыптасуы неолит дәуірінен бастау алады. Орта Азияда б.з.д. VIII-VII мыңжылдықтарда қой (муфлон) мен ешкінің (уриал) үй жануарына айналғаны археологиялық, зоологиялық зерттеулердің нәтижесінде дәлелденді. Қола дәуірінде кешенді малшылық-егіншіліктің отырықшы шаруашылығы қалыптасты. Дегенмен, далалы өлкелерде үй маңы шаруашылығынан жартылай көшпелілікке, кейін б.з.д. I мыңжылдықта бірыңғай көшпелілікке ұласып, малшаруашылығының рөлі артты. Б.з.д. V-IV ғасырларда жылқы қолға үйретіліп, үй жануарына айналды. Сәл кейінірек түйе де көлік ретінде пайдаланылды.

Көшпелілердің жылқыны қолға үйретуі адамзаттың экономикалық-әлеуметтік, әскери мәселелерінің дамуын жеделдетті. Халықтардың қарым-қатынастарының, сауда-саттықтың, әскери өнердің қарқындап жетілуіне, материалдық игіліктердің түрленуіне оң әсерін тигізді. Мысалы, атты мініс көлігі ретінде пайдаланған кезеңде көшпелілер әлемде алғаш рет атқа минуте ыңғайлы шалбар ойлап тапты. Кейін етік, ер мен үзеңгі сынды құндылықтарды өмірге әкелді.

Қазақтар мекендеген өлкелер көшпелі тіршіліктің негізгі көзі — малшаруашылығы кәсібімен айналысуға қолайлы. Оның еңбек тәжірибесі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мінез-құлқы т.б. рухани болмысы осы кәсіпке негізделген. Ұлы далаға нәр беріп, малшаруашылығының өркендеуіне

жағдай жасайтын өзен-сулар, теңіз-көлдер жеткілікті. Таулы, далалы, шөлейтті зоналар мен белдеулерді алып жатқан Қазақстан аумағында малшаруашылығына негізделген көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы дәстүр қалыптасқан. Кейінгі кезеңдерде жартылай көшпелі малшаруашылығы тұрақтап қалғандықтан, қой-ешкінің, жылқы мен ірі қараның үлес салмағы артты.

ЕГІНШАРУАШЫЛЫҒЫ



Егіншілік мәдениетінің дәстүрлі ошақтары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе Сырдария, Арыс, Шу, Талас өзендері бойында шоғырланды. Қаратаудан басталатын өзендердің аңғарларында, Ұлытау төңірегінде, Атбасар даласында да қалыптасты. Оңтүстік өңірлерде егіншілік суармалы болды. Атап айтқанда, Сырдарияға жақын жатқан өңірлердегі егіс алқаптары тарамды каналдар мен арықтар жүйесі арқылы суғарылды. Моңғол шапқыншылығы кезеңінде қираған Сығанақ қаласы кейін қайта көтеріліп, XIV ғасырда Ақ Орданың астанасына айналды. Бұған Түркістанның отырықшы егіншілік аумағы Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі аудандарымен шектесетін жерінде қолайлы орналасуы әсер етті.

Егіншіліктің тағы бір өріс алған жері Ясы қаласының маңы болды. Бұл жер астық өнімдерімен, бау-бақшасымен өз мұқтаждығынан тыс көрші қалаларды да қамтамасыз етті. Отырар, Сауран, Сайрам жазиралары да егіншіліктің ірі ошақтары болды. Сайрам қорғанының ішіндегі алқапта бау-бақша өсірілді, ал қорған сыртында дәнді дақылдар егілетін көлемді егістік жерлер пайдаланылды.

Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара қатынастары қазақ халқының этникалық даму процесінде маңызды қызмет атқарды. Егіншілік

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірінде зор шаруашылық маңызға ие болды. Қала тұрғындарының кәсіпшілігіндегі егіншіліктің кең түрде орын алғанына археологиялық қазба жұмыстарында табылған ұралар, аулалар, қоймалар және малға арналған қора-қопсылар айқын дәлел бола алады. Орта ғасырлардағы қала тұрғындарының өмірінде қосалқы егіншілікпен айналысу маңызды рөл атқарды. Тұрғындар қала сыртында өңделетін жеке жер телімдерін иеленіп, жаз айларында сонда қоныс аударып отырған.

Алайда XVI – XVII ғасырларда Қазақстан аумағының көпшілік бөлігінде егіншілік нашар дамыған еді. Себебі бұл кәсіппен малы аз, кедей қазақтар ғана шұғылданды. Кедейленген «жатақ» немесе «отырықшы» деп аталатын әлеуметтік топтар малы көбейе бастағанда көшпелі мал-шаруашылығына қайта оралып отырды. Өйткені, малшылардың көшіп-қону мүмкіндігі оның ауқаттылығының белгісі ретінде танылды. Әдетте, егіндіктер қыстаулардың маңайына орайластырылды. Дәулетті адамдар жайлауға шыққаннан кейін, қыстаудағы жерді өңдеу, егісті күту, баптау, орып, бастыру жұмыстары ыңғайлы болды. Қазақ диқандары негізінен тары, ішінара бидай, арпа, жүгері егуге машықтанды. Егіншілікке қажетті еңбек құралдары өте қарапайым, өздері дайындап алуға ыңғайлы заттардан жасалған. Астықты қырмандада ат тұяғымен, кейде арнайы тоқпақтармен, тұлық таспен бастырды.

САЯТШЫЛЫҚ



Ежелгі дәуірде тіршіліктің көзі болған аңшылық кәсіп кейіннен шаруашылықтың қосалқы түріне айналды. Қазақтар үшін тазы жүгіртіп, құс салу кәсібі сөйілдік мәнге ие болды. Енді дала тағылары мен аңқұстардың етін, терісін, жүнін т.б. өнімдерін шикізаттық, емдік мақсатта пайдалану қолға алынып, аң аулауда дәстүрлі жаңа тәсілдер

қолданылды. Қазақ саятшылары аңды садақ, қақпан, тұзақ, айбалта, сойыл, шоқпар секілді құралдармен аулады және бұл салаға бүркіт, қаршыға, сұңқар, лашын, ителгі секілді жыртқыш құстарды, тазы иттерді де баулып, қосты. XVIII ғасырдан бастап бұл қатарға «от қару» — мылтық та кірді. Сондықтан қазақтың ер серігі қатарына жақсы аты, қыран бүркіті, алғыр тазысы, бес қаруы жатқызылады.

Қазақ қоғамында құс салып, ит жүгіртіп саятшылық құру үлкен мәртебе саналды. Жақсы бүркіттің құны 5 — 6 түйеге бағаланды. Құсбегілер бүркітті негізінен қоянға, түлкі мен қарсаққа салғанымен, кейбір қыран бүркіттер қасқыр, елік, арқар сияқты үлкен аңдарға да түсетін еді. Қансонарда (қараша соңынан ақпанға дейін) тәжірибелі бүркітшінің 30 — 60 түлкі, 20 — 25 қасқыр алатын кездері де болған. Кәнігі құсбегілер құсты баптау, баулу сияқты өнерді жақсы меңгерді. Ұшқыр тазы иттерді ұстап, баптап, аңға қосу да үлкен шеберлікті қажет етті. Күн райын таңдамайтындықтан, тазымен аңға шығу көбіне күз бен қыс айларында жүзеге асырылды. Аңшы иттерді мүмкіндігінше түлкі, қоян, борсық, қасқыр, киік секілді дала аңдарына қосты. Тазы мен бүркітті қатар салудың ұтымды жақтары мол болды. Мұндай жағдайда ит тасадағы аңды ашыққа қуып шығарып, бүркіттің қиындықсыз ілуіне мүмкіндік туғызады.

Аңшылар от қаруларды құлан, киік, ақбөкен, марал, бұғы тәрізді ірі аңдарды атуға пайдаланды. Ең қауіпті аңшылық — жолбарыс аулау болып саналды. XIX ғасырда бұл жыртқыш Арал теңізі мен Балқаштың оңтүстік жағалауында, Іле өзенінің аумағында тіршілік етті. Оның бағалы терісі басын қатерге тіккен аңшының еңбегін өтеп қана қоймай, қомақты пайда да түсірді. Себебі қымбат аң терілері асыл бұйым болумен қатар сауда-саттық жағдайында айырбасқа жүретін ақша қызметін де атқарды.

ШИКИЗАТ ӨНДЕУ ӨНЕРІ

Тас қашау. Бұл кәсіптің төркіні ежелгі дәуірлерден бастау алады. Сондықтан қай заманда да дән үгетін қолдиірмен мен оның тасын, астық бастыратын шаңтас, тас астау, ұршық басы, бейіт басына қоятын көктас, құлпытас, қойтас деп аталатын және мүсінтас, сынтас сынды ескерткіш белгілерін жасайтын шеберлерге жоғары сұраныс болды. Шеберлер жазу немесе бедер салуға қолайлы тас түрлерін таңдап, олардың беттеріне заманына сай белгі



қалдырып отырған. Әсіресе таулы жерлердің қойтастары, өзен-судың малта тастары, теңіз орнындағы ұлутастар кеңінен пайдаланылған. Қазақстанның батыс өңірлерінде жиі кездесетін аса терең шыңырау құдықтардың қабырғасын таспен өріп, аузына тастан қашалған әйкелдер орнатқан. Асыл тастарды түрлі пішінде өңдеп, әйелдердің әшекей-сәндік бұйымдарына қондырған. Жүзік пен білезіктің бетіне, ердің алдыңғы қасына қондырылған бағалы тастардың қатарында гауһар, маржан, ақық т.б. көзтас бар.

Тері өңдеу. Көші-қон кезінде алып жүруге ыңғайлы, тұрмыс қолданысына төзімді болатындықтан, кейбір ыдыстар, тұрмыстық заттар, үй жиһаздары теріден жасалды немесе терімен қапталды. Төрт түліктің өңделген терісінен саба, қауға (су таситын, су тартатын шелек), көнек, мес (сүт, сусын құятын ыдыс), торсық т.б. жасалды. Қозы, лақ терісінен де сусынға арналған жеңіл торсықтар істелді. Аттың ертоқымына, жүген-ноқтасына, байлап-бекітуге қажетті бөлшек заттарды, арқан, шылбырды да тері өңдейтін шеберлер әзірледі. Тері өңдеушілер зергерге тапсырыспен жасатқан күміс құймалар, шытыраларды ертоқымға, жүгенге, өмілдірік-құйысқанға бекіту, әшекейлеу жұмыстарын да атқарады. Қайыстан қамшы таспасын тіліп, өретін шебер *өрімші* деп аталды. Олардың қолынан *өрмежүген*, *өрмеарқан*, тіпті *өрмесаба* сияқты өнер бұйымдары да әзірленді.




Жүн өңдеу. Жүн өңдеу, киіз басу — дәстүрлі машық пен шеберлікті қажет ететін күрделі өнердің бірі. Қой түлігі жылына екі мезгіл қырқылып, жүн алынады. Оның алғашқысы көктемнен басталып, малдың *жабағы жүні* түсе бастағанда жинап алынады, екіншісі жүн толық жетілген күз кезінде қырқылып, *күзем жүні* алынады. Олар жіп иіру, арқан, бау-шу есу үшін пайдаланылады. Иірілген жіптен кілем, тұрмыстық бұйымдар мен үй бұйымдары тоқылады. Олардың қатарында *қоржын*, *керме*, *дорба*, *аяққап*, *тең*, *боғжама* т.б. бар. Жүннен басылатын кілем

мен сырмақ, текемет, откиіз көшпелі тұрмыс-тіршілікке аса қажетті үй жасаулары — күнделікті төсеніш, сәндік бұйым. Олар сан түрлі ою-өрнегімен, ұлттық нақышымен, әрқилы бояуымен үй ішіне айырықша көрік береді. Киіз үй жабындары саналатын — туырлық, үзік, түндік (төбекиіз) пен іргелік киіздері үйдің сәніне қарай бірыңғай ақ жүннен немесе қара, қызыл жүннен арнайы басылады. Соған байланысты киіз үй ақ орда, боз, қараша үй сияқты атауларға ие болған.

Сүйек, мүйіз өңдеу. Сүйек пен мүйіз өңдеу де қазақтың байырғы әрі дәстүрлі өнерінің санатына жатады. Шеберлер бұл шикізат өнімдерден бұйым жасауда халықтың наным-сенімінен кең орын алған мал мен жануарлардың сүйектері мен мүйіздерін пайдаланған. Ағаштан жасалатын мүліктерді сүйекпен әрлеу — қазақтың ертеден келе жатқан көркемөнерінің түрі. Сүйектен ойып өрнек салушылар *сүйекші*, *шебер* деп аталды. Сүйек пен ағаш пайдаланылатын тұрмыстық бұйымдардың, үй жиһаздарының, ат ер-тұрманы мен әбзелдерінің, музыкалық аспаптардың беткі жағы безендірілген. Әсіресе сандық, кебеже, төсек ағаштардың алдыңғы беттері айрықша талғампаздықпен әшекейленген. Мүйізден насыбай шақша, пышақ пен қылышқа сап т.б. жасалған.



КИІЗ ҮЙ



1. Шаңырақ. 2. Уық. 3. Кереге. 4. Сықырлауық — Есік. 5. Түндік.
6. Үзік. 7. Туырлық.

Киіз үй — ағаш пен киізден жасалатын жылжымалы баспананың түрі. Оның көлеміне, киізінің түсіне қарай *ақ орда*, *ақ үй*, *ақбоз үй*, *қара үй* сияқты түрлері кездеседі. Құрылымы материалдық ерекшелігіне байланысты *сүйегі (қаңқасы)* және *жабуы* болып екіге бөлінеді. Сүйегіне *кереге*, *уық*, *шаңырақ*, *есік (сықырлауық)* кіреді. Жабуды құрайтын *туырлық* — керегенің іргесінен уықтың қарына дейін; *үзік* — кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты; *түнгік* — шаңырақты; *киіз есік* — *сықырлауықты (есікті)*, *іргелік* — туырлық етегін жауып тұрады. Киіз үй көлемі кереге (қанат) мен оның уық байлайтын басының санымен есептеледі (60 — 80 басты — қара үй, 200 басты — ақ орда т.б.). Сүйегін бір-бірімен байланыстыру, сыртқы жабдықтарын бастырып тұру мақсатында бау-құрлар қолданылады. Киіз үйдің есігі шығысқа қаратып тігіледі. Себебі көне түсінік бойынша үйге енетін алғашқы қонақ — күннің сәулесі кедергісіз түсуі тиіс. *Шаңырақ* — отбасылық қасиетті символ. Әке-шеше үйіне мұрагер болып қалған кенженің үйі — *қарашаңырақ* аталады. Шаңырақтың ортасындағы күлдіреуіштің төрт бөлігі әлемнің төрт бұрышын көрсетіп тұрады. Ежелгі көшпенділер күндіз шаңырақтан түскен жарықтың үй бөліктеріне түсуіне, түнде күлдіреуіштен жұлдыздардың көріну өзгерістеріне қарап, жыл мезгілдерінің амалдарын есептеп, ауа райын болжап отырған.

Киіз үйдің ішкі аумағы бірнеше бөлікке бөлінеді. Кіре беріске қарама-қарсы жақ төр деп саналады. Ол — құрметті қонақтарға арналған орын. Үйдің төрден қарағандағы оң жағы — ер адамдардың, сол жағы — әйелдердің орны болып табылады. Киіз үйдің ортасына ошақ орнатылады. Қазақ қоғамында от қасиетті саналатындықтан, оның орнын баспай, айналып өтеді. Өйткені тіліміздегі *отбасы* ұғымы «түтін түтетіп, қазан көтерген» деген түсініктермен тығыз байланысты.

ҮЙ ЖИҢАЗДАРЫ

Қазақтың үй мүліктері мен жиһаздары көшпелі тұрмысқа лайықталған түрлі материалдан әзірленген. Үй мүкәмалдарында олардың тұтынудағы практикалық маңызымен қатар халықтың көркемдік талғамы мен сан ғасырлық бай тәжірибесі көрініс тапқан. Киіз үй бітіміне, көшпелі тұрмыс ерекшелігіне сәйкес үй жиһаздары көп орын алмайды және көші-қонда алып жүруге қолайлы болып келеді. Киіз үйдің дөңгелек бітіміне байланысты өзіне ғана тән ішкі бөліністері қалыптасқандықтан (ошақ, төр, оң жақ, сол жақ, босаға), осыған негізделіп үй мүкәмалдары орналастырылады. Қастерлі орын — төрде үй жиһаздарының басты бөлігі орналасады.

Үй жиһаздары — *сандық*, *жағлан*, *кебеже*, *жүкаяқ*, *әбдіре*, *асағал*, *төсек*, *жастықағаш*, *қолсандық*, *шайсандық*, *қобдишалармен* қатар

төсеніш бұйымдары — *кілем, текемет, алаша, сырмақ, құрақкөрпе, жержастық* және заттарды, ыдыс-аяқ пен оларды сақтайтын, тасымалдайтын бұйымдар — *керме, кесеқап, аяққап, қоржын* сияқты негізгі түрлерге бөлінеді. Ерекше сәнмен жасалған *желбау, басқұр-баулар, тұс-киіздер* үй ажарын ашып, айрықша рең бере түседі.



Жиһаздар қатарында сәндік, әсемдік жағынан *кілемнің, алашаның* орны ерекше саналады. *Сырмақ* — көне дәуірден келе жатқан көшпелілердің материалдық мәдениетінің озық жетістіктерінің бірі. Оның «шайсырмақ», «маяуза» деген шағын түрлері де кездеседі. Төсеніштердің арасында *текеметтің* сыз, ылғал өткізбейтін ерекше қасиеті бар.

Тұтынуға қолайлы әрі сәндік маңызы бар бұйымдардың бірі — *сандық*. Ұсақ-түйек бұйымдар мен әшекей-зергерлік бұйымдарын сақтайтын кішкентай сандықты — *шайсандық*, көлемділеуін *әбгіре (абдыра)* деп атайды. Ас-тағам, ыдыс-аяқ сақтауға арналған жиһаз — *кебеже*, оның тағы бір биіктеу түрі — *асагал*. *Жұкаяқты* буылған тең, қатталған, бүктелген сырмақ, көрпе-жастық, кебеже, сандық сияқты заттарды жинау үшін пайдаланады. Себебі оның үстінде тұрған бұйымдар жерден көтеріңкі тұрғандықтан, дым тартып, көгермейді. Ағаш төсек те үйге сән беретін, аса қажетті жиһаздардың қатарына жатады. Қазақ төсегінің екі басы қайқылау болып келеді. Ағаш төсектерге салынатын арнайы *сырмақтар*, оның тұсына қойылатын *агалбақан*, ілінетін *тұс-киіз*, тоқылған, кестеленген *төсекжапқыш, төсекаяқ, керме, шымылдық* сияқты бұйымдар үй ішінің ажарын аша түседі.

АС-ТАҒАМДАР



Қазақтың ас мәзірі негізінен мал өнімдері — ет, сүт тағамдарынан құралады. Ал егін өнімдері — астық, көгөніс, жеміс-жидектер қосалқы шикізат ретінде пайдаланылып, ұлттық тағамдарды толықтырып отырады. Дегенмен, егіншілікті ежелден кәсіп етіп келе жатқан оңтүстік өңірлерде тағам өнімдерінің бұл екі құрамы да сақталып қалған.

Ет тағамдары. Етті пісірудің тәсілдері мол. Оның кеңінен тарағандары — суға қайнатып дайындау, майға қуыру, отқа қақтап не қарып пісіру. Сақтаудың кептіру, қатыру, сүрлеу (қақтау), ыстау, боршалау т.б. түрлері қалыптасқан. Малдың етін өзінің терісіне немесе қарнына салып, қазылған шұқанаққа көміп, үстіне от жағу арқылы пісірілген тағамдар *көмбе, жеркөмбе, сірне, жаубұйрек, сырбаз* т.б. аталады.

Табақ тарту — дастарқан басындағы адамдардың (қонақтардың) әлеуметтік, жастық, жыныстық, туыстық қатынасына қарай тиесілі мал етінің кәделі, сыбағалы мүшелерін бөлудің ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген нормалары. Қазақта *бас табақ, сыйтабақ, орта табақ, аяқтабақ* деген түрлері, әлеуметтік маңызына байланысты *құдағи, күйеу, қыз, келін, жерік, соғым* т.б. табақтар тартылады. Негізгі кәделі мүшелер — бас, жамбас, асықты жілік.

Сүт тағамдары. Бұл тағамдарды халық ерекше қастерлеп, құт-береке, несібе-ырыс ретінде танығандықтан, «ақ», «ағарған» деп жанама атаумен атауға тырысқан. Ашыту, пісу, ұйыту, іріту процестері барысында сүттен: *қымыз, шұбат, айран, сарымай*; сүзу арқылы: *қатық, сүзбе, құрт*; ірітіп қайнату негізінде: *ақ ірімшік, қызыл ірімшік, ежегей* сияқты тағамдар дайындалады. Піскен сүттің үстіңгі қабаты — *қаймақ*, шикі сүттің беті *кілегей* деп аталады. Сусын ретінде айран мен шұбатқа су қосып — *шалап, қымыран*, қатыққа сүт араластырып, *қойыртпақ*

өзірленеді. Қымыз — аса қастерлі сусындардың бірі. Оның ашытылу уақытына қарай: *саумал, қымыз, дөненқымыз, бестіқымыз, асауқымыз*; дайындалу ерекшелігіне орай: *балқымыз, тосапқымыз* деген түрлері бар.

Астықтан жасалатын тағамдар (қоспа, аралас). Қазақ халқы табиғат байлығын ежелден-ақ ұтымды пайдалана білген. Егіншіліктегі ең алғашқы дәнді дақыл деп танылатын тарыдан сан алуан тағам түрлері өзірленген. Егіншілікпен айналысып, бау-бақша өсірген кезден бастап нан, жеміс, көгөніс тағамдары тұрақты мәзірден орын алды. Кеңінен пайдаланылатын дақылдар — *тары, арпа, бидай, күріш*. Қуырылған тарыға қызыл ірімшік, қант пен май қосып дайындайтын *жент* — жеңіл әрі аса құнарлы ұлттық тағам болып саналады.

Қазақ жерінде кеңінен таралған жеміс түрлері: *қарақат, қызылқат, тошала, бұлдірген, алма, алмұрт, жүзім* т.б. Оңтүстік аймақтарда *қауын-қарбыз, сәбіз, қызылша* мен өсімдік майлары мол тұтынылады. *Картоп мен қызанақ* — қазақтың ас мәзіріне кейін қосылған бақшалық өнімдер. Сарымсақ, шисарымсақ, усарымсақ, пияз бен жуаның түрлерін ет тағамдарының тұздығы мен сорпасын дәмдендіріп, құнарландыру үшін қолданады.

ЫДЫС-АЯҚ



1. Шелек. 2. Жанторсық. 3. Тайқазан. 4. Күбі. 5. Дорба. 6. Көнек. 7. Астау. 8. Торсық. 9. Зерен. 10. Қымыз ыдысы.

Аяқ — дәстүрлі ортада тамақ салынып, жеке адамның тұтынуына арналған шағын ыдыстың түрі. Ол *ыдыс* ұғымымен қосылып, ас-тағам

өзірлеуге, тұтынуға арналған барлық құралдың жалпы атауын білдіреді. Ыдыс-аяққа: *тостаған, аяқ, табақ, шара, тегене, ожау, шөміш, саптыаяқ, қазан* т.б. заттар жатады. Кейде *аяқ-табақ, қазан-аяқ, шыны-аяқ* ұғымдары да қолданылады. Сол себепті киіз үйдің ыдыс-аяқтар тұратын сол жақ бөлігін *қазан-аяқ жақ, қазан жақ* деп те атай береді. Тар мағынадағы ыдыс-аяқ тек тағам өзірлеуге, өңдеуге, тұтынуға, сақтауға қажетті үй жабдықтарының бір тобын ғана құрайды. Ал *ыдыс* ұғымының ауқымы кеңдеу болып келеді. Оған сұйықтық құюға, өңдеуге, әртүрлі бұйымдар салып сақтауға және оларды тасымалдауға арналған жабдықтардың түрлері кіреді. Ыдыстар мен ыдыс-аяқ түрлері, өзіндік ерекшеліктері табиғи-климаттық жағдайларға, халықтың тұрмысына, шаруашылығы мен кәсібіне, шикізат көздеріне тікелей байланысты. Оларды жергілікті шеберлер тері, ағаш, металл шикізаттарынан дайындаған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында мыстан, жезден, қалайыдан, шойыннан, темірден және күмістен металл ыдыстар мен ыдыс-аяқтар жасалған немесе сауда-саттық қатынастары негізінде сатып алынған. Олар: *қазан, тегене, табақ, таба, бақыраш, шөміш, ожау, кепсер (кәкпір), шәугім, самаурын, аққұман, жез құмған, кесе* т.б. Қазан — молшылық пен берекенің символы.

Теріден жасалатын ыдыстар мен ыдыс-аяқтар: *көнек, саба (піспегімен), торсық, бұлқыншақ, мес, сүйретпе, шелек, дүңгіршек* т.б.

Ағаштан (қауақтан) жасалатын ыдыстар мен ыдыс-аяқтар: *аяқ, шара, аяқ, шара, зерен, саптыаяқ, тостаған, тегене, табақ, астау, керсен, шөміш, ожау, қасық, ағаш шелек, күбі шелек* т.б.

Қыштан (ежіре) жасалатын ыдыс-аяқтар. Бұл материалдан жасалатын кесенің кішкене түрі шай ішуге, үлкені қымыз, сусын, сорпа ішуге пайдаланылады. Фарфор ыдыс-аяқтар *кәрген (кәрлен)* деп аталады. Дән сақтауға, су құюға арналған *құмыра*, шам орнатылатын *шамгал* сияқты мүліктер қыштан дайындалады.

ҚОЛӨНЕР

Халық қолөнері — бағзы замандардан бергі ұлы даланы мекен етіп келе жатқан ру-тайпалардың заттық және көне мәдениетінің дәстүрлі жалғасы. Оның дамуы қазақ қоғамының көшпелі өмір салтымен, әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, ұлттық санасымен, тарихи үрдістерімен тығыз байланыста өрбіді. Халықтың этномәдени келбетін айғақтайтын факторлардың бірі болып саналатын қолөнер туындыларында халықтың байырғы дүниетанымы, символикалық, эстетикалық талғамы ою-өрнек түрлері мен бедер-бейнелер арқылы көрініс тапты. Кәсіпшіліктегі қолөнер бұйымдарының жасалуы қоғамдағы еңбек

бөлінісі мен оны атқару тәсіліне байланысты өрістеп отырған. Ұлттық қолөнер сипатына қарай *ұсталық, зергерлік, ағаш, тері, сүйек өңдеу, тас қашау, жүн және киіз өңдеу, тігіншілік, кестелеу, кілем тоқу және термелеу, ши тоқу* т.б. түрлерге бөлінеді.



Табиғи заттардан жасалған бұл бұйымдар қазақтың күнделікті тұрмысына қолданылатын болғандықтан, көші-қонға бейімделіп жасалады, ыңғайлы әрі жеңіл, ұзақ тұтынуға төзімді болып келеді. Қазақ шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың тамыры терең, ежелден келе жатқан көне мәдениеттің дәстүрлі жалғасы ғана емес, байырғы наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа байланысты туындағаны белгілі. Бұл кәсіп еңбек бөлінісіне қатысты шартты түрде ерлер және әйелдер қолөнері болып екіге бөлінеді. Алайда, көп күш-қайратты қажет ететін киіз басу ісіне бозбалалар мен жігіттер де қолғабыс еткен.

Ағашшылық өнер. Ағаштан жасалған бұйымдар төзімді, жеңіл әрі күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолдануға ыңғайлы болады. Бұл өнермен *ағашшылар* немесе *ағаш шеберлері, ұсталар* айналысты. Олар тұрмыстық заттардың беттеріне түрлі ою ойып, өрнек, бедер салып, безендіріп отырды. Бұл бұйымдардың қатарында: *сандық, кебеже, асадал, абажа, адалбақан, сөре, жүкаяқ, жастықағаш* т.б. кездеседі. Ағаштан өңделіп, түрлі түсті



ою-өрнекпен әспеттеліп, боялып жасалатын мүліктердің ішінде көші-қон кезінде шыны-аяқтарды сақтау үшін қолданылатын *кесеқап*, ыдыс-аяқтардан: *тостаған*, *аяқ*, *саптыаяқ*, *тегене*, *астау*, *күбі*, *сабаның піс-пегі*, *келі-келсап* сияқты заттар бар.


Қазақ қоғамында киіз үй сүйегін (кереге, уық, есік (сықырлауық), шаңырақ) жасайтын шеберлер ерекше бағаланды. Өйткені ақ ордадан бастап қара үйге дейін көлемі әркелкі болып келетін үлкенді-кішілі киіз үй ағашын әзірлеу асқан дәлдік пен шеберлікті талап етеді. Мысалы, жасалатын әр үйдің көлеміне сәйкес керегенің өлшемі, уықтың ұзындығы, шаңырақтың тоғасы тәрізді пропорциялар қатаң сақталуы тиіс. Олай болмаған жағдайда киіз үй тым шошақ немесе жатаған болып қалады.

Қолөнер саласында ер-тұрман үлкен шеберлікпен жасалды. Ежелден көшіп-қонып, мал бағуды кәсіп еткен қазақ үшін көліктің негізгі түрі жылқы болғандықтан, қазақ өмірінде ер-тұрман жабдықтарының да алатын орны ерекше.

Ұсталық-теміршілік өнер. Темірден түрлі бұйым жасайтын шебер *ұста* деп аталады. Ерте кезде *темірші*, *темір ұстасы* деген атаулар да кеңінен қолданылды. Ұсталар тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында пайдаланылатын құрал-саймандар, жекелеген ұсақ бөлшек заттар жасады. Олар көбіне пышақ, таға, орақ, шалғы, кетпен, балта т.б. соғу, аттың ер-тұрманына, жүгеніне, тартпасы мен құйысқанына қажетті — ауыздық, үзеңгі әзірлеу сияқты жұмыстармен де шұғылданды. Сондай-ақ темір ұсталары тұрмыста қолданылатын береке символы саналған шойын қазан құйды, таған, ошақ, мосы әзірледі, тесілген, жарылған металл ыдыстарды жамаумен де айналысты.



Ілкі замандарда металл балқытып, жаңа бұйым өндіретін шеберлер, яғни ұсталық өнер халық арасында жоғары бағаланды. Отпен жұмыс істеуіне байланысты ұсталар от киесі дарыған ерекше адамдар ретінде саналды. Ұстаның шеберханасын от иесі Дәуіт пайғамбардың есімімен байланыстырып, киелі орын деп есептеп, *дүкен*, *ұста дүкені* деп атады. Шыңдалған металдан жасалған тұрмыстық заттар соғылатын *төс* пен *ұста балғасы* да киелі бұйымдардың қатарына жатқызылды. Сондықтан оларды кез келген адамның ұстауына тыйым салынды.



1. Салпыншақ. 2. Жүзік. 3. Білезік. 4. Құсмұрын жүзік. 5. Тұмарша. 6. Сырға. 7. Қапсырма. 8. Сырға. 9. Алқа.

Зергерлік өнер. Ұлттық мәдениет тарихында ерекше орын алатын қазақтың зергерлік өнері мыңдаған жылдардың тереңінен тамыр тартады. Шеберлер күмісті сымдай созып, қақтап, шекіп, құйма жасап, өрнек салып, көз қондырып безендірген. Зергерлер қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған әшекей бұйымдар жасады. Олар тек эстетикалық сұраныстан ғана емес, діни-идеологиялық, әдет-ғұрыптық, салт-дәстүрлік қажеттіліктерден де туындады. «Әшекейлердің тіл-көзден сақтайтын қасиеті бар» деген түсініктер де қалыптасқан. Қазақ асыл тастарды көз деп атайды. Себебі белдікке, ертұрманға, әшекейге салынған әрбір тас бәрін көріп, бағып, қорғап тұратын сиқырлы күш ретінде танылды. «Адамның назары, сұғы осы тасқа түсіп, көз тиюден сақтайды» деген наным-сенім болған.


Тоқымашылық өнер. Бұл өнердің Қазақстан аумағында ерте замандардан бері қолданыста болғанын археологиялық қазба жұмыстарында табылған тоқыма бұйымдар айқын дәлелдейді. Қазақ қоғамында қой мен түйе жүнінен бау-басқұрлар, белдеу бау, алаша, тақыр кілем мен қалы кілем, қоржын, кежім мен ат жабу сияқты бұйымдар тоқылады. Шикізатқа негізінен қой, түйе жүнімен қатар ешкінің түбіті де пайдаланылды. «Өрмек» аталатын арнайы құрылғыда тоқылып, халық арасына кеңінен таралған алаша мен кілемнің өзіндік ұқсастықтары бар. Негізінен алаша үйдің еденіне төселеді, кейде керегеге де тұтылады. Кілемнің жиһаз



ретінде практикалық мәні басым болған, сонымен бірге үйдің құт-берекесін білдіретін, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде ауысып отыратын киелі де асыл бұйым саналған.

Үй жиһаздарының ішіндегі ең көрнектісі — *кілем, тұскілем* үйге сән беретін негізгі әшекейлік бұйым болумен бірге үй иелерінің әл-ауқатын, әлеуметтік дәрежесін де білдірді. Олар қыз жасауының құрамына кіріп, одан жұрт қалыңдықтың шеберлігін, ісмерлігін, еңбекқорлығын байқайтын болған.

Ісмерлік өнер. Киім тігуді кәсіп еткен шеберлер, түрлі бұйымдар тігумен шұғылданатындар, қолынан іс келетін адамдар *ісмер* деп аталды. Тігінші киімнің өлшемін алудан бастап пішу, тігу жұмыстарын түгелдей өзі атқарып, дайын өнім шығарды. Олар шапан, қамзол, тон, ішік, шалбар сияқты сырт-киімдерді, іштен, жейде, көйлек-дамбал секілді ішкіімдерді, тақия, бөрік, тұмақ тәрізді баскиімдерді тігіп дайындады. Киімнің етек-жеңіне, жағасына жұрын ұстауды, кестемен өрнек салып, сәндеуді де ісмерлер атқарды. Тігіншілікте ежелден қолданылып келген құрал — ине болса, кейін XIX ғасырдың соңынан бастап тігін машиналарын пайдалану кеңінен қолданысқа енді.




Кесте өнері. Кестенің халық арасында кеңінен таралған түрлерінің қатарына тығыз және тамбурлы кестелеу өнері жатқызылады. Олар тиісінше санап тігілетін (жіп саналады) және еркін (еркін тігу) кестелеу болып екіге бөлінеді. Кесте өнеріне жүн мен жібек жіптер, зер, өзен інжуі, шыны тас, маржан т.б. заттар пайдаланылады. Кестеленген жастық тыстары, жамылғылар, сүлгілер, төсек жапқыш пен шымылдықтар, аяққаптар кестелеу өнерінің ең озық үлгілері саналады. Әрбір кестелі бұйым өзінің тікелей қолданыс мақсатымен қатар сәндік-қолданбалы өнермен тығыз байланысты болып, ою-өрнек, кескін, бедерлермен әшекейленіп, халықтың

байырғы дүниетанымы мен символикалық, эстетикалық талғамынан мәлімет береді.

Киіз үйдің сәнін айшықтайтын кілемнің бір түрі *тұскесте*, *тұскиіз* деп аталады. Мата өнімдері қат болған ежелгі замандарда көшпелі-малшылардың ең қолжетімді шикізаты жүннен басқан киіз болды. Сондықтан әуелде киізге ою-өрнек түсіріп, оны *тұскиіз* атап, кейін киізді матаға ауыстырып, *тұскесте* деген ұғым пайда болған сыңайлы. Негізінен ол төсектің тұсына ұсталады. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде Алтай жеріндегі Пазырық қорғанынан күймелі арба мен кілемнің бір үлгісі табылды. Ол кілемде арыстан тектес барақ иттің тау ешкіні аулау көрінісі бейнеленген (б.з.б. IV ғ.).

АТ ӘБЗЕЛДЕРІ



1. Жүген. 2. Ноқта. 3. Ер. 4. Терлік. 5. Құйысқан. 6. Шылбыр. 7. Тізгін. 8. Өмілдірік. 9. Тартпа. 10. Үзеңгі.

Малшаруашылығында маңызды рөл атқарған жылқыны үйретуге, мінуге, жүргізуге және бекітуге арналған құралдар жиынтығы *ат әбзелдері* деп аталады.

Атты мінген кезде оның басына кигізілетін әбзел *жүген* деп аталады. Ол атқа мінетін кезде ғана кигізіледі. Басқа кезде *ноқта* үнемі кигізулі болады. Ноқтаны аттың қоң жинауы үшін босатып жіберген кезінде ғана сыпырады. Жүгендегі *тізгін* арқылы атты белгілі бағытқа бұрып отыруға немесе оны тартып, ат жүрісін тежеуге болады. Жүгеннің *сулығына* аттан түсіп, аз-мұз аялдаған кезде бекітіп қою үшін немесе

ұстап отыру үшін *шылбыр* байланады. Ал атты арқандап қоятын кезде арқанды ноқтаға байлап, жүгенді шешіп алады. Ноқта-жүген деген жалпы атаумен айтылатын осы әбзелдердің әр бөлшегінің өз атауы бар.


Мінуге ыңғайлы болуы үшін, атқа *ер* деп аталатын жабдық салынады. Ең әуелі *терлік*, одан кейін *ішпек*, *тоқымы* салынып, сыртына *ер* орнатылады. Аттың мойнын орай, ердің алдыңғы қасынан кигізіліп *өмілдірік*, құйрығынан өткізіліп, артқы қасынан тартылып *құйысқан* салынады. Ол ерді жылжытпай ұстап тұрады, сонымен бірге атқа әсемдік беретін, сәнді дүние саналады.

Ер-тоқым деп *ер*, *ішпек*, *тоқым*, *тебінгі*, *үзеңгі бау*, *айыл-тұрман*, *ат-көрпе*, *пыстан* тәрізді жабдықтарының кешенін айтады, ал *ер* деп ағаш қаңқасын атайды. Өмілдірік, құйысқан мен *ер-тоқым*, жүген, ноқта, тіпті қамшы сияқты жабдықтары түгел болса, *ер-тұрман* деп аталады.

Қазақ арасында ердің қолданатын адамына қарай: *бала ері*, *әйел ер*, *үлкен ер* деген түрге бөлінсе, пошымына байланысты бірнеше түрі бар: *қазақ ері*, *құранды ер*, *үйрекбас ер*, *шошақбас ер*, *жайпақбас ер*, *қоқан ер* т.б. Ал сәнделіп, әшекейлеуіне қарай *күміс ер*, *алтын ер*, *зерленген ер* болып бөлінеді.

Мініс атын байлап бекітетін жабдықтар: *арқан*, *шігер*, *өре*, *тұсау*, *кісен*. Бұл құралдар атты өріске отқа қойған кезде салынады. *Кісен* — жүйрік-жорғаларды ұрылардан сақтау үшін алдыңғы екі аяққа салынады. Өйткені арнайы кілті болатындықтан, оны шешу қиын. Үш аяққа, яғни алдыңғы екі аяқ пен бір артқы аяққа салынатыны *шігер*, бір алдыңғы және бір артқы аяқтарға салынатыны *өре*, алдыңғы екі аяққа ғана салынатыны *тұсау* немесе *тұсамыс* деп аталады.

ҚАЗАҚТЫҢ САЗ АСПАПТАРЫ




1. Домбыра. 2. Даңғыра 3. Сақпан 4. Асатаяқ. 5. Шаңқобыз.
6. Дауылпаз. 7. Шертер. 8. Сазсырнай 9. Сыбызғы. 10. Ұран. 11. Тұяқтас.
12. Адырна. 13. Кепшік. 14. Қылқобыз. 15. Тоқылдақ. 16. Желбуаз.
17. Жетіген.

Қазақ музыкалық аспаптары — халықтың тарихи-мәдени болмысымен бірге дамып отырған рухани мұраның бір бөлшегі. Оларға тарихи-мәдени дереккөзі ретінде де қарауға болады.

Музыка аспаптарының түп-төркініне назар салғанда, алғашында олардың көбі қорғаныс құралы, қару ретінде қолданылып, аң аулау, бақсылардың діни жоралғыларын орындау, жұртты жиынға шақыру, аң мен құстың дауысын салу үшін пайдаланылғаны аңғарылады. Кейін түрленіп, жаңғыртылып, музыкалық мақсатқа, би қимылдарын сүйемелдеуге қолданыла бастаған. Мұндай эволюция дүниежүзі халықтарының музыкалық аспаптарының даму сатысына тән. Ежелгі аспаптардың қарапайым түрде ағаштан ойылып жасалғанын, шанақтары көн терімен қапталғанын немесе қапталмай, ашық пайдаланылғанын археологиялық қазбалардан табылған көне үлгілер көрсетеді. Кейбір шертпелі аспаптарда құлақ болмағандықтан, ішектері керіп байланған. Күйге келтіру үшін, тиек орнына қойылған асықты жылжытып отырған. Белгілі аспап зерттеушісі Б. Сарыбаев қазақ музыкалық аспаптарын былайша жүйелейді: *ішекті музыкалық аспаптар (домбыра, жетіген, шертер, адырна), қияқпен ойналатын аспаптар (қобыз, қылқобыз), сым тілшелі (шаңқобыз), үрлеп тартылатын аспаптар (сыбызғы, сазсырнай, үскірік, мүйіз сырнай, желбуаз, ұран), ұрып ойналатын аспаптар (дабыл, тоқпақ, дауылпаз, дудыға, даңғыра, тоқылдақ, кепшік, сақпан, шартылдауық, зырылдауық, асатаяқ, сылдырмақ, қоңырау, тұяқтас, шың), сілкіп ойналатын аспаптар (асатаяқ, сылдырмақ, тоқылдақ, сақпан).*

ХАЛЫҚТЫҚ ӨЛШЕМДЕР



1. Қарыс сүйем. 2. Қарыс. 3. Шымшым. 4. Бір уыс. 5. Сынық сүйем. 6. Тұтам. 7. Шөкім. 8. Қос уыс.

Өлшемдер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, кәсіптік қажеттілігіне, мәдени ерекшеліктеріне, салт-дәстүріне, қоршаған ортаға байланысты қалыптасқан. Олар кеңістіктік, уақыттық және өзге де дәстүрлі

наным-сенімнен бастау алатын көне түсініктерге тығыз байланысты. Олар материалдық заттар мен адамның, жануардың дене мүшелері, өсімдіктерге қатысты *елі, бармақ, шымшым, шөкім, атым, уыс, алақан, сүйем, қарыс, тұтам, жұдырық, шынтақ, адым, құлаш, құшақ, кісібойы, жұтым, ұрттам, шайнам, бауыркөппе, ат төбеліндегі, жапырақ* т.б. шартты өлшемдер пайдаланылған. Ал уақыт, мезгіл, қашықтықтық, ұзындық, аумақ, көлем мен салмақ өлшемдері адамға етене жақын бұйымдар мен заттарға балану арқылы өлшенеді. Адамның, жануардың физиологиялық ерекшеліктеріне, мүмкіншіліктеріне негізделген салмаққа: *бір арқа отын, атан түйе жүгі, өгіз күші; қашықтыққа: аттам, есік пен төрдей, арқанбойы, оқбойы, иекасты, көзкөрім, көзұшы, бір қыдыру жер, құлақестір, түстік жер, күндік жер, тай шаптырым, атшаптырым, көш жер, қозыкөш жер, отызкөш жер, айшылық жол, ит өлген жер, ит арқасы қиян сияқты* өлшем бірліктері қолданылған.


Көлем мен аудан өлшемі көбіне ас-суға қатысты болғандықтан, оның ыдысы мен қабына сәйкес белгіленеді. Олар: *шымшым тұз, білем ет, астау көже, тегене қымыз* (торсық, саба, мес, тегеш, жанторсық, табақ толы айран, сүт), *бір қазан бигай, қарын, бүйен май*. Кейбір заттар мен мүлік өзіндік ерекшелігімен айтылады: *бір кесек, туырлықтай киіз, көйлектік мата, бір сабам, бір тулақ жүн, бір шүйке жүн* т.б.

Уақыт өлшемдері қатарына адам жасына қатысты уақыттық-кеңістіктік өлшемдер жатады. Жас ұғымының сыртында қазақта адам ғұмыры белгілі кезеңдерден құралып, 12 жылда (мүшел) бір айналып келетін уақыт өлшемі қолданылады.

Уақыт мезгілдері мен оның жиіліктерін анықтауда: *елең-алаң, құлан-иек, таңсәрі, құлқынсәрі, таң бозара, алакеуім, таң біліне, күн қызара, күн қыза, күн көтеріле, күн арқан бойы көтеріле, тал тұс, шаңқай тұс, талма тұс, сәске тұс, тұс ауа, тұс қайта, бесін, екінді, кеш, көлеңке басы ұзара, күн бата, ымырт, іңір, апақ-сапақ, намаздыгер, ақшам (намазшам), ақшам жамырай, бейуақ, қас қарая, түн қараңғысы, ай туа, жұлдыз сөне*, кейде шаруашылық әрекеттерімен байланыстырып: *қой қоралаған мезгіл, ел орынға отырған кез* т.б. өлшемдер алынады.

Қалыңмал, жасау, құн сияқты төлемдерде: 7, 9, 37, 47, 49 сандары көрсетіліп, кейде олар көбейтіліп: *екі немесе үш тоғыз, үйірімен үш тоғыз* болып төленген. Қашықтық өлшемдері *әудем жер, шақырым, айлық, айшылық жер, көзкөрім жер, қолсозым жер, қозыкөш жер, күншілік жер, түстік жер* болып жалғаса береді. Мәселен, *әудем жер* — адам дауысы еркін жететін жер, *шақырым* — қатты дауыстағанда дыбыс жетерлік қашықтық, *түстік жер* — түске дейін жететін аралық.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР



Ұлттық ойындар балалар мен ересектердің күнделікті тіршілігіндегі қозғалысы мен көңіл көтеріп, демалыс уақытын қызықты өткізуіне байланысты қалыптасып, дамып отырды. Балалар ойындары дене мүшелерін жетілдіру және ой қабілетін дамыту ойындары болып екі топқа бөлінеді (асық ойындары — *алшы, хан ату, омпы; көтеріспек, атбақыл* т.б.). Ал ересектер ойындары бейбіт уақытта әскери-жауынгерлік машықты, дағдыларды, әдіс-тәсілдерді сақтау мақсатында жасалатын жаттығуларға негізделген. Олар көбіне ат спорты ойындары түрінде орындалады (*сайыс, аударыспақ, көкпар, жамбы ату, теңге ілу, қыз қуу* т.б.).

Асық ойыны негізінен ұл балалардың дене қимыл-қозғалысын жетілдіруге бағытталған, ал ептілікке баулуға арналған *бестас, асық қаршу* сияқты ойындарды ұл-қыздар аралас ойнап, бәсекелес бола береді.

Көп адамның қатысуымен ұйымдастырылатын ойын түрлерінің қазақ қауымында атқарған өзіндік қызметі болған. Ондай ойындар балалар мен жастардың араласып, танысып-білісуіне ықпал етеді. Олар — балалардың көпшіл болып өсуін ойластырған ежелгі тәжірибеден қалыптасқан дәстүрлі ойындар. Атап айтқанда, *алтыбақан, ақсүйек, орамалтастамақ, сақинасалмақ, айгөлек* т.б. ойындар барысында жастар етене араласып, танысуға мүмкіндік алады. Бойжеткендер мен бозбалалардың, қыз-жігіттердің өзара танысып, жарасып кетуіне қыз қуу ойыны мүмкіндік береді.

Жасөспірімдер мен үлкендер бірігіп ойнайтын ақыл-ой дамытуға арналған *тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы* секілді ұлттық ойындар да кездеседі. Олар есеп пен тапқырлықты қажет етеді және көшпелі халықтың ми жүйесін машықтандыруға зор әсерін тигізеді.

МЕРЕКЕ, ТОЙ-ТОМАЛАҚ



Халықтың күнделікті тұрмысында, қуанышты жағдайларында, ұлттық мерекелерінде түрлі деңгейде жиын-топтар, той-томалақ, мереке, ас өткізіліп тұрды. Тіпті кейбір дүбірлі той-мереке бірнеше күнге созылатын болған. Олардың басты ерекшеліктері мол дастарқан мен ұлттық ойындарға тығыз байланысты болды. Той — қалың көпшілік арнайы шақырылатын салтанатты іс-шара. Оны жасаудағы басты ниет — көптің тілегін тыңдап, батасын алу. Той мен мерекенің, ас берудің түп-төркіні ілкі замандарда Құдайдан, ата-баба аруағынан қолдау сұрап, ризашылығын алу, құрбандық, садақа беру арқылы аруақтар мен тылсым күштердің зиянынан сақтану сияқты наным-сенім, түсініктерден бастау алады. Тойдың жеке отбасылық және топ-қауым болып ұйымдастыратын түрлері кездеседі.

Қазақ қоғамында отбасына байланысты шағын тойлар жиі өткізіледі. Олардың көбі адамның жасына байланысты ұйымдастырылады. Бұл тойлардың қатарына баланың шілде тойын (шілдехана), бесік тойын, сүндет тойын жатқызуға болады. Кейінгі кезектегі жастардың бас қосып, үй болуына қатысты тойлардың маңызы аса зор. Ал көпшілік-қауым болып атқарылатын жиын-тойлар шаруашылыққа, кәсіпке негізделеді. Олардың арасында *сабантой*, *қырман қандау тойы*, *қымызмұрындық*, *бие ағыту (сіргежияр)*, *шашыратқы (күйек алу)*, *соғымбасы* т.б. іс-шаралар бар. Отырықшылық тұрмыста ауыл, қауым болып өткізетін жиын-топтардың (асар, арық тазалау, жер жырту, егін ору т.б.) мәні айрықша.

Той-думанның көбі жайлауда өткізіледі. Әлеуметтік жағдайына байланысты алдын ала тойды басқарушы — той ағасы, ұйымдастырушы, үйлестіруші — асаба, қымыз құятын — аяқшы, ет тасып, тартатын — табақшы сияқты адамдар белгіленіп, оларға атқаратын міндеттері

жүктеледі. Тойшы қауым тілек-ниеттерімен қоса сый-сияпаттарын да әкеледі. Жақын туыстар арнайы сойыс малын, сабалы қымыз немесе сауын малын да жеткізеді. Әдетте дәстүрлі той түс мезгілінде басталады. Бәйгеге ат қосылып, балуан күресі, қыз қуу, жамбы ату, теңге ілу секілді ұлттық ойындар ұйымдастырылып, айтыс өткізіледі. Ақындар, әнші-күйшілер, жыршы-термешілер өнер көрсетіп, халықтың көңілін көтереді.

Ел-қауым болып өткізілетін ұлттық мерекелер де осы сарында атқарылады. Әсіресе ұлыстың ұлы күні — наурыз мерекесі бүкілхалықтық деңгейде өткізіліп, арнайы пісірілген наурыз көжеден дәм татады. Адамдар бір-бірімен амандасып, төс қағыстырып, игі тілектер айтады. Жат пиғылдан, пендешіліктен арылуға тырысады. Дәл осындай рухани жаңғыру үрдісі діни мейрамдар — ораза, құрбан айттарда да қайталанып отырды.

ДӘСТҮРЛІ ӘДЕТ ПЕН ӘДЕП, ҚҰҚЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ



Қазақ қоғамында адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеп отыруға негізделген ережелер (тәртіп) қалыптасқан. Соған байланысты әдеп, әдет, сыйластық, ізет сияқты қасиеттер «ата-баба жолы» аталып кеткен әдет-әдеп құқық нормаларына жинақталып, атадан балаға жалғасып отырды. Оған ырым-тыйымдар да қосылып, ұлттық тәрбиенің бір саласы ретінде пайдаланылды. Адамгершілік көріністері қоғам мүшелерінің бірін-бірі сыйлауы, құрмет тұтуы, сенім көрсетуі, өзара жәрдемдесуі сияқты жағымды іс-әрекеттерден құралады. Бұл қағидаларға қарама-қайшы қасиеттер қоғамдық пікір арқылы әшкереленіп отырады.

Әген — қоғам мүшелерінің, жеке адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтығын білдіретін ұғым. Әдептілікке адамның сыпайылығы, биязылығы, тәрбиелілігі, көргендігі секілді қасиеттері жатқызылады. Дастарқан басында кішілік таныту, үлкенді сыйлау, алдымен амандасу, сәлем салу әдептің қағидаларын толықтырады. Әр адамның сыртқы келбеті, киім киюі, шаш, сақал-мұрт қоюы, әурет ұғымдары ғасырлар бойы қалыптасқан әдеп-әдет ережелерімен бекітілген. Тіпті, сақал-мұрт қойғанда әкесінен асырмау, оның өзіндік реті мен гигиеналық талаптарын сақтау сынды қағидаларды ұстанған.

Иба, ізет — адам мінез-құлқына қойылатын этикалық талап. Қазақ жастары үлкеннің алдын кесіп өтпеу, дауыс көтеріп сөйлемей, қайын жұртындағы үлкен әрі сыйлы адамдардың атын атамау, ат тергеу сияқты әдептілікке қатысты ережелерді қатаң сақтаған. Тамақ, сусынды ұсынғанда аяқ, кесені оң қолмен беру, жасы үлкен адам болса, қос қолдап ұсыну — үлкен иба, ізеттің белгісі. Тіпті аяқасты жағдайға байланысты оң қол бос болмай қалғанда да сол қолмен беріп жатып, «Бұл оң қолым», — деп дауыстап, асты ұсынған.

Дәстүрлі құқық. Қазақ қоғамында би-шешендердің орны ерекше болды. Олардың түйінді сөзіне хан, сұлтандар да жығылған. Асқынып, айықпас дауға айналған мәселелерге де қара қылды қақ жарып, әділ билік айтқан билердің бойында ел бастаған көсемнің, қол бастаған батырдың, ел мен елді татуластырған мәмілегер-дипломаттың, ішкі-сыртқы саясатты жетік білген қоғам қайраткерінің, болжамшы-абыздың, ойшыл-кемеңгердің т.б. игі қасиеттері жинақталған. Қазақ қоғамында билер институты арқылы сот үкімдері орындалды. Бұл ретте би — заң шығарушы, кесім беруші әрі оны орындаушы. Айыпталушы құн төлеу арқылы жазасын өтеген. Сондықтан қазақ қоғамында абақты да, түрме де болмаған.

Досымбек Қатран,
тарих ғылымдарының кандидаты

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абылкасимов Б.Ш. Жанр толғау в казахской устной поэзии. — Алматы, Наука, 1984.
2. А.Дүзелханов. Д 87. Альбом. — Алматы: Өнер, 2005.
3. Айтыс. 1-том. — Алматы, 1988.
4. Айтыс. 2-том. — Алматы, 1988.
5. Айтыс. 3-том. — Алматы, 1966.
6. Ақын-жыраулар. — Алматы, 1979.
7. Алтын қазына: Ақпараттық-көркем альбом / Құрастырып, түсініктерін жазған Н.Наурызалиев. — Алматы: «Ел-шежіре» қайырымдылық қоры, 2012.
8. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. — Алматы: Ана тілі, 1998.
9. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991.
10. Бабалар сөзі. Жүзтомдық: Қара өлең. Т.70. — Астана, Фолиант, 2011.
11. Бабалар сөзі. Жүзтомдық: Қара өлең. Т.70. — Астана, Фолиант, 2011.
12. Бабалар сөзі. Жүзтомдық: Өтірік және мысалдар. Т.92. — Астана, Фолиант, 2013.
13. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. — Алматы: Ғылым, 1983.
14. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974.
15. Е. Оспанұлы. Төрт мүшел. Графика. — Шымкент, 2009.
16. Ел қазынасы ескі сөз (В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері) / Жинақты баспаға әзірлеп, құрастырғандар: Б.Уахатов, С.Қасқабасов, К.Матыжанов. — Алматы: Ғылым, 1994.
17. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. — Алматы, 1976.
18. Жетісу әуендері / Медеубекұлы С., Мүптекеев Б. — Алматы: Өнер, 1998.
19. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. — Алматы, Жазушы, 1975.
20. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-15 том. — Алматы, 2011.
21. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алтын абдыра / Құрастырған Оразақын Асқар. — Алматы: Балауса, 2007.
22. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1 том. Фольклор кезеңі. — Алматы, 2007.
23. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. — Алматы: Арыс, 2005.
24. «Қазақ халқының эпостық жырлары, тарихы мен дәстүрлері» республикалық көрме-конкурс. — Алматы: Интерпринт, 2013.
25. Қара өлең / Құрастырған: А.Оразақын. — Алматы: Жалын, 1997.
26. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991.
27. Медеубекұлы С. Ақыл, нақыл, өсиет: Қазақ ауыз әдебиетінің терме жанры. — Алматы: Санат, 1996.
28. Мың бір маржан: Қара өлең табиғаты / Құрастырған: А.Сейдімбеков. — Алматы: Өнер, 1989.
29. Өтірік / Жинаған І. Жансүгірұлы. Төте жазудан аударып, баспаға әзірлеген Т.Әлбек, С. Шахина. — Қарағанды, 2001.
30. Сахи Романов: Альбом (Автор вступительной статьи и составитель Е.Б. Вандровская). — Алматы: Өнер, 1987.
31. Тарихи өлеңдер: Хрестоматия / Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазғандар Б.С.Рахымов, Ж.Б.Ахметжанова. — Қызылжар: Астана, 2007.
32. Турекулов Н. Современный казахский фольклор (жанрово структурный анализ). — Алматы: Мектеп, 1982.
33. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. — Алматы: Ғылым, 1982.
34. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс салт жырларының типологиясы. — Алматы: Ғылым, 1983.
35. Халин Т. Бояу — әлем, сезімім не дер екен?! — Көкшетау: «Старков С.А.» ЖК, 2020.

РЕЗЮМЕ

В девятый том десяти томного сборника «Антология степного фольклора» включены избранные варианты народных песен. При подготовке к изданию группа составителей, включающая в себя специалистов Института с участием видных фольклористов и текстологов, музыковедов, научных экспертов страны, провела специальные текстологические исследования по анализу и отбору лучших вариантов народных стихов. Казахские народные песни - это многогранный жанр, имеющий свои особенности по сравнению с другими образцами фольклора. Их содержание отражает художественные и эстетические вкусы народа, национальную самобытность, философское мировоззрение, поведение, нравственные и образовательные принципы на разных этапах исторического и социального развития кочевого общества.

В песнях затрагиваются различные исторические темы и события, вопросы народности и героизма в сохранении независимости и государственности страны. В песнях нашли отображение красота природы, человеческое настроение, прекрасные чувства влюбленных, искренняя любовь, горе и радость и т.д. Сбор, издание и перевод народных песен на другие языки начался во второй половине XIX века. В 1872 году в Оренбурге впервые была издана книга «Образцы киргизской поэзии», собранная и составленная Т.А. Сейдалиным и С.А. Жанториным.

Известно, что Ш. Валиханов также собрал несколько записных книжек с популярными в народе стихами. Фольклорист С.Г. Рыбаков в 1902-1908 годах собрал тексты около 100 народных стихов Тургайского края и сделал специальный доклад на заседании Русского географического общества. Известный тюрколог В.В. Радлов также уделял особое внимание записыванию казахских стихотворений, и в третий том «Образцы народной литературы тюркских племен» включены различные образцы стихотворений. В сборнике «Турецкой хрестоматии» востоковеда И. Н. Березина также опубликовано несколько образцов исторических стихов. В начале XX века С. Сейфуллин, И. Жансугуров, С. Муканов, М. Ауэзов, К. Сатпаев, А. Маргулан, К. Куанышбаев, А. Жангельдин, А. Умирзаков, А. Исмаилов, К. Жандарбеков, Г. Курмангалиев, А. Кашаубаев, С. Бегалин, О. Турманжанов и другие представители интеллигенции, также принимали активное участие в сборе и издании народных песен. В 20-30-е годы на базе специальных экспедиций, организованных А. Диваевым, А. Затаевичем, И. Жансугуровым, был собран большой сборник народных песен и записаны мелодии. Изданы сборники «Ложь», «Сорок небылиц», «1000 казахских песен», «500 казахских песен и мелодий».

В советское время произведения этого жанра публиковались как

в фольклорных сборниках, так и отдельными изданиями. Среди них можно отметить «Казахские народные стихи», «Тысяча и одна жемчужина», «Простонародные стихи» и другие работы. Специальные исследования провели такие ученые, как М.О. Ауэзов, А.Байтурсынов, Б.Уахатов, Н.Торекулов, А.Сейдимбеков.

При подготовке тома к изданию составителями были учтены мнения, выводы и рекомендации ведущих ученых-фольклористов страны, Ученого совета и специалистов Института. В результате была определена структура тома, в котором представлены лучшие образцы простонародных стихов, исторических песен, песен-раздумий (толгау), речитатив, песен-поэм, песни из писем, стихотворения-небылицы, песни-айтысы и песенные состязания юношей и девушек.

Структура тома выстроена согласно требованиям, поставленным перед изданием десятитомной «Антологии степного фольклора». Тексты песен были сверены с оригиналами рукописей, также были устранены ранее допущенные ошибки при чтении рукописных текстов на арабском и латинском алфавитах, приведены в соответствие с оригиналом допущенные в предыдущих изданиях редакторские правки. Структурная система тома включает такие приложения, как краткое определение фольклорных жанров, иллюстрации, ноты, этнографический словарь с рисунками, ссылки, резюме (на русском и английском языках). Для удобства читателей в конце каждой страницы даны пояснения словам древнетюркского, местного, иностранного (арабского, фарси, русского и др.) происхождения. Для иллюстраций использованы картины из фонда Государственного музея искусств им. А. Кастеева.

Отобранные тексты песен были записаны в специальной студии в исполнении известных актеров и дикторов. Электронная и аудиоверсии тома были подготовлены в современном формате, загружены на известные сайты, а их специальный код отображен на обложке книги. Песни были исполнены артистами традиционных художественных школ, стихи-речитативы звучат в сопровождении национальных музыкальных инструментов, при этом использовались старинные мелодии, записанные в специальной студии.

SUMMARY

The ninth volume of the ten-volume anthology of steppe folklore includes selected versions of folk songs. In preparation for publication, a group of compilers, including specialists from the Institute with participation of prominent folklorists and textologists, musicologists, scientific experts of the country, conducted special textological studies to analyze and select the best versions of folk poetry. Kazakh folk songs - are a multifaceted genre that has its own characteristics in comparison with other folklore patterns. Their content reflects the artistic and aesthetic tastes of the people, national identity, philosophical outlook, behavior, moral and educational principles at different stages of the historical and social development of a nomadic society.

The songs touch upon various historical themes and events, issues of nationality and heroism in preserving the country's independence and statehood. The songs reflect the beauty of nature, human mood, wonderful feelings of lovers, sincere love, grief and joy, etc. The collection, publication and translation of folk songs into other languages began in the second half of the 19th century. In 1872 the book "Patterns of Kyrgyz poetry" was published for the first time in Orenburg, which was collected and compiled by T.A. Seydalin and S.A. Zhantorin.

It is known that Sh. Valikhanov also collected several notebooks with verses popular among the people. Folklorist S.G. Rybakov in 1902-1908 collected the texts of about 100 folk poems of the Turgai area and made a special report at a meeting of the Russian Geographical Society. The famous Turkologist V.V. Radlov also paid special attention to the recording of Kazakh poems, and the third volume «Patterns of folk literature of the Turkic tribes» includes various poem patterns. The collection «Turkish Reader» by the orientalist I.N. Berezin also contains several patterns of historical poetry. At the beginning of the XX century S. Seifullin, I. Zhansugurov, S. Mukanov, M. Auezov, K. Satpaev, A. Margulan, K. Kuanyshbaev, A. Zhangeldin, A. Umirzakov, A. Ismailov, K. Zhandarbekov, G. Kurmangaliev A. Kashaubaev, S. Begalin, O. Turmanzhanov and other representatives of the intelligentsia also took an active part in the collection and publication of folk songs. In the 20-30s, on the basis of special expeditions organized by A. Divaev, A. Zataevich, I. Zhansugurov, a large collection of folk songs was collected and melodies were recorded. The collections «Lies», «Forty fables», «1000 Kazakh songs», «500 Kazakh songs and melodies» were published.

In Soviet times, works of this genre were published both in folklore collections and in separate editions. Among them one can mention «Kazakh folk poetry», «One thousand and one pearl», «Just folk poetry» and other

works. Special studies were carried out by scientists such as M.O. Auezov, A. Baitursynov, B. Uakhatov, N. Torekulov, A. Seidimbekov.

When preparing the volume for publication, the compilers took into account the opinions, conclusions and recommendations of the country's leading scientists-folklorists, the Academic Council and specialists of the Institute. As a result, the structure of the volume was determined, which presents the best patterns of common verses, historical songs, meditation songs (tolgau), recitatives, song-poems, songs from letters, fable-poems, aitys songs and song competitions of young guys and girls.

The volume is structured according to the requirements set before the publication of the ten-volume "Anthology of Steppe Folklore". The lyrics were checked with the originals of the manuscripts, the previously made mistakes in reading the handwritten texts in the Arabic and Latin alphabets were also eliminated, the editorial changes made in the previous editions were brought in line with the original. The structural system of the volume includes annexes such as a concise definition of folklore genres, illustrations, sheet music, an ethnographic dictionary with drawings, links, summaries (in Russian and English). For the convenience of readers, at the end of each page, explanations to the words of ancient Turkic, local, foreign (Arabic, Farsi, Russian, etc.) origin are given. The pictures from the collection of the A. Kasteev State Museum of Arts are used as illustrations.

The selected lyrics were recorded in a special studio performed by renowned actors and announcers. The electronic and audio versions of the volume were prepared in a modern format, uploaded to well-known sites, and their special code is displayed on the book cover. The songs were performed by artists of traditional art schools, recitative poems are accompanied by national musical instruments, old melodies recorded in a special studio were used as well.

МАЗМҰНЫ

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН	7
ҚАРА ӨЛЕҢ	11
ТАРИХИ ӨЛЕҢ	73
Елім-ай	74
Ноғай-қазақтың айырылуы	77
Ақтабан шұбырынды	77
Арнау	78
Қаратаудан ауғандағы қоштасу	78
Аштықтан халық қамалды	79
Атақты қырғын қырық сайда	79
Ақмешітті алуға байланысты халық өлеңі	79
Есен бол	80
1910 жылдың жұтына	81
Құрдым заман қуарған	85
Қайғылы ахуал	85
Ұлу жыл болды жарлық солдат алған	86
Дәметкеннің зары	86
1916 жылы	87
1916 жыл	87
1916 жыл	90
Қоштасу	92
Ақтың әскері	94
Амангелді өліміне	94
Қайран ел	95
ТОЛҒАУ	101
Жаратылысқа	102
Кетемін қалам алсам қызыңқырап	102
Біріншіден не жаман	104
Тоғыз жаман	105
Күншығыстан шыққан Күн	106
Ерің, сірә, аумайды	107
Домбыраны қолға алып	108
Өмір толғаулары	113
ТЕРМЕ	127
Терме	128
Құдіреті күшті Құдай-ай	129
Жарандар, кеңес жазайын	130
Ғибрат алғын, жақсылар	131
Қапалықпен ойланып	134
Жақсы болса алғаның	136
Әлеумет, келдің құрала	137
Терме	140
Бұл заманда не мұндық	142
Бұ дүниеде не жақсы	145
Шалқыған көлге қу қонар	154
ӘН ӨЛЕҢ	163
Ағи, қалқаш, Қазиза-ай	164
Ағугай, Жамал-ай	164
Ай, көке	165
Ақ Жәмилә	165
Ақтотым	166
Алты құлаш	166

Алшаңгер	166
Арман-ай	167
Асылзат	168
Ахау мүрлен, тоғыз бүрлен	168
Әлеужан	169
Ән салсам	169
Балқурай	169
Бинау-ай	170
Гүлдарай	170
Ғашық жарға	171
Қазалыда бір қыз жүр	171
Қай дөңге	172
Қара балық	172
Қарғалы	172
Майдақоңыр	173
Ой, сәулем	173
Сақина	174
Сусар-ай	174
Халала	175
Халық әні	175
Қарлығаш	175
Қайран жалған!	176
Сары алтын	176
Біздің ел	177
Бөпем-ай	178
Барқыт бел	178
Қызыл гүл	179
Қарақия	179
Ақтолғай	180
Сұрмерген	180
ӨТІРІК ӨЛЕҢ	183
Өтірік өлең	185
Той қылдым бала туып, битін сойып	186
Айттым да өтірік өлең, айла қылдым	187
Мен өзім кішкентайдан тырна бақтым	188
Қырық өтірік өлең	188
Өтірік өлең	194
Қонақ боп қоңыздарға, сыйын көрдім	195
Күзеттірдім тазыға қара тұлкі	197
Айттым да өтірік өлең, елге жақтым	200
Ағаш пен шөптің ажырасқаны	201
Кер бие, торы құлын	202
Торы тай	206
Торы тай мен нән шыбын хикаясы	206
МЫСАЛ	235
Түлкі мен тауық	236
Сона мен инелік	237
Сазан мен шортан	239
Есек пен тұлпар	240
Қаршыға мен қоян	241
Түйе мен тышқан	243
Қасқыр мен қозы	245
Бақа мен екі қаз	247
Арық есек	250
Бұғы болған төрт өгіз	256
Есек пен қасқырдың достығы	261
Киік пен арыстан	263

Жолбарыс мінген ұры	264
Ат пен есек.....	269
Қақпандағы қасқыр	269
Қой мен қасқыр	272
Қамаудағы жолбарыс пен шошқа	274
Қасқыр мен тырна.....	275
Бұлбұл мен есек	277
Орманнан қасқыр келді елге қашып.....	278
Қаншыр мен бөдене.....	280
Ақылшы торғай.....	282
Қасқыр, түлкі, бөдене	284
Шымшық пен көгершін	289
Қарақұс	290
Тышқан мен түйе.....	293
Кұныққан бүркіт	295
Жылқыдан туған есек	295
Шыбжың торғай.....	296
Міншіл есек	297
Қойшы мен қасқыр	297
Тотықұс	301
Түлкі мен жолбарыс.....	306
Адам һәм түйе.....	308
Шәкірт пен жалқаулықтың айтысы.....	311
Шал мен қасқырдың айтысы.....	312
Қасқыр мен тоқты	313
Ажал мен жанның айтысы	315
Төрт түлік мал туралы айтыс.....	321
Тай мен жігіт	323
Жас бұзау мен қатын	324
Жылан мен адамның айтысы.....	325
Бұлбұл мен қаршыға	327
Жастық пен кәрілік	331
Ашу мен ақылдың айтысы	333
Қойшы мен қасқыр	334
Сиыр мен молда.....	337
Қой мен шопан.....	338
Нәсира мен Шолым.....	338
Ақбала мен Боздақ	341
Аймаңдай мен Бабас	344
ҚЫЗ БЕН ЖІГІТ АЙТЫСЫ.....	349
Қыз бен жігіт айтысы	350
Қыз бен жігіт айтысы	351
Таз қойшы мен бай қызының айтысы.....	352
Қыз бен жігіт айтысы	353
Қыз бен жігіт айтысы	354
Қыз бен жігіт айтысы	355
Қыз бен жігіт айтысы	356
Жігіт пен қыз	361
Қыз бен жігіттің айтысы.....	361
Қыз бен жігіттің айтысы.....	365
Қыз бен жігіттің айтысы.....	367
Қыз бен жігіттің айтысы.....	369
Қыз бен баланың айтысқаны	369
Жігіт пен қыздың айтысынан.....	377
ХАТ-ӨЛЕҢ.....	381
Нұржан бидің оқудағы баласына жазған хаты.....	382
Молдаштың хатынан	382

Окоптан хат	383
Окоптан хат	384
Туған ел	387
Майданнан хат	388
Солдаттың хаты	389
Құрметті досым, жаздым хат.....	390
Сәлемнама	393
НОТАЛАР.....	397
Толғаулар	398
Термелер	400
Ән өлеңдер.....	403
ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ.....	410
СУРЕТТІ СӨЗДІК	420
ӘДЕБИЕТТЕР.....	443
РЕЗЮМЕ	444
SUMMARY	446

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ

9-ТОМ

НАРОДНАЯ ЛИРИКА

(на казахском языке)

Утверждено Ученым советом Института литературы и
искусства им. М.О. Ауэзова

Редактор Ж. Қайранбай
Корректор Ә. Орынбаева
Компьютерде терген Е.Еркін
Аудио мәтінді оқығандар:
С. Жақан, А. Сериков, Г. Тутова, Ж. Толғанбай, Д.Есимбеков
Аудио мәтінді дайындаған Е. Елгезек
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 28.10.2020 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».
Пішімі $70 \times 108 \frac{1}{16}$ Көлемі 28,25 б.т.
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды